Серіппелердің қысу күші реттегіштің тарту күші ашасының 37 айналу өсінің орнына, сондай-ақ реттеуіш бұрама шетінің 36 байытушы призмасының көлбеу бетінде 38 орналасуына байланысты. Өз кезегінде осы органдардың орны кронштейнді 50 бұру бағытына байланысты. Оны сағат тіліне қарама қарсы бұрамаға дейін бұраған кезде реттеуіш бұраманың шеті байытушы призманың көлбеу бетінен сырғып, шеткі сол орынды алады, ал жанармай сорғысының білте тақтайшасы шеткі оң орынға жылжиды. Бұл ретте жұмыс істеп тұрған цилиндрлеріне жанармайдың ең жоғарғы берілуі қамтамасыз етіледі. Кронштейн 50 сағат тілі бойымен бұрылған сайын жанармайдың цилиндрлерге берілуі төмендейтін болады. Бір мезгілде иінді біліктің айналу жиілігі мен дизель қуаты да төмендейтін болады.

Реттегіш кронштейннің бұрылуы трактор кабинасында орналасқан педаль немесе тарту күшімен иінтірек 47, белдік 49 және кронштейнмен 50 байланысты жанармайды беру көлемін басқару иінтірек арқылы әсер етумен жүзеге асырылады.

Дизельді іске қосу кезінде жанармайдың максималды берілуін қамтамасыз ету үшін реттегіштің корпусының сыртында орналасқын түймешік арқылы байытушы призмасын 38 реттегіш бұраманың 36 шетінен шығарады, ал кронштейнді 50 бұрамаға дейін сағат тіліне қарама қарсы бұрайды. Осылайша қозғалтқыш цилиндрлеріне жанармайдың максималды берілуі қамтамасыз етеледі. Дизельді іске қосып, белгілі бұрыштық жылдамдықты алғаннан кейін реттегіштің тарту күші ашасы 37 айналмалы жүктерден ортадан тепкіш күштердің әсерінен солға қарай бұрылады және байытушы призмасы 38 байытушы белдік серіппесі 45 әсерінен әдеттегі орнына қайтады.



2.57 суреті. Жанармайды ерте бүрку жалғастырғышы:

a — жалғастырғыш құрылысы; б, в — қозғалтқыштың айналу жиілігінің ұлғаюы немесе азаюы кезінде тиісінше жүктердің орны; 1 — корпус; 2, 4 — тығыздаушы көмкермелер; 3 — жетекші жартылай жалғастырғыш; 5 — май құю тесігінің тығыны; 6 — еруші жартылай жалғастырғыш; 7, 13 — реттеуіш төсемдер; 8 — жетекші жартылай жалғастырғыштың төлкесі; 9 — жүк; 10 — жапсырма; 11 — еруші жартылай жалғастырғыштың өсі; 12 — серіппе; $0_{0.6}$ — жанармайды ерте бүрку бұрышы; $\rightarrow$ — жалғастырғыштың айналу бағыты

Жанармайды ерте бүрку жалғастырғышы (2.57, *a* суреті) иінді біліктің айналу жиілігіне байланысты қозғалтқыш цилиндрлеріне жанармайдың берілуінің автоматты өзгертілуіне арналған. Жалғастырғыш ЖҚЖС жұдырықшалы біліктің алдыңғы конус шетінде орнатылған.

Жанармайды ерте бүрку бұрышының $0_{0.6}$ өзгеруі былайша жүреді. Қозғалтқыштың айналу жиілігі көбейген кезде жүктер 9 ортадан тепкіш

күштердің әсерінен серіппелердің 12 серпімділік кедергісін жеңе отырып, айырылысады. Бұл ретте еруші жартылай жалғастырғыш өстері 11 мен жетекші жартылай жалғастырғыштың сұққылары 3 арасындағы алшақтық азаяды. Еруші 6 және жетекші 3 жартылай жалғастырғыштардың белгілі бұрышқа $\theta_{с.б}$ ауысуы орын алады. Бұрыштың көлемі жалғастырғыштың айналу жиілігіне тәуелді (2.57, б суреті). α бұрышының максималды мәні $\alpha = 5...6^\circ$. Жетекші жартылай жалғастырғыш сорғының жұдырықшалы білігімен қосылғандықтан, жартылай жалғастырғыштардың бұрыштық сырғуы кезінде сол бұрышқа айналу бағыты бойынша жұдырықшалы біліктің бұрылуы орын алады. Бұл қозғалтқыш цилиндрлеріне жанармайды ерте бүрку бұрышының $\theta_{с.б}$ ұлғаюына әкеледі.


Айналу жиілігі азайған кезде жүктердің ортадан тепкіш күштері азаяды және серіппелердің әсерінен ерте бүрку бұрышын $\theta_{с.б}$ азайта отырып, жақындай бастайды (2.57, в суреті).

2.8.5. Дизельдерде жанармай беруді электронизациялау

Жанармай аппаратурасын жетілдіру – дизельдердің тиімділігін арттыру үшін перспективалық бағыттардың бірі. Қазіргі қозғалтқыштардың бір қатарында бүріккіш инесінің электр магниттік жетегімен жүйелер жұмыс істейді. Бүріккіш конструкциясы 2.41 суретте көрсетілген бензин қозғалтқышының электр магниттік жетегімен жабық бүріккішпен барабар. Бүріккіштердің гидроэлектромагниттік басқарумен жанармай аппаратурасы цилиндрлер бойынша жанармайды цикл бойынша беру біркелкілігін жақсартуға және қуат беру жүйесін басқару үшін электрондық контроллерлерді қолдануға мүмкіндік береді. Электрондық басқарумен жанармай аппаратурасын пайдалану қозғалтқыштың ғана емес, сонымен қатар тиісті датчиктерді (қозғалу, сүйреу жылдамдықтары және т.б.) қоса отырып, машинаның жұмыс режимдерін ескеруге мүмкіндік береді.

2.58 суретте жанармайды беруді электрондық басқарумен «коммон рейл» типті (жүйенің бүріккіштермен жоғарғы қысымды жанармай рампасы бар) жанармай жүйесінің сызбасы көрсетілген.

Жақында, тіпті электроникамен басқарылатын жоғары қысымды сорғылар орындарын жиі бүріккіш сорғыларға беретін болады, өйткені ЖКЖС жұмыс қысымы бүріккіш сорғыларға қарағанда едәуір төмен. Алайда бүріккіш сорғылардың да кемшіліктері бар. Жалпы жанармай



2.58 суреті. Электрондық басқарумен «коммон рейл» типті жанармай жүйесінің сызбасы:

1 — ЖҚЖС; 2 — сүзгі; 3 — қысым датчигі; 4 — апатты шектегіш; 5 — жанармай тарту сорғысы; 6 — басқа атқарушы құрылғыларға; 7 — электр гидравликалық бүріккіш; 8 — басқа датчиктер; 9 — электронды басқару блогы; 10 — жанармай шаны; —►— жанармайдың жоғарғы қысыммен қозғалу бағыты; i=>- — төмен қысымды жанармайдың қозғалу бағыты

рампасы бар «коммон рейл» типті жүйеге қарағанда, тіпті электрониканың басқаруымен олар кез келген уақытта жанармайды бүркі алмайды. Бірақ рампадағы қысым бүріккіш сорғысындағыдан төмен, сондықтан жақында екі конструкция да қолданылатын болады.

2.9. Майлау жүйесі

2.9.1. Жүйенің мақсаты, қозғалтқыштар үйкелісінің түрлері және майлау тәсілдері

Қозғалтқыштың майлау жүйесі оның бөлшектерінің үйкелісін және тозуын азайтуға арналған. Сонымен қатар ол бөлшектерді тот басудан қорғайды, оларды ішінара салқындатады, үйкелетін беттерден тозу өнімдерін және басқа да зиянды заттарды кетіреді, піспекті жылжытқан кезде піспек сақиналарының жиектерінде пайда болатын май қабатының арқасында қозғалтқыштың қысу қасиеттерін жақсартады.

Үйкеліс пайда болуының негізгі себептері - бұл бөлшектердің түйіскен беттерінің кедір-бұдыры және осы беттердің арасындағы молекулалық ілініс болып табылады. Үйкеліс үйкелетін бөлшектердің тозуына және қызып кетуіне әкеліп соғады, соның салдарынан қозғалтқыш қуатын жоғалтуға әкеледі. Бөлшектер тозған кезде түйісетін жерлердегі

саңылаулар ұлғаяды, жылжымалы буындардың тығыздығы нашарлайды, бұл қозғалтқыштағы тарсылға әкеледі. Бөлшектерді қызуының нәтижесінде олардың геометриялық өлшемдері мен қосылыстардағы саңылаулар өзгереді, бұл бөлшектердің қарқынды тозуына және олардың бұзылуына әкеледі.

Түйіскен беттердің күйіне байланысты құрғақ, жартылай сұйықтықты және сұйықтықты үйкеліс деп бөлінеді.


Құрғақ үйкеліс кезінде бөлшектердің жұмыс беттері құрғақ (майлау жоқ) және бір-біріне тікелей тиеді.

Жартылай сұйықтықты үйкеліс кезінде май қабаты үйкелетін беттерді ішінара бөледі, яғни май қабатының үзілген жерлерінде үйкелетін беттер бір-біріне тиіп, шекаралық үйкелісті бастан өткереді. Жартылай сұйық үйкеліс майдың тұтқырлығы төмендегенде, үйкеліс беттерінің қозғалыс жылдамдығы азайғанда, жүктеме айтарлықтай артқанда, бөлшектерде қажалу мен кедір-бұдырдық пайда болғанда, бөлшектердің геометриялық пішіндері өзгергенде пайда болады. Жартылай сұйықтықты үйкеліс цилиндрлі-піспекті бөлшектер тобына, сондай-ақ қозғалтқышты іске қосу кезіне тән.

Сұйықтықты үйкеліс кезінде жұмыс беттері майдың жеткілікті қалың қабаты арқылы бөлінеді. ІЖҚ-те сұйықтықтық үйкелісті жұмыс режиміндегі иінді және үлестіруші біліктердің мойынтіректерінде жүзеге асырылады. Сұйықтықтық үйкеліс кезінде үйкеліс ысыраптары және үйкеліс беттерінің тозуы аз болады.

Мойынтіректе білік айналған кезде майлайтын май үйкеліс күшінің әсерінен саңылаудың кең бөлігінен $h_{\max}$ (2.59-сурет) тар бөлігіне $h_{\min}$ («майлы сына» пайда болады) қарай кетеді. Саңылаудың тар бөлігіндегі май қысымы ұлғаяды, білік күштің F әсерінен қалқып шығып, ол оның айналу осі мойынтірек орталығымен сәйкес келетін күйге түсуге тырысады.

Сұйықтықтық үйкелісті жасаудың сенімділігі майдың тұтқырлығына, үйкелетін беттердің қозғалу жылдамдығына және осы беттерге түсетін қалыпты жүктеме F мәніне байланысты. Майды саңылаудан сығып шығарғанда үйкелетін беттерде молекулалық тартылыс және ілініс күштерімен ұсталып тұратын майлы үлдір қалады. Бұл жағдайларда шекаралық үйкеліс туындайды.



2.59-сурет. Біліктің мойынтіректе айналу схемасы:

$h_{\max}$ — саңылаудың кең бөлігі; $h_{\min}$ — саңылаудың тар бөлігі; F — майдың көтергіш күші; — біліктің айналу бағыты

Қозғалтқыштардың майлау жүйесі әртүрлі жылдамдықта және жүктеме режимдерінде жұмыс істегенде үйкелетін бөлшектерге майдың үздіксіз жеткізілуін, механикалық қоспалардан майды тазартудың жоғары дәрежесін, майдың қызып кетуінсіз қозғалтқыштың ұзақ жұмыс істеу мүмкіндігін қамтамасыз етуі тиіс

Үйкелетін беттерге майды жеткізу шашырату арқылы, қысыммен және аралас жүзеге асырылуы мүмкін.

Шашырату арқылы майлау жүйелері жетілдірілмегендігіне байланысты таралмады және қысқа мерзімге жұмыс істейтін салыстырмалы қарапайым іске қосу қозғалтқыштарда қолданылады.

Қысыммен майлау жүйелері шашырату арқылы майлау жүйесінен гөрі құрылымдық жағынан айтарлықтай күрделене түседі, өйткені барлық үйкелетін беттерге майды жеткізу арнайы арналар бойынша май сорғысы арқылы ырықсыз жүзеге асырылады.

Көптеген автотрактор қозғалтқыштарында қолданылатын *аралас майлау жүйелері* шашырату арқылы және қысыммен май беру тәсілдерін біріктіреді. Қысыммен май иінді біліктің негізгі және бұлғақты мойынтіректеріне, үлестіруші білік мойынтіректеріне, иін ағаш осьтеріне және қарнақ ұштығына, үлестіруші тегершік төлкесіне жеткізіледі. Кейбір құрылмаларда турбокомпрессордың мойынтірегі, бұлғақтың жоғарғы бастиегінің піспек сұққысымен түйіндесуі қысыммен майланады, сондай-ақ цилиндр айнасының бетіне майды ырықсыз бүрку ұйымдастырылады. Қозғалтқыштың қалған үйкеліс бөлшектері шашырату арқылы майланады.

Автотрактор қозғалтқыштарының сенімділігі мен ұзақ мерзімділігіне пайдаланылатын майлардың сапасына үлкен әсер етеді. ІЖҚ-тегі майлардың жұмыс істеу жағдайы тұрақты түрде күшейтіледі. ІЖҚ-тің жүктемелік және жылдамдықтың режимдерін жеделдету, майлау жүйесінің үлестік сыйымдылығының азаюы негізгі бөлшектер температурасының жоғарылауына және соның салдарынан майдың неғұрлым қарқынды тотығуына әкеледі.

ІЖҚ үшін минералды, синтетикалық және жартылай синтетикалық *мотор майлары* қолданылады.

Синтетикалық және жартылай синтетикалық майлар минералды маймен салыстырғанда айтарлықтай артықшылықтарға ие. Бұл әсіресе төтенше жағдайларда жұмыс істейтін жоғары жеделдетілген қозғалтқыштарда (қыс мезгіліндегі суық температураның төмендігі, жаз айларындағы ауа температурасының жоғары болуы) байқалады. Жартылай синтетикалық және әсіресе толық синтетикалық майлар үйкелістің алдын алу арқылы энергия шығындарын азайта отырып, жанармай үнемдеуді қамтамасыз етеді.

Ресейде және ТМД елдерінде мотор майы тұтқырлығы, сондай-ақ олардың мақсатты және пайдалану қасиеттері бойынша МемСТ 17479.1 - 85 (өзгерістермен № 3) сәйкес жіктеледі. Қазіргі уақытта мотор майларын SAE J-300 DEC-99 стандартында АҚШ автомобиль инженерлері қоғамы – SAE-мен (Society of Automotive Engineers) белгіленген тұтқырлыққа

бойынша жіктеу жалпы қабылданған. Басқа да жіктеулер бар, мысалы, Американдық Мұнай Институтының (майдың пайдалану қасиеттері бойынша бөлімше) API (Amerikan Petroleum Institute). Еуропада майға қойылатын ұқсас талаптар Еуропалық автомобиль өндірушілер қауымдастығының ASEA (Association des Constructeurs Europeens de Automobile) стандарттары бойынша анықталады. Американдық API стандарттарымен салыстырғанда май қасиеттеріне қатысты ASEA стандарттары талаптарының қатаң екендігін атап өткен жөн.

2.9.2. Майлау жүйесінің құрылымы

КамАЗ қозғалтқышының майлау жүйесінің құрылымы мен жұмысын қарастырамыз. Май 14 табандығынан май (2.60-сурет) майқабылдағыш арқылы 9 айдағыш және 10 радиаторлы екі секциядан тұратын тістегерішті сорғымен қысып толтырылады. Сорғының негізгі 9 айдағыш секциясы майды кезекпен қосылған қосарланған толықағынды мұқият тазарту 7 сүзгісіне береді. Сүзгіге майды мұқият тазарту сүзгісінің қайта өткізу 5 клапаны параллель қосылған, ол сүзгі алдындағы қысым көбейген жағдайда сүзгіні айналып өтіп, тазартылмаған майды негізгі май магистраліне өткізеді (сүзгіш элементтің бітелуі, қосу кезіндегі майдың жоғары тұтқырлығы, иінді білік айналуының үлкен жиілігі). 5 клапан сүзгінің кіріс және шығыс бөлігінде 0,25...0,28 МПа қысымның түсіп кетуіне реттеледі. Сорғының негізгі секциясының айдағыш қысымы сақтандырғыш 11 клапанмен шектеледі, ол 0,7.0,8 МПа қысымға реттеледі (бензинді қозғалтқыштарда 0,3...0,4 МПа). Қысым қалыпты жағдайдағыдан жоғары болған кезде май 11 клапан арқылы картерге ағады.

Цилиндрлер блогіндегі 6 негізгі май магистралінен майарналар арқылы иінді біліктің негізгі мойынтіректеріне, үлестіруші білік мойынтіректеріне, иінағаш төлкелеріне және клапандар карнактар арналары арқылы итергіштерге түседі. Иінді біліктің бұлғақты мойынтіректеріне май иінді біліктегі жақын орналасқан негізгі мойынан арналар арқылы беріледі.

Блок қабырғасындағы арнадан май 19 компрессор мойынтіректерін және 18 ТНВД-ны майлау үшін түседі. Негізгі май магистралінен май 16 термोकүш датчигіне беріледі, ол қозғалтқышты салқындату жүйесіндегі салқындатқыш сұйықтық температурасына байланысты желдеткіш жетегінің 15 гидрожалғастырғышын басқарады.

Цилиндрлердің жұмысшы беттері, үлестіруші білік құлақтары, үлестіруші тегершік тістері иінді білік мойынтіректерінен ағатын және қозғалтқыштың айналма бөлшектерінен шашырайтын май тамшыларымен майланады.




Рис. 2.60. Схема смазочной системы двигателя КамАЗ:

1 — майды ортадан тепкіш тазалау сүзгісі (центрифуга); 2 — май радиаторын қосу шүмегі; 3, 5 — центрифуганың және майды мұқият тазалау сүзгісінің қайта өткізу клапандары; 4 — центрифуганың ағызк клапаны; 6 — негізгі май магистралі; 7 — майды мұқият тазалау сүзгісі; 8 — сараланған ағызу клапаны; 9, 10 — май сорғысының айдағыш және радиаторлы секциялары; 11, 13 — айдағыш және радиаторлы секциялардың сақтандырғыш клапандары; 12 — май радиаторы; 14 — май табандығы; 15 — желдеткіш жетегінің гидрожалғастырғышы; 16 — термокүш датчигі; 17 — гидрожалғастырғышты қосу қраны; 18 — ТНВД; 19 — компрессор; 20 — ауашығарғыш клапан; 21 — майөлшеуіш сүңгіші (май деңгейін көрсеткіш); 22 — манометр; « — келіп түсетін май қозғалысының бағыты; I — ағатын май

Май магистралінде 8 сараланған ағызу клапаны орнатылған, ол тікелей иінді білік мойынтіректерінде қысымды дәлірек ұстауды қамтамасыз етеді. Негізгі май магистраліндегі қысым 0,40...0,55 МПа жоғары болғанда, сараланған ағызу клапаны артық майды қартер табандығына қайта жібереді.

Май қысымы иінді білік мойынтіректеріне түспес бұрын бақылау аспаптарының қалқаншасында орнатылған 22 манометр арқылы, сондай-ақ май қысымының апаттық түсуінің шамының жарықтық белгісі бойынша бақыланады.

Май сорғысының 10 радиаторлы секциясынан май 1 ортадан тепкіш тазалау сүзгісіне, одан кейін 12 май радиаторына келіп түседі. Радиаторда салқындаған май қартер табандығына құйылады. Қозғалтқыш ауыр жүктемемен жұмыс істеген кезде немесе ауа температурасы 20° С жоғары болса, радиатор 2 кран арқылы қосылады. Егер май радиаторын қосу 2 қраны жабық немесе май тым қою болса, онда центрифуганың ағызу 4 клапаны арқылы жоғарғы қысымды 0,12,0,15 МПа шамасында шектеу жүргізіледі (артық май қартерге құйылады).


Қозғалтқыш табандығында жоғарғы және төменгі рұқсат етілген май деңгейін шектейтін екі белгісі бар 21 майөлшеуіш қалқаншасы орнатылған.

Қозғалтқыштардың бірқатарында (ЯМЗ-236, ЯМЗ-238) мұқият тазалау сүзгісі жоқ, жүйедегі оның қызметін бастапқы тазалау сүзгісі атқарады. Трактор дизельдерінде тек ортадан тепкіш тазалау сүзгісі ғана бар. Кейбір қозғалтқыштарда май температурасы қосымша бақыланады. Толық қуаттылыққа дейін толтырылған автотрактор қозғалтқыштардағы майдың қалыпты температурасы 80.90° С болуы керек.

Қозғалтқыштың майлау жүйелерінің басқа да айырмашылықтары болуы мүмкін.

Май сорғысы майды үйкелетін бөлшектер арасындағы саңылауларға майдың кіруіне кепілдік беретін қысыммен беруге және май қабатының оңтайлы шамасын сақтауға арналған. Автотрактор қозғалтқыштарында секцияларының саны бірден үшке дейінгі майлы тістегершікті сорғы қолданылады. Май сорғыларының жеткізуі 400 л/с-қа жетеді. Май сорғысының жетегі үлестіргіш білікте орналасқан тегершік арқылы немесе қозғалтқыштың үлестіргіш тегершігімен тұрақты іліністе болатын тегершік арқылы жүзеге асырылады.

Екісекциялы май сорғылары (2.61-сурет) майлау жүйесінде май радиаторы мен майды ортадан тепкіш тазалау сүзгісі орнатылған жағдайда ғана қолданылады. Бұл ретте сорғының негізгі (айдағыш) секциясының 21 жетекші және 6 жетектегі тістегершіктер майлау жүйесіндегі үйкелетін жұптарға, ал радиаторлы секцияның 22 жетекші және 4 жетектегі тістегершіктері май радиаторына немесе ортадан тепкіш тазалау сүзгісіне береді, мысалы, КамАЗ автомобильдерінің қозғалтқышы сияқты.



2.61-сурет. Екісекциялы май сорғысы:

1 — жетектегі тістегершік осі; 2 — төлке; 3 — радиаторлы секция корпусы; 4, 22 — радиаторлы секцияның жетектегі және жетекші тістегершіктері; 5 — жапсырма; 6, 21 — айдағыш секцияның жетектегі және жетекші тістегершіктері; 7 — айдағыш секцияның корпусы; 8, 20, 25, 29 — тоқтатқыш тығырықтар; 9, 15, 19, 27 — бұрандамалар; 10, 13 — май сорғысы жетегінің жетектегі және аралық тістегершіктері; 11 — май сорғысының жетекші тістегершіктерінің білігі; 12 — кілтек; 14 — тірек фланеці; 16 — аралық тістегершік осі; 17 — аралық секция төлкесі; 18, 24 — сұқкыштар; 23 — тоқтатқыш кішкене шар; 26 — майды сорғыға жеткізу құбыржелісі; 28 — майды радиаторлы секциядан әкету құбыржелісі; 30 — сақтандырғыш клапан корпусы; 31 — плунжерлі клапан; 32 — сақтандырғыш клапанның серіппесі; 33 — таңбаланнан тығырық; 34 — сірге; 35 — майды айдағыш секциядан әкету құбыржелісі

Май сорғысы қозғалтқыш картерінің ішіне бекітіледі және жетекші тістегершік үлестіруші немесе иінді біліктен айналады. Жетектегі тістегершік корпус ішіне қысылған осьте еркін айналады. Май 26 құбыржелі арқылы сорғы корпусының қуысына келіп түсіп, тегершік тістерімен ұсталынып, айдағыш және радиаторлы секциялардан майды әкетудің 28 және 35 құбыржелілеріне айдалады.

Сорғы қақпағында сорғының негізгі секциясының сақтандырғыш клапаны орналасқан, ол 0,90...0,95 МПа қысымға ретке келтірілген. Радиаторлы секцияның қысым 0,25.0,32 МПа артқан кезде табандыққа майды қайта өткізетін сақтандырғыш клапаны бар.

Бірсекциялы тістегершікті сорғының құрылысы мен жұмысы екісекциялы сорғы секциясының құрылысы мен жұмысынан айырмашылығы жоқ.

Сорғы жасаған қысым айналу жиілігіне, майдың тұтқырлығына, саңылау өлшеміне және қозғалтқыштың күйіне байланысты. Барлық түйіскен желілерге үздіксіз май беруді қамтамасыз ету үшін май

сорғысының беруі қысымның мүмкін тербелістерін камтитын елеулі артықшылықпен есептеледі.

Сорғы майқабылдағыштары табандықтың төменгі бөлігінде орналасқан және ауа олар арқылы әдетте майлау жүйесіне өте алмайды. Сорғы майқабылдағышының төменгі бөлігінде сүзгіш тор бар.


Май сүзгілері майды бөтен қоспалардан және тоздыру өнімдерінен тазартады. Қозғалтқыштың жұмысы барысында әрдайым қозғалтқыш жұмысымен жүретін химиялық ыдыраудың, ылғалмен қанығудың, жанармаймен араластырудың, механикалық қоспалармен ластандыну нәтижесінде майдың сапасы айтарлықтай нашарлайды. Майдың пайдалану қасиеттерін сақтау үшін оны қозғалтқыш жұмысының барысында үздіксіз тазалау керек. Бұл арнайы май сүзгілерінің көмегімен жасалады. Сүзгілер майды бастапқы және мұқият тазарту сүзгілері деп ажыратылады.

Бастапқы тазарту сүзгілері майды көлемі 40...70 мкм болатын үлкен механикалық бөлшектердің майын тазартады. Сүзгілер әдетте сорғымен қатар орнатылады және олар арқылы магистральға айдалатын барлық май ағынын өткізеді. Негізінен ауыстырылатын сүзгі 5 элементі бар сүзгілер пайдаланылады (2.62-сурет, а). Майды бастапқы тазарту сүзгісін сөндіруге арналған қайта өткізу клапаны бар, ол сүзгі бітелген немесе түскен майдың саны сүзгінің өткізгіштік қабілетінен асып кеткен жағдайда сүзгіні айналып өтіп, майды магистральге өткізеді. Қазіргі уақытта автокөлік құралдарының және тракторлардың майлау жүйесінде бастапқы тазалау сүзгілері шектеулі түрде қолданылады.

Мұқият тазалау сүзгілері майды ұсақ (10 мкм-ге дейін) қоспалар мен шайырлардан тазартады. Олар көп жағдайда негізгі май магистралімен қатар орнатылады. Мұқият тазалау сүзгісі орталық 13 құбырға қондырылған 18 сүзгілеу элементі 16 қақпағының сонымен қатар тұндырғышы болып табылатын корпустан (2.62-сурет, б) тұрады. Тұнбаны ағызуға арналған 12 тығынды тесік бар. Ауыстырылатын сүзгі элементтері ретінде таспалы-қағаз немесе картон қапшықтарды қолданады. Қозғалтқыш жұмыс істеп тұрған кезде май сүзгіге 17 майқұбыр арқылы кіріп, ірі бөлшектердің шөгетін қабырғалар арқылы төмен ағады. Мұнан кейін май сүзгілеу элементі арқылы өтіп, орталық 13 түтікшедегі калибрленген тесіктер арқылы майқұбырға келеді. Сүзгі корпусында 15 май қысымы көрсеткіштерінің және 19 май қысымының апаттық төмендеуінің бар.

Реактивті жетегі бар майды ортадан тепкіш тазалау сүзгісі 24 қалпақты 25 ротор 23 осі бұралған центрифуга 26 корпусынан 2.62-сурет, в) және оське сомынмен бекітілген қаптамадан тұрады.

Ротор осьте және тірек мойынтірегінде 20 екі қола төлкеде айналады. Ротор осінде ротор корпусының ішіне майды өткізуге арналған тесіктер бар. Ротор корпусының жоғарғы бөлігінде 22 торлы сүзгі орнатылған, ал төменгі бөлігіне 27 екі жиклер бұралған, олардың шығыс тесіктері қарсы жақтарға бағытталған.



2.62-сурет. Майды тазалауға арналған май сүзгілері:

а — бастапқы; *б* — мұқият; *в* — ортадан тепкіш; 1, 14 — сүзгілер корпустары; 2, 9 — тығыздағыш сақиналар; 3, 11 — қақпақтар; 4 — өзек; 5, 18 — сүзгілеу элементі; 6 — қалпақ; 7 — серіппе; 8 — бұрандама; 10 — төсем; 12 — тығын; 13 — орталық құбыр; 15 — май қысымы көрсеткішінің датчигі; 16 — сүзгі қақпағы; 17 — майқұбыры; 19 — май қысымының апаттық төмендеуінің датчигі; 20 — тірек мойынтірек; 21 — тойтарғыш; 22 — торлы сүзгі; 23 — ротор осі; 24 — ротор қалпағы; 25 — ротор корпусы; 26 — центрифуга корпусы; 27 — жиклер; *K* — май ағынының реактивті күші; —► — май қозғалысының бағыты

Сорғыдан май ротордың қуыс 23 осьіне түседі, ось тесіктері арқылы ротор арналары бойынша оның 24 қалпақ астындағы қуысына келеді. Одан кейін май торлы сүзгі 22 арқылы сақиналы құдыққа келеді, реактивті сәтті жасай отырып және роторды $6\,000 \dots 7\,000 \text{ мин}^{-1}$ жылдамдықпен қозғалысқа келтіре отырып, 27 жиклерлер арқылы жоғары жылдамдықпен лақтырылады. Ротор айналған кезде ластаушы бөлшектер ротор қалпағының қабырғаларына лақтырылып, оларда тұнбаны пайда болдырады. Центрифуга корпусында 26 қайта өткізу клапаны орналастырылады, ол суық қозғалтқышты іске қосу немесе сүзгі бітелген кезінде центрифуганы айналып өтіп, май ағынын магистральға жібереді.

Центрифуга параллель қосылған кезде ол майдың үйкеліс желілеріне түспей, тікелей немесе май радиаторы арқылы қартерге құйылатын бөлігін ғана тазартады. Кейбір қозғалтқыштарда центрифуга дәйекті қосылады, мұндай схема майды тазартудың толық ағынды схемасын қалыптастырады.

Майды ортадан тепкіш тазалау сүзгісінің негізгі кемшілігі қозғалтқыш төмен жиілікте жұмыс істеп тұрған кезде - іске қосу, жылыту кезінде, бос жүріс кезінде - ротордың айналу жиілігі төмендейді және тазалау сапасы нашарлайды.

Май радиаторы ауау температурасы жоғарылаған және қозғалтқышқа артық салмақ түскен кезде майдың температурасы едәуір артқан жағдайда, майды салқындатуға арналған. Температураның арттыру майдың ерте істен шығуына әкеледі, оның тұтқырлығы төмендейді, бұл қозғалтқыштың тозуын арттырады. Машиналарда негізінен су радиаторының алдында орналасқан ауа-майлы радиаторларды пайдаланады.


Майды салқындату желдеткіштен келетін ауа ағынымен қамтамасыз етіледі. Ауа-майлы радиаторлардың құрылымы ауамен салқындату жүйесі радиаторларының құрылымына ұқсас.

Қозғалтқыштың жұмыс істеу барысында цилиндрдің тығыздалуының жеткіліксіз болуына байланысты жанармай буы және жану өнімдері қартерге еніп, конденсацияланып, майды сұйылтады, ал шығарылған газдар бөлшектерді тот басуға әкелетін қосылыстарды құрады. Қартер кеңістігінен жанармай буы мен жану өнімдерін жою қартерді табиғи (ашық) немесе мәжбүрлі (жабық) желдету арқылы жүзеге асырылады.

Мәжбүрлі желдету кіріс құбыржелісіне газдарды сору арқылы онда пайда болатындарды сейілту есебінен жүзеге асырылады. Қартердің ішкі кеңістігінен шығып, газдар арнайы майтұтқы арқылы өтеді, онда сорылған газдардан май бөлінеді.

Мысал ретінде 2.63-суретте КамАз автокөлігі қозғалтқышының табиғи желдету жүйесінің ауашығарғыш клапаны көрсетілген.

Ауашығарғыш клапан автокөлік қозғалысы кезінде 5 газ шығаратын құбырда пайда болатын сейілтудің арқасында қартерді желдетуді қамтамасыз етеді.



2.63-сурет. КамАЗ автокөлігі қозғалтқышының табиғи желдетілу жүйесінің ауашығарғыш клапаны:

1 — цилиндр болгінің қуысы; 2, 4 — сыртқы және ішкі стакандар; 3 — ауашығарғыш клапанның корпусы; 5 — газ шығаратын құбыр; 6 — сермер карттері; —*— — газ қозғалысының бағыты; —►— — май қозғалысының бағыты

Ауашығарғыш клапанның 3 корпусына шытырман жасайтын 2 сыртқы және 4 ішкі стакандар бекітіледі, онда май бөлшектері бар өтетін газдардан май бөлініп, табандыққа ағады.

2.10. Салқындату жүйесі

2.10.1. Салқындату жүйесінің жалпы ережелері мен мақсаттары

Қозғалтқыш жұмыс істеп тұрған кезде жылу энергиясының үлкен көлемі бөлінеді, оның бір бөлігі (25...35%) қозғалтқышты жылытуға жұмсалады. Жұмыс циклі кезінде газдардың орташа температурасы 800...900° С құрайды, ал оталдыру кезінде ол 2000° С-қа жетеді.

Қозғалтқыш қалыпты жұмыс істеуі және қызып кетпеу үшін оны 85...90° С шамасындағы белгілі бір және тұрақты температураға дейін мәжбүрлі түрде суыту керек.

Жылуды дұрыс әкетудің бұзылуы үйкелетін беттерді майлау сапасының нашарлауын тудырады, май тұтқырлығы төмендегендіктен, майдың жанып кетуіне және қозғалтқыш бөлшектерінің қызып кетуіне әкеледі. Қызып кету материал бөлшектерінің беріктігін күрт төмендетуге және тіпті оларды күйдіруге әкеледі (мысалы, бұл шығыс клапандары

немесе піспек түбіне үшін мүмкін). Егер қозғалтқыш қатты қызып кетсе, оның бөліктері арасындағы қалыпты саңылаулар бұзылып, әдетте бұл жерлерде бөлшектердің тозуына, қажалуына және тіпті бұзылуына әкеледі. Қозғалтқыштың қызып кетуі зиянды болып табылады және толтыру коэффициентінің төмендеуімен бірге жүреді, ал бензин қозғалтқыштарында сонымен бірге жарылып жануына және жұмыс қоспасының өздігінен тұтануына әкеледі.

Қозғалтқышты шамадан тыс салқындату қажет емес, себебі ол цилиндр қабырғаларында жанармай бөліктерінің конденсациясына (бензинді қозғалтқыштарда), қоспаның түзілуі және жұмыс қоспасының тұтану жағдайының нашарлауына, оның жану жылдамдығының азаюына, қозғалтқыштың қуаттылығы мен үнемділігінің төмендеуіне әкеліп соғады. Цилиндрлердің, піспектердің, піспек сақиналарының жеткіліксіз қыздырылған беттерінде осы бөлшектердің тот басуын тудыратын, жемір қышқылдардың пайда болуымен жанармайдың жану өнімдерінің конденсациясы болуы мүмкін. Температура 60 ° C төмен түссе қозғалтқышта шөгіндінің пайда болуы артады. Шөгінділер майдың сапасын төмендетеді және оны тазалауды, үйкелетін бөлшектерге жеткізуді қиындатады, соның салдарынан мойынтіректердің бұзылуы, иінді білік мойнының қажалуы, піспек сақиналарының күйі орын алуы мүмкін.

Жылуды артық әкету қозғалтқышқа қызып кетуден гөрі үлкен зиян келтіреді, себебі бұл ретте қозғалтқыштың қуаты мен үнемділігі азаяды және оның бөлшектерінің тозуы мен бұзылуы артады.

Жұмыс істеп тұрған қозғалтқыш бөлшектерінен артық жылуды алып тастау және оның оңтайлы жылу режимін тұрақты күйде ұстау үшін салқындату жүйесі жұмыс істейді. Қыздырылған қозғалтқыш бөлшектерінен жылуды кетіруге арналған жылу тасығыштар ретінде салқындату жүйесінде сұйықтықты немесе ауаны пайдаланады. Осыған сәйкес салқындату жүйесі сұйықтықтық және ауамен салқындату жүйесі деп бөлінеді.

Салқындату жүйесінің кез келгені бірнеше талаптарды қанағаттандыруы тиіс: жұмыста сенімді болу; қозғалтқыштың ауқымды өлшемдерін және массасын минималды ұлғайту; номиналды температура режимін ұстай отыра, бөліктерден жылу әкетуді реттеуді қамтамасыз ету; дайындауда және пайдалануда қарапайым болуы.

2.10.2. Сұйықтықтық салқындату жүйесі

Ауамен салқындату жүйесімен салыстырғанда сұйықтықтық салқындату келесі негізгі артықшылықтарға ие: қозғалтқыштың төменгі жылу кернеуі, сондықтан толтыру коэффициенті жоғары; жоғары қысу коэффициенті (бензин қозғалтқыштары); қуат пен экономикалық көрсеткіштердің артуы; қозғалтқышты бірқалыпты салқындату; сорғы мен желдеткіш жетегі үшін салыстырмалы төмен қуат тұтынуы.

Сұйықтықтық жүйе инерциялы, ІЖҚ баяу қызады, сонымен қатар ауамен салқындатуға қарағанда баяу салқындайды. Қозғалтқыштардың жұмыс кезіндегі шуылы аз, бірақ сұйықтықтың ағуы жылдам қызып кетуіне әкеледі және ІЖҚ істен шығуына себеп болуы мүмкін.

Сұйықтықты салқындатудың негізгі кемшіліктері - әсіресе қыста құрылма және техникалық қызмет көрсетудің күрделілігі; сұйық жылутасығышқа қажеттілік; жұмыстағы сенімділіктің жеткіліксіздігі.

Салқындату жүйелерінде жылуды кетіру қозғалтқыштың қыздырылған бөліктерінің айналасында сұйықтық айналуы кезінде жүзеге асырылады, содан кейін арнайы радиаторлық құрылғыларда ысыған сұйықтықтың салқындауы жүргізіледі.


Автотрактор ІЖҚ-да, әдетте, мәжбүрлі сұйықтықтық салқындату қолданылады, оның барысында салқындатқыш сұйықтықтың айналымы центрден тепкіш сорғымен жүзеге асырылады. Сұйықтықтың неғұрлым қарқынды айналуына байланысты бөлшектерден жылуды әкету жылдамдатылады. Сұйықтықтық салқындату жүйелері ашық және жабық болуы мүмкін.

Ашық жүйелер қоршаған ортамен бу шығаратын құбыр арқылы байланысады. Мұндай жүйелер қазіргі уақытта ескірген құрылымдардың қозғалтқыштарында ғана кездеседі.

Жабық салқындату жүйесі радиатор қақпағында орнатылған бу-ауа клапанымен қоршаған ортадан бөлінеді, олар қазіргі кезде көптеген автотракторлық ІЖҚ-да қолданылады.

Бұл жүйелердегі қысым мен салқындатқыш сұйықтықтың рұқсат етілген қайнау температурасы (100 және қысқа мерзімді 105°C) ашыққа қарағанда жоғары ($90...95^{\circ}\text{C}$), және нәтижесінде сұйықтықтар мен радиатор арқылы өтетін ауа арасындағы айырмашылық көп, демек радиатордың жылу беруі де жоғары. Бұл радиатор мөлшерін азайтуға, сондай-ақ желдеткіш пен су сорғышының жетегінің қуат шығындарын азайтуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар атмосфералық қысымның төмендігі жағдайында қозғалтқыш жұмыс істеп тұрған кезде салқындату сұйықтығының қайнау ықтималдылығы төмендейді. Жабық жүйелерде сұйықтықтың булануы елеулі түрде азаяды.

ЯМЗ-238 қозғалтқышының сұйықтықтық салқындатудың жабық жүйесі (2.64-сурет) мынадай негізгі тораптардан тұрады: сұйықтық қаптамасымен 3 жеткізуші мен 10 әкетуші құбыржелілер арқылы байланысқан 5 радиатордың өзінің радиатор 7 пердешесінен, сұйықтық 12 сорғысынан, 15 желдеткіштен, 17 термостаттан, 17 жинаушы құбыржелісінен, үлестіруші құбырдан, температура бақылау аспаптарынан. Сұйықтық қаптамасы сұйықтық толтырылған қос қабатты блок қабырғаларынан және цилиндрлер бастиегінен құрылады. Салқындату сұйықтығы ретінде таза су немесе төмен температурада қатпайтын арнайы сұйықтық – антифриз қолданыла алады. Қозғалтқышты жылуды ауаға шығару арқылы салқындатады.



кыздыгышка салыңыз

2.64-сурет. ЯМЗ-238 қозғалтқышын сұйықтықтық салқындату жүйесі:

1 — қайта өткізу құбыры; 2 — термостат қорабы; 3, 10 — жеткізуші және әкетуші құбыржелелер; 4 — радиатор қақпағы; 5 — радиатор; 6 — радиатор пердешесі жетегінің сымарқаны; 7 — радиатор пердешесі; 8 — май радиаторы; 9 — желдеткіш қаптамасы; 11 — ағызу шүмегі; 12 — сұйықтықтық сорғы; 13 — май құтысы; 14 — радиаторды бекіткіш күш; 15 — желдеткіш; 16 — бу шығаратын құбыр; 17 — жинаушы құбыржелі; 18 — пердеше жетегі; — салқындату сұйықтығының қозғалу бағыты

Қозғалтқышты іске қосқаннан кейін сұйықтық 12 сорғымен қозғалтқыштың салқындатылған бөлшектеріне (цилиндрлерге, жану камераларына, т.б.) үлестіруші құбыр арқылы жеткізіледі. Жылытылған сұйықтық термостатқа көтеріледі, жылытылған сұйықтықтың әрі қарайғы

қозғалысының бағыты клапанның күйіне байланысты. Термостат клапаны жабық болса, сұйықтық радиаторға 5 бармайды және салқындату қаптамасы (шағын құрылым) арқылы айналады. Мұндай айналым дөңгелегін (радиатордан басқа) сұйықтық негізгі іске қосқыш қозғалтқыштың немесе стартердің иінді білігінің бұрылуы кезінде жасайды, сондай-ақ қозғалтқыш 70°C төмен салқындату сұйықтығының температурасы кезінде жұмыс істегенде жасайды. Бұл жанармай жануының жылуына байланысты қозғалтқышты жылдам қыздыруды қамтамасыз етеді. Термостат клапаны жартылай ашық болса, сұйықтықтың бір бөлігі радиатор арқылы өтеді. Салқындату сұйықтығының температурасы 83°C асатын тұрақты жылу жағдайында негізгі клапан толық ашылып, қайта өткізу клапаны жабылады және барлық сұйықтық сорғымен радиатор (үлкен контур) арқылы айдалады. Радиаторда салқындаған сұйықтық сұйықтықтық сорғымен сорылады және цилиндрлер блогының қаптамасына айдалады.

Радиаторда салқындатқыш сұйықтықтан ауа ағыны арқылы жылуды кетіру қарқындылығы радиатор 7 алдында орнатылған пердешені немесе жұқа қатпарлы пердешені жабу немесе ашу арқылы реттелінеді. Бұл құралдарды басқару кабинаға шығарылған.

Салқындату жүйесінде белгілі бір қысымның сақталуын қамтамасыз ету үшін (0,085...0.150 МПа шамасында) оны бу шығаратын түтік 16 арқылы атмосферамен байланыстырады, ал радиатор қақпағына 4 бу-ауа клапаны орнатылады.

Жүйе жұмысын бақылау датчик блогінің бастиегінде орнатылғандар және аспап қалқаншасында орнатылған термометр арқылы жүзеге асырылады.

Салқындатқыш сұйықтықты салқындату жүйесінен алып тастау біреуі цилиндрлер блогына, ал екіншісі - радиатордың төменгі күбішесіне орнатылған екі 11 ағызу шүмегі арқылы жүзеге асырылады.

Тракторлардың іске қосқыш және негізгі қозғалтқыштары бірдей салқындату жүйесіне ие. Іске қосқыш қозғалтқышты іске қосқанда, салқындату жүйесінде салқындату сұйықтығының термосифонды (сұйықтықтың жылытылуы есебінен) айналымы болады. Алайда салқындату сұйықтығының баяу термосифонды айналымынан іске қосу қозғалтқышы тез қызып кетеді, сондықтан іске қосу дизелін бұрмай оны 3 минуттан артық жұмыс істету ұсынылмайды.


Радиатор 5 салқындату жүйесінде айналым сұйықтығын қарқынды салқындату үшін оның жылу бөлігін ауа ағынына беру үшін қызмет етеді. Радиатор өзек құбырлары арқылы қосылған жоғарғы және төменгі күбішелерден тұрады.

Жоғарғы күбіше бу-ауа клапаны бар қақпақпен жабылатын құйғыш мойынға ие. Бұл клапан, сондай-ақ мойынға дәнекерленген бу шығаратын 16 құбыр арқылы мойынға жоғарғы күбіше қуысы атмосферамен байланысады. Жоғарғы және төменгі күбішелер 3, 10 құбыржелілері және

резеңке келте құбыр арқылы қозғалтқыштың сұйықтық қаптамасымен қосылады.

Радиатордың өзегі түтікшелі-жұқа қатпарлы, түтікшелі-таспалы немесе балшық болып табылады. Сұйықтықты жақсы салқындату үшін жалпақ құбырларды шахматты тәртіппен орналастырады. Радиаторды трактор рамасының төменгі жағына бекітеді, ал жоғарыда қозғалтқышқа бекітеді. Қозғалтқыш жағынан радиаторға зақымданудан және онымен жасалған ауа ағынын қалыптастыру үшін 15 желдеткіш 9 қаптамасын бекітеді. Радиатордың алдында 8 май радиаторы мен радиатордың 7 перделері бекітілген. Радиаторларды зақымданудан және бітеуден қорғау үшін алдына сақтандырғыш тор қаптаманы орнатады.

Бу-ауа клапаны радиатор мойнының қақпағымен біртұтас ретінде жүзеге асырылады. Қозғалтқыш жұмыс істеген кезде радиатордың жоғарғы күбішесінің қуысында 1 қақпақ астында (2.65-сурет) сұйықтықтан бөлінген бу мен ауаның әсерінен қысым жасалады. Егер осы қысымды уақытында төмендетпесе, ондарадиатор өзегінің құбырлары ішкі қысымның әсерінен бұзылуы мүмкін. Қысым 0,125...0,15 МПа деңгейіне дейін көтерілген кезде бу клапаны 6 ашылады. Керісінше дизель тоқтағаннан кейін салқындаған кезде жоғарғы күбішенің аталған қуысында бу конденсациясының салдарынан сұйылту пайда болады, ол радиатор өзегін жұқа қабырғалы құбырларын жаншып тастай алады. Қысым 0,085.0,09 МПа деңгейге дейін түскен кезде ауа клапаны 9 ашылады, ол жұқа қатпарлы серіппенің 10 қарсылығын еңсеріп, оған ішіндегі сұйылтуды жою арқылы салқындату жүйесіне ауаны кіргізеді.




2.65-сурет. Бу-ауа клапаны бар радиатор мойнының қақпағы клапаном:

1 — қақпақ; 2 — өзек; 3 — бу клапанының серіппесі; 4 — қақпақ серіппесі; 5 — құю мойны; 6 — бу клапаны; 7 — бу клапанының төсемесі; 8 — ауа клапанының төсемесі; 9 — ауа клапаны; 10 — ауа клапанының жұқа қатпарлы серіппесі; 11 — бу шығаратын құбырды жалғауға арналған тесік

Ортадан тепкіш түріндегі салқындату жүйесінің сорғысы А-01 МЛ дизелінде 11 корпус арқылы (2.66-сурет, а) блок-картердің алдыңғы қабырғасына бекітілген, бұнда сорғының айдағыш қуысы дизельді салқындату сұйықтық қаптамасының үлестіруші құбырының басымен

қосылған. Корпуста шарлы мойынтірек теңселісінде 8, 12 білікше 10 айналады, екіншінің артқы ұшына қанатты аспап 16 бекітілген, ал алдыңғыға желдеткі 25 тегершігінің күпшегі 4 бекітілген, ол бұрандамалармен 27 күпшектің алдыңғы шетіне бекітілген. Тегершіктердің біріне айналу сынабелдікті беріліс арқылы иінді білік тегершігінен беріледі.



2.66-сурет. А-01МЛ дизелінің ортадан тепкіш түрінің салқындату жүйесінің сорғысы:

а — құрылғы; *б* — жұмыс істеу схемасы; 1 — сірге; 2 — тәжді сомын; 3 — кілтек; 4 — желдеткіш тегершігі; 5 — төлке; 6, 14 — тығыздамалар; 7, 23 — тоқтатқыш сақиналар; 8, 12 — шарлы мойынтіректер; 9 — қашықтық сақинасы; 10 — білікше; 11 — корпус; 13 — май құйғыш; 15 — тірек төлке; 16 — қанатты аспап; 17 — тығырық; 18 — серіппелі тығырық; 19, 27 — бұрандамалар; 20 — көмкерме; 21 — серіппе; 22 — тығыздағыш тығырық; 24 құрғатқыш тесік; 25 — желдеткіш; 26 — тоқтатқыш пластина; 28, 29 — жеткізуші және әкетуші келтекұбырлар; ← — салқындату сұйықтығының қозғалыс бағыты

Салқындату сұйықтығы корпус ішіне келтеқұбыр 28 (2.66-сурет, б) арқылы айналатын қанатты аспап ортасына беріледі. Ары қарай сұйықтық қанатты аспаптың көмегімен ұсталынады және орталықтан тепкіш күштің әсерінен корпусстың қабырғасына лақтырылады, ол жерден ол сорғы камерасына жанаса орналасқан әкетуші келтеқұбыр 29 арқылы дизельдің сулы қаптамасына шығарылады.


Сорғы қуысынан салқындату сұйықтығының ағуын азайту үшін корпус пен білікше арасындағы саңылауға қапталдық үлгідегі арнайы тығыздағыш қойылады.

Радиатор мен қозғалтқыштың арасында орналасқан желдеткіш 25 (2.66, а суретт қараңыз) радиатордың өзегін үрлеп тұратын ауа ағынын жасайды. Желдеткіштің төрт немесе алты қалақшасы болады, олар шу мен дірілді азайту үшін әртүрлі бұрыштарда орналасқан. Кейбір қозғалтқыштарда желдеткіш айналуының жиілігін өзгеру арқылы жылу режимін автоматты түрде реттеу үшін оның жетегіне гидрожалғағыш орнатады.

Термостат қозғалтқыштың жылу режимін оңтайлы шектерде автоматты түрде сақтайды және цилиндрлердің тозуына жол бермейді. Термостат радиатордың жоғарғы күбішесінің ыстық сұйықтықтың кіріс құбыржелісіне орнатылып, ол радиатордағы салқындату сұйықтығының айналымынаған ыстық сұйықтықтың кіруін ашып немесе жауып реттейді.

Салқындату сұйықтығының температурасын реттегенде салқындату қаптамасынан радиаторға сұйықтықтың өтуі үшін көлденең қиманы өзгереді. Термостаттар сұйық (сильфонды) және қатты (термоклапанды деп аталатын) толтырғышты болады. Сильфонды термостат оңай буланғыш сұйықтықпен толтырылған жезден жасалған гофрленген баллон тәріздес жасалады. Термоклапан баллонының толтырғышы ретінде арнайы ұнтақ қоспасы қолданылады.

Сильфонды термостат баллонында екі клапан бекітілген: негізгі 8 (2.67-сурет) және қайта өткізу 5. Жеткіліксіз қызған қозғалтқыштың және суық салқындату сұйықтығының негізгі клапаны 8 жабық болады, сұйықтық радиаторға келмейді.



2.67-сурет. Сильфонды термостат:

1 — гофрленген баллон; 2, 7 — төсемдер; 3 — термостат корпусы; 4 — қайта өткізу арнасы; 5 — қайта өткізу клапаны; 6 — терезе; 8 — негізгі клапан; 9 — радиаторға өтетін арна; 10 — ауа шығаруға арналған тесік; 11 — тіреуіш; 12 — сояуышты бағыттағыш; 13 — сояуыш; 14 — келтеқұбыр

Бұл ретте қайта өткізу клапаны 5 ашық болады, яғни ол қайта өткізу 4 арнасы арқылы сорғыға 6 терезе арқылы сұйықтың өтуіне кедергі жасамайды. Сұйықтықтың қаптамада қыздырылған сұйықтық шағын шеңберде айналады және радиаторға кірмейді, бұл сұйықтықтың қарқынды қызуына және дизельді қыздыруға әкеледі.

Салқындату сұйықтығының температурасы $75...80^{\circ}\text{C}$ болғанда баллондағы толтырғыштың кеңейетіндігі соншалық, сол уақытта қайта өткізу клапаны 5 жабылып, негізгі клапан 8 ашылады. Бұл ретте сорғы арқылы келетін сұйықтықтың бір бөлігі бұрынғыдай шағын шеңберде айналады, ал оның екінші бөлігі радиаторда салқындай отыра үлкен шеңберде айналады. Сұйық температурасы 85°C -қа жеткенде негізгі клапан 8 толық ашылып, қайта өткізу клапаны 5 терезелерді 6 жабады. Ыстық сұйықтықтың айналмалы құбыржелі арқылы сорғыға баратын жолы жабылады, салқындату сұйықтығының бүкіл ағыны радиаторға арна 9 арқылы жіберіледі. Бұл режимде салқындату жүйесі жылудың ең көп таралуын қамтамасыз етеді.

Осылайша термостат қозғалтқышқа оңтайлы жылу режимін қамтамасыз ете отырып, автоматты түрде дизельдің температурасына байланысты ыстық сұйықтықтың радиаторға жартылай немесе толығымен баруын бітейді. Алайда термостат салқындатқыш жүйеде ауаның бар болуына ықпал ете отырып, ондағы сұйықтықтың толтырылуын нашарлатады.

Қозғалтқыштың түрлі жұмыс режимінде салқындату қарқындылығын оңтайландыру жүйедегі сұйықтық айналымын реттемелеген (термостат арқылы) және радиатор арқылы (радиатордағы пердешелерді пайдаланумен немесе желдеткіш айналуының жиілігін өзгертумен) өтетін ауа ағынының қарқындылығы реттемелеген кезде қол жеткізілуі мүмкін. Бірінші әдіс кең таралды. Алайда қыста төмен температура кезінде радиатордан сұйықтық өте суық күйде келуі мүмкін және термостат радиатор арқылы айналымды кідіртеді, бұл қысым температурасының төмендеуіне әкелуі мүмкін. Сондықтан қыста радиатор пердешелерін пайдалану ұсынылады.

Қазіргі уақытта салқындатқыш сұйықтық ретінде су шектеулі қолданысқа ие. Судың салыстырмалы түрде жоғары қату температурасы (0°C) қозғалтқыштарды қоршаған орта температурасының төмен жағдайларында жұмыс істеуін қиындатады. Су қатқан кезде оның көлемінің артуы (шамамен 10%) қозғалтқыштың («оны ерітуі») және радиатордың бұзылуына әкелуі мүмкін.

Заманауи қозғалтқыштарда қолданылатын қайнау температурасы $197,8^{\circ}\text{C}$ CH_2OH екі атомды спирттің этиленгликольді су ерітінділеріне негізделген салқындатқыш төмен қататын сұйықтық кең таралған. Судан айырмашылығы, антифризтер мұздату кезінде кеңеймейді және қатты тұтас масса қалыптастырмайды.

Қазіргі заманғы қозғалтқыштардың салқындатқыш жүйелері герметикалық болып келеді және олардағы сұйықтық шамалы артық

қысым ісерімен болады, әдетте шамамен 0,05 МПа, ол радиатор қақпағындағы клапанмен қамтамасыз етіледі. Автокөліктердің жаңа модельдерінде салқындату жүйесіндегі артық қысым (0,12 МПа) жоғары және кеңейту күбішесіндегі клапанмен қамтамасыз етіледі. 0,05 МПа артық қысым кезінде су 112 ° С температурада және 0,12 МПа артық қысым кезінде - 124 ° С температурада қайнайды.

Автомобильдің ИЖҚ салқындату үшін қату температурасы ең төмен сұйықтықтар- антифриздер немесе тосолдар аса кең таралды. Екі маркалы антифриздер М40 және М65 шығарылады (қату температурасы тиісінше 40 және -65° С). А40 және А65 тосолдары негізінен бөлшектерді тот басудан қорғауға арналған қоспалары бар М40 және М65 антифриздері болып табылады. Тосолды қозғалтқышта 2-3 жылға дейін қолдануға болады, содан кейін оларды ауыстыру керек, өйткені олардың құрамындағы қоспалар тұрақтылығын жоғалтады.


2.10.3. Ауамен салқындату

Ауамен салқындату сұйықтықтық салқындатуға қарағанда бірқатар артықшылықтарға ие: салқындатқыш сұйықтық, радиатор, сұйықтықтық сорғы, құбыржелілер, тығыздауыштар талап етілмейді. Ауамен салқындату қозғалтқыштарының меншікті салмағы аз. Осындай қозғалтқыштарға қызмет көрсету қарапайым, пайдалану шығындары азаяды. Төмен температураларда қозғалтқышты жібіту ықтималдығы жойылады.

Ауамен салқындатудың негізгі кемшіліктері көпцилиндрлі қозғалтқыштардағы цилиндрлердің салқындатуы біркелкі емес; қозғалтқыш жұмысында шу деңгейі артады; желдеткіш жетегіне үлкен қуатты тұтыну шығыны.

Ауамен салқындату кезінде жылу шығару цилиндрдің сыртқы бетінен тікелей ауаға түседі. Металлдан ауаға жылу беру коэффициенті салқындатқыш сұйықтыққа беруден 20 есе аз, сондықтан жылу беруді қамтамасыз ету үшін қозғалтқыш цилиндрлері олардың жылу беру бетінің артуы үшін қырлармен жасалады. Қырлау бетінен оған қозғалтқыштың қабырғаларынан келетін жылу кірістірілген гидрожалғағышы бар қуатты желдеткішпен 1 (2.68-сурет) жасалатын салқындатқыш ауа ағымымен әкетілінеді. Салқындатқыш ауа ағынында май радиаторы 2 орнатылған. Қозғалтқыштың жылу режимі температура датчигімен бақыланады.

Қуаттың аз шығыны кезінде біркелкі салқындауды және ауа шығынын азайтуды қамтамасыз ету үшін ауамен салқындатылатын қозғалтқыштардағы желдеткіш жетегіне ауа қозғалысы белгілі бір үлгіге сәйкес ұйымдастырылады, ол үшін бағыттаушы қаптамалар 3 және дефлекторлар 4 қолданылады.



2.68-сурет. Қозғалтқыштарды ауамен салқындату схемасы:

a — V-тәріздес; *б* — қатарлы; 1 — кіріктірілген гидрожалғағышы бар желдеткіш; 2 — май радиаторы; 3 — қаптама; 4 — дефлектор; ► — ауа қозғалысының бағыты

Дефлекторлар — бұл қырланған беттерге ауа ағынының белгілі бір жылдамдықпен және бағытымен берілетін бағыттағыш құрылғылары болып табылады және ауа ағымының бағыттары бетіне жағылады.

Ауамен салқындату қарқындылығы жылу өткізетін беттің өлшеміне, қабырғалардың пішіні мен орналасуына, қоршаған орта ауасының жылдамдығына, мөлшеріне, бағыты мен температурасына байланысты. Қозғалтқыштың температурасын реттемелеу жапқыш немесе желдеткіштің беруі (айналу жиілігінің өзгеруі немесе желдеткіш қалақшаларының күйі) арқылы жүйеге келіп түсетін немесе жүйеден шығатын ауа шығынының өзгеруімен жүзеге асырылады.

Ең қарапайым нұсқа - қолмен басқарылатын жапқыштың көмегімен ауамен салқындату жүйесіндегі ауа ағынын бақылау. Егер жүйеден шығатын ауаның шығыны өзгерсе, жапқыш күйін термостаттар арқылы ретке келтіруге болады.

Желдеткішпен 1 ауаны беру арқылы қозғалтқыштың температурасын автоматты түрде реттеген кезде арна арқылы маймен толтырылған гидрожалғағыш енгізіледі, оның көлденең қимасы термोकлапан арқылы өзгереді.

Ауамен салқындату жану камералары бетінің өте жоғары температурасы кезінде жұмыс үдерісі жақсаратын дизельдерде кеңінен таралған. Бензин қозғалтқыштарында ауамен салқындату қуаты аз үлгілерде қолданылады.

2.11. Оталдыру жүйесі

2.11.1. Жүйенің мақсаты, оталдырудың батареялық жүйесі

Қозғалтқыштың оталдыру жүйесі қозғалтқыштың жану камерасында жұмыс қоспасының тұтануын туындататын жоғары керенулі импульстер жасауға және осы импульстерді қозғалтқыш фазасымен үйлестіріп, тұтану импульстерін қозғалтқыш цилиндрлеріне таратуға арналған. Жұмыс қоспасын тұтандыру үшін екі жүйе қолданылады: оталдырудың батареялық жүйесі және магнето арқылы от алдыру.

Автокөліктік бензинді қозғалтқыштарда аккумуляторлық батареяның немесе генератордың кернеуін электр разрядтары пайда болатындай көлемге дейін ұлғайтуға мүмкіндік беретін және қажет кезде осы кернеуді сәйкес оталдыру білтесіне беретін оталдырудың батареялық жүйесін кеңінен қолданады. Тұтану сәті иінді білік бұрылысының бұрышы болып табылатын, ұшқынды ЖӨН-ге (жоғарғы өлі нүкте (ВМТ)) беру сәтіндегі біліктің орналасуынан есептелетін от алдырудың озу бұрышымен сипатталады.

От алдыру жүйесіне қажетті қуат тікелей аккумуляторлық батареядан емес, аралық қуат жинақтаушысынан келіп түседі. Қозғалтқыш жұмысының тұрақтылығы мен үнемділігі, сонымен қатар жұмыс істелген газдардың улылығы ұшқынның күштілігі мен жұмыс қоспасының тұтану сәтіне айтарлықтай тәуелді.

Автокөліктік бензинді қозғалтқыштың жану камерасында жұмыс қоспасының тұтануы қозғалтқыш цилиндрінің басына бұралған білте электродтарының арасындағы электр разрядтары арқылы жүзеге асады.

Білте электродтарының арасындағы үздіксіз ұшқынтүзіліс жоғары кернеуде (15...24 кВ) іске асады. Қыздырылған қозғалтқышта ұшқынтүзіліс сәтінде жұмыс қоспасы қысылған және өздігінен тұтану температурасына жақын температурасы бар. Бұл жағдайда шамамен 5 МДж болатындай электр разрядының аз ғана қуаты жеткілікті. Алайда, қозғалтқыш

жұмысының кейбір режимдеріне ұшқынның 30...100 МДж көлемінде айтарлықтай үлкен қуаты қажет болады, бұл қозғалтқышты іске қосу, дроссельді жапқыштың жартылай ашық жағдайындағы жұтаң қоспадағы жұмыс, бос жүрістегі жұмыс, дроссельді жапқыштың шұғыл ашылуы жағдайындағы жұмыс режимдері.

Жоғары кернеу импульстерінің көзі ретінде тұтану шарғысын қолданатын оталдырудың батареялық жүйесін жіктеу бірқатар белгілер бойынша жүргізіледі, мысалы:

от алдыру жүйесін басқару (үйлестіру) тәсілі бойынша – жанасулы және жанасусыз басқарылумен;

от алдырудың озу бұрышын реттеу тәсілі бойынша – механикалы (вакуумды, ортадантепкіш) және электронды реттеумен;

қуатты жинақтау тәсіліне қарай – индуктивтілігінде (тұтану шарғысы) және сыйымдылығында (конденсаторда) қуатты жинақтау жүйелері;


жоғары кернеу импульстерін қозғалтқыш цилиндрлеріне үлестіру тәсіліне қарай – механикалық және статикалық үлестіруімен. Статикалық үлестіру кезінде бұл қызметті бақылаушымен басқарылатын көпшығарғышты (екеу, төртеу, алты шығарғыштағы) тұтану шарғылары атқарады;

радиокедергілерден қорғану типіне қарай – экрандалған және кедергілерді басатын резисторлы жүйелер.

Құрылысына қарай негізгі батареялық оталдыру жүйесі келесідей түрлерге ажыратылады: жанаспалы; жанаспалы-транзисторлы; жанасусыз-транзисторлы; микропроцессорлық.

Батареялық от алдырудың жанаспалы жүйесінің принципті сызбасы 2.69. суретте көрсетілген. Төменгі кернеулік токты (12 В) жоғары кернеулі (15...24 кВ) токқа айналдыру үшін жүрекшесінде біріншіреттік және екіншіреттік орамалары орналасқан трансформатор болып көрініс беретін индукциялық тұтандыру шарғысы 4. қызмет атқарады. Төменгі кернеулі ток тізбегін ажыратуға механикалық ажыратқыш 8. арналған. Ажыратқыш контактыларына тұрақты сыйымдылығы 0,2 ... 0,3 мкФ болатын конденсатор 7 параллельді қосылған.

Индукциялық тұтандыру шарғыларынан шыққан жоғары кернеулі ток жоғары кернеулі өткізгіштер арқылы үлестіргішке 5, ал одан – от алдыру бітелеріне 6 келіп түседі. Ажыратқыш 8 және үлестіргіш конструкциялық тұрғыда ажыратқыш-үлестіргіш деп аталатын бір құрылғыда орындалған. Ажыратқыш жұдырықшаларының саны (жұдырықшаның бір айналуы кезіндегі төменгі кернеулі ток тізбегінің ажыратылу саны) қозғалтқыш цилиндрлерінің санына тең. Ажыратқыш жұдырықшаларының және үлестіргіш роторының жетегі қозғалтқыштың үлестіруші білігінен бір білік арқылы іске асырылады, онымен қоса, төрттақтылы қозғалтқыштарда бұл біліктердің айналу жиілігі бірдей.



2.69. сурет. Батареялық от алдырудың жанаспалы жүйесінің принципті сызбасы:

1- аккумуляторлық батарея; 2 – от алдыруды өшіруші; 3 – вариатор; 4 – индукциялық тұтандыру шарғысы; 5 – үлестіргіш; от алдыру біттелері; 7 – конденсатор; 8 – ажыратқыш; → ротор айналысының бағыты

Аккумуляторлық батареядан оталдыру өшірушісі 2 қосылғанда ажыратқыштың тұйық байланысында 8 индукциялық тұтану шарғысының бірінші реттік орамасы арқылы магниттік сызықтары екі ораманың айналымдарымен қиылысып, жүрекше арқылы тұйықталған магниттік өріс жасайтын электр тогы өтеді. Ажыратқыштың 8 байланыстары үзілгенде біріншіреттік тізбектегі ток және оның жасаған өрісі жойылады да, ол бірінші және екіншіреттік орамалардың айналымдарында көлемі магниттік өрістің өзгеру жылдамдығына тепе-тең электр тогының пайда болуына әкеледі. Біріншіреттікке қарағанда екіншіреттік орамадағы айналымдардың саны айтарлықтай көбірек болғандықтан, екінші реттік орамадағы кернеу 15 ... 24 кВ дейін жетеді.

Индукциялық тұтандыру шарғысындағы біріншіреттік орамадағы біріншіреттік тізбек үзілгенде (төменгі кернеулі ток тізбектері) 200 ... 300 В кернеулі ток индукцияланады, оның бағыты негізгі токтың бағытымен сәйкес келеді, бұл магниттік өрістің жойылу жылдамдығының төмендеуіне, демек, екіншіреттік орамадағы индукцияланған кернеудің төмендеуіне әкеледі. Біріншіреттік тізбектің келесі ажырауларында өзін-өзі индукциялау тогы негізгі ток бағытына қарама-қарсы бағытта болады, яғни, алғашқы тізбектегі ток күшінің жылдам өсуіне бөгет жасайды. Өзін-өзі индукциялау тогының екіншіреттік кернеудің көлеміне және ажыратқыш байланыстарының 8 жұмыс қабілеттілігіне кері әсерін жою үшін оларға параллельді түрде конденсатор 7 қосылады. Байланыстары ажыраған кезде қуаттана отырып, конденсатор олардың арасында ұшқынтүзілісін азайтады, екіншіреттік кернеудің өсуіне әкелетін алғашқы тізбектегі ток күшінің өзгеру жылдамдығының ұлғаюына ықпал етеді. Одан бөлек, байланыстардың келесі тұйықталу кезінде ажырап,

конденсатор тұтандыру шарғысының біріншіреттік орамасындағы ток күшінің арту жылдамдығын ұлғайтады.

Екіншіреттік кернеу тесіп өтетін кернеуден асып түскенде, от алдыру білтелерінің электродтарының арасында ұшқын разряды жүреді, екіншіреттік тізбекте ток пайда болады, ал екіншіреттік тізбектегі кернеу шұғыл төмендейді.

Иінді білік айналысының жиілігі артуымен бірге ажыратқыш байланыстарының 8 тұйықтылық жағдайының ұзақтығы қысқарып, ажырау тогының күші мен екіншіреттік кернеудің азаюына әкеледі. Ажыратқыш байланыстарының тұйықтылық жағдайының ұзақтығының қысқаруы кезіндегі екіншіреттік орамадағы кернеуді біраз көбейту үшін қосымша қарсыласу немесе тұтандыру шарғысының төменгі кернеулі тізбегіне бірізділікпен қосылған вариатор қолданылады. Вариатор қарсыласуы температураға бейсызықты тәуелді болып келетін қорытпадан жасалады. Иінді білік айналыс жиілігі төмен болғанда, біріншіреттік орамадағы ток күші айтарлықтай үлкен болған кезде, вариатор қызады да оның қарсыласуы артады. Бұл біріншіреттік орамадағы ток күшінің азаюына және индукциялық тұтандыру шарғысын қызып кетуден сақтандыруға ықпал етеді. Біліктің айналу жиілігінің артуына қарай біріншіреттік орамадағы ток күші азаяды, вариатор суиды, оның қарсыласуы азаяды, ал біріншіреттік орамадағы ток күші артады.


Оталдырудың батареялық жүйесінің басты кемшіліктері – ажыратқыш арқылы өтетін және байланыстардың, сондай-ақ үлестіргіштегі жоғарывольтты ұшқындаушы байланыстардың электроэрозиялы тозуын туындататын үлкен ток күші болып табылады. Бұл кемшіліктер бірінші кезекте барлық от алдыру жүйесінің қызмет ету мерзімі мен сенімділігін төмендетеді. От алдыру жүйесінің жұмысын жақсарту үшін оған транзисторлы коммутаторларды қосады. Оталдырудың контактылы-транзисторлы жүйесінде (ОКТЖ) төменгі кернеулі электр тогының тізбегі күштік және басқару тізбектеріне бөлінген. Бұл ретте ажыратқыш байланыстары арқылы өтетін ток күші төмендейді және бұл оның қызмет ету мерзімін ұзартады. Күштік тізбектегі ток күшінің үлкен көлемі мен өзгеру жылдамдығының, сондай-ақ индукциялық тұтандыру шарғысының орам санының өзгеруі есебінен екіншіреттік кернеу айтарлықтай ұлғаяды. Бұл иінді білік айналуының жоғары жиілігі жағдайында және қозғалтқыштың жұтаң қоспадағы жұмысы кезінде оталдыру жүйесінің тұрақты жұмыс істеуін қамтамасыз етеді.

Транзистор коллекторы 1 (2.70 сурет) «массамен», база Б – ажыратқыштың қозғалмалы байланысымен, ал эмиттер Э – индукциялық тұтандыру шарғысының біріншіреттік орамасымен жалғанған. Біріншіреттік орама R1 және R2 резисторлары арқылы аккумуляторлық батареяға 10 жалғанған. Ажыратқыш байланыстары тұйықталғанда транзисторды басқару тізбегі бойымен (база-эмиттер) басқару тогы өтеді, оның әрекетінен транзистордың (коллектор-эмиттер) күштік тізбегі ашылады және индукциялық тұтандыру шарғысының біріншіреттік

орамасы 6 арқылы қарапайым оталдыру жүйесінің біріншіреттік тоғынан шамамен 2 есеге асып түсетіндей күшпен ток өтеді. Ажыратқыш байланыстары үзілген кезде транзисторды басқару тізбегіндегі ток жойылады, база және эмиттер потенциалдарының әр түрлілігі нольге теңеледі, эмиттер-коллектор өтуінің қарсыласу шұғыл артып, транзистор күштік тізбекті бекітеді. Индукциялық тұтандыру шарғысының алғашқы тізбектегі ток жоғалған кезде екіншіреттік ораманың айналыстарында қарапайым типті үлестіргіш 8 от алдыру білтелеріне 15 апаратын жоғары кернеу индукцияланады.


Трансформатор және R3 қарсыласуы қарапайым оталдыру жүйесінде конденсатор қызметін атқарады, яғни күштік тізбектің ажырау процесін тездетеді және магнит ағынының өзгеру жылдамдығының артуына ықпал етеді. Стабилитрон 5 және германийлік диод 4 транзисторды индукциялық тұтандыру шарғысының екіншіреттік тізбегіндегі жүктеме өшірілгенде біріншіреттік орамада пайда болуы ықтимал: жоғары кернеу өткізгішінің ажырауы, оталдыру білтелерінің ақаулары т.с.с артық кернеуден қорғайды.

Транзисторды қозғалтқышты іске қосқанда ток бойынша артық күш түсуден R2 резисторын тұйықтағанда ток күшін шектейтін R1 резисторы қорғайды. Конденсатор 13 аккумуляторлық батареяның қорек көзі өшкенде, генератор орамасындағы қысқа тұйықталу кезінде және т.б. жағдайларда транзисторды артық кернеуден қорғайды. Конденсатор 3 және R4 қарсыласуы транзистор қайта қосылғанда күш жоғалтуын (қызуды төмендетеді) азайтады.



2.70 сурет Оталдырудың контактылы-транзисторлы жүйесінің сызбасы

1 – транзистор; 2 – коммутатор; 3,13 – конденсаторлар; германийлі диод; 5 – стабилитрон; 6,7 – индукциялық тұтандыру шарғысының бірінші және екіншіреттік орамалары; 8 – үлестіргіш; 9 – R1 және R2 қосымша резисторлар блогы; 10 – аккумуляторлық батарея; 11 – стартерді өшіруші; 12 – ажыратқыш; 14 – трансформатор; 15 – от алдыру білтелері; Б – база; К – коллектор; Э – эмиттер; R1 және R2 – төменгі кернеулі тізбек резисторлары; R3 және R4 – коммутатор қарсыласуы; - ротор айналысының бағыты



2.71 сурет. Оталдырудың контактсыз-транзисторлы жүйесі

1 – оталдыру білтелері; көрсеткіш-үлестіруші; 3 – коммутатор; 4 – генератор; 5 – аккумуляторлық батарея; 6 – монтажды блок; 7 – оталдыру релесі, 8 – оталдыру тетігі; 9 – тұтандыру шарғысы; 10 – индукциялық көрсеткіш (Холл көрсеткіші)

Оталдырудың контактсыз-транзисторлы жүйесі анағұрлым жетілдірілген болып келеді. Бұл жүйеде тұтандыру шарғысының біріншіреттік орамасының тізбегін ажырататын транзисторлы коммутатор 3 (2.73 сурет) контактсыз көрсеткіш жасайтын электр импульстерінің әсерінен іске қосылады. Магниттік-электрлік – индукциялық (Холл көрсеткіші) көрсеткіштері анағұрлым кең таралған. Оталдырудың контактсыз-транзисторлы жүйесінде ажыратқыш-үлестіргіштің орнына көрсеткіш-үлестіруші 2 қолданылады.

Мұндай контактсыз жүйелерге арналған коммутатордың құрылысы күрделі болып келеді (онда микросхема, күштік транзистор, сондай-ақ бірнеше резисторлар, стабилитрон мен конденсаторлар бар). ОКТЖ-ға қарағанда ұшқынның қуаты 3-4 есеге көп.

Оталдырудың контактсыз-транзисторлы жүйесінің контактылы жүйеге қарағандағы негізгі артықшылықтары келесідей: үлестіргіштің контактылар күймейді және кірлемейді; білтеде жоғары қуат пайда болады (бұл әсіресе қоспаның тұтану жағдайы нашар кезде машина қатты жүре бастағанда аса маңызды, оталдырудың контактсыз-транзисторлы жүйесі жұмыс істелген газдардағы көмір тотығының көлемін шамамен 20%-ға және жанармай шығынын 5%-ға төмендетеді); төмен температурада


кернеудің 6 В дейін төмендеген кезінде суық қозғалтқыштың сенімді іске қосылуын қамтамасыз етеді.

2.11.2. Оталдырудың батареялық жүйесінің құрылғылары

Индукциялық тұтандыру шарғысының біріншіреттік орама 3 жасайтын магнит ағынын шоғырландыратын шығыршықты магнитөткізгіш 5 орналасқан болат корпусы 6 бар. Жүрекшеге 2 екіншіреттік орама 4 оралған, шарғы корпусының сырына қосымша резистор (вариатор) 12 бекітілген. Аккумуляторлық батареядан біріншіреттік орамаға электр тогы ВК-Б қысқышы арқылы (вариаторды ұштастырған жағдайда) немесе ВК қысқышы арқылы келуі мүмкін. Қысқыштан 7 төменгі кернеулі ток ажыратқышқа барады және қысқыштан 9 жоғары кернеулі ток үлестіргішке жіберіледі.

Ажыратқыш-үлестіргіш (2.73 сурет) төменгі кернеулі токты ажыратқыштан, жоғары кернеулі ток үлестіргішінен, ортадантепкіш, вакуумдық реттегіштерден және октан-корректордан тұрады.

Ажыратқыш ортадантепкіш реттегіш механизмі 9 арқылы жұдырықшаны 12 айналдыратын, дөңестері бар білікше 1 арқылы іске қосылады. Дөңестердің саны қозғалтқыш цилиндрлерінің санына тең. Тіреуіш тілімшеде 2 мойынтіректе ажыратқыштың қозғалмалы 13 және қозғалмайтын 14 контактылары бекітілген қозғалмалы диск орнатылған. Қозғалмайтын контакт 14 «массамен» жалғанған, ал қозғалмалы контакт 13 дискіден оқшауланған және индукциялық шарғыдан төменгі кернеулі өткізгіш арқылы жалғанатын өткізгішпен қысқышқа қосылған. Қозғалмалы диск вакуумды реттегіштің 10 көмегімен жұдырықшаға қатысты айнала алады.




2.72 сурет Индукциялық тұтандыру шарғысы

1 – фарфор оқшаулағыш; 2 – жүрекше; 3,4 – бірінші және екіншіреттік орамалар; 5 – шығыршықты магнитөткізгіш; 6 – корпус; 7,9 – қысқыштар; 8 – карболитты қақпақ; 10 – ВК қысқышы; 11 – ВК-Б қысқышы; 12 – қосымша резистор (вариатор)

Үлестіргіштің корпусының жұдырықшаға қатысты орналасуы октан-корректор 11 арқылы қолмен өзгертіледі. Айналған кезде жұдырықша өзінің дөңес жерлері арқылы қозғалмалы контакттың текстолитті жастығына тиіседі де контакатылар ағытылады. Фильцілер (майға шыланған жұқа киіз) 3 және 15 білік пен жұдырықшаның жұмыс істейтін беткі қабатын майлау қызметін атқарады.

Жоғары кернеулі ток үлестірушісі ротордан 4, жанындағы контактылары 7 және орталық графитты электродтары 8 бар карболитты қақпақтан 5 тұрады. Жанындағы контактылардың саны қозғалтқыш цилиндрлерінің санына тең. Ротор ажыратқыш жұдырықшасымен бірге айналады. Қозғалтқыштың жұмысы барысында жоғары кернеулі ток индукциялық шарғыдан жоғары кернеу қапсырмасы 6 және орталық графитты электрод 8 арқылы ротордың айырымдық тілімшелерімен бүйірдегі электродтарға және одан ары жоғары кернеу өткізгіштері арқылы – қозғалтқыштың жұмыс істеу тәртібіне сай оталдыру білтелеріне жеткізіледі.

Ортадантепкіш реттеуші иінді білік айналу жиілігінің өзгеруі жағдайында оталдырудың озу бұрышын автоматты түрде өзгерту қызметін орындайды. Мұндай реттеуші жетектелуші тілімшенің 2 ойықтарына кіретін осьтеріне серіппелі 3 және түйреуішті 1 жүкшелер 6 киілген тіреуіш тілімшелерден 5 (2.74 сурет) тұрады. Тіреуіш тілімшелер 4 жетек білікшесімен бірге айналады. Қозғалтқыш білігінің, демек ажыратқыш білігінің де айналу жиілігі артқан кезде жүкшелер серіппелердің қарсылығын өткеріп, осьтерге қатысты бұрыла отырып, екі жаққа кетеді. Бұл ретте түйреуіштер жетектелуші тілімше мен жұдырықшаны тіреуіш тілімшеге қатысты айналдырады, бұл ажыратқыш контактыларының ертерек ажырауына, яғни оталдырудың озу бұрышының ұлғаюына әкеліп соғады.



2.73 сурет. Ажыратқыш-үлестіргіш:

1 – білікше; 2 – тіреуіш тілімше; 3,15 – фильцілер; 4 – ротор; 5 – қаппак; 6 – жоғары кернеу қапсырмасы; 7 – қаппактың бүйір контактылары; 8 – орталық графитты электрод; 9 – ортадантепкіш реттеуші; 10 – вакуумды реттеуші; 11 – октан-корректор; 12 – жұдырықша; 13,14 – қозғалмалы және қозғалмайтын контактылар; 16 – төменгі кернеу қысқышы

Вакуумды реттеуші қозғалтқышқа түсетін күш өгерген жағдайда оталдырудың озу брышын автоматты түрде өзгерту қызметін атқарады. Вакуумды реттеушінің диафрагмасы 10 (2.74, 6 сурет) диафрагманы ажыратқыштың қозғалмалы дискісімен жалғайтын серіппемен 3 және тартылыспен 9 жүктелген. Түтікше 11 арқылы серіппе орналасқан диафрагманың қуысы карбюратордың дроссель артындағы кеңістігімен жалғанған. Тартылыс жағынан диаграмма қуысы атмосферамен байланысады. Қозғалтқышқа аз күш түсуіне сәйкес келетіндей, дроссельды жапқышты 12 аз ғана ашқан кезде диафрагманың оң жағындағы қуыста ажырау жасалады. Атмосфералық қысымның әсерінен диафрагма 10 иіледі және от оталдырудың озу бұрышын ұлғайта отырып, ажыратқыш контактыларының ерте ажырауына қарай тартылыс 9 арқылы ажыратқыш жүрекшесінің айналысына қарсы бағытта қозғалмалы дискіні 8 бұрады. Түсетін күш ұлғайған сайын дроссельді жапқыш ашылады, дроссельді кеңістіктегі ажырау азаяды және серіппе 3 диафрагманы және онымен байланысқан тартылысты 9 керісінше ажыратқыш контактыларының кешірек ажырау (кеш оталдыру) жағына қарай ауыстырады.

кешіктіру ілгерілеу


a

б

а – ортадантепкіш; б – вакуумды; 1 – түйреуіш; 2 – жетектелетін тілімше; 3 – серіппе; 4 – тіреуші тілімше; 5 – ось; 6 – жүкше; 7 – ажыратқыш жұдырықшасы; 8 – қозғалмалы диск; 9 – тартылыс; 10 – диафрагма; 11 – түтікше; 12 – карбюратордың дроссельді жапқышы; — — ➔ - тіруіші тілімше брылысының бағыты; — - ауа қозғалысының бағыты

Оталдыру білгелері жану камерасында жылулық әсері жұмыс қоспасын тұтандыратын ұшқын разрядтарын алу қызметін атқарады. Оталдыру білгелерінің жұмыс істеу жағдайы айтарлықтай жылулық, электрлік және механикалық күш түсумен сипатталады. Оталдыру

білтесінің оқшаулауышы 1 (2.75 сурет) жоғары электрлік және механикалық мықтылыққа ие материалдан жасалған. Оталдыру білтесінің үзіліссіз жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін оның жылу конусындағы температураны $700 \dots 800^{\circ}\text{C}$ деңгейінде ұстау қажет. Бұл температурада білтенің конусы мен электродтарындағы (орталық 8 және бүйірлік 9) жанып, оның өзін-өзі тазартуы жүзеге асырылады. Жылу конусының 500°C -ден төмен температурада білтенің төменгі жағындағы оқшаулауышы күйік жамылып, бұл өз кезегінде тесуші кереудің төмендеуіне және жұмыс қоспасының ағуына байланысты қозғалтқыш жұмысында үзілістерге әкеліп соғуы мүмкін. Егер жылу конусының температурасы $800\dots 900^{\circ}\text{C}$ -ден жоғары болса, онда жұмыс қоспасы электр ұшқынынан емес, электродтар мен оқшаулауыштың беткі қабатының қатты қызуынан тұтанатын калильды тұтану деп аталатын жағдай қалыптасуы мүмкін. Білтенің калильды тұтанусыз жұмыс істеуге қабілеттілігін оның калильды саны арқылы бағалайды.



2.75 сурет. Оталдыру білтесі

1 – оқшаулауыш; 2 – контактылы бас; 3 – ток өткізетін шыныгерметик; 5,6 – нығыздауыш төсемелер; 7 – жылу конусы; 8 – орталық электрод; 9 – бүйірлік электрод («масса»);

Жылу конусының температурасын қажетті деңгейде ұстап тұру үшін жылу берілісі әр түрлі болып келетін оталдыру білтелері шығарылады. Қысым дәрежесі аса жоғары емес қозғалтқыштарда (жылу берілісі төмен дәрежелі) «ыстық», ал қысым деңгейі жоғары қозғалтқыштарда «суық» (жылу берілісі жоғары дәрежелі) оталдыру білтелерін қолданылады. «Ыстық» оталдыру білтелеріндегі оқшаулауышының төменгі жағы ұзартылған және кеңірек жонылған корпусы бар, ал «суық» оталдыру білтелерінің оқшаулауышының төменгі жағы қысқартылған және тарлау жонылған корпусы болады. Жылу конусының биіктігі неғұрлым аз болған сайын солғұрлым жылу конусы «суығырақ» және қозғалтқыштың калильды тұтанусыз жұмыс істеуіне мүмкіндік беретін рұқсат етілетін қысым дәрежесі де үлкенірек болады. Оталдыру білтелерінің қасиеттеріне оқшаулауыш пен электродтар жасалған материал және сонымен қатар бүйір электродтарының саны үлкен әсерін тигізеді.


2.11.3. Оталдыруды басқарудың микропроцессорлық жүйесі

Электрқұрылғы сұлбасы дамуының жалпы үрдісі электр жабдықтарын кеңінен пайдалану болып табылады. Электронды блоктар (процессор, контроллерлер, микроЭЕМ) өздеріне енгізілген бағдарламалар (алгоритмдер) бойынша көптеген датчиктерден түсетін мәліметтерді өңдеп, реле блоктарының орамасы үшін командалар береді, ол арқылы күштік қуат көзінің тоғы сәйкесінше құрылғыларға беріледі.

Оталдыруды басқарудың электронды жүйесінде оталдыру модулі 5 (2.76-сурет) қолданылады, ол екіканалды электронды коммутатор мен екі екішықпа оталдыру шарғыдан тұрады. Оталдыру жүйесінің қозғалмалы бөлшектері жоқ болған соң, өзіне қызмет етуді талап етпейді, сондай-ақ оның реттеуіштері де жоқ, себебі оталдыруды басқару толығымен электронды.

Оталдыру жүйесінде «бос ұшқын» деп аталатын ұшқынды үлестіру әдісі қолданылады. Қозғалтқыш цилиндрлері I—IV және II—III жұптар болып біріккен және ұшқын түзу бір уақытта екі цилиндрде жүзеге асырылады: қысу тактісі таусылып жатырған цилиндрде (жұмыс ұшқыны) және шығару тактісі өтіп жатырған цилиндрде (бос ұшқын). Электр тоғы оталдыру шарғыларының бірінші және екінші орамаларында бір бағытта ағады. Соның салдарынан ұшқын түзудің тоғы бір оталдыру білтесінде орталық электродтан бүйір жаққа, ал басқасында – бүйір жақтан орталыққа өтеді.

Оталдыруды басқару қозғалтқышты басқару жүйесінің датчиктерінен алынған қозғалтқыш жұмысының режимі жөніндегі ақпаратты қолданылатын контроллермен 6 жүзеге асырылады. Иінді білік орналасуының датчигі 7 контроллерге белгі береді, оның негізінде контроллер оталдыру модуліндегі шарғылардың іске қосылу реттілігін есептейді.



2.76 - сурет. Оталдыруды басқарудың электронды жүйесінің сұлбасы:

1 — аккумулятор батареясы; 2 — басты реле; 3 — оталдыруды сөндіргіш 4 — оталдыру білтесі; 5 — оталдыру модулі; 6 — контроллер; 7 — иінді біліктің орналасу датчигі; 8 — бергіш диск; А, В, С, D — оталдыру модулінің байланыстары; E — қыысу құрылғылары; I — IV — цилиндрлер

Оталдыруды дәл басқару мақсатында контроллер иінді біліктің айналу жиілігі туралы; қозғалтқышқа салынатын күш (ауаның массалық шығыны) туралы; сұйықтықты суытатын температура жөнінде; иінді біліктің орналасуы жөнінде; детонацияның болуы туралы ақпаратты қолданылады. *Оталдыру жүйесінің келесі төрт тізбектері бар: қуат көзі* – автомобильдің борттық торынан болатын кернеу (аккумулятор батареясынан 1) оталдыруды сөндіргіштен 3 оталдыру D модулінің байланысына түседі;

«салмақ» - «салмақпен»қосу тізбегі цилиндрлер бастиегі қақпағының шетжағынан оталдыру C модулінің байланысына түседі;

I және IV цилиндрлерінің оталдыруын басқару – контроллер 6 оталдыруды басқару белгісін оталдыру B модулінің 5 байланысына береді. Бұл белгі оталдыру шарғысының бірінші орамасының коммутациясы және I және IV цилиндрлерінің оталдыру білтесіне жоғары кернеуді беру үшін қолданылады.

II и III цилиндрлерінің оталдыруын басқару – контроллер 6 оталдыруды басқару белгісін оталдыру A модулінің 5 байланысына береді. . Бұл белгі оталдыру шарғысының бірінші орамасының коммутациясы және II және III цилиндрлерінің оталдыру білтесіне жоғары кернеуді беру үшін қолданылады.

Қазіргі автомобильдерде соңғы кезде әр цилиндрге жеке оталдыру модульдеріі бар оталдыру жүйесі кеңінен қолданылады.

2.11.4. Магнетодан оталдыру жүйесі

Магнетодан оталдыру жүйесі оталдырудың батареялық жүйесінен жоғары кернеулі желілер мен оталдыру білтесінен басқа барлық аспаптар бір агрегатта – магнетода тұтастанған. Тоқ көзі, трансформатор, үзгіш және үлестіргін бір қабырғада конструкциялы түрде тұтастанған.

Магнитті сұлбаға байланысты айналмалы магниті бар немесе айналмалы магнитті коммутаторы бар магнето қолданылады. Қосушы екітактілі карбюраторлы қозғалтқыштардың оталдыру жүйелерінде, әртүрлі мотоаспап қозғалтқыштарында көбінесе айналмалы магниті бар магнето қолданылады, себебі олар құрылымы бойынша екінші сұлбаға қарағанда қарапайым және сырғанақ байланыстардың болмауынан қолданыс үшін сенімдірек.


Қосушы қозғалтқыштың *айналмалы магниті бар магнетодан* оталдыру жүйесінің қағидалық сұлбасы 2.77- суретте көрсетілген. Зәкірдің айналуынан тұрақты магниттің бір полюсінен басқасына білік (сердечник) 6 арқылы берілетін магнит тасқыны өзгереді. Магнит тасқынының зәкірдің бір айналымдағы өзгеріс саны магниттің жұп полостерінің сандарына тең болады.

Өзгермелі магнит тасқыны электр тоғын бірінші 4 және екінші 3 орамдарында индукциялайды. Тоқтың максималды күші білік 6 арқылы өтетін магнит тасқынының ең жоғары жылдамдығына сәйкес келеді (екіполюсті магниттің бір айналымында екі рет). Магниттің жоғары жылдамдықта айналуы кезінде екінші орамдағы индукцияланатын электрқозғалтқыш күш (ЭҚК) 2 000... 3 000 В құрайды, бұл тесерлік кернеуден біршама төмен.

Тоқтың бірінші тізбектегі көбірек күші - магнето зәкірі өзінің бейтарап күйіне қатысты (90 және 270°) 7.12°бұрышқа бұрылған кезде жетеді.

2.77-сурет. Қосушы қозғалтқыштың айналмалы магниті бар магнетодан оталдыру жүйесінің қағидалық сұлбасы:

1 — зәкір; 2 — тіреу; 3, 4 — бірінші және екінші орамдар; 5 — ұшқындық қуатсызданушы; 6 — білік; 7 — оталдыру білтесі; 8 — байланыс; 9 — шықпа байланыс; 10 — үзгіштің қозғалыссыз байланысы; 11 — сөндіргіш; 12 — үзгіш жұдырықшасы; 13 — конденсатор; N, S — магнит полостері; —»— зәкір мен жұдырықшаның айналу бағыттары



Екінші кернеуді көтеру және оталдыру білтесінің электродтарының арасындағы ұшқынды разрядты белгілі бір уақытта алу үшін магнетоның бірінші тізбегінде қозғалыссыз байланысы 10 бар үзгіш қолданылады. Үзгіштің жұдырықшасы 12 зәкірмен бірге айналады. Үзгіш байланыстарының күйіңкіреуін азайту үшін сұлбаға конденсатор 13 қосылған.

Бірінші тізбектің тұйықталуы бірінші тізбектегі ЭҚК нөлге жақын болғанда, ал ажырауы - ондағы тоқ максималды көрсеткіште болғанда жүзеге асырылады. Үзгіш байланыстарының ажырауы кезінде бірінші тізбектің 4 магнит өрісіні энергиясы оталдыру білтесінің 7 электродтарының арасында пайда болатын ұшқынның электр энергиясына айналады. Ұшқынның болуы үшін 18...20 кВ кернеу қажет. Магнето зәкірінің 1 өз орталық қалшынан үзгіш байланыстарының ажырау кезінде бұрылатын бұрышы а б р и с деп аталады. Бұл бұрыштың мәні магнето түріне байланысты және тәжірибелі жолмен анықталады. Оталдырудан озу бұрышын өзгерту үшін қозғалтқыштың айналу жиілігіне байланысты магнит жетегінде арнайы центрденепкіш жалғастырғыш қарастырылған. Сөндіргіш 11 екінші орамның «салмағына», оталдыруды жағу кезінде үзгішке тоқталмай, тұйықталу үшін қызмет атқарады. Ұшқындық қуатсызданушы 5 магнето орамдарының оқшаулануын екінші тізбектің жоғары кернеулі желісінің оталдыру білтесінен ажыратылуы немесе оның жарамсыздығы кезіндегі едеуір жоғарылауынан болатын зақымдалудан (бұзылу) қорғайды.

2.12. Автотракторлық электрлі құрылғылар

2.12.1 Электр тоғының көздері

Машиналардың электр жабдықтарының жүйесінде электр тоғының көздері генераторлар мен аккумуляторлар болып табылады.

Генератор – бұл қозғалтқыштан алынатын механикалық энергия электрлікке айналатын, содан соң тұтынушыға берілетін электр машинасы.

Автомобильдер мен тракторларға қолданылатын генераторлар тұрақты және айнымалы тоқты болады.

Тұрақты тоқ генераторлары электромагниттік қоздыру және коллектормен ескі құрылымды автомобильдер мен тракторларда қолданылады. Шала өткізгішті аспаптардың кеңінен қолданылуы автокөліктік техникада жетілген және құрылымы бойынша қарапайым айнымалы ток генераторларын шала өткізгішті түзеткіштермен қолданылу мүмкіндігін берді.


Айнымалы тоқ генераторлары үш немесе бес фазалы сұлбамен орындалады. Айнымалы тоқтың тұрақты тоққа айналуы кремнийлі шала өткізгішті түзеткіштердің көмегімен жүзеге асырылады.

Айнымалы ток генераторының құрылымы 2.78-суретте көрсетілген. Генератор орындалуы бойынша - орнатылған түзеткіш блок пен

байланыстық тоқалғышы бар үшфазалы синхронды электрмагниттік қоздырудан.

Генератордың негізгі бөліктері – сатор 12, ротор білігі 1, екі қақпақшалар 3 және 4 (сақиналар мен жетек жағынан), желдеткіш 15, жетекті тегершік 16 пен екі мысты-графитті қылшақтары 10 бар қылшақ торап (қылшақұстағыш). Генератор жетегі белдікті берілістегі тегершікпен 16 жүзеге асырылады. Электртехникалық болат табақтарынан жиналған статордың 12 ішінде он сегіз шеңбер бойында бірдей орналасқан ойықтар бар, оларға «жұдыз» сұлбасы бойынша біріккен үшфазалы орам 13 орналасқан.

Ротор білікке 1 сығылған, өзіне қоздыру орамы 11 мен екі тұмсық тәріздес он екі полюсті магнит жүйесін құрайтын полюс ұштықтары 2 оралған болат төлкеден тұрады. Ротор білігіне байланыс сақиналары 5 сығылған, оларға қоздыру орамының ұштары жапсырылған. Екі қақпақтың желдеткіш терезелері бар, олар арқылы желдеткішпен 15 генераторды суыту және үрлеу жүзеге асырылады. Артқы қақпаққа қылшақ торап (қылшақұстағыш) бекітіледі, оның саңылауларына байланыс сақиналарына серіппемен қысылатын екі қылшақ 10 орнатылған. Бұл қақпақтың ішінде шықпасы 4 бар түзеткіш блок орналасқан. Генератор жетегі белдігінің керілуі алдыңғы қақпаққа 14 бекітілген керіlmелі тақтайшаның көмегімен реттеледі.



2.78-сурет. Генератор:


1 — ротора білігі; 2 — полюс ұшытықтары; 3 — байланыс сақиналары жағындағы қақпақ; 4 — түзеткіш блок шықпасы; 5 — контактные байланыстық сақиналар; 6 — мойынтірек қақпағы; 7, 18 — сомындар; 8, 17 — мойынтіректер; 9 — электр шықпа (шықпа Ш); 10 — қылшақтар; 11 — ротор қоздыруының орамы; 12 — статор; 13 — статордың үшфазалы орамы; 14 — жетек жағындағы қақпақ; 15 — вжелдеткіш; 16 — жетекті тегершік; 19 — төлке

Оталдыру құлпының қосылуы кезінде ротор орамына аккумулятор батареясының кернеуі беріледі, бұл қоздырудың электрлік тоғын туындатады. Қоздырудың электрлік тоғы қоздыру орамы арқылы өте отырып, жұмыс бөлігі бір полярлықтың тұмысқ тәріздес полюстары бойынша үлестірілетін магнит тасқынын туындатады.

Ротордың айналуы кезінде статордың әр тісінің астынан ауыспалы түрде не оң, не теріс полюстер өтеді, яғни, статордың үшфазалы орамынан 13 өтетін магнит тасқыны көлемі және бағыты бойынша өзгереді. Сонымен қатар орамдарда көлемі мен бағыты бойынша ауыспалы ЭҚК ықпалданады. Түзеткіш блоктан өткен соң түзелген электр тоғы машина желісіне түседі.

Электр энергиясының көздері – генератор және аккумулятор батареясы – автомобильдер мен тракторларда қатарлас қосылған. Жарамсыз қозғалтқышта және қозғалтқыштың аз жиілігінде, генератор клеммаларындағы кернеу атаулы шамаға жетпегенде, барлық тұтынушылар аккумулятор батареясынан қуат алады. Генератор клеммасындағы кернеу атаулы шамаға жеткенде және аккумулятор батареясының кернеуінен жоғары болғанда, генератор арнайы реленің көмегімен автоматты түрде электр тізбегіне қосылып, тұтынушылардың тоғымен қоректене бастайды, сонымен бірге аккумулятор батареясының зарядын өткізеді.

Генератор кернеуін берілген шектерде автоматты түрде сақтау үшін және аккумулятор батареясының қалыпты заряд режимін қамтамасыз ету үшін генератор тізбектеріне реле-реттеуіштер қосылған. Реле-реттеуіштер байланысты, байланысты-транзисторлы, және транзисторлы типті болады. Мысал ретінде 2.79-суретте РР-362Б байланысты-транзисторлы типті реле-регуляторының сұлбасы көрсетілген.



2.79-сурет. РР-362Б байланысты-транзисторлы типті реле-регулятордың сұлбасы:

РН — кернеу релесі; $Y_{н.о}$ — кернеу релесінің негізгі орамы; РЗ — қорғаныс релесі; П — серіппе; $Y_{з.у}$, $Y_{з.о}$, $Y_{з.в}$ — қорғау релесінің сәйкесінше ұстайтын, негізгі және қосалқы орамдары; D_p — бөлетін диод; Т — транзистор (триод); К, Б, Э — транзистор шықпалары (коллектор, база, эмиттер); D_1 , D_2 — сөндіруші және жабушы диодтар; Y_6 , Y_7 , Y_8 , Y_9 , Y_{10} , Y_{11} — резисторлар; А — амперметр; ВМ — «салмақ» сөндіргіші; ОВГ — генератор коздыруының орамы; Ш, В — реленің сәйкесінше шунттық және аккумуляторлы қысқыштары

Реле-регулятор РР-362Б генератор кернеуін реттейтін құрылғыдан, қоздыру орамы тізбегіндегі қысқа тұйықталулардан транзисторды қорғау құрылғысынан және кернеуді маусымдық реттеуіш құрылғыдан тұрады. Кернеуді маусымдық реттегішті ауыстырып-қосқыш бұрамасын ауаның теріс температурасында, сондай-ақ аккумуляторлы батареяның толық зарядталмауынан «қыс» режимінде болады. Басқа жағдайларда бұл бұрама «жаз» режимінде болады.

Реле РР-362Б екі электромагнитті реледен – РН кернеу және РЗ қорғау, транзистор Т, үш диод - бөлетін D_p , сөндіргіш D_r және тыюшы D_x , сондай-ақ Y_6, Y_T, Y_u, Y_d, Y_1 резисторларынан тұрады.

Генератор роторының аз жиілікті айналымы кезінде білік РН серіппе П күшін жеңу және үстіңгі байланысты астыңғысына тарту үшін жеткіліксіз магниттеледі. Соның өзінде транзистор Т «ашық», яғни электр тоғы қысқышқа В резистор Y_x , диод D_x , эмиттер Э, база Б және резистор Y_6 арқылы «салмаққа» өтеді. Мұның өзінде Э мен К арасындағы электрлік қарсыласу көп емес және тоқ эмиттера Э арқылы коллекторға К $R_{3,0}$ реленің негізгі орамына қысқыш Ш арқылы өтеді және содан соң – ОВГ генератор қоздыруының орамы арқылы «салмаққа» өтеді. Нәтижесінде генератор қозуы жүзеге асырылады. Бір уақытта РН орам арқылы тоқ өтеді, бұл тоқ байланысты тарту үшін аз. Тоқты тұтынушылар аккумулятордан қуат алады.

Генератор роторының айналу жиілігінің өсуінен РН орамдағы тоқ өсіп, байланыстар қабысып, D_x диодтағы кернеу төмендеп, транзистор жабылады, себебі оның базасы қабысқан байланыстардан эмиттерге қарағанда көп қосалқы полюсті тоқ алады (ДД диодтағы кернеу төмендеуіне сәйкес көлемде). Транзистор Т жабылған соң, генератордағы қоздыру орамында өздігінен индукциялану ЭҚК пайда болып, ол D_r диодпен сөндіріліп, R, Y_u, Y_d резисторлары қосылады да, генератор кернеуі төмендейді – бұл жағдайда РН байланыстары ажыратылып, транзистор қайтадан ашылады.

РН байланыстарының іске қосылуы жазда тізбектегі кернеді 13... 14 В, ал қыста на 0,8... 1,2 В-ке көп сақтайды. Сонымен қатар электр тоғы аккумулятор зарядына да түседі.

Бөлетін D_p диоды бар қорғау релесі транзисторды қысқа тұйықталулардан қорғайды. РЗ және РН қозғалыссыз байланыстары D_p диоды арқылы қосылған. Қысқа тұйықталу кезінде генератордың «салмаққа» қоздыру орамының тізбегінде $R_{3,0}$ ормы арқылы өтетін тоқ күші көтеріліп, РЗ байланыстар қабысады және тоқ күші азаяды. Сонымен қатар R_{3y} орам байланыстарды қабысқан күйде, ал транзисторды жабық жүйінде «салмақ» сөндіргіші ВМ сөндірілгенше және қысқа тұйықталу жойылғанша сақталады, содан соң «салмақ» қосылады.


Аккумуляторлар электр энергиясын жинап, онымен тұтынушыларға қозғалтқыш жасамаған кезде (электростартер арқылы негізгі немесе қосушы қозғалтқышты қосу не машина аспатарына қуаттандыру үшін) немесе генератордың иінді білігінің айналуының төмен жиілігінен

тұтынушыларды тоқпен қуаттандыра алмаған кезде қуат береді. Генератор жоғары жиіліктегі айналым кезінде электр тоғымен барлық тұтынушыларды, тұтынушы ретінде жұмыс жасайтын аккумуляторды – электр энергиясын жинаушыны да қоса, қамтамасыз етеді.

Қорғасын-қышқылды аккумулятор батареялары (2.80-сурет) автотракторлы электржабдықтарында жоғары қолданысқа жетті.

Барлық аккумулятор батареялары сәйкесінше таңбалады иеленеді. Таңбалаудың бірінші цифрі (3 және 6) батареядағы 2 В кернеулерімен ретімен қосылған, оның атаулы кернеуі (6 және 12 В) анықтайтын аккумуляторлардың санын (пластина блоктары) сипаттайды. СТ әріптері батареяның стартерлігін білдіреді. Келесі цифрлер 20 сағат бойында разрядталатын батареяның атаулы сыйымдылығын, ал әріптер – моноблок материалын (Э — эбонит, Т — термостат, П — полиэтилен), сепараторлар материалын (М — мипласт, Р — мипор, П — пластипор, С — сепаратор материалдарының бірімен бірге шана талшығы) анықтайды. Құрғақзарядты пластиналары бар аккумулятор батареялары таңбалауда 3 әрпін иеленеді.

Мәселен, 6СТ-132 ПМСЗ таңбалануы батареяның атаулы кернеуі – 12 В, батарея – стартерлі, 20 сағ бойында разрядталатын батарея сыйымдылығы – 132 А * сағ, моноблок материалы – полиэтилен, сепаратор материалы – мапласт пен шыны талшығы, орындалуы – құрғақ зарядты екенін білдіреді.




2.80-сурет. Қорғасын-қышқылды аккумулятор батареялары:

1 — торлар; 2 — сепаратор; 3, 4 — оң және теріс пластиналар; 5, 7 — жартылай блоктар; 6 — плюсті және минусы клеммаларды ретімен қосатын қосқыштар; 8 — пластина блоктары; 9 — шықпа істіктер; 10 — аккумулятор багі; 11 — қақпақ; 12 — тығындар


Аккумулятор батареясының ішінде бес оң 3 және төрт теріс 4 пластиналар орналасқан, олар кеуектілігін көбейту үшін қосылған қорғасын оксидтерінен тұратын белсенді қоспамен толтырылған, қорғасын мен сүрме (6...8%) қорытпасынан тұратын торлар 1 түрінде жасалған. Бір полярлы пластиналар жартылай блоктарға 5,7 жиналады. Блоктағы 8 теріс пластиналар саны оң пластинадағыдан біреуіне асады.

Сепараторлар 2 әр аттас пластиналардың қосылуын және олардың арасындағы қысқа тұйықталуды бодырмау үшін арналған. Жоғарысында аккумуляторлар мастикамен төгілген қақпақпен 11 жабылған. Мастикадан плюсті және минусы клеммаларды ретімен қостаын қосқыштар 6 шығып тұрады, сонымен қатар желдеткіш саңылаулары бар тығынлары н 12 иеленетін құйма саңылаулар қылталары бар. Қылталар арқылы аккумулятордың ішіне электролит – дистилденген су мен күкірт қышқылы қосындысы құйылады. Аккумуляторлы батареялардың шеттерінде машина желілеріне қосу үшін шықпа істіктер (клеммалар) орналасқан. Қорғасын-қышқылды батареяның әрекеті келесі реакцияға негізделген:



Қышқылды аккумулятор разрядталған кезде (2.81, а сурет) пластиналардың күкіртқышқылды қорғасыны элект тоғының әсерінен электролитпен химиялық реакцияға түседі. Нәтижесінде оң пластиналардың белсенді қоспасы қорғасын диоксидінен PbO_2 , ал теріс - кеуекті қорғасыннан Pb тұрады. Сонымен қатар H_2SO_4 күкірт қышқылының электролиттегі концентрациясы өседі (соңғы процесс жоғары бағытталған бағдаршамен көрсетілген).

Қышқылды аккумулятордың разрядталуы кезінде (2.81, б сурет) кері реакция жүргізіледі: электролиттің H_2SO_4 күкірт қышқылы пластинаның белсенді қоспасымен химиялық реакцияға түседі (қорғаныс диоксиді PbO_2 мен кеуекті қорғасын Pb) де, оны күкіртқышқылды қорғасынға $PbSO_4$ айналыдырады.



2.81 - сурет. Қышқылды аккумулятордың жұмыс сұлбасы:

а —заряд процессі; б —разряд процессі; Pb — қорғасын; PbO_2 — қорғасын диоксиді; $PbSO_4$ — күкіртқышқылды қорғасын; «+», «-» — аккумулятордың теріс және оң зарядталған пластиналары; —»- — направление тока при заряде или разряде аккумулятора; —»- — электролиттегі сәйкесінше күкірт қышқылы H_2SO_4 мен судың H_2O көбеюі (бағдаршалар жоғары) немесе азаюы (бағдаршалар төмен)

Соның өзінде электролиттегі күкірт қышқылының саны азаяды (төмен бағытталған бағдаршамен көрсетілген), оның бөлігі H_2O сумен ауыстырылып, нәтижесінде электролиттің меншікті салмағы азаяды.

Демек, аккумулятордың тұрақты токпен зарядталуы процесінде электр энергиясы пластина белсенді салмағының химиялық энергиясына айналады. Аккумулятор разрядталғанда химиялық энергияның электрлік энергияға айналуының кері процесі жүреді.

Аккумулятордың ішіндегі химиялық реакциялар газ бөлінуімен бірге жүреді (электролиттің «қайнауы») - зарядттың бітуі жөнінде белгі). Газдар қақпақтардағы желдеткіш саңылаулар арқылы жойылады. Аккумулятор заряды кезінде электролиттегі күкірт қышқылы концентрациясы өседі, демек, электролит қалыңдығы да өседі, қалыңдық көлемі бойынша аккумулятордың зарядталу деңгейін білуге болады. Толық зарядталған аккумулятор батареясының 2,5 В-ға дейін кернеуі мен электролит қалыңдығы 1,21... 1,31 г/см³ болады. Генератор, реле-реттеуіш пен аккумулятор жұмысы кабинадағы аспаптар қалқаншасында орналасқан амперметр бойынша бақыланады. Кей кезде амперметрдің орнына электр

сұлбасына бақылау лампасын қосады – оның жарық белгісі аккумулятордың қуаттануының қажеттігін білдіреді.

Разряд кезіндегі аккумулятордың соңғы кернеуі мен сыйымдылығы разряд тоғы мен электролит температурасына байланысты. Температураның төмендеуінен, сонымен қатар разряд тоғының өсуімен, разрядтың бар кезеңінде аккумулятормен артатын, кернеу азайып, соңғы кернеу төмендеп, ал берілетін электр тоғының саны бірден азаяды.

Автотракторлы электржабдықтарында қолданылатын стартерлі аккумулятор батареялары келесі талаптарға сай болуы керек: мүмкін болатын аз кернеуден разрядтың тоқтың көп күші (5.10 с ішінде 200...400А), бұл төмен температурада автотрактор қозғалтқыштарын қалыпты қосудың қамтамасыз ету үшін қажет; шағын габаритті өлшемдер мен жеткілікті сыйымдылықтағы салмақ; пайдаланымдық жағдайларында зарядталу кезіндегі сыйымдылықтың тез қалыпқа келуі; қоршаған орта температурасының үлкен тербелісі кезіндегі сенімді жұмысы; кернеудің тұрақтылығы.

2.12.2 Электр энергиясын тұтыну, стартерлер

От алып іске қосылатын қозғалтқыштарды есептемегенде тракторлар мен автомобильдерде барлық электрлі қондырғылары үнемі ток қысымы 12 В болады. Қозғалтқыштың от алу білтесі мен магнето трактордық электр қондырғысының жалпы желісіне қосылмаған, ол дербес жұмыс жасайды.

Электр қондырғысына аспаптар мен агрегаттарды жалғау бір сымды сызба бойынша орындалады, сол арқылы электр энергиясы көзі (аккумуляторлы батарея мен айнымалы ток генераторы) және әр тұтынушы машинаның металлды бөлігіне теріс полюспен жалғанған. Аккумуляторлы батареяның минусы клеммасы «масса» қосылуы арқылы «массамен» жалғанған.

Тракторлар мен автомобильдерде электр энергиясын тұтынушы болы келесі жүйелер мен электр қондырғыларының аспаптары жатады:


- Тартқыш реле стартерін қосы мен стартерлерді қосу;
- Іске қосқанға дейінгі қыздыру жүйесі;
- Жарықтандыру аспаптары: алдыңғы және артқы фара, бұрылыс сигналдары;
- Ішкі арықтандыру аспаптары: кабинаны жарықтандыру плафоны, аспап қалқанын жарықтандыру шамы, тасымал шамның резеткісі;
- Бақылау аспаптары: май манометрі, май температурасының датчиктері, май температурасының бақылау шамы, су температурасының датчиктері, су температурасының көрсеткіші, амперметр (ток көрсеткіші), «массаны» қосудың бақылау шамы, жанармай деңгейінің көрсеткіші мен датчиктері;
- Көмекші аспаптар: электрлі дыбыс сигналы, электр қозғалқышының әйнек тазалағышы, әйнек тазалағыштың ауыстырғышы, электр

қозғалқышының вентилятор жүйесі мен кабинаны жылыту және электр қозғалқышының вентилятор қосқышы, ырғақты сақтандырғыш блогы.

Электрлі стартер машина қозғалқышын іске қосу немесе негізгі іске қосу үшін қолданады. Стартер дегеніміз аккумуляторлы батареяның электр энергиясын өз жұмысы үшін қолданатын тұрақты токтың электр қозғалтқышы. Стартер құрамына жетекші тісті доңғалақты қашықтықтан басқару мен қозғалтқыш қажетті айналымын алғаннан кейінгі автоматты өшіру механизмі кіреді.

Автомобильдер мен тракторларда аралас (сурет 2.82) және біртіндеп қозу стартерлерін орнатады.

Стартердің электрлі сызбасы сурет 2.83, *а* көрсетілген. Стартердің корпусы ішінде 1 төрт электрлі магнит бекітілген — қозу оралымы 8 бар полюс 2. Оралыммен бірге зәкір білігі 3 стартер қақпағына тығыздалған екі қола тығында айналады. Біліккеоң және теріс шөткесімен контакт жасайтын коллектор 5 орналасқан. Үш магниттің қоздыру оралымы кезектесіп зәкірмен жалғанған, ал төртінші магниттің оралымы зәкірге параллель қосылған. Коллектор пластинасымен зәкір орамының ұшы 3 жалғанған.



Сурет 2.82. Аралас қозғышы бар СТ-362 стартері:

1, 5 — жетек және коллектор жағынан қарағандағы қақпак; 2 — экір; 3 — коллектор; 4 — корпус; 6 — шөтке; 7 — серіппе; 8 — қозу айналымы бар стартер полюсі; 9 — бас контактілер; 10, 18 — қайтарым серіппесі; 11 — контактілі диск; 12 — тартқыш реле қақпағы; 13 — шток; 14 — қысу серіппесі; 15 — реле корпусы; 16 — тартқыш реле катушкасы; 17 — тартқыш реле экірі; 19 — шығыршық; 20 — стартерді қосу тұтқасы; 21 — тығыздағыш төсеніш; 22 — қосу муфтасы; 23 — тығын; 24 — қосу серіппесі; 25 — еркін жүріс муфтасы; 26 — қосу тістегеріші; 27 — экір білігі


Корпустан аулақ тұрған оң шөтке жұбы 4 қозу оралымымен жалғанған, екінші ұшы копрустан аулақтанған клеммаға 7 жалғанған. Теріс шөтке жұбы 6 стартер корпусы арқылы «массамен» жалғанған.

Экірдің айналуы айналым полюсы мен экір оралымы айналасында пайда болатын екі қуатты магнитті өрістің өзара әрекеті есебінен болады. Осыған байланысты, жетек тістегерішінен 9 айналу тәж 11 арқылы іске қосу қозғалтқышының маховигіне беріледі, нәтижесінде ол іске қосылады.

Электрлі стартера оралым шынжырының жұмысы басталғанда электрлі ток үлкен күшіпен (1 350...2 000 А) өтеді, және аккумуляторлы батарея тез отырады. Стартер білігінің айналым жиілігі артқан сайын ток күші 80.100 А дейін азаяды.

Аккумуляторлы батареяның тез отыруының және істен шығуының алдын алу үшін стартерді 15 с артық қосулы ұстауға болмайды, ал оны әрі қарай қосу үшін 1 ...2 мин уақыт салып қосу керек.

Стартерді қосқанда келесідей жағдай болады: басында тартқыш реле іске қосылып, өз магниттік өрісі арқылы ішке зәкірді 17 (сурет 2.82), шығыршықты 19 тартады, ол стартерді қосатын тұтқаны 20 сағат тіліне қарсы бұрайды. Бұрау барысында тұтқаның аяғы қосу муфтасын 22 сонымен қатар, онымен жалғанған еркін жүріс муфтасын 25 және қосу тістегерішін 26 біліктің оң жағына орналастырады, ал оның тістері іске қосылатын қозғалтқыш маховигінің тәжін қыстырып алады. Жүріс соңында тартқыш релесінің зәкірі бас контактіні 9 тұйықтайды және стартердің зәкір білігі іске араласады, ол өзінің оймакілтектерімен еркін жүріс және қосудың тістегеріш муфталары арқылы іске қосылатын қозғалтқышының иінді білігін бұрайды. Қозғалтқыш іске қосылғаннан кейін еркін жүріс муфтасы 25 стартердің бұзылуының алдын алады.



Сурет 2.83. Стартердің электрлі сызбасы (а) және соны жұмыс жолындағығы муфтаның бұзылудан сақтауы (б, в):

1 — корпус; 2 — полюс; 3 — зәкір орамы; 4, 6 — оң және теріс шөткелер; 5 — коллектор; 7 — клемма; 8 — қозу орамы; 9 — жетек тістегеріші; 10 — еркін жүріс муфтасының құрсау; 11 — маховик тәжі; 12 — ролик; 13 — итергіш; 14 — итергіш серіппесі; «+» и «-» — оң және теріс клемма; ► — ток қозғалысының бағыты; — маховик пен жетек тістегерішінің бағыты

Еркін жүріс муфтасының жұмыс барысында стартерден маховикке айналымды беру кезінде (сурет 2.83, б) және қозғалтқыш маховигінен стартер білігіне айналымды беруді тоқтату кезінде (сурет 2.83, в) роликтер қалпы болуы мүмкін. Қозғалтқыш іске қосылғаннан кейін еркін жүріс муфтасының роликтері 12 ортадан тебетін күш әсерінен (маховиктің бұрыштық жылдамдығымен салыстырғанда стартер білігінің үлкен бұрыштық жылдамдығы әсерінен пайда болған) құрсаудың 10 фасонды пазасының тым кең бөлігіне ораласады да, маховиктен стартер білігіне

айналымды беруді тоқтатады. Жетек тістегеріші 9 қозғалтқыш іске қосылғаннан кейін стартердің қосу тұтқасы арқылы маховик тәжінің тістеуінен босайды.

2.13 Қозғалтқышты іске қосу тәсілдері

2.13.1. Қозғалтқышты іске қосатын құрылғы, іске қосу жүйесінің міндеттері

Қозғалтқышты іске қосу жүйесі детальдарды тоздырмай айтарлықтай қысқа уақыт аралығында жұмыс қалпына келтіруге арналған техникалық құрылғылардан тұрады. Салқын қозғалтқышты іске қосқанда қозғалатын детальдар арасындағы саңылау оптималды болмайды да, майлау қиын болып, тез тозып қалады.

Қозғалтқышты оптималды іске қосатын қондырғы машинада немесе қозғалтқыштың өзінде орналасады, сол сияқты автоматты да болады.


Іске қосу қозғалтқышты жақсы қамтамасыздандырылған деп айта аламыз, егер қажетті жылдамдықта иінді білікті айналып, от алу мен жанармай жана бастаса. Жанармай қозғалтқыштарында қалыпты жағдайда минималды іске қосу иінді біліктің айналу жиілігінің $0,5... 1,0 \text{ c}^{-1}$ құрайды. Қозғалтқыштың төменгі температурасында, әсіресе $0 \text{ }^{\circ}\text{C}$ төмен температурада, айналу жиілігі артады, ал жоғары болса — азаяды. Дизельдерде иінді біліктің айналуының минималды жиілігі осы сияқты қозғалтқыштың төменгі температурасында артады, $1,6...6,0 \text{ c}^{-1}$ аралығында өзгеріп отырады.

Иінді біліктің айналуы үшін ДВС іске қосуда көбінесе электрлі стартерлер мен қозғалтқышты іске қосуды қолданады. Іске қосылатын қозғалтқыштарды дизельді шынжырлы тракторларды іске қосуда жақсы қолданады. Дизельдерді іске қосуда электрлі стартерлер мен басқа да іске қосу құрылғыларын пайдаланады (пневматикалық, инерциялық және басқалары). Дизельді іске қосуда қолданылатын электрлі стартер, іске қосу құрылғысының конструкциясын қарапайым қылады, бірақ сонымен қатар оның жұмысын қамтамасыз ету үшін дизельді іске қосу алдында жақсылап қыздыруды және стартердің қуаттылығын талап етеді. Мысалы, стартерлердің іске қосу қозғалтқыш қуаты $0,55 \text{ кВт}$ болса, ЯМЗ-238 қозғалтқыштары үшін стартер қуаты 7 кВт болады.

Электрлі стартердің қондырғысы мен жұмысы 2.12 бөлімдерінде сипатталған.

А-41М дизельінде орналасқан ПД-10У қозғалтқышын іске қосу сурет 2.84 көрсетілген. Карбюраторлы екі тактілі бірцилиндрлі қозғалтқыштың іске қосу қорегінің жүйесі сүзгі - тұндырғыш жанармай бағы, кран, ауа тазартқыш, карбюратора 18, шығару құбыры мен шығару құбырының тұншықтырғышынан 26 тұрады.

Қозғалтқыш электрлі стартермен 27 немесе маховик 1 арқылы баумен қолмен іске қосылады.



Сурет 2.84. ПД-10У қозғалтқышын іске қосу:

1 — маховик; 2, 10 — тығыздама; 3 — плата; 4, 9 — роликты мойынтірек; 5 — жарты ось; 6 — шынашак; 7 — ролик; 8 — шатун; 11, 13 — шарикты мойынтірек; 12 — аралық тістегеріш; 14 — жетекші тістегеріш; 15 — магнето; 16 — картер; 17 — карбюратор тартқышы; 18 — карбюратор; 19 — поршень; 20 — сақина; 21 — цилиндр; 22 — төсеніш; 23 — цилиндр басы; 24 — шпилька; 25 — білте; 26 — тұншықтырғыш; 27 — электрлі стартер; 28 — ұрты; 29 — қаптама; 30 — саусақ

Білте 25 немесе қолмен маховик арқылы баумен жұмыс қоспасының от алуы үшін магнето 15 қолданылады. Жұмыс қоспасы карбюраторге 18 дайындалады. Қозғалтқыштың іске қосылуы аралық тістегерішпен 12 редуктор арқылы айналу кезі және оның фрикционды муфтасы дизельдің маховик тісті тәжіне беріледі және қажетті айналымды алу үшін іске қосу қозғалтқышының редукторы автоматты түрде маховиктен ажыратылады. Стартер немесе аккумуляторлы батарея істен шыққан жағдайда қозғалтқыштың іске қосуын маховик қаптамасын алдын ала шешіп, бау көмегімен маховик жырашығына байлау арқылы жүргізуге болады.

Іске қосудың басқа да жүйелері бар, бірақ олар дизельдің өзінің конструкциясын айтарлықтай күрделендіреді, сол арқылы оның қымбаттауына және қосымша эксплуатациялық шығынға әкеледі.

Пневмогидравликалық стартер гидропневматикалы аккумулятордан және негізгі қозғалтқыштың механикалық жетегі бар гидромотордан тұрады.

Сығылған ауамен іске қосу екі жолмен жүзеге асырылады: пневматикалық стартермен (пнеumoқозғалтқыш) немесе іске қосу қозғалтқышының цилиндріне сығылған ауа жіберу арқылы

Инерциялы стартермен іске қосу арнайы маховиктің кинетикалық энергиясын қолдану принципіне негізделген, яғни электрлі қозғалтқышты арнайы немесе қолмен жоғары жылдамдыққа дейін айналдырады. Екпін алғаннан кейін маховик беріліс механизмі арқылы іске қосу қозғалтқышының иінді білігімен жалғанады.

Жанармай дизельдерін іске қосу қозғалтқыштың аз және орташа қуатында шектеулі қолданылады. Мұндай қозғалтқышты іске қосу үшін қайталайтын қорек жүйесі, сол сияқты магнетодан от алу жүйесі бар. Блок басында клапан көмегімен негізгіге жалғанған қосымша жану камерасы орналасқан. Іске қосылғаннан кейін және қозғалтқыш қызғаннан кейін жанармайлы қозғалтқыш жұмысын дизельді цикл бойынша жалғастырады.

Автопойыздардың тарту есептеулерінде тіркемелердің қозғалысына қарсы күші тартқыш автомобильдің қозғалысына қарсы күштен тұрады және $P_{кр}$ бөлек есептелмей, автопоезды бүтін бір транспорт жүйесі ретінде қарастырылады.

$$N_{кр} = P_{кр} v$$

Ілмектегі күшті еңсеруге кететін қуат, Вт

Қозғалыс кезінде қозғалтқыштан жетекші доңғалақтар арасына автокөлікке әсер ететін барлық қарсылық күштеріне төтеп беретін айналмалы бөлшек орнатылуы керек.

Тербеліске қарсы күшті P_f көлік қозғалысының өзге де қарсы күштерімен қоссақ, грунтқа жанама реакцияны ала аламыз, Н:

$$P_{\kappa} = P_f + P_i + P_w + P_j + P_{кр}$$

Қозғалысқа қарсы күшті еңсере алатын қозғалтқыштың тиімді айналу кезін M_e , Н • м анықтаймыз

$$M_e = \frac{P_{\kappa} r_d}{i_{тр} \eta_{тр}}$$

мұнда r_d — доңғалақтың динамикалық радиусы, м; $i_{тр}$ — трансмиссияның беріліс саны; $\eta_{тр}$ — трансмиссияның пайдалы қозғалысының коэффициенті.

Тарту есептеулерінде қозғалтқыштың тиімді айналу кезін M_e Н, жетекші доңғалақтардың тоғынына түсірілген күш арқылы P_{κ} және қозғалысқа қарсы күш сомасына тең деп есептеуге болады,

$$P_{\kappa} = \frac{M_e i_{тр} \eta_{тр}}{r_d} = P_f \pm P_i \pm P_w \pm P_j \pm P_{кр}$$

Рк күш көліктің жанама тартым күші деп аталады. Ал берілген теңдеу тарту теңгерімінің теңдеуі.

Шынжыр табанды трактордың тарту теңгерімі жоғарыда қарастырылған доңғалақты көліктің теңгерімінен ерекшеленеді. Себебі шынжыр табанды тракторда қосымша жұмсалатын энергияны да есептеу керек. Бұл қосымша шығынды екі топқа бөліп қарастыруға болады: бірінші— шынжыр табанды трактордың жетекші бөлігінің тартылысына байланысты болатын шығымдар (шынжыр тізбектің жетекші доңғалағанына ілінетін кездегі шығын, шынжырлы тізбектің жетекші бөлігінің топсасындағы үйкеліс кезіндегі шығын); екінші — көліктің салмағы мен алдын ала шынжырды тарту кезіндегі шығын (мойынтірек пен аунақ тіректердің үйкелісіндегі шығын; аунақ тіректердің шынжыр табанның жолындағы қозғалысына кететін шығын; шынжыр тізбектің жетекші бөлігінің топсасындағы үйкеліс күшіне кететін шығын және т.б.).

Жердің деформациясы әсерінен пайда болған шынжыр табанды қозғалтқышта ішкі шығынды сыртқы шығыннан ажырату практикалық тұрғыда мүмкін емес.

Жердің пішінінің өзгеруінен туындайтын шынжыр табанды қозғалтқыштың сыртқы және ішкі шығындарын бөліп жару мүмкін емес. Сондықтан ішкі шығынды анықтау

Тәжірибелердің қорытындысы бойынша екі топтың да жұмсаған энергияның жалпы сомасы 3...5% құрайды. Сондықтан шынжыр табанды қозғалтқыштың ПЭК пгус жылдамдығы 1.1,5 км/ч болғанда ПЭК пгус 0,95.0,97 тең болады.

Қозғалыс процессін зерттеу кезінде S автокөліктің немесе трактордың жетекші доңғалақтарының бір айналым жасап жүріп өткен жолы шинаның пішінінің ұзындығына немесе шынжыр табанды трактордың жетекші доңғалақтарының бөлгіш шеңберінің ұзындығына тең теориялық жол ұзындығына S_x сәйкес келмейді.

S_x пен S жолдары немесе теориялық v_x пен v нақты жылдамдық сәйкес келмейтін қозғалыс түзімі босқа айналу (буксование) деп аталады.

5 Босқа айналу коэффициенті нақты жол S немесе нақты жылдамдықтың v теориялық шамаларға қарағанда азаю шамасын бағалайды:

$$\delta = \frac{S_T - S}{S_T} = \frac{v_T - v}{v_T}$$


Шынжыр табанды тракторлардың жұмсақ жерге түскен доңғалақ пен шынжыр іздерін зерттей келе босқа айналып қалу қозғалтқыштың

жерде тек тайғанақтауынан болады деу қате пікір деген шешім шығады. Бұл жағдайда босқа айналып қалудың бірден бір себебі, жер пішінінің немесе доңғалақ шинасының өзгеруі.

Тербелістің жетекші түзімінде сыртқы күштің қарсылықтары жер пішінінің өзгеруіне әкеліп соғады.

Көліктерді зерттеу босқа айналып қалу шамасының үлкендігі жердің өз қасиеттеріне және үлмек түскен салмаққа байланысты (тарту күші).

3.9-суретте шынжыр табанды трактордың орманды жерде (қисық 1) және (қисық 2) босқа айналып қалудың сипаттамасы берілген. Бұл қисық сызықтарға жасалған сараптама ілмекке салмақтың көп түсірілуі (Ркр/б) босқа айналып қалудың ілмектегі салмаққа байланысты емес өзгеруі мүмкіндігін дәлелдейді.



3.9-сурет. Шынжыр табанды трактордың босқа айналып қалу сипаттамасы:

1 — орманды жерде; 2 — батпақты ойпатта; 50 — босқа айналып қалу; Ркр/Г — ілмекке түсірілген салмақ

Бұл жағдайда босқа айналу коэффициентінің прогрессиялық түрде артып отыруы жердегі тайғанақтаудың пайда болуымен қатар, тірек орынға қозғалтқыштың тайып кіріп кетуі себеп болады. Бірақ екі жағдайда да бұл қозғалтқыш пен жердің тіркесуінің ажырауына әкеледі.

Бұндай сипаттама доңғалақты тракторлардың қисығынан босқа айналып қалуында да кездеседі. Бірақ доңғалақтардың

Тәжірибелер жеңіл көліктің серпімді доңғалақтары тас жолмен жүргенде (шоссе) босқа айналып қалу қаупі туындайды.

Жердің пішінінің өзгеру заңдылықтарын бұзу немесе жол үстінде қозғалтқыштардың тайғанақтауы босқа айналуып қалу коэффициентін жоғарылатады, көліктің өнімділігі мен қозғалыс жылдамдығын азайтады, отын шығынын көбейтеді және құрсымдардың (шина) ескіруі мен өзге де зиянды нәтижелерге жеткізеді.

Сондықтан көліктердің тарта алу күшін есептеу доңғалақтардың немесе шынжырлардың жерге берік орнағаннан кейін, босқа айналып қалу қозғалысқа қарсы күшке пропорционал болған кезде ғана жүзеге асады. Доңғалақты және шынжыр табанды қозғалтқыштардың тіркесуінің ажырауы технологиялық және транспорттық техниканың бұзылуының бір себебі.

Қозғаушы күш — жердің жанама реакциясына тең көліктің жанама тарту күші P_k . Оның шарықтау шегі доңғалақтардың немесе шынжырдың жермен тіркесу күші $P_{сц}$ деп аталады.

Доңғалақтың немесе шынжырдың жермен тіркесу күшінің $P_{сц}$ шамасы жердің физико-механикалық қасиеттеріне, параметрлеріне, конфигурациясы мен құрсымың жағдайына, шынжырдың құрылысына және де жолдың көліктің негізгі құрылымдарына қалай әсер ететіндіктеріне байланысты анықталады.

Жалпы тіркесу күшінің $P_{сц}$ төмендегі теңдеу арқылы көрсетуге болады

$$P_{сц} = \phi G_{сц},$$

мұнда $G_{сц}$ — тіркесу салмағы, жердің көліктің жетекші құрылымдарына тигізген реакция сомасы анықтайды, ϕ — Тірек жабыны бар көліктің жетекші органдарының тіркесу коэффициенті.

Тәжірибе арқылы алынған доңғалақты және шынжыр табанды қозғалтқыштардың тіркесу коэффициенттерінің орташа мәні 3.3 кестеде көрсетілген.

$$K_{сц} = \frac{G_{сц}}{G}$$

Толық жетекті емес автомобильдердің және доңғалақты тракторлардың тіркесу салмағын тіркесу салмақ коэффициенті $K_{сц}$ өрнектей аламыз. Ол көліктің немесе автопоездың толық салмағына қатысты болады.

Шынжыр табанды және доңғалақты қозғалтқыштардың тіркесу қабілетін жақсартатын бірнеше техникалық жолдар бар. Металл мен резеңкенің жерге үйкеліс күші жер бөлшектерінің өзара үйкеліс күшіне карағанда төмен. Шынжыр мен доңғалақтар топырақ ілгек (жерілімектер) деп аталтын толтырылады. Бұл жағдайда тіркесу күші жерілімектер мен жердің арасындағы үйкеліс күшін анықтайтын жер кірпіштеріне тарайды.

Пневматикалық доңғалақтардың тіркеісмін жақсарту үшін оларға тайғанауды болдырмайтын шынжыр кигізеді немесе протекторды металл құрсымдармен толтырады. Жасалған жағдайлар доңғалақтар

мүз үстінде, ылғал және жұмсақ, борпылдақ жерлерде тайғанауға, батып қалуды болдырмайды.

3.3-кесте.

Тірек төбелері бар жолдардағы доңғалақты және шынжыр табанды қозғалтқыштардың тіркесу коэффициентінің ϕ орташа шамалары

Жол түрі	Доңғалақ	Шынжыр табан
Асфальт қанағаттанарлық жағдайда	0,60...0,75	—
Қиыршық тас қиыршық тас	0,50...0,65	—
Жердегі жолдар	0,65.0,70	0,80.1,00
Тың, қалың шоғыр	0,60.0,70	1,00.1,10
Сулы-батпақты жер	0,30.0,40	0,40.0,50
Қарлы тың	0,25.0,35	0,30.0,40

Көліктің тас жолда және жер төселген жолда тіркесуді жоғалтып алу негізінен доңғалақтың сыртқы қабатының, жол жабынының микродөңестік әсерінен болады. Бұндай тегіс емес, дөңестіктер (шығыңқы жерлер) қалыпты күш өз нормасынан асқанда деформацияға ұшырап, осыдан пайда болады. Сондықтан, көліктердің доңғалақтарының жолмен тіркесуі тіркеме салмағына пропорционалды түрде байланысты.

Қозғалтқыштың ажыратқышына сенімді болу үшін қозғалтқыштың жанама күші P_k мен оның доңғалақтары мен шынжыр табанының ажыратқыш күші $P_{сц}$ арасында төмендегідей шарт болуы қажет:

Көктайғақта және жаңбырдан кейінгі тас жолдағы қозғалыс кезінде

$$P_k \leq P_{сц}$$

доңғалақтардың ажыратқыш коэффициенті ϕ коэффициент шамасымен f өлшемдес болып, азаяды. Ажыратқыштың мүмкіндігінен жылдамдықты асыру жол апаттарының бір себебі. Өйткені ондай жағдайда автомобильдің орнықтылығын жоғалтып алады.

Қыс мезгілінде автопойызының жоғарыға шыға алмай, тоқтап қалып ажыратқышты жоғалтып алатынын байқауға болады. Бұл жағдайда жылдамдық та, көліктің екпіні де нөлге теңесіп, шешуші фактор жоғарыға көтерілу бұрышының ең үлкен шамасы болады.

Жұмыс уақытында көлік қуатының бөлігі жерге беріліп, жанама тарту күші P_k пайда болады. Ол автомобиль немесе трактордың нақты жылдамдықпен v қозғалуын қамтамасыз етеді.

Күш теңгерімінің аналогиясы бойынша көлік қозғалыс кезінде қуатын қайда жұмсалатынын қарастырып көрейік. Көлік қуатының негізгі жұмсалатын жағдайлары:

- трансмиссиядағы және шынжыр табанды қозғағыштағы механикалық жоғалту (шығын) (тракторлар үшін) $N^{\wedge}$;
- тербеліске қарсылық N_f ;
- биіктікке қарсылық N ;
- ауа кеңістігіне қарсылық N_w ;
- қозғалыс инерция күші N ;
- ілмектегі күш $N^{\wedge}$,
- және босқа айналу N_6 .

Қозғалтқыштың қуат көздерінің негізгі жұмсалатын бөлігі қозғалысқа қарсы күшті қарастырғанда анықталған. Шығынның көлемі қозғалтқыштың нақты жылдамдығына v тікелей байланысты.

Трансмиссиядағы және шынжыр табанды қозғағыштағы механикалық жоғалту (шығын)

$$N_{тр} = (1 - \eta_{тр} \eta_{г\gamma c}) N_e.$$

Босқа айналуға кететін қуат:

$$N_6 = P_k(v_1 - v_d) = \delta N_e \eta_{тр} \eta_{г\gamma c}.$$

Жұмсалған қуат сомасы қозғалтқышқа негізгі керекті қуат көзін анықтауға мүмкіндік береді, Вт:

$$N_e = N_f \pm N_i + N_w \pm N_j + N_{кр} + N_6 + N_{тр}.$$

Келтірілген *теңдеу қуат теңгерімі* деп аталады.

Көліктің тарту және қуат теңгерімдері тарту есептеуіндегі негізгі теңгерім деп саналады.

3.4. Тракторлар мен автомобильдердің тартым және динамикалық есептемелері

Тарту есептеулері жаңа машиналарды ойлап табуда негізгі техникалық параметрлерін (жобалық есептеулер) немесе қолданыстағы көліктердің пайдалану көрсеткіштерін (көлік есептеулері) анықтауға септігін тигізеді.

Жоба есептеулерінде жаңа автомобильдердің қолданысқа жіберілгеннен кейінгі жүретін аудандардың жол жағдайлары есепке алынады. Бұл ақпараттың сараптамасында шындыққа жанасар жағдайлар анықталады, жолдың қарсылығы коэффициентінің жиынтығының сипаттамалары енгізіледі және жолдағы жоғары көтерілетін ең үлкен бұрышы X мен ажыратқыштың аз коэффициенті ϕ қарастырылады.

Мысал ретінде, автопойызының тарту есептеулерін қарастырып көрейік. Алдын ала жолға түсі керек салмағын біліп, өтімділік талаптарын есепке ала отырып, құрсаудың түрі мен көлемін таңдайды.

$$N'_e = \frac{1}{\eta_{тр}} (\psi G v_{\max} + k F v_{\max}^3),$$

Сонан соң автопоездың маңдай төбесін F , m^2 анықтайды, орағытқыштық коэффициентінің k , $H \cdot c^2/m^4$ мөлшерін бекітеді және трансмиссия ПӨК (жүк көліктерінің механикалық трансмиссиялары— 0,82... 0,87), қозғалтқыштың пайдалануға жіберілгеннен кейінгі қозғалысына қажетті жұмсайтын қуаты саналады, $B_{тр}$:

Мұндағы G — автомобиль салмағы, H ; $v_{\max}$ —автомобильдің ең жоғары жылдамдығы, m/c .

Қуатты есептеуде ең оңтайлы сериялық қозғалтқышты таңдайды. Әдетте таңдалған қозғалтқыштың номиналды қуаты N_e есептелген қуат мөлшерінен N'_e аз немесе кем болып шығады. Бұндай жағдайда қозғалтқыштың қуатына негіздеп, автопойызының максималды жылдамдығы анықталады. Бұл тапсырма қуат теңгеріміндегі максималды жылдамдықты $v_{\max}$ номиналды қуат мөлшерімен N_e алмастыру арқылы шешіледі.

Автопойызының нақтыланған жылдамдығын біліп, трансмиссияның беріліс санын анықтауға кіріседі. Өтімділігі жоғары механикалық трансмиссияның БҚ, үлестіру қорабы, басты және соңғы берілістері болады. Сондықтан трансмиссияның ортақ беріліс саны $i \wedge$ БҚ беріліс сандарының КП $/k$, таратушы қораптардың i_p , үздіксіз

$$i_{тр} = i_k i_p i_g$$

қосылып тұратын тістегеріштің басты i_T және соңғы i_6 беріліс сандарының туындысы:

Таратушы қорап қозғалыстың ең ауыр жағдайларында қолданылады. Жол бойындағы қозғалыста ол әдетте қозғалтқыштың айналу сәтіне қатыспай, қорапта тік беріліс қосылады ($i_p = 1$). Сондықтан таратушы қораптың беріліс санын i_k анықтауда, i_p есептеуде санамайды.

Көліктің жылдамдығы v , м/с, жетекші доңғалақтардың радиусына

$$v = \frac{2\pi r_d n_e}{i_k i_T i_6} = 6,28 \frac{r_d n_e}{i_k i_T i_6}$$

r_d , м, иінді біліктің айналу жиілігі n_e , с-1 және трансмиссияның беріліс санына тікелей байланысты.

Қозғалтқыштың иінді білігінің айналу жиілігі n_e , көліктің жетекші доңғалақтарының жанама тарту күшін анықтайтын айналу кезін M_e , анықтайды

$$P_k = \frac{M_e i_k i_T i_6 \eta_{пр}}{r_d},$$

мұнда r_d — доңғалақтың динамикалық радиусы.

Осылайша, жылдамдықтың сыртқа сипаттамасы біліп $M_e = f(v)$, жылдамдыққа тәуелді тарту күшін құруға болады: $P_k = f(v)$, яғни көліктің тарту сипаттамасы БҚ ның кез келген беріліс санында болады.

Бірақ БҚ беріліс санын еркін қабылдауға болмайды. Пайдалануға берілгеннен кейін ықтимал жағдайлардағы жұмыс кезіндегі трансмиссия ПӘК ін жоғарылату үшін автомобильдің беріліс қораптарының негізгі қатарын жоғары берілісін тік қылады $\eta_{пр} = 1$ немесе одан асырады $i_k < 1$. Себебі жоғары беріліс жылдамдықты арттырады v_{max} , трансмиссияның үздіксіз қосылып тұратын тістегеріштің басты i_T және соңғы i_6 беріліс саны төмендегідей болады

Беріліс қорабының сатыларының санын және бірінші берілістің

$$i_0 = i_T i_6 = 6,28 \frac{r_d n_e}{v_{max}}$$

беріліс санын $i_{k(1)}$, таңдағанда оның жетекші доңғалақтардың жанама тарту күшін анықтайтынын ұмытпаған жөн.

$$P_k \leq P_{сш}$$

Қозғалтқыштың иінді білігінің жиілігі бойыншы жұмыс ауқымы

$$V_{max(p)} = V_{max(p+1)}$$

Бұл шарт алдыңғы беріліс уақыты кезінде көліктің минималды жылдамдығы жоғары берілісте $p + 1$ төменгі сатыдағы p машинаның максималды жылдамдығына тең болуы керек дегенді білдіреді. Қозғалтқыштың иінді білігі номинал жиілікте не айналуы тиіс.

Бұл БҚ беріліс сан қатарының қатынасы төменгі көрсеткішке тең

$$q = n_M / n_e.$$

геометриялық прогрессия болса жүзеге асады

Іргелес берілуде қисық тарту күшін жабуға жұмсалатын беріліс қорабының минималды саты саны m төмендегі теңдеу арқылы

$$m = \frac{\lg \frac{i_{K(I)}}{i_{K(пр)}}}{\lg \frac{1}{q}} + 1,$$


анықталады:

мұнда $i_{K(1)}$, $i_{K(пр)}$ — БҚ — ның I және тік берілістегі беріліс саны
Берілістің беріліс саны p —

$$i_{K(p)} = m \cdot \sqrt[p]{i_{K(I)}^{m-p}},$$

мұнда p — берілістің нөмірі (2, 3, ..., m).

Автопайызының тарту есептеулерінің соңғы кезеңі тарту және динамикалық сипаттамалады құру. Мысалы, 3.10-суретте төртжылдамдықты беріліс қорапты автомобильдің тарту сипаттамасы көрсетілген.



3.10-сурет.. Автомобильдің тартымдық сипаттамасы:

P_k — жанама тарту күші; $P_{k1} — P_{k3}$ — 1 — 3 жолдар бойынша автомобильдің жүріп өтуіне қажетті жанама тарту күші v — автомобильдің жылдамдығы; $v_1 — v_3$ — 1—3 жолдардағы автомобильдің максималды жылдамдығы (қара нүкте); I — IV — берілістер; $v_{max}(I) — v_{max}(IV)$ — I — IV берілістердегі автомобильдің максималды жылдамдықтары; $v_{min}(I) — v_{min}(IV)$ — минималды жылдамдықтары; A — III берілістегі I жолдағы қозғалыс жағдайындағы максималды жылдамдыққа v_1 тиісті нүкте; B — IV берілістегі 2 жолдағы жылдамдыққа тиісті нүкте v_1 ; C — IV берілістегі 2 жолдағы қмаксималды жылдамдаққа v_2 тиісті нүкте. 1 — 3 көрсеткіші көлік қозғалысына түрлі қарсылық көрсететін 1 — 3 жолдарына сәйкес келеді. - сатылы беріліс қорапты көліктің тартылым сипаттамасы; ішінара тартылым сипаттамасы; көліктің идеалды тартылым сипаттамасы, тиісті тәуелділік $N = N_e \eta_{tp} = P_k v = \text{const}$ (мұнда N және N_e — доңғалаққа және қозғалтқыштың тиімді қуаты), сызықталған аудан — қозғалтқыштың жұмсалмаған қуаты

Егер осы суретке автокөліктің 1 жолдың және әуе кеңістігінің қарсылығын $P_{к1} = P_{\psi 1} + P_w$, еңсеруі тиіс жанама қисық тарту күшін орналастыратын болсақ, онда $P_{к1}$ қисығы мен көліктің тартылым сипаттамасының түйісер нүктесі (А нүктесі), III берлістегі болатын қозғалыстың максималды жылдамдығын v_1 анықтай алады.

Қозғалыстың жеңіл кезеңінде жылдамдықты сақтау қажет болса $P_{к1} = P_{\psi 2} + P_w$ (мысалы, жолда шектеу белгісі тұрса) жүргізуші отынның берілуін арттырады. Суреттегі көп нүктелі сызық қозғалтқышы ішінара жылдамдық сипаттамасында жұмыс істейтін (ішінара тартылым сипаттамасы) автомобильдің тарту күшінің сипаттамасын суреттейді.

Бұл жағдайда тартылымның артық жанама күші (AB ординатасының бөлігі) отын берілуін арттыру және IV берілісті қосу арқылы автомобильдің жылдамдығын v_2 дейін жеткізуге жұмаслады. Егер қарсылық $P_{к1} = P_{\psi 3} + P_w$, шамасына дейін артатын болса, қозғалыс II берілісте v_3 жылдамдығына өзгереді.

БҚ-ға беріліс сандарын таңдау

Сызбадағы қисық сызық нүктелерінің тартылым сипаттамаларын қоссақ, сатысыз берілісті көліктің идеалды сипаттамасын ала аламыз. Ол қозғалтқыштың кез келген жылдамдығында қуатты сақтап тұрады $PRv = A_{\text{ср}} \tau_p = \text{const}$.

P_k — v координатасындағы сызба аудан қуатты сипаттайды, сондықтан 3.10-сурет сызықталған аудан сатылы БҚ көлік қозғалтқышының жұмаспаған қуатын сипаттайды. Осылайша, БҚберіліс сандарының артуы немесе айналу сәтінде жоғары ПӘК—ке ие сатысыз трансформаторларды қолдану тарту— жылдамдықты қасиеттерге ие автокөліктер мен өзге де өздігінен қозғалысқа түсетін көліктерді жақсартады.

Автомобильдер мен автопойыздардың тартылым сипаттамаларының сызбалары нақты көліктердің тарту—жылдамдық жағдайлары жайлы ақпар беріп, бір типті бірақ салмақтары әртүрлі көліктерді салыстыруға мүмкіндік бермейді. Барлық тартылым теңгерімдерінде тек әуе кеңістігіндегі қарсылық ғана көліктің салмағына тәуелді емес.

Динамикалық фактор—әртүрлі көліктерді салыстыруға арналған меншікті көрсеткіш.

$$D = \frac{P_k - P_w}{G} = \frac{P_f + P_i + P_j}{G} = f + i + j \frac{\delta}{g} = \psi + j \frac{\delta}{g}$$

Тең қозғалыстағы жылдамдық $v = \text{const}$ болса, $P_j = 0$, онда


$$D = \frac{P_f + P_i}{G} = f + i = \psi.$$

Тартылым сипаттамаларына сүйенсек, айырмашылықты тауып ($P_k - P_w$) оны автокөліктің (атвопоездың) салмағына G қойсақ, $I - IV$ берілістерінің әрқайсына сәйкес көліктің жылдамдығына v тәуелді динамикалық фактордың D сызбасын құрастыруға болады. Бұндай сызбалардың жиынтығы автокөліктің динамикалық сипаттамасы деп аталады (3.11-сурет).

Қазіргі жүк көліктерінде динамикалық факторының D жоғары шамасы I берілісте $0,32...0,45$ және тік берілісте $0,05...0,07$ төңірегінде болады.

Көліктің динамикалық қасиеттерін бағалайтын динамикалық сипаттама еңсерілген биіктіктердің максималды шамасын, оған кеткен уақыт пен жолын, екпінін анықтайды.

Өздігінен жүретін көліктердің негізгі параметрлері (салмағы, жүк көтергіштігі, өлшемі, қуаты және т.б.) өзара тығыз байланысты, бір біріне әсер етеді және пайдалануға берілетін жағдайларға тәуелді. Бұл параметрлер көліктің өнімділігін, оның бағасы мен пайдалануға жұмсалатын қаржыны, яғни техниканың экономикалық көрсеткішін анықтайды. Сондықтан көліктің әрбір түріне берілген жағдайда өзіне сәйкес келетін бірнеше ұтымды негізгі параметрлер болады. Ол техниканы өндірісте қолданғанда максималды әсер береді.



3.11-сурет. Автомобильдің динамикалық сипаттамасы:
 D — Динамикалық фактор; $I - IV$ — сәйкес беріліс үшін динамикалық фактор; v — қозғалыс жылдамдығы; $\psi_1 - \psi_3$ — 3 жолдардағы қозғалыс жылдамдығының коэффициенті

Берілген тапсырманың шешімі ауырлық күші G мен жылдамдықтың $v_{\max}$ әртүрлі сәттерінде тартылым есептеулері жүргізілетінін дәлелдейді. Әрбір тартылым есептеулерінің нұсқасы үшін көліктің экономикалық тиімділігі анықталады және ең жоғары экономикалық тиімділік көрсеткіші оптималды деп танылады.

3.5. Машина жұмысының үнемділігі

Отын пайдаланылатын ең маңызды материалы, ал оның қолданылуын азайту мемлекеттік маңызы бар тапсырма. Отын үнемдеу дегеніміз белгілі бір транспорттық немесе технологиялық жұмысты көлікт арқылы орындауған уақытта мейлінше аз отын жұмсау.

Отын үнемділігі арнайы бағаланған көрсеткіштер бойынша мемлекеттік стандарт және салалық норматив бойынша реттеледі: отынның бақыланған шығыны; көліктің түрлі жұмысына қажетті пайдаланылатын отын шығыны; отын сипаттамалары.

Отынның бақыланған шығыны— көліктің техникалық көрсеткіші болатын, көлік жұмысының белгілі жағдайда өлшенетін отынның орташа шығыны

Отынның орташа шығыны $Q^{\wedge}$, л, белгілі бір жолдың қасиетіне, жылдамдыққа, қозғалыс бағдарына арналады:

мұнда Q_s . — i -ші жолдың теліміндегі отынның шығыны, л; S_i . — /-

$$Q_{\text{ср}} = \sum_i^n \frac{Q_{S_i} S_i}{S},$$

ші жер телімінің ұзындығы, км; S — көліктің жүріп өткен жолының ұзындығы, км.

Автокөліктің отын үнемділігінің негізгі өлшемі деп 100 км жолға жұмсалатын отын шығынын, ал тракторлар үшін орындалған жұмыстың бірлігіне қатысты отын шығынын айтамыз.

100 км жолды жүріп өтетін автокөліктің отын шығыны, л

$$Q_s = 100 \frac{Q}{S},$$

мұнда Q — отынның жалпы шығыны, л.

Жүк көліктері жасайтын транспорттық жұмысты орындауға шығатын орын шығыны есептелмей, отын үнемділігін есептеуде қателікке бой алдырады.

Сондықтан көліктік жұмыстың бірлігіне қатысты жұмсалатын отын шығыны неғұрлым объективті көрсеткіш деп $л/(т \cdot км)$:

мұнда $M_{гр}$ — тасымалданған жүктің салмағы, т; $S^{\wedge}$ —

$$Q_t = \frac{Q}{M_{гр} S_{гр}},$$

автомобильдердің жүкпен жүріп өткен жолы км.


Автомобильдер үшін қысқы уақытта; теңіз деңгейінен 1 500 м биіктікте орналасқан аймақта; жолдары қиын жерлерде; қар басып қалған жолдары қиын жерлерде жұмыс жасағанда отын шығынының нормасы артады. Соңғы үлгімен жабдықталған жолда жұмыс істегенде автомобильдің отын шығыны азаяды.

Жағармайлардың шығын нормасын отын шығынының пайызына қарап анықтайды. Дизелмен жүретін автокөліктің мотор майының шығыны отын шығынының 5 % құрайды.

Автомобильді бағалау сипаттауында қозғалыстың дөңді жер торабындағы қозғалыста және кедір—бұдырлы жерлердегі қозғалыстың отын—экономикалық сипаттамасы қолданылады. Циклді қозғалыстың отын отын—экономикалық сипаттамасы немесе жүру торабының циклі қала жағдайындағы аялдама арасындағы арақашықтықтағы қозғалысты дәл сипаттайды. Бұл сипаттамада отын жұмсалудың бірнеше себептері әсер етеді. Мысалы, қозғалыс тәртібі, жұмыс берілісі, көлік екпіні және т.б.

Аэродинамикалық қарсылықты еңсеруге жұмсалатын қуат көліктің жылдамдығына кубтық деңгейде тәуелді. Көлденең жолдағы автопоездың жылдамдығы 70 км/ч—ден артатын болса, аэродинамикалық қарсылыққа қозғалтқышқа жеткізілетін энергияның 50 %—дан астамы қарсылығы 80 %—ы автокөлік пен тіркеменің кез келген қарсылығынан құралады.

Отын—экономикалық сипаттамаларының сызбаларында (3.12-сурет, а) а нүктесі автокөліктің жол қарсылығының кез келген коэффициентіне у арналған максималды жылдамдық кезіндегі отын шығынын көрсетеді. Автокөліктің бұл жылдамдық тәртібіндегі отын шығыны Q_S максималды шамада болады. Оның себебі әуе кеңістігіндегі аэродинамикалық қарсылық. b нүктесі автокөліктің жол қарсылықтары әртүрлі у арақашыққа ең аз жұмсалатын кездегі ең үлкен жылдамдықтың сипаттамасы.



3.12-сурет. Автокөліктердің отын экономикалық сипаттамалары:

а — жылдамдыққа тәуелді отын шығыны: 1 — жанармаймен жүретін көліктер; 2 — дизельмен жүретін автокөліктер; Q_s — отынның жолға кеткен шығыны; v — қозғалыс жылдамдығы; а, б — отынның максималды және минималды шығынының нүктелері; б — сапарлық салмаққа тәуелді технологиялық өндіріс пен меншікті технологиялық отын шығынының: P_t — технологиялық өнімділік; $M_{гр}$ — тасымалданған жүктің салмағы; q_y — меншікті технологиялық отын шығыны.

Көліктің отын үнемділік көрсеткіші бойынша сапарлық салмақ пен технологиялық жұмыстың энергосұмсалы шамасын белгілеуге болады. Отын үнемділігінің өлшеуіші ретінде отынның технологиялық өнімділікте сағаттық шығынын көрсететін меншікті технологиялық отын шығынын q_y , л/(т·км) айта аламыз P_t , т·км/ч:

$$q_y = \frac{G_T}{M_{гр} v_{ср}} = \frac{G_T}{P_t}$$

мұнда $M_{гр}$ — тасымалданатын жүктің салмағы, т; $v_{ср}$ — қозғалыстың орташа жылдамдығы, км/ч.

Зерттеулер пайдалануға берілу шарттарына технологиялық жұмыста минималды отын шығыны q_y және максималды технологиялық өнімділік P_t болатын сапар жүктерінің шамасы бар екендігін дәлелдеді (3.12-сурет, б). Бұл сапар жүктерін тасымалдағанда пайдалы жұмыс аз, ал отын шығынына қатысты жұмыс максималды деңгейде орындалатындығымен түсіндіріледі. Үлкен сапар жүктерін тасымалдайтын кезде қозғалыстағы БҚ берілістерін қолдану шамасын артқанда, қозғалтқыштың қуаты азайып, меншікті отын шығыны бірден өсіп, меншікті технологиялық отын шығыны жоғарылайды.

Бақылау сұрақтары

1. Қозғалыс кезінде көлікке қандай сыртқы күштер әсер етеді?
2. Қозғалысқа қарсы күштердің қайсы қарама қарсы күшке өзгере алады?
3. Серпінді доғалақ пен шынжыр табанның тербелісінің бір бірінен айырмасы қандай?
4. Тербеліске қарсы күштің коэффициентін не анықтайды?
5. Тербеліске қарсы күштің шамасын немен анықталады?
6. Өуе кеңістігіне қарсылық неге байланысты?
7. Босқа айналу деген не және ол неден пайда болады?
8. Ілініс күші шамасын анықтайтын негізгі параметрлерді ата.
9. Қозғалтқыштың жерден ажыратудың қандай тәсілдері бар?
10. Тартылым теңгерімін жаз және ол неден құралады айт. Олардың мағынасын түсіндір.
11. Жолға қарсылықтың қосындысы коэффициентінде қандай күштер есепке алынады?
12. Орман көлігінің қозғалтқыш энергиясы неге жұмсалады?
13. Көліктің қуат теңгерімін жаз және оның құраушыларын атап бер.
14. Трансмиссия пайдалы әрекеті мен шынжыр табанды қозғалтқыштың коэффициенті нені көрсетеді?
15. Көлік қозғалтқышын іске қосу үшін керекті қуат қалай анықталады?
16. Босқа айналып қалуда жұмсалатын қуаттың жалпы қандай физикалық мағынасы бар?
17. Беріліс трансмиссиясының басты және соңғы беріліс сандарына не әсер етеді?
18. Автокөліктің беріліс қорабындағы саты саны неге байланысты болады?
19. Көліктің тартылым сипаттамасы нені көрсетеді?
20. Көліктің динамикалық факторы нені сипаттайды?
21. Көліктің отын үнемдеу көрсеткіші қандай?
22. Отын-экономикалық сипаттамасының мақсаты қандай?

4-Тарау

АВТОМОБИЛЬ МЕН ТРАКТОРЛАРДЫҢ ТРАНСМИССИЯСЫ

4.1. Жалпы мағлұматтар

Трансмиссияның басты қызметі автокөлік немесе трактордың жетекші доңғалақтарына, машинаның жұмыс ағзаларына, басқару жетектеріне энергия беру, тасымалдау және солардың арасында қуатты бөлу. Одан бөлек қозғалыс жылдамдығын және қозғалтқыштың жетекші доңғалақтарындағы айналым кезеңдері мен жиіліктерін өзгерту арқылы тарту күшінің артуын реттеу.

Айналу сәтінің көлемін өзгерту (трансформация) қуаттың шектеулігі мен автокөлік ДЖҚ коэффициентінің аз бейімдеушілігіне байланысты болады (дизель үшін 1,2 және бензин қозғалтқыштары үшін 1,4-көп емес).

Трансмиссияда қозғалтқыш энергиясының өзгеруі механикалық, гидравликалық, электрлік, фрикционалды және өзге де элементтер арқылы жүзеге асады.

Қолданылатын элементке байланысты энергияның өзгеруі механикалық (МТ), гидромеханикалық (ГМТ), гидрокөлеммеханикалық (ГКМТ), электромеханикалық (ЭМТ) болып бөлінеді.

Алғашқы үш түрдің трансмиссиялары жиі қолданылады, ал соңғы үш трансмиссия түрі гидравликалық немесе электрлік трансформаторларды өзіне қосушы үйлесімді деп танылған. Механикалық трансформаторлардың энергиясы (тісті беріліс) ПӘК шамасы үлкен және трансмиссиядағы жоғалту қаупін азайта алады. Жетекші доңғалақтарға механикалық бәсеңдеткішсіз орнатылатын жоғары гидравликалық қозғалтқыштары бар гидрокөлемдік трансмиссиялар да (ГКТ) қолданысқа жарайды.


Механикалық трансмиссияға ажыратқыш, БҚ, беріліс қорабы, кардандық беріліс, басты беріліс, доңғалақтардағы дифференциал немесе шынжыр табанды көліктерде бұрылу механизмі, соңғы беріліс және де қуатты іріктеу мен гидравликалық сорғылардың жұмысын реттейтін жабдықтың білік тетіктері.

Механикалық трансмиссияның беріліс қорабы сатылы болғандықтан айналу сәтінде сатылы өзгерістерді қамтамасыз етеді. Гидромеханикалық, гидрокөлеммеханикалық, электромеханикалық


трансмиссиялар сатысыз трансмиссияға жатады. Себебі айналу сәтін бірсарынды өзгерте алады.

Механикалық трансмиссия агрегаттар саны мен өзара орналасуы, мысалы автокөлік үшін доңғалақ формуласы мен қозғалтқыштың, жетекші доңғалақтардың орналасқан орнына байланысты. 4x2 формалы доңғалақты және қозғалтқыштың түрлі орналасқан тасжол көліктерінің механикалық трансмиссияларының негізгі құрастырылу сызбасы 4.2-суретте көрсетілген.

Сатылы механикалық трансмиссиялар сатысыз трансмиссияға қарағанда оңтайлы, жеңіл, арзан және сенімді, әрі салыстырмалы түрде ПӨК жоғары болады.



4.1-сурет. 4x2 формалы доңғалақты және қозғалтқыштың түрлі орналасқан тасжол көліктерінің механикалық трансмиссияларының негізгі құрастырылу сұлбасы



4.2-сурет. Дөңгелек формуламен өткізгіштігі жоғары автомобильдердің трансмиссиялық құрастырылым сұлбасы.

a — 4 x 4; *б* — 6 x 6; *в* — 6 x 6 өтетін жетекші көпір; 1 — қозғалтқыш; 2 — ажыратқыш; 3 — беріліс қорабы; 4 — кардарлық беріліс; 5 — артқы жетекші көпір; 6 — раздаточная коробка; 7 — басқарылатын жетекші көпір; 8 — ортаңғы жетекші көпір; 9 — білікаралық дифференциал

а, г —қозғалтқышы алдында орналасқан артынан жетекті жеңіл және жүк көлігі;*б* —қозғалтқышы артында орналасқан артынан жетекті жеңіл көлік;*в* — қозғалтқышы алдында орналасқан алдынан жетекті жеңіл көлік;1 — қозғалтқыш; 2 — ажыратқыш; 3 —беріліс қорабы; 4 —кардарлық беріліс; 5 — басты беріліс; 6 — дифференциал; 7 —жартылай біліктер; 8 —жетекші доңғалақтар; 9 —жетекші басқарушы доңғалақтар; 10 —жетекші көпір; 11 — планеталық доңғалақ бәсеңдеткіші

Бір кем тұсы берілісті ауыстырғанда қуат ағынының үзілуі. Ол қозғалыстың бәсеңдеп, автокөліктің өткіштігін бұзады. Одан басқа, берілісті таңдау қозғалыс жағдайына және ауыстыру сәттері жүргізушінің біліктілігіне тәуелді. Сондықтан қозғалтқыш жұмыс тәртібіне сай келе бермейді. Қала жағдайында берілісті қайта қайта ауыстырып отыру жүргізушіні қажытып жібереді.

Гидромеханикалық трансмиссия гидродинамикалық энергия жаңартушыдан (гидротрансформатор немесе гидромұфта) және сатылы механикалық берілістен тұрады. Ажыратқыш қолданылмайды.

Гидромеханикалық, механикалық трансмиссияның қалған түйіндері ұқсас.

Гидрокөлемді-механикалық трансмиссияда энергия жаңартушы функциясын гидрсорғыш пен гидромотордан тұратын гидрокөлемдік беріліс орындайды.

Электромеханикалық трансмиссияда энергия жаңартушы қызметін ІЖҚ-дан келетін электрлік генератордан, бір немесе бірнеше электромотордан тұратын электродинамикалық беріліс атқарады.

Гидрокөлемді-механикалық және электромеханикалық трансмиссиялар жылдамдықтың сатысыз өзгеруін және трактордың тарту күшін, ал гидромеханикалық трансмиссия үздіксіз-сатылы өзгеруін қамтамасыз етеді. Сатылы реттеу техникалық дәреженің артуын және трактор тиімділігінің көрсеткіші жоғарылатады, бірақ оның құрылысы, салмағы және бағасы күрделенеді.

Гидрокөлемді-механикалық және электромеханикалық трансмиссиялардың сызбалары өте әркелкі, ал агрегат құрамы механикалық трансмиссия құрамынан әлдеқайда өзгеше. Доңғалақ-моторлы трансмиссияның конструктивті сызбасы ең қарапайым. Доңғалақ-моторлы гидро немесе электрлі қозғалтқышы, планеталық бәсеңдеткіші және жетекші доңғалағы бар жеке бір торап (түйін) ретінде орындайды. Бұл түйіндер трактордың түрлі модификациясын жасап шығаруға, сонымен қатар, көліктің негізгі доңғалақтарының жетектін қамтамасыз етіп, трактордың тарту-ажырату көрсеткішін жоғарылатуға өз септігін тигізеді.

Бірақ гидрокөлемді трансмиссиялы тракторлар үшін бұндай құрастырылмалы шешімнің артықшылықтарымен жиі қолданыла бермейді. Себебі гидромотор арқылы жасалған құбыр желісі арқылы тасымалданатын сұйықтықты жеткізуде шығын көп болады. Сондықтан гидрокөлемді берілістің моноблоктық түрі кең таралған. Ол гидрокөлемдік берілісте ПӨК арттырып, шығынды азайтатын сорғы мен мотордан тұратын бір моноблоктық құрылғы.

Гидрокөлемді-механикалық трактордың жинақтастырылуы бұл жағдайда механикалық трансмиссиялы трактордан айырмашылығы көп емес: ілініс пен БҚ орнына гидрокөлемдік трансмиссия қолданылады, ал қалған агрегаттары сол күйінше сақталады. Осындай әдіс трансмиссияда электрожетегін қолданғанда қолданылады. ДЭТ-250 тракторы соның дәлелі.

Трансмиссияға қойылатын негізгі талаптар оның функциялық қызметіне және жоғары техникалық жетістікке жету қажеттілігіне байланысты болады. Трансмиссия сипаттамалары машинаның тиімділік көрсеткішіне әсер етеді.

Трансмиссияның қызметі пайдалануға берілген көліктің орындайтын жұмысының барлық тәртіптерін орындау, беріліс сандарының керекті диапазоны болу, жүргізушіге ыңғайлы және қауіпсіз жағдай жасау. Онда сыртқы таңдаушылар үшін қуатты таңдау жетек жүйесімен жабдыкталуы, қозғалтқышты сөндіру механизмі және қуат таңдау жетегі болуы шарт. Трансмиссияның техникалық деңгейі оның ПӘК-гі, үнемді материал қажетсінуі мен қауіпсіздігімен анықталады.

Трансмиссия түрі көліктің қызметіне, класына, қозғалтқыш қуатына, базар конъюктурасына, ғылыми, инженерлік өңделулері мен басқа да факторларға байланысты.

4.2. Ілініс

Ілініс қозғалтқыштан жетектегі білікке айналу сәтін тасымалдауға арналған.

Іліністің қызметтері:

пайдалануға берілген жағдайлардың барлығында қозғалтқыштан жетектегі білікке айналу сәтін тасымалдау;

- «таза» сөндіру, яғни трансмиссия мен қозғалтқыштың біліктерін тез және толық іліндіру;

- бірқалыпты қосылу, яғни трансмиссия білігінің бірқалыпты артуы;

- жұмыс істеп тұрған бөлшектерден жақсы жылу шығару;

- трансмиссия бөлшектерінің сөніп қалудан сақтау;

- жетекші бөлшектердің шағын инерциясы.

Қозғалтқыштан жетектегі білікке айналу сәтін тасымалдау тәсілінің түріне байланысты іліністер төмендегідей бөлінеді:

- гидравликалық— беріліс үшін сұйықтық энергиясы қолданылады;

- электромагнитті — электромагнит жиектерінің өзара әсерінің нәтижесіндегі беріліс;

- үйкелісті — бөлшектердің үйкеліс күшінен берілісі;

Үйкелісті ілініс қазіргі заманғы автокөліктер мен тракторларда кеңінен қолданылады. Бұл іліністердің өзі төмендегідей бөлінеді:

үйкеліс бетінің пішіні бойынша— дискілі (бір, екі және көп дискілі), конус және қалыптық;

қысушы механизмнің құрылысы бойынша— тұрақты және тұрақсыз тұйықтық;

материалына байланысты—ұнтақты, металлоркерамика материалдарынан жасалған талшықты қаптама (үлкен жылдамдық бұрыштарында айналу сәттерін тасымалдайтын іліністер үшін);

үйкеліс түріне байланысты—құрғақ және майда жұмыс істейтін үйкеліс;

жетек түріне байланысты— механикалық, гидравликалық, пневматикалық, электрлік және құрама жетек;

басқару тәсіліне қарай— механикалық, командалық және автоматтық.

Автокөліктер мен тракторларда үйкелісті жалғастырғыш түрлі механизмдарда кеңінен қолданылады. Олар қозғалтқыш пен БҚ арасына, БҚ, айналу механизмдеріне және т.б. орналасады.

Ілініс атқаратын функциясына, механизм конструкциясына, көліктің түрі мен қызметіне, бастысы оны қайда қолданылатындығына байланысты таңдалады. Кез келген ілініс пайдалану ережелері, жұмыс тәртібі, лайықты материал дұрыс таңдалса ұзақ қызмет атақарады. Іліністің дұрыстығын, сенімділігін анықтайтын басты фактор, сырқты бетінен жақсы жылу шығару және қажағыш материалдардың бөлшектерге түспеуін қамтамасыз ету.

Бірдіскілі үйкелісті іліністер басқа түрлеріне қарағанда жоғары деңгейлі «тазалық» сөндіру қасиетімен ерекшеленеді. Себебі бірдіскілі іліністерді сөндіру үшін үйкеліске түсетін беттер арасындағы саңылау үлкен емес, сондықтан оны істен шығару оңай.

Іліністі басқаруға кететін күш пен жұмыстың көлемі басқару жетегінің құрылысына байланысты. Инерцияның шағын сәті іліністің жетекші бөлшектерінсіз БҚ—дағы тегершіктердің екпінсіз қосылуына алып келеді. Бұл талапқа көп жағдайда бірдіскілі тұрақты тұйық іліністер жауап береді. Бірақ бірдіскілі ілініс арқылы үлкен айналу сәттерін тасымалдай алмайтындықтан оны тек жеңіл көліктер мен жеңіл жүк көтергіш жүк көліктерінде қолданылады.

Тұрақты тұйықталған екідіскілі ілініс үлкен жүк көліктері мен тракторларда кеңінен қолданылады.

Мысал ретінде, КамАЗ—ға арналған құрғақ фрикционды екідіскілі тұрақты тұйықталған іліністі қарастырайық. Ілініс сермерде орналасады. Іліністің жетекші бөлігіне сермер 21 (4.3-сурет), ілініс қартері 20 және оларға байланысқан жетекші диск 2, қысқыш диск 4 жатады.


4.3-сурет. КамАЗ автомобильдерінің ілінісі:

1 — жетекші диск; 2 — ортаңғы жетекші диск; 3 — бекіту төлкесі; 4 — қысым дискі; 5 — тартқыш тетік; 6 — тартқыш өшіру тетігі; 7 — тірек сақина

серіппесі; 8 — жалғастығыш майының майтүтігі; 9 — серіппе ілмесі; 10 — сықпа мойынтірегі; 11 — тартылған серіппе; 12 — іліністі өшіру жалғастырғышы; 13 — вилка іліністі айыру ашасы; 14 — тірек сақинасы; 15 — аша білігі; 16 — қысу серіппесі; 17 — ілініс қаптамасы; 18 — жылуоқшалағыш шайба; 19 — бекіту бұрандамасының қаптамасы; 20 — картер сцепления ілініс картері; 21 — сермер; 22 — фрикционды қаптама; 23 — берліс қорабының жетектегі білігі; 24 — айналдыру тербелістерін өшіруші диск; 25 — айналдыру тербелістерін өшірушінің тангенсиалды серіппесі; 26 — жетекші дисктің сақинасы; 27 — ортаңғы жетекші дисктің жағдайын реттейтін механизм; А — тартылған тетіктердің тірек сақинасы мен іліністі өшіруші жалғастырушы мойынтіректерінің арасындағы саңылау

Жетекші бөлім екі жетекші диск пен жетекші біліктен тұрады 23 БҚ. Жетекшы және қысқыш дисктер сермерге қысқыш серіппе арқылы 16 жабысып, іліністің қаптамасына 17 жақындайды. 12 дана серіппе 10...13 кН қысушы күшін жасайды. Ілініс басқышын жібергенде серіппелер екі бетті бір біріне жақындатады, сондықтан ол тұрақты тұйықталған деп аталады.

Дисктер бір бірінен басқыштарды басқару механизм жетегі көмегімен ажырайды.



Оған басқару жетегі, қысқыш мойынтіректі іліністі өшіруші 12 жалғастырғыш, 6 өшірудің 5 тірекке бекітілеген және қысқыш дискіге жалғасқан 4 тартқыш тетіктері. Басқышты басқанда іліністі өшіругі жалғастырғыш тартқыш тетіктерді бұрып, қысқыш диск серпілістің күшін еңсеріп, жетекші дисктен ажырайды. Ілініс өшірілді.

Іліністің өшуінің тазалығы қысқыш дискінің жетекші дискінің арасындағы саңылау 0,5...0,7 мм болуы шарт. Ол үшін ілініс басқышы жақсы жұмыс істеп тұруы керек. Одан бөлек, өшірілу тазалығы тартқыш тетіктердің 6 жағдайына байланысты. Олар А мен жалғастырғыш мойынтірегінің 12 арасындағы саңылау бірдей болуы қажет. Олай болмаған жағдайда қысқыш дискінің кесірінен ілініс толық өшпейді. Тартқыш тетіктері А мен жалғастырғыш мойынтірегінің арасындағы саңылау көлемін ілініс басқышының еркін жүрісіне қарап анықтайды.

Фрикциондық жабындардың қолданылу уақытына қарап өшіру тетіктері бұрылып, А саңылауы кішірейеді. Саңылау мен басқыштың еркін жүрісі нөлге тең болған уақытта қосылған ілініс тайғанақтайды (босқа айналады). Себебі қысқыш серіппенің күшін қысқыш диск емес өшіру жалғастырғышының мойынтірегі қабылдайды. Бұл мойынтіректің ескіруіне алып келеді.

Ілініс басқышының еркін жүрісі жетектің тартылым ұзындығын өзгертіп, реттеп отырады. Егер қысқыш серіппелердің күшін қайта қалпына келтіру қарастырылған болса, басқыштың жұмысына қажетті болатын серіппелердің күшін қалыпқа келтіреді, сонан соң еркін жүрісті реттейді. Фрикционды іліністер арасында тұрақты тұйықталған және компенсационды серіппелі тұрақсыз іліністер аз сұранысқа ие.

Іліністі қосқанда қайта өшіп қалуы қалыпты жағдай, осы арқылы жұмысқа бірсарынмен қосылады. Ілініс, тоқтап қалу іліністі бірден қосу және қозғалтқыш жұмысының біркелкі таралмауының әсерінен трансмиссияға түскен динамикалық күшті азайтады.

Бірақ тоқтап қалғанда жылу бөлініп, ілініс бөлшектерінің температурасы көзтеріледі. Сондықтан тоқтап қалуға жағдайда жылу бөлінуді тоқтату керек. Егер жылу шығару жеткіліксіз болса, температураның жоғарылауының кесірінен үйкеліс коэффициенті шамасы азаяды.

Үйкеліске түсетін бөлшектер ысып кетпеуі үшін жабық толы немесе ауа өткізетін қақпақтары бар іліністер бар. Олар ауаның өтіп тұруын қамтамасыз ету арқылы іліністің салқындап тұрына жағдай жасайды. Қысқыш дискті жетекші дисктен жылу шығару мақсатымен үлкен сақина ретінде жасайды. Фрикционды қаптамада ауа өтетін,

үйкеліс бетін салқындататын радиалды жырашық болады. Жырашықтар отрадан тепкіш күш арқылы тозығы жеткен өнімдерді жою мақсатында да қолданылады.

Қозғалтқыш жұмысының біркелкі тарамауы (айналу сәтінің өзгеруі) қауіпті резонанс кезінде айналдыру тербелістері пайда болып трансмиссияға түсетін күшті көбейтуі мүмкін. Трансмиссиядағы серпімді бұрыштық тербелістері тербеліс амплитудасының ең жоғары шамасында болса мойынтірек жұмысында қатты шу шығып, кейде бөлшектердің сынуы мүмкін.

Трансмиссиядағы резонанстық айналдыру тербелістерін тоқтату әртүрлі айналдыру тербелістерін өшіретін құрылғылар көмегіне жүгінген жөн. Көп жағдайда фрикциондық бөлшекті бар және фрикционды бөлшексіз серіппе сөндіргіштері қолданылады. Ең тиімдісі бұрыштама тербелістерін азайтатын және жұтылатын энергияны жылуға айналдыратын фрикционды бөлшегі бар сөндіргіштер.

Айналдыру тербелістері сөндіргішінің (4.3-сурет.) серпімді бөлшегі тангенциалды серіппе 25. Айналдыру тербелісін сөндіру 24 дискі мен 26 жетектегі дискінің үйкелуі арқылы жүзеге асады.

Іліністі өшіру үшін үлкен физикалық күшті керек етеді, бірақ ілініс басқышын басуға кеткен күш 200...250 Н аспау керек. Жетектің ПӘК-гі артатын болса, іліністі басқару оңайға түседі. Осы мақсатпен, механикалық жетекте тайғанаудан үйкелісін тербеліс үйкелісімен алмастыруға тырысады.

Жетектегі іліністің беріліс саны әдетте $i_p = 25.50$, себебі оның көлемі бір жағынан нақты осы ілініс түріне арналған қысқыш дискінің орналасуына, екінші жағынан тар жерде орналасқан (70.150 мм) ілініс басқышының жұмыс жағдайындағы жылдамдығына байланысты анықталады. Сондықтан беріліс санын i_p арттырып, іліністі басқаруды жеңілдету практикалық тұрғыда мүмкін емес.

Іліністі басқару басқышына түсетін күшті азайту үшін жетектің құрылысында механикалық (серіппелі), гидравликалық, пневматикалық немесе вакуумдық үдеткіш қолданылады.


Мысалы, ТТ-5 и ТЛТ-100 шынжыр табанды тракторларының ілініс жетегінде гидроүдеткіштері бар. Доңғалақты тракторларда және МАЗ атвөкілдерінде механикалық жетек жүйесінде пневмоүдеткіші бар.

КамАЗ көліктерінде (4.4-сурет) іліністі пневмоүдеткішті басқару гидрожетегі қолданылады. Жетек ілесушімен жабдықталған.

Ілініс басқышын 1 басқанда жүргізушінің аяғының күші тетік арқылы бас цилиндрге 2 барып, одан сұйықтық қысым арқылы ілесуші

құрылғыға жетеді 4. Ол қысылған ауаны пневмоүдеткішке жіберуді қамтамасыз етеді 3.

Бас цилиндрдан сұйықтық қысым арқылы іліністің гидроцилиндрына 6 барады



4.4-сурет. КамАЗ автокөлігінің ілінісін басқарудың пневмоүдеткішті гидрожетегі :

а —жетектің қағидалық сұхбаты; б —жетектің құрылысы; 1 —ілініс басқышы; 2 — бас цилиндр; 3 —пневмоүдеткіш цилиндрі; 4 — пневмоүдеткішті бақылайтын құрылғы; 5 — ауаөткізгіш; 6 —жұмыс гидроцилиндрі; 7 —мойынтіректі өшіруші жалғастырғыш; 8 — тетіг; 9 — сояуыш; 10 — трубопроводы и шланги гидропривода гидрожетектің құбыр желісі мен құбыршегі

Бақылаушы құрал ілініс басқышын басқанда пневмоүдеткіштегі пневматикалық поршендағы қысымның өзгерісін автоматты түрде өзгеруін қадағалайды.

Тұрақсыз тұйықталған іліністе басқару механизмдерінде негізі қол тетік жүйесі қолданылады.

Қол тетікке негізделген тұрақсыз тұйықталған ілініс көлікпен артқы жүрісте, тар жерлердегі қозғалысты оңтайлы етеді. Оның артықшылығы деп сыртқы күштің әрекетінсіз өшіріп қалдыруға болады.

Тұрақсыз тұйықталған іліністің жоғарыда келтірілген қасиеттері оның тіркеме көліктермен жұмыс істейтін шынжыр табанды тракторларда, құрылыс көліктерінде қолдануға мүмкіндік береді. Одан басқа, жоғары ептілікті қажет ететін доңғалақты тракторларда қолданылады.

4.3. Беріліс қораптары.

Беріліс қорабы автомобиль мен трактор трансмиссиясының негізгі агрегаты болып табылады. Ол берілген артқы диапазонда айналу сәті мен айналу жиілігінің өзгеруіне және басты дөңгелектерден қозғалтқыштың ұзақ ажырауы үшін қажет.

Қозғалыс принципіне байланысты БҚ механикалық (сатылы, сатысыз), гидромеханикалық және гидродинамикалық болып бөлінеді.

Сатылы БҚ-ға қойылатын негізгі талаптар:

- автокөліктің ең жақсы тарты және отын-экономикалық қасиетімен қамтамасыз ету;

- жоғары ПӘК;
- жеңіл басқару;
- берілістің екпінсіз ауысуы және жұмыстың шусыз атқарылуы;
- екі берілістің қатар қосылмауы;
- берілісті қосулы және нейтралды жағдайда сенімді ұстап тұру;
- кіші габаритті көлем және аз салмақ;
- құрылыстың сенімділігі, қызмет көрсету мен жөндеудің ыңғайлығы .

Сатылы БҚ сыныпталуының негізгі сипаттамаларының белгілері:

- біліктердің қозғалғыштығы – кеңістікте қозғалмайтын біліктері мен планеталды БҚ (кеңістікте жылжымалы сателлит-тегершік білікті);

- білік саны – екі, үш, көп білікті БҚ;
- алдыға жылжитын саты саны – үш, төрт, бес және көп сатылы БҚ;

- тегершікті ілу тәсілдері – жылжымалы тегершікті және тұрақты тегершікті БҚ;

- жетекші және жетектегі біліктердің өзара орналасуы – ортақ және сәйкессіз білік;

- басқару тәсілі – автоматты емес, жартылай автоматты және автоматты БҚ.

Қазіргі таңда төрт, бес сатылы кеңістікте тұрақты білікті БҚ кең қолданыс алды. Керекті берілісті алу үшін бұндай БҚ-да басқару

бөлшегінің біреуін қосса жеткілікті. Айналу сәтінің және шығыс білігінің айналу жиілігінің көлемінің өзгеруі трансмиссияның берілісі санының нақты шамасын қоятын тегершіктер арқылы іске асады.

БҚ шығыс білігінің айналу бағытының өзгеруі қосымша тегершіктер арқылы жүзеге асады. Ол шығыс білігінің бағытын өзгертеді. Қозғалтқыштың жетекші доңғалақтардан ұзақ ажырауы БҚ берілістерін нейтралды жағдайда ғана іске асады. Себебі сол кезде тегершіктер бір-біріне қосылмағандықтан жетекші біліктен жетектегі білікке айналу сәті тоқтап тұрады.

Саты санын көбейту үшін құрама және көп білікті БҚ қолданылады. Оны көп сатылы деп атаймыз. Бұл 6—15 сатылы БҚ үлкен жүк автомобильдеріне орнатылады.

Тік берілісті, үш білікті БҚ ортақ білікті, ал екі білікті БҚ бейөстесті деп аталады. Механикалық БҚ—дың көбі әрбір тісті жұп қозғалтқыштан басталатын барлық айналу сәтін таратып отыратындай етіп жасалған.


Кейбір БҚ—дың кинематикалық сызбаларын қарап көрейік. Екі білікті трактордың БҚ—ның қарапайым сызбасы (сурет 4.5, а) бейөстесті сызба бойынша орындалған және тракторларда кең сұранысқа ие болған. Бұндай БҚ—да келетін қуаттың берілісі алдыңғы жүрістің тегершіктері арқылы жүзеге асады. Берілістің тіктісті біліктің жетекші біліктің 1 бойымен басталып жетектегі біліктің тегершіктеріне 2 ілінуі арқылы қосылады. Екі білікті БҚ—ның ерекшелігі тік берілістің болмауы.

Үш білікті автокөлік БҚ—да (4.5-сурет, б) күш ағыны екі тісті іліну арқылы өтеді. Ол $i_k = 7 - 9$ беріліс санына дейін жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Бұндай БҚ негізгі үш біліктің басын қосады: жетекші (бірінші) 2, жетектегі (екінші) 4 және аралық 1. Бірінші және екінші ортақ біліктер.

Бірінші біліктің тегершігі аралық біліктің тегершігімен үнемі ілінісіп тұрады. Осы арқылы аралық білік үнемі айналып тұрады. Екінші біліктің мойынтірегінде аралық біліктің тегершіктерімен ілініп тұратын тегершіктер орнатылған. Синхронизатор 3 және тісті жалғастырғыш көмегімен жұмысқа тегершіктер жұбы қосылады.

Тікелей берілісті тісті жалғастырғыш берілісін V қосып, синхронизатордың сол жағына ауысу арқылы алады. Қозғалтқыштың қуаты тікелей БҚ—ның жетектегі (екінші) білігіне беріледі. Осылай БҚ үшін жоғры ПӘК тәртбі іске асады. БҚ жетекші білігінің айналу бағытын өзгерту артқы жүрістің 5 тегершік блогы арқылы орындалады.

Бұл БҚ сызбасы тракторларда қолданылып, автокөліктерде де қолданысқа ие болған. Көптеген автокөліктер қозғалыс уақытында нақты жылдамдық пен нақты түсетін жүктеме тәртібінде жұмыс істейді, яғни тікелей берілісте, ал қалған беріліс көп жағдайда автомобиль екпін алғанда және жолдың үлкен қарсылықтарында іске қосылатындығымен түсіндіруге болады.



4.5-сурет. Беріліс қорабының кинематикалық сызбасы:

а —тракторларға арналған екі білікті: 1 —жетекші білік ; 2 —жетектегі білік ; б —автокөлікке арналған үш білікті: 1 —аралық білік ; 2 —жетекші білік (бірінші); 3 — синхронизаторлар; 4 —жетектегі білік (екінші); 5 —артқы жүрістің тегершік блогы; I — V —берілістер; 3X — артқы жүріс; ■« • > — тешершіктердің орын ауыстыру бағыты және синхронизатордың жалғастырғышы

Жол талғамайтын жағдайларға пайдалнуға берілетін тракторлар аралық беріліс қатарында жұмыс істейді. Тракторшы нақты бір жағдайда тандайды, сондықтан тікелей беріліс оларға автомобильдердегідей маңызды емес.

дөңгелектеріне әкелінеді. Мұндай БҚ бұрылу механизмдерінің функцияларын орындайды. Берілістерді құбылта отырып, жетекші дөңгелектердің айналу жиілігінің арақатынасын өзгертуге болады, бұл трактордың бұрылысын әртүрлі бекітілген радиустарда орындауға мүмкіндік береді.

Бұрылудың үйкеліс жалғастырғышы және ТЛТ-100 тракторының тежеуіші 4.37 – суретте көрсетілген. Жалғастырғыш құрғақ үйкелістің үнемі тұйықталған көп дискілі жалғастырғыш болып саналады. Басты берілістің оймакілтекті ұштарында жетекші атанақтары 1 болады, олардың сыртқы тістерінде 15 жетекші дискілер 2 еркін орнатылған, олардың біріншісі тегеурінді дискіге 6 жанасады, ал соңғысы — тірек дискісіне 5 жанасады. Жетекші дискілер арасында сыртқы диаметрі бойынша тістері бар және ілініске жетектегі атанақпен 7 енетін 14 жетектегі дискілер 3 орналастырылған. Алдын-ала сығымдалған сегіз серіппе 4 тірек 5 және тегеурінді 6 дискілер арасындағы жетекші 2 және жетектегі 3 дискілердің пакетін қысады. Дискілер арасында пайда болатын үйкеліс күшінен айналу сәтін басты берілістің жетектегі білігінен борттық берілістерге беру жүзеге асады.




4.37 – сурет. Бұрылыстың үйкелісті жалғастырғышы және ТЛТ-100 тракторының тежеуіші:

1, 7 — сәйкесті жетекші және жетектегі атанақтар; 2, 3 — сәйкесті жетекші және жетектегі дискілер; 4 — серіппелер; 5 — тірек дискісі; 6 — тегеурінді диск; 8 — бұру құралы; 9 — тежеуіш тіреуіші; 10 — реттегіш сомын; 11 — жұдырықша; 12 — картер қақпағы; 13 — айыр; 14, 15 — сыртқы және ішкі тетіктер; 16 — білікше; 17 — сұққы; 18 — тежеуіш серіппесі; 19 — тежеуіш таспасы; 20 — басты берілістің жетектегі білігі; 21 — артқы белдем тұрқы

Трактордың бұрылуын орындау үшін жетекші дөңгелектің айналуын бұрылыс орындалатын жақтан толықтай немесе жартылай тоқтата тұру керек. Ол үшін басқару мезанизмінің көмегімен бұру құралын 8 басты берілістің құрсауға қатысты бұрады. Мұнда шарлар бейінді қуыстардың еңіс бетімен дөңгелене отырып, бұру құралын сығады. Әрі қарай, бұру құралы серіппені 4 сыға отырып, тегеурін дискісін жетекші және жетектегі дискілер пакетінен алады. Дискілер салыстырмалы айналу еркіндігін алады, және айналдыру сәті жетектегі атанаққа берілмейді.

Нәтижесінде жетектегі атанақ 7, бортты берілістің тістегершіктері, жетекші дөңгелегі және шынжыр табан тоқтайды да, трактор өшірілген бұрылу механизмі жағына бұрылады.

Бұрылудың планетарлы механизмдерін Т-4 «Алтай тракторы» ААҚ тракторымен қарастырамыз. 4.38 – суретте басты берілістің 3 бөлігінде орналасқан, қосарланған планетарлы механизмі және тежеуіші бар Т-4 тракторының артқы белдемінің кинематикалық сызбасында көрсетілген. Басты берілістің жетектегі конус тәрізді тістегершігі тәжді тістегершіктің 8 ернемегіне бекітілген. Тәжді тістегершіктің ішкі тістерімен тұрақты іліністе жетектегіш 5 сателлиттері 6 болады.



4.38 – сурет. Бұрылудың және тежеуіштің қосарланған планетарлы механизмі бар Т-4 тракторының артқы белдемінің кинематикалық сызбасы:

1 — артқы белдем тұрқы; 2 — күн тістегершігінің тежеуіші; 3 — басты беріліс; 4 — сателлит өсі; 5 — жетектегіш; 6 — сателлит; 7 — артқы белдем білігі; 8 — тәжді тістегершік; 9 — күн тістегершігі; 10 — жетекші тежеуіші; 11 — жетекші жұлдызша; 12 — басты берілістің жетектегі тістегершігі; 13 — соңғы берілістің жетекші тістегершігі; 14 — шынжырлы табанды.

Әр жетектегі сателлиттер күн тістегершігімен 9 үнемі іліністе болады. Күн тістегершіктерінің ернемектерінде күн тістегершік тежеуіштерінің 2 атанақтары бекітілген. Жетектегіш артқы белдемнің біліктерімен 7 соңғы берілістердің жетекші тістегершіктерімен 13 біріккен, олардың күшшектерінде жетектегіштің атанақты тежеуіштері 10 бекітілген.

Тракторды тура сызықты қозғалысында күн тістегершіктерінің тежеуіштері 2 созылған. Жетектегіш тежеуіштері 10 (тоқтататын тежеуіштер) қайтарылған. Айналдыру сәті басты берілістен 3 бұрылыстың планетарлы механизм тұрқына түседі, және сәйкесінше онымен қатты байланыстағы тәжді тістегершікке 8. Тәжді тістегершік сателлиттердің 6 екі қатарын да айналдырады, олар жылжымайтын күн тістегершіктерімен сырғып, екі борттың да жетектегішін 5 басты тістегершіктің 8 айналу жағына әкетеді. Әрі қарай айналдыру сәті соңғы берілістің тістегершігі (жетектегі 12 және жетекші 13) арқылы шынжыр табанның жетекші жұлдызшаларына түседі.

Бұрылу кезінде күн тістегершігінің тежеуішін 2 тракторды бұру керек жаққа шегіндіре тежейді. Нәтижесінде тежелген күн тістегершігі 9 тәжді тістегершіктің 8 кері айналу жағына қарай айнала бастайды. Осы борт жетектегішінің 5 айналдыру жылдамдығы азаяды, трактор бірсарында бұрылатын болады. Бұрылуды минималды радиуспен орындау үшін, жетектегіш тежеуішін 10 тракторды бұратын жаққа созу керек. Жетектегішпен байланысатын соңғы берілістің 13 жетекші тістегершік 13 және сәйкесінше шынжыр табанның жетекші жұлдызшасы 11 тоқтайды.

Тежеуіштер мақсатына қарай тұрақ (тракторларды еңісті жерде ұстау үшін) және жұмысшы деп бөлінеді. Жұмысшы тежеуіштер трактордың жұмысы кезінде бұрылу механизмінің тежеуіш элементтеріне әсер етеді. Кей жағдайларда бір тежеуіш тракторларды еңісті жерде ұстау үшін де, және бұрылысты басқару үшін де қолданылады. Тұрақ тежеуіш дөңгелекті тракторды төсемі қатты құрғақ жолда 20° еңісте, шынжыр табанды тракторды - 30° еңісте, тіркемені - 12° еңісте тыныштық күйде ұстауы керек.

Үйкеліскен беттерінің пішіні бойынша тежеуіш таспалы, қалыпты және тегерікті болып келеді.

Таспалы тежеуіштер қарапайым құрылымы мен ықшамдылығының арқасында тракторларға кеңінен таралған. Оларды бұрылыстың үйкелісті және планетарлы механизмдерінің атанақтарына орнатады.

Таспалы тежеуіштердің тиімділігі тежеуіш таспасының ұштарын бекіту әдісіне байланысты. Осы қағида бойынша тежеуіштерді қарапайым, қосарланған және құбылмалы деп бөледі.

Қарапайым тежеуіште тежеуіш таспасының екі ұшын да басқару тетігіне бекітеді немесе тежеуіш таспасының бір ұшын иінтірекке, ал екіншісін жылжымастай етіп бекітеді. Қарапайым таспалы тежеуіштің 360° - қа жақын қамту бұрышы бар таспасы болады. Басқару тетігін бұрған кезде таспаның екі немесе бір ұшы тежеуішті қосуды және өшіруді орындай отырып, осы немесе басқа бағытқа ауыстырады. Алайда тежеуіш атанағының айналу бағыты өзгерсе, тежеуіш сәт бірден төмендейді.

Қосарланған таспалы тежеуіште 180° аз басқа қамтуы бар таспаның екі жартысы қолданылады, олардың бір ұшы жылжымастай етіп бекітіледі, ал басқа екі ұшы басқарудың бір тетігіне бекітіледі. Олардың тежеуіш сәті тежеуіш атанағын айналдыру бағытына тәуелді емес.

Қарапайым тежеуішке тән кемшілік құбылмалы тежеуіште болмайды, оның үйкеліс сәті атанақты айналдырудың екі бағытында да

бірдей. Құбылмалы таспалы тежеуіште таспаны қатты бекіту мен басқару тетігі жоқ.

Шынжыр табанды тракторларда құбылмалы тежеуіштер кеңінен қолданылады, онда жүргізушіге артқы жүріске жиі маневр жасауына тура келеді.

ТЛТ-100 тракторының бұрылу механизмдерінің жетектегі атанақтарына орнатылған *қарапайым таспалы құбылмалы тежеуіштердің құрылғысы мен жұмысын* қарастырамыз. Олар трактордың бұрылысын минималды радиуспен орындау үшін және оны тоқтау кезінде ұстап тұру үшін қолданылады. Тежеуіш – ішкі бетіне жетектегі атанақтың сыртқы бетін қамтитын үйкелістік жапсырма бекітілетін болат таспа деп саналады.

Білікшенің оймакілтектеріне 16 (4.37 – суретте қараңыз) сыртқы 14 және ішкі 15 иінтіректер орнатылған. Күшті тежеуішті таспаға иінтіректен 15 беру тежеуіш иінтірегіннің бір ұшымен топсамен біріктірілген екі шығыршықпен беріледі. Иінтіректің екінші ұшында екі саңылау болады, оның біреуіне тежеуішті таспаның төменгі бұтағының тесігі арқылы сұққыш қойылған, ал екіншісіне — реттегуш құрылғының айырымен байланысты сұққыш қойылған, ол арқылы тежеуішті таспаның жоғарғы бұтағымен 19. Сұққыштардың ұштары артқы белдем қартерінің алдыңғы қабырғасына бұрандамалармен бекітілген тежеуіш тіреуішінің бейінді сопақ ойықтарына 9 кіреді. Тежеуіш таспасы серіппемен 18 қуатталады. Реттегіш сомын 10 тежеуіш таспасы мен атанақ қаптамаларының арасындағы саңылауды реттеу үшін қызмет етеді.

Тежеуіштерді кабинадан басқару келесі түрде орындалады. Бұрылу механизмін басқару иінтірегін «өзіңе» ауыстыру кезінде күш тарту және иінтіректер жүйесі арқылы ішкі иінтірекке 15 беріледі, ол білікшемен 16 және ондағы иінтіректермен бірге сағат тіліне қарсы бұрылады. Мұнда тежеуіш иінтірегі тежеуіш таспасының тесіктері арқылы өтетін сұққыштардың көмегімен оның ұштарын тұтастырады, және жетектегі атанақ 7 айналғанын тоқтатады.

4.11.Соңғы және дөңгелекті берілістер

Соңғы берілістер дөңгелекті тракторлар мен автомобильдерде дифференциалдан кейін және шынжыр табанды тракторларда механизмдерден кейін орналасады. Олар трансмиссияның және машиналардың жол саңылауларының жалпы беріліс санын арттыру үшін қызмет етеді.

Соңғы берілістердің құрылымы тістегершікті кеңістікте жылжымайтын біліктері бар (бір сатылы және екі сатылы), тістегершікті планетарлы (тістегершіктің сыртқы және ішкі ілінісімен) және шынжырлы деп бөлінеді. Дөңгелекті тракторлар мен автомобильдердің дөңгелектерінде орналасқан соңғы берілістер дөңгелекті деп аталады.

Тракторлардың көптеген модельдерінде соңғы берілістер жетекші дөңгелектердің маңында орналасады (4.39, 4.40, сондай – ақ 4.33 – суреттерге қараңыз). Мұндай құрастыру ауыр жүктелген біліктердің ұзындығын азайтуға ұмтылумен және трактордың астындағы бос кеңістікті барынша көбейтудің қажеттілігімен түсіндіріледі.

Цилиндр тәрізді тістегершіктер қолданылатын бір сатылы соңғы берілістердің беріліс саны $i = 4 \dots 7$ болады. Егер тістегершіктердің бір жұбымен алуға болмайтын үлкен беріліс санын немесе үлкен жол саңылауларын алу керек болса, екі сатылы және тіпті көпсатылы берілістерді қолданады.

Планетарлы берілістерді үлкен беріліс санын алу үшін және артқы белдемнің габариттік өлшемдерін азайту үшін ауыр тракторларға қолданады (4.33 – суреттегі 2, 4, 5, 26 – позицияларын қараңыз).


Қазіргі кезде ұзақтығының төмендігіне және жиі реттеулердің қажеттілігіне байланысты шынжырлы берілістерді берілістің жетекші және жетектегі біліктері бір-бірінен үлкен арақашықтықта орналасқан арнайы машиналарға шектеулі түрде қолданады, мысалы порталды жүк тиегіштерде немесе грейдерлердің тандемді арбаларына.

Құрылымның максималды қаттылығына соңғы беріліс картерлерінің және артқы белдемнің дара блокты құю кезінде қол жеткізеді, бірақ бұл әдісті тек аз қуатты тракторлар үшін ғана қолдануға болады. Қуаты үлкен тракторлар үшін, яғни механизм өлшемдері үлкен, соңғы беріліс картерлерін жеке құяды. Соңғы беріліс жетекші дөңгелектерге шығарылған кезде дөңгелекті тракторлардың картерлерін дара блокты құю қиындайды.

Орташа және үлкен қуатты шынжыр табанды тракторлардың артқы белдемі құрылымының қаттылығын арттыру үшін арқалық, тіреуіштер түрінде және соңғы берілістер мен соңғы берілістердің каретрлері арасындағы қиғаштап қойылған тіректер түрінде қосымша байланыстар қондырғысын кеңінен қолданады. Кейде құрылымды қатты қырлармен күшейтеді.


Тістегершіктердің сыртқы ілінісі бар *бір сатылы соңғы берілістер* шынжыр табанды тракторларда ең көп таралғаны болып табылады. Осындай соңғы берілістің құрылымында артқы белдемнің білігі 21 (4.39 – суретте қараңыз) арқылы оймакілтек қосылыспен бұрылу

механизмінен жетекші тістегершікке 14 беріледі, содан кейін жетектегі білікпен 37 қатты біріккен жетектегі тістегершікке 34 беріледі, оның ернемегінде шынжыр табан жетегінің жетекші дөңгелегі 1 бекітілген.



4.39 – сурет. Шынжыр табанды трактордың бір сатылы соңғы берілісі:

1 — шынжыр табан жетегінің жетекші дөңгелегі; 2 — әшекейлі көмкерме; 3 — төсе; 4 — қабырға; 5, 16, 29, 41 — аунақша мойынтіректер; 6 — бітеуіш; 7 — тірейтін тығырық; 8, 9, 22, 26, 51 — тығыздағыш сакиналар; 10, 27, 42 — қақпақтар; 11 — тірек сакина; 12, 30, 50 — цилиндр тәрізді сұққыштар; 13, 18, 39 — мойынтірек стакандары; 14 — жетекші тістегершік; 15, 31 — серіппелі сакиналар; 17 — тежеуіш атанак; 19 — нығыздауыш төлке; 20 — тежеуіш таспасы; 21 — артқы белдем білігі; 23 — көмкерме; 24 — май қайтаратын тығырық; 25 — тоқтатқыш тілім; 28 — сомын; 32 — құйма тығын; 33 — магнитті ағызғыш тығын; 34 — жетектегі тістегершік; 35 — жетектегі тістегершіктің күшшегі; 36 — қартер қақпағы; 37 — жетектегі білік; 38, 49 — төлкелер; 40 — шарлы мойынтірек; 43 — тығыздауыш тығырық; 44 — шығыршық; 45 — бекіткіш серіппесі; 46 — конус тәрізді төлке; 47, 52 — дискілер; 48 — ілмекті шығыршық; 53 — сым; 54 — аймақ жанындағы бұранда; 55 — ернемек; 56 — бұранда



4.40 – сурет. ДЭТ-250 шынжыр табанды трактордың екі сатылы жартылай планетарлы соңғы берілісі:

1, 3, 6 — соңғы беріліс тұрқысының құрамдас бөліктері; 2 — бірінші сатының жетекші тістегершігі; 4 — сателлит; 5 — планетарлы механизмнің тәжді тістегершігі; 7 — жетекші дөңгелектің алынып-салынатын тісті тәждері; 8 — құйма тығын; 9 — жетекші дөңгелектің ернемегі; 10 — тісті жалғастырғыш; 11 — жетектегіш; 12 — жетекші дөңгелектің күшпесі; 13 — сателлит өсі; 14 — бірінші сатының жетектегі тістегершігі; 15 — күн білігі – тістегершігі

Біліктер 5, 16, 29, 41 шарлы мойынтіректерде айналады. Соңғы беріліс бөлшектері бұрку арқылы майланады. Соңғы беріліс тұрқы артқы белдемге бекітіледі.

ДЭТ-250 шынжыр табанды тракторы соңғы берілісінің *екі сатылы жартылай планетарлы берілісінде*, 4.40 – суретте көрсетілгендей, бірінші саты — тістегершіктердің цилиндр тәрізді жұбы, екіншісі — планетарлы механизм. Айналдыру бұрылыс механизмінен білік

арқылы бірінші сатының жетекші тістегершігіне 2 беріледі, содан кейін бірінші сатының күн білігі-тістегершігінің оймакілтек артқы ілмегіне 15 киілген жетектегі тістегершігіне 14 беріледі. Бірінші сатының жетекші тістегершігі 2 және күн білігі – тістегершігі 15 бірінші сатының жетектегі тістегершігімен 14 аунақша мойынтіректерде бірге айналады.

Планетарлы механизмнің тәжді тістегершігі 5 соңғы беріліс тұрқысында бекітілген және планетарлы механизмнің жылжымайтын элементі болып табылады. Жетектегіш сателлиттері 4 күн білігі – тістегершігімен 15 үнемі іліністе болады. Күн білігі – тістегершігі сателлиттерді айналдырады және олар жылжымайтын тәжді тістегершік бойымен сырғып, жетектегішті 11 алады. Планетарлы сатының жетектегі элементі жетектегіш 11 болып табылады, оның білігі тісті жалғастырғыш 10 арқылы жетекші дөңгелектің ернемегімен 9 қосылған. Ернемекке жетекші дөңгелектің күпшесі 12, ал оған – алынып-салынатын тісті тәждер 7 бекітіледі.

Жетектегіш екі аунақша мойынтіректерді құрсаусыз айналады. Төрт сателлиттер екі сфералық аунақша мойынтіректерге орнатылған. Жетекші дөңгелек соңғы беріліс тұрқысының бөлігі 6 мен жетекші дөңгелектің күпшесі 12 арасында орнатылған екі шарлы мойынтіректерде айналады. Соңғы берілістің бөлшектері бүрку арқылы майланады. Соңғы берілістің тұрқы трактордың рамасына бекітіледі.

Бақылау сұрақтары

1. Трансмиссияның міндеті мен түрлері қандай?
2. Автомобильдің сатылы трансмиссия жинақтастырылуын көрсетіңіз.
3. Трансмиссияға қойылатын негізгі талаптар қандай?
4. Іліністің міндеті қандай және олар қалай топтастырылады?
5. Ілініске қойылатын негізгі талаптар қандай?
6. Айнала тербелулерді өшіргіш жұмысының қағидаты мен міндеті қандай?
7. Екі дискілі іліністің құрылымы мен жұмысы қандай?
8. Беріліс қораптарының міндетін атаңыз. Олар қалай топтастырылады?
9. Тракторлар беріліс қораптары құрылымының ерекшеліктерін атаңыз.
10. Автомобильдер беріліс қораптары құрылымының ерекшеліктерін атаңыз.
11. Құрама беріліс қораптары қайда қолданылады және олардың жинақтастырылу қағидаты қандай?
12. Берілістерді ауыстыру механизмі қалай жұмыс істейді?
13. Берілістерді ауыстыру жалғастырғышының синхронизаторының міндеті не және қалай жұмыс істейді?
14. Беріліс қораптарындағы «жүріс кезіндегі» берілістерді ауыстыру не үшін тағайындалған?
15. Берілістерді ауыстыру үйкелісті жалғастырғыштың құрылымы мен жұмысын сипаттаңыз.
16. Планетарлы берілістердің құрылыс ерекшеліктері қандай?
17. Таратқыш қораптардың міндетін көрсетіңіз. Олар қалай топтастырылады?
18. Дифференциалды жетегі бар таратқыш қораптың құрылысы мен жұмысын сипаттаңыз.
19. Айналдыру сәтінің қандай гидравликалық түрлендіргіштері бар?
20. Кешенді гидротрансформаторларының құрылысы мен қағидаты қандай?
21. Гидротрансформатор қасиеттерін қандай беріліс сандары сипаттайды?
22. Гидротрансформатордың сыртқы сипаттамасы нені көрсетеді?
23. Гидромеханикалық трансмиссиялардың құндылықтарын атаңыз.
24. Гидромеханикалық беріліс қораптарының құрылысы қандай?
25. Гидрокөлемді трансмиссияның жұмыс қағидаты қандай?

26.Машиналарға гидрокөлемді берілістердің қандай негізгі сызбалары қолданылады?

27.Гидрокөлемді берілісті реттеу қалай орындалады?

28.Гидрокөлемді трансмиссия бар машинаның тарту сипаттамасы қандай?

29.Карданды берілістердің қандай түрлері бар?

30.Тең емес бұрыштық жылдамдықтардың карданды берілістер құрылымы қандай?

31.Тең бұрыштық жылдамдықтар топсасының міндеттері мен жұмысы қандай?

32.Басты берілістердің міндеті мен топтастырылуын көрсетіңіз.

33.Жетекші белдемдер мен магина дөңгелектерінің жетектеріндегі дифференциалдың міндеті мен жұмысын сипаттаңыз.

34.Жетекші дөңгелектер мен белдемдер дифференциалды жетегінің кемшілігін көрсетіңіз.

35.Дифференциалдардың бұғатталуы мен өздігінен бұғатталатын дифференциалдардың түрлері туралы деректер келтіріңіз.

36.Иілу сәтінен жүктен босау деңгейі бойынша автомобиль жарты осьтерінің түрлері қандай?

37.Шынжыр табанды тракторлардың міндетін, түрлерін және жұмыс істеу механизмін сипаттаңыз.

38.Соңғы берілістердің міндеті мен түрлерін көрсетіңіз.

5-бөлім

ЖҮРІСТІК БӨЛІК

5.1. Жалпы мағлұматтар

Тракторлар мен автокөліктердің жүріс бөлігі машина мен жүктерден немесе технологиялық жабдықтан барлық жүктемелерді қабылдауға және машинаның ілгерілемелі қозғалысын жүзеге асыруға арналған конструкция болып келеді.

Доңғалақты машинаның жүріс бөлігі рамадан, аспадан, өстерден және доңғалақтардан тұрады.

Шынжыртабанды машинаның жүріс бөлігі рамадан, аспадан және шынжыртабанды қозғаушыдан тұрады. Жүріс бөлігі:

қозғаушының топырақпен жақсы ілінісуін;

жүрістің жеткілікті біркелкілігін және жолдың микробұдырларына соғылған кезде туындайтын соққылардан қорғауды;

жоғары пайдалы әсер коэффициентін;

топыраққа ең төмен және біркелкі қысымды;

тұрақты тура сызықты қозғалысты және жақсы басқарушылықты қамтамасыз етуі тиіс.

Жүріс бөлігіне оның бөлшектерінің тозуы мен бұзылуына себепші болатын әртүрлі жүктемелер әсер етеді. Бұл жүктемелерді үш типке бөлуге болады:

тұрақты немесе баяу өзгеретін;

ең жоғары қысқа мерзімді;

тұрақты әрекет ететін ауыспалы.

Тұрақты әрекет ететін немесе баяу өзгеретін жүктемелерге жүгі немесе технологиялық жабдығы бар машинаның салмағы; қозғалысқа кедергі күшінің орташа мәні; монтаждау кезінде конструкцияда туындайтын күштер және т.б. жатады.

Ең жоғары қысқа мерзімді жүктемелер машина үлкен кедергілерге соғылған кезде; еңбек затымен әрекеттескен кезде (мысалы, жүкті шанаққа күрт түсірген кезде); қарқынды жылдамдығын жоғарлатқан және тежеген кезде туындайды.

Тұрақты әрекет ететін ауыспалы жүктемелер технологиялық операцияларды орындаған кезде немесе машина қозғалған кезде жүріс бөлігінің бөлшектерінде туындайды. Тұрақты әрекет ететін ауыспалы

жүктемелердің негізгі туындау себептері жолдың микробұдырлығы және қозғалысқа қарсы күштерінің өзгеруі болып табылады. Мұндай жүктемелер машинаның серіппе салынған массаның және қажулық жарықтар мен деформация процестерінің пайда болуы мен біртіндеп дамуына әкелуі мүмкін бөлшектердегі кернеудің ауытқуын болдырады.

Жүріс бөлігінің конструктивтік жетілгендігі мен параметрлеріне машинаның тарту-іліну қасиеттері, олардың өтімділігі, ұзақ мерзімділігі мен отын үнемділігі байланысты.

5.2. Автомобильдің және трактордың рамасы

Рама оның үстінде машинаның агрегаттары мен механизмдерін монтаждауға арналған. Раманың элементтері әртүрлі күштердің әсеріне шалдығады, оларға агрегаттардың салмағы; пайдалы жүктеме; машинаның тарту күшін құру үшін іліністің қажетті реактивтік күші; амортизаторлар мен серпінді элементтердің күші салуы; қозғалыс инерциясының күші; тежеу күші және басқ. жатады.

Машинаның рамасында:

машина белдемі мен доңғалақтарының әжептеуір қисаюымен қозғалған кезде рама элементтерінің босап кету мен сынып кету мүмкіндігін болдырмау үшін жоғары майысу мен айналу қаттылығы мен беріктігі;

рамада агрегаттар мен механизмдерді ыңғайлы әрі тиімді орналастыруға мүмкіндік беретін рационалды конструкциясы;

машинаның салмақ ортасының төмен орналасуын, аспаның маңызды жүрісі мен басқарылатын доңғалақтардың үлкен бұрылу бұрыштарын қамтамасыз ететін геометриялық пішіні болуы тиіс.

Автомобиль рамасының конструкциясы бойынша лонжерондық, жоталы (орталық) және аралас болады. Ең жиі лонжерондық рамаларды қолданады.

Лонжерондық рама рамаға қажетті қаттылықты беретін өзара маңдайшалармен 2 қосылған, арнайы бейінді лонжерондар 1 (5.1 сур.) – екі көлденең арқалықтан тұрады. Алдыңғы маңдайшаларда қозғалтқыш орнатылады, ал қалғандарында – автомобильдің басқа агрегаттары мен ілініс құрылғысы орнатылады.

Лонжерондар табақша болаттан жасалады және әдетте швеллер типті көлденең қимасының ауыспалы майысқан профильдері болады. Лонжеронның ең үлкен қимасы раманың ең жүктелген бөлігі сияқты орта бөлігінде орналасқан, ал шеттеріне қарай ол кішірейтілген. Лонжерондардың мұндай конфигурациясы раманың майысу тең

беріктігін, салмағының азаюын, алдыңғы мен артқы рессорлардың ыңғайлы орнатуын, автомобиль салмағының ортасы биіктігінің төмендеуін қамтамасыз етеді. Маңдайшалармен лонжерондар салқын күйде көбінесе тойтармамен немесе дәнекерлеумен қосылады. Раманың алдыңғы ұшында буфер 4 мен буксирлеу ілгектері 5, артқы ұшында тартым-ілінісу құрылғысы 3 орналасқан.

Жоталы рамалардың әдетте құбырдан жасалған бір орталық көтергіш арқалығы бар. Көтергіш арқалық күштік беріліс агрегаттардың қартерлерінен құрылуы мүмкін: тарату қорапшаның қартері, негізгі беріліс қартерлері мен осы қартерлерді қосатын аралық салғылар.

Түтікті арқалықтың ұзындығы бойынша кабинаны, жүк платформасын, қозғалтқыш пен басқа агрегаттарды бекіту үшін тірек болып қызмет ететін кронштейндер орнатылған. Жоталы рамаларының жоғары майысу беріктігі мен жоғары айналу қаттылығы бар.


Тракторларда рамасыз, жартылай рамалы, рамалы және топсалы біріктірілген конструкциялардың арқау негіздері қолданылады.

Рамасыз арқау негізі бірыңғай құйма ретінде жасалады, оның бөліктері трансмиссия механизмдерінің қартерлері болып табылады. Мұндай арқау негізі пайдалану кезінде жоғары қаттылық пен өстестігін қамтамасыз етеді, бірақ жасау кезінде технологиялық қиындылықтарына бола оның таралуы шектеулі.

Жартылай рамалы арқау негізінің конструкциясы қарапайым, ол кең тараған, әсіресе жеңіл доңғалақты тракторларда. Жартылай рамаға алдынан беріліс қорыпшасы – қозғалтқыш моноблогы қатты бекітіледі, бұл барлық конструкцияның қаттылығын жоғарылатады.


Рамалық арқау негізі рамасыз және жартылай рамалы арқау негіздерінің конструкцияларымен салыстырғанда, қаттылығы төменірек, бірақ оны дайындау оңай, әрі арзан және ол трансмиссия қартерлерінің металл сыйымдылығының төмендеуін қамтамасыз етеді.

Раманың немесе жартылай раманың элементтері әртүрлі кескінді арқалықтардан немесе құйылған білеуден жасалады. Салмағы аз болған кезде швеллер түріндегі кескіндері немесе тұйық кескіндері бар арқалықтардың беріктігі мен қаттылығы ең жоғары. Бұл рамалар жиі шынжыртабанды тракторларда қолданылады (5.2-сур.).



5.1-сур. Лонжеронды рама:

1 — лонжерондар; 2 — маңдайшалар; 3 — тартым-ілініс құрылғысы; 4 — буфер; 5 — буксир ілмектері



5.2. –сурТЛТ-100 трактордың рамасы және аспасы:

1-алдыңғы мәтке; 2 — кабинаның тіреуіші; 3-лонжерондар; 4 — аспаның түтікшелері 5 — бекітпелері; 6 — артқы белдеменің бекітпелері; 7-серіппенің қаптамасы; 8 — аспа серіппесі; 9 — күймешік тұтқасы; 10 — күймешіктің тіреуіш домалақшалары

Топсалы біріктірілген арқау негіздері екі бостандық дәрежесі бар, орталық топсамен қосылған екі жартылай рамадан тұрады. Топсалы қосылыс жолдың жазықтығында алдыңғы мен артқы жартылай рамаларға бір біріне қатысты тік өстің айналасында әр жаққа $30... 35^{\circ}$ -қа бұрылуға мүмкіндік береді. Одан басқа, артқы жартылай рама алдыңғысына қатысты көлденең бойлық өстің айналасында әр жаққа 15.20° -қа бұрыла алады. Мұндай топсалы байланыс жақсы маневрлікті, жолдың бетіне бейімделгіштікті және трактордың тұрақтылығын қамтамасыз етеді, бұл рама элементтерінің жүктелгенін төмендетуге

мүмкіндік береді. Топсалы біріктірілген рамалар ауыр доңғалақты такторларда кең қолданылады.

5.3.Автомобильдің және трактордың аспасы

Аспа деп автомобильдің немесе трактордың рамасын доңғалақтармен немесе тірек аунақпен қосатын бөлшектер жүйесін атайды. Бұл жүйе жолдың бұдырлығын басқан кезде машина элементтеріне динамикалық жүктемелерді азайтуға және жүрістің қажетгі біркелкілігін қамтамасыз етуге арналған.

Доңғалақтардың (аунақтардың) трактордың аспасымен қосылу әдісіне байланысты олар қатты, жартылай қатты және серпінді болып бөлінеді. Автомобильдерде тек қана серпінді аспалар қолданылады.

Қатты аспаларды тірек аунақтардың өстері тікелей немесе кронштейндер арқылы трактордың рамасымен қосылады. Бұл аспалар топырақ жағынан рамаға берілетін итерме мен соққыларды жұмсартпайды, сондықтан оларды тек қана ақырын жүретін жол-құрылыс және басқа шынжыртабанды машиналарды қолданылады.

Жартылай қатты аспаларда тірек аунақтар немесе доңғалақтар өстерінің бір бөлігі қатты рамаға бекітіледі, ал басқасы рамамен серпінді элемент арқылы қосылады. Мысалы, доңғалақты тракторларда алдыңғы доңғалақтар рессорланған, ал артқылары жоқ.

Серпінді аспаларда тірек аунақтардың немесе доңғалақтардың өстерін машинаның рамасымен серпінді элемент арқылы қосады.

Машиналардың аспаларына қойылатын негізгі талаптар:

беті тегіс және қатты жолдарда жүрістің жоғары бірқалыптылығын қамтамасыз ету;

машинаның тегіс емес жолдарда шекті жылдамдықпен жүру мүмкіндігі;

доңғалақтымашина тегіс емес жолмен және бұрылыстарда жүрген кезде басқарылатын доңғалақтардың шайкалу траекториясының шамалы өзгеруі;

машинаның жақсы тұрақтылығы мен өтімділігін қамтамасыз ету;

машина арқау негіздері мен доңғалақтар ауытқуларының тез өшуі;

рессорленбеген бөліктердің ең төмен массасы және жинастыру ыңғайлылығы болып табылады.

Аспалар бағыттауыш құрылғылардан, серіппелі элементтерден және ауытқуларды өшіретін құрылғылардан тұрады.

Бағыттауыш құрылғы доңғалақтардың немесе аунақтардың жылу қозғалысының сипатын (кинематикасын) белгілейді, рамаға тартым күшін, тірек жазықтығы мен машинаның рамасы арасында әсер ететін

тежеуіш пен көлденен күштерді, сонымен қатар олардың реактивтік сәттерін жібереді.

Серпінді элементтер машина тегіс емес жолмен жүрген кезде туындайтын тік динамикалық жүктемелерді жұмсартады. Осы жүктемелердің азаюы машина жүрісінің біркелкілігін жақсартады.

Басқыш құрылғы (амортизатор) аспадағы үйкеліспен бірге машинаның ауытқуына кедергі күшін құрайды және арқау негізі пен машина доңғалақтарының ауытқуын басуды қамтамасыз етеді.

Автомобильдің бұрылыстарда бүйірлік кренін азайту үшін аспаға жиі қосымша серпінді элемент — *тұрақтандырғыш* енгізіледі.

Автомобильдің кейбір аспаларында барлық үш элементтің функцияларын бір серпінді элемент орындайды. Сөйтіп, мысалы, көптеген жүк автомобильдерінде бойлық рессорлар жай ғана серпінді элемент сияқты қызмет етпей, доңғалақтардың кинематикасын анықтайды, күштердің барлық түрлерін жібереді және табак пен топсадағы үйкелістің салдарынан болғана ауытқуларды басады.

Бағыттауыш құрылғының типі бойынша тәуелді (теңгергіш) және тәуелді емес (жеке) болады.

Тәуелді (теңгергіш) аспада жолдық бұдырлығынан болған бір доңғалақтың немесе аунақтың жылжуы басқа доңғалақтың немесе аунақтың да тікелей жылжуын болдырады.

Автомобильдің тәуелді аспасын кесілмеген белдеммен бірлесе қолданады. Үш өстес автомобильдерде екінші мен үшінші өстердің аспасы теңгергіш болып жасалады, оның функциясын рессора атқарады, бұл олардың доңғалақтарына келіп тұрған тік жүктемелердің теңдігін шарттайды. Ең көп рессорлық тәуелді аспалар тараған.

Тракторлардың теңгергіш аспаларында екі және одан көп тірек аунақтардың өстері иінтіректер мен серпінді элементтердің көмегімен күймешелерге біріктіреді, олардың әр қайсын трактордың арқау негізімен топсалы қосады.

Аунақтар санына байланысты күймешелер екі, үш және көп аунақты болады. Раманың әр жағынан екі және одан көп аунақтан орнатады. Осы типті аспалар ауылшаруашылық және арнайы тракторларда кең тараған. Жартылай қатты аспалармен салыстырғанда, олардың кемшіліктері тірек аунақтар астындағы топыраққа 3-4 есе орташа мәннен асатын жоғары қысым болып табылады. 5.3-суретте шынжыртабанды тракторлардың теңгергіш аспаларының бірнеше конструкциясы келтірілген.

Ауылшаруашылық тракторларда қолданылатын конструкцияда екі тірек аунақ 1 (5.3, а сур.) және 6 2 мен 4 иінтіректердің көмегімен 5 өспен трактордық рамасымен топсалы қосылған бір күймешеге

біріктірілген. Иіңтіректер ұштарының арасында серпінді элемент 3 (серіппе) орнатылған.

5.3, б сур.-те орман өнеркәсіптік траткордың теңгергіш аспасы суреттелген. Күймеше трактордың рамасымен 8 иіңтірек арқылы топсалы қосылған қатты теңгергішпен 7 байланысты екі тірек аунақтан тұрады. Иіңтіректердің 8 астыңғы бастары трактордың рамасымен байланысты қаптама көмегімен цилиндрлік серпінді элементтерге 3 (серіппелерге) еркін тіреледі.


Өнеркәсіптік трактордың теңгергіш аспасының конструкциясында тірек аунақтар жұп-жұппен қатты теңгергішпен 11 (5.3, в сур.) күймешелерге біріктірілген. Әр күймеше көлденең торсионда бекітілген иіңтірекпен 10 трактордың рамасымен қосылған.

Тәуелсіз (жеке) аспада автомобильдің әр доңғалағы немесе трактордың аунағы (доңғалағы), екіншісіне қарамастан өз бетінше жылжыйды.

Тәуелсіз аспаның тәуелді аспамен салыстырғанда келесі артықшылықтары бар:

әр доңғалағы жол бұдырлығының кескінін жақсы көшірмелейді;
доңғалақтардың үлкен динамикалық жүрістерінің арқасында аспаның үлкен жұмсақтығы;

алдыңғы басқарылатын доңғалақтардың бұрылыс өстерінің айналасындағы бұрыштық ауытқуларға кішкентай бейімділігі.



5.3 сур..


Шынжыртабанды
тракторлардың
теңгергіш аспалары:

а — ауылшаруашылық; б —
ағаш өнеркәсіптік; в —
өнеркәсіптік; 1, 6 — тірек
аунақтар; 2, 4, 8 — иінтіректер;
3 — серпінді элемент; 5 — ось;
7 — қатты теңгергіш; 9 —
көлденең торсион; 10 —
күймешенің иінтірегі; 11 —
теңгергіш

Доңғалақтың тік жүрісінің сипатына байланысты тәуелсіз аспалар доңғалақтың көлденең жазықта (5.4 сур.), бойлық жазықта, екі жазықта (көлденең және бойлық) және бітелі (серпінді элемент осьтің бойымен) қозғалатын деп бөлінеді.

Тәуелсіз аспалар жеңіл автомобильдердің алдыңғы басқарылатын доңғалақтары үшін кең тараған. Серпінді элемент ретінде бұл аспаларда әдетте серіппелерді қолданады.

Доңғалақтары бойлық жазықтықта қозғалатын тәуелсіз аспалар бір қатар арнайы доңғалақты машиналар мен автомобильдерде қолданылады. Тәуелсіз бітелі аспалар алдыңғы доңғалақтарды рессорлау үшін жеңіл доңғалақты тракторларда қолданылады. 5.4, а сур. көрсетілген схема бойынша жасалған тәуелсіз бір иінтіректі аспалар кейбір жүк автомобильдерінде, мысалы жоталы рамасы бар автомобильдерде қолданылады.



5.4 сур. Доңғалақтың көлденең жазықтықта қозғалумен тәуелсіз аспаның кинематикалық схемалары:

а — бір иінтіректі; б — екі иінтіректі; в — иінтіректерінің ұзындықтары әртүрлі екі иінтіректі; h — доңғалақтың ең жоғары көтерілуі; Z — доңғалақта жолдың тік реакциясы; Y — доңғалақтың айналу жазықтығының еніс бұрышы; Δ — доңғалақ жылжыған кезде табанның өзгеруі

5.4, б, в сур.-тегі схемаларда көрсетілген тәуелсіз екі иінтіректі аспалар жеңіл автокөліктерінде және бір қатар доңғалақ машиналарда кең қолданылады.


Доңғалақтың көлденең жазықтықта жылжыйтын тәуелсіз аспаның схемасынан көрініп тұрғандай, иінтіректердің ұзындықтары әртүрлі екі иінтіректі аспа (5.4, в сур.) басқа аспаларға (мысалы, 5.4, а мен б сур. келітірілген аспаларға) қарағанда, жақсырақ, өйткені доңғалақтың айналу жазықтығының шамалы Y еніс бұрышын және оны барынша көтерген h кезде табанның ең төмен Δ өзгеруін қамтамасыз етеді. Табанның кейбір өзгеруі Δ құрсымның серпінділігімен өтеледі, нәтижесінде протектордың тозуы рұқсат етілген шамадан аспайды.

Тракторлардың жеке аспаларында әр тірек аунақтың осьтері иінтіректер мен серпінді элементтердің жүйесі арқылы трактордың рамасымен қосылған. Негізінен аунақтың бойлық жазықтықта жылжыйтын тәуелсіз немесе бітелі аспалар қолданылады. Теңгергіш аспаларда сияқты, олардың серіппе салынбаған бөліктерінің салмағы аз, машинаның жоғары жылдамдықтарда біркелкі қозғалуын және жоғары тартым-ілініс сапаны қамтамасыз етеді.

Серпінді элементінің типі бойынша аспаларды металл серпінді элементтермен (рессорлық, серіппелі, торсионды), пневматикалық және гидропневматикалық жасайды.

Автомобильдер мен тракторлардың басым бөлігінің металл серпінді элементтерімен, бастысы рессорлық және серіппелі аспалары болады.

Рессорлық тәуелді аспа жартылай эллипстік рессордан 24 (5.5 сур.) және бекіту түйіндерден тұрады. Серпінді элементтер



5.5 сур. Автомобильдің рессорлық тәуелді аспасы:

1 — алдыңғы кронштейн; 2 — рессора құлақшағының саусағы; 3 — құлақшаның төлкесі; 4 — рессордың құлақшасы; 5 — майсауыт; 6 — құлақшаны бекіту бұраны; 7 — тоқтатқыш бұраны; 8 — құлақшаның бастырмасы; 9 — қамытт; 10 — рессордың буфері; 11 — амортизатордың кронштейні; 12 — амортизатор; 13 — рессордың артқы кронштейні; 14 — түпкілікті парақты бастыру; 15 — төрткілшенің саусағы; 16 — төрткілше; 17 — ішпек; 18 — тарту бұраны; 19 — төлке; 20 — рессордың бастырмасы; 21 — рессордың асылмалы басқышы; 22 — рессордың төсемі; 23 — сұққыш; 24 — жартылай эллипстік рессора

автомобильдің бойында орналасқан. Жартылай эллипстік рессора 24 ортасында автомобильдің рессорленбеген бөлігіне (белдемге) тіреледі, ал ұштарымен оның серіппе салынған бөлігімен (рамамен) топсалы байланысты.

Рессордың табактарын құрастырған кезде оны тікелей автомобильдің белдеміне бекіткен кезде асылмалы басқыштармен тартады. Кейбір конструкцияларда рессорды орталық бұранмен тартып қояды.

Рессорда табақтар саны көп болған сайын, осы жүктеу кезінде ол жұмсағырақ болады. Рессорлық табақтар бір біріне қатысты бүйірге жылжымас үшін, қамыттарды 9 қолданады. Құрастыру алдында рессорлық табақтарды арасындағы үйкелістің азайту үшін майлайды.

Жүкпен және жүксіз жүрген кезде рессорға жүктеменің айырмашылығы шамалы болатын жүк көліктерінде рессоржастанғыны қолданады. Конструкция бойынша рессоржастанғылар рессорға ұқсас, бірақ өлшемі кішірек. Рессоржастанғыны негізгі рессордың не үстінен, не астынан орналастырады.

Рессорлардың ұштары рамаға алдыңғы 1және артқы 13 кронштейндермен бекітіледі. Алдыңғы ұшы құлақша 4 мен сұққы 2 арқылы алдыңғы кронштейнге 1 бекітілген. Рессора жүктеу кезінде еркін деформациялануы үшін, оның артқы ұшы сырғанақ болып жасалады, тірек болып төрткілшелер 16 қызмет етеді.

Табақша рессорлардың кемшіліктеріне үлкен массаны және ұзақ жүктеме кезінде табақшаларда туындайтын үлкен кернеулермен шартталған жеткіліксіз төзімділігін жатқызған жөн.

Табақша рессорлардың негізгі артықшылығы — конструкция мен қызмет көрсету қарапайымдылығы. Одан басқа, рессорда табақшалар арасындағы үйкелістің болуы жеке жағдайларда амортизаторларды орнатпауға мүмкіндік береді, бұл негізгі талаптар конструкцияның қарапайымдылығы мен оның төмен бағасы болып табылған кезде қолданылады.

Жүк көтергіштігі орташа жеңіл мен жүк автомобильдерінде ең көп доңғалақтардан рамаға рессор арқылы барлық күштерді жіберумен жетекші белдемнің рессорлық аспасы қолданылады. Жүк көтергіштігі үлкен жүк автомобильдерінде рессор әдетте арнайы итергіш (реактивтік) штанга арқылы жіберілетін итерме күштерді жіберуден бос.

Серіппелі аспа ең бастысы, шынжыртабанды тракторлар (5.3, а, б сур. қар.) мен жеңіл автомобильдердің тәуелді және тәуелсіз аспаларында қолданылады.

Серіппелер табақша рессорлармен салыстырғанда, үлкен үлестік энергосыйымдылыққа, демек, аз салмағына, едәуір төзімділікке және жасау қарапайымдылығына ие.


Торсиондық аспа рессорлық пен серіппелі аспалардан сирек қолданылады және автомобильдерде, сол секілді тракторларда да орнатылуы мүмкін (5.3, в сур. қар.).

Торсион бұрауға жұмыс істейді және конструкциясы бойынша өзектік, түтікше немесе тілімше болады.

Пневматикалық аспалар — бұл резеңке-корд екі қабат қабықтан 2 (5.6 сур.), айырғыш сақинадан 3 және қысқыш сақинадан 1 тұратын екі секциялы дөңгелек баллондар болып келетін серпінді элементтер. Қабықтың корды капрон немесе нейлон матадан жасалады.

5.6 сур.. Пневматикалық серпінді элемент:

1 — қысқыш сақина; 2 — қабық; 3 — айырғыш сақина



Пневматикалық баллондар да телескопиялық типті бола алады. Домалақ баллондардың артықшылығы жаппай өндіру кезіндегі ыңғайлы пішіні, көлемін жақсы қолдану, жоғары жүк көтергіштігі мен оңай герметизациясы болып табылады. Баллондық серпінді элементтердің ортақ кемшілігі – салыстырмалы үлкен қаттылығы.

Пневматикалық серпінді элементтер, ең бастысы, жүктемелері кең шекте өзгере беретін автомобильдердің аспаларында қолданылады (автобустар, түсіргіш-автомобильдер). Қажет болған кезде пневматикалық серпінді элементтер пневможүйеге қосылуы мүмкін, ол баллондардағы қысымды өзгертуге және сонымен шанақтың күйін немесе аспаның қаттылығын өзгертуге мүмкіндік береді. Шанақ күйінің автоматты тұрақтандыруы аспалардың динамикалық жүрісінің тұрақтылығын қамтамасыз етеді, нәтижесінде автомобиль жүрісінің біркелкілігі жақсарады, оның тұрақтылығы өседі және құрсымдардың тозуы азаяды.


Гидропневматикалық аспаларда диафрагмалық серпінді элементтер кең қолданылады. Цилиндр 10 (5.7, а сур.) автомобильдің серіппе салынған бөлігімен, ал піспек 3 итермелегіш 1 арқылы — серіппе салынбаған бөлігімен байланысты. Қысылған азот А үстінгі жарты шар 5 мен диафрагма 7 арасындағы кеңістікте қамтылған. Қысылған азот аспалардың серпіндігін қамтамасыз етеді. Осы кеңістіктегі азоттың қысымы доңғалаққа жұмыс жүктемесімен анықталады. Диафрагманың шеттері болат сақиналармен арқауланған. Цилиндрдің 10 ішінде және астыңғы жарты шарда 8 піспектен 3 диафрагма 7 арқылы газға (азотқа) күш жіберетін сұйықтық (май) орналасқан. Баллондық серпінді элементтермен салыстырғанда

диафрагмалық серпінді элементтер автомобильдің жеке ауытқу жиілігін шамамен 2 есеге азайтуға мүмкіндік береді.

Реттелетін гидропневматикалық аспаның диафрагмалық серпінді элементтің жұмыс істеудің кинематикалық схемасы 5.7, б сур. көрсетілген. Сорап 2 бәктен 1 қысым аккумуляторына 3 жұмыс қысымын жібереді, одан ол айдамалау арна арқылы айыру диафрагмасы астындағы қуысқа түседі. Диафрагманың үстінде қысылған газ (ауа немесе азот) бар. Егер аккумулятордағы қысым берілген мәннен асып кетсе, жұмыс сұйықтығының бір бөлігі аккумулятордың редуциялық клапаны арқылы бәкке қайтып барады. Аккумулятордан жұмыс сұйықтығы оң мен сол доңғалақтардың шанақ биіктігі тұрақтылығының реттеуіштеріне 4 және содан соң аспаның гидропневматикалық диафрагмалық серпінді элементке 5 түседі. Аспаның серпінді сипаттамасын гидропневматикалық серпінді элементінің диафрагмасы астына түсетін жұмыс сұйықтығының қысымын реттеп өзгертуге болады.

Ауытқулар туындаған кезде жұмыс сұйықтығы амортизатордың клапандық жүйесі 6 арқылы өтіп, автомобиль шанағы мен доңғалақтарының ауытқуын басады.

Серпінді элементтерді жетілдіру саласындағы негізгі бағыт энергосыйымдылығы үлкен және сипаттамасы сызықтық емес аз габаритті серпінді элементтерді іздестіру болып табылады.



5.7 сур.. Гидропневматикалық аспа:

a — диафрагмалық серпінді элементтің құрылысы: 1 — итермелегіш; 2 — ағып кетулерді қайтару арнасы; 3 — піспек; 4 — сұйықтықты әкелу арнасы; 5, 8 — үстінгі мен астынғы жарты шарлар; 6 — толтыру тесігінің тығыны; 7 — диафрагма; 9 — амортизатордың клапаны; 10 — цилиндр; 11 — төрткілше; 12 — тығыздау жинағы; 13 — тығыздау қабы; А — азот; *б* — басқарудың кинематикалық схемасы: 1 — бак; 2 — сорап; 3 — қысым аккумуляторы; 4 — реттегіш; 5 — диафрагмалық серпінді элемент; 6 — амортизатордың клапандық жүйесі; —»— сұйықтықтың қозғалу бағыты

Амортизаторлар автомобильдің шанағы мен доңғалақтарының ауытқуын механикалық энергияны жылу энергиясына айналдыру арқылы басуға арналған. Жүк көліктерінде гидравликалық амортизаторлар қолданылады, олардың жұмыстары тұтқыр жұмыс сұйықтық тесіктер арқылы өткен кезде оның кедергісін қолдануға негізделген. Соңғы уақытта жеңіл автомобильдерде газ амортизаторлары кең қолданылатын болды.

Амортизаторларға қойылатын негізгі талаптар келесі:

ауытқуларды басу тиімділігі;

автомобиль әртүрлі жол жағдайларында және қоршаған ортаның әртүрлі температураларында қозғалған кезде қимылдарының тұрақтылығы;

шағын габариттік өлшемдер мен салмағы;


жоғары төзімділігі.

Амортизаторлар сығылу k_c және қайтарма k_o жүрістері кезінде кедергі коэффициенттерінің арақатынасы бойынша және түсіру клапандардың болуы немесе болмауы бойынша ерекшеленеді. Амортизаторлар симметриялық ($k_c = k_o$) симметриялық емес ($k_c < k_o$)

сипаттамаларымен екі жақты әрекет ететін және бір жақты әрекет ететін (ко « 0) болады.

Қазіргі уақытта симметриялық емес сипаттамасы мен түсіру клапандары бар екі жақты әрекет ететін амортизаторлар ең көп тараған, олардың кедергі күші сығылу жүрісі уақытында қайтарым жүрісі кезіндегіден қарағанда баяу өседі.

Конструктивтік белгілері бойынша амортизаторлар иінтіректі және телескопиялық болып бөлінеді (5.8 сур.), олар автомобиль жасауда ең



5.8 сур.. Телескопиялық амортизатор:

а — қайтарым жүрісі; б — сығылу жүрісі; 1 — астыңғы баутесік; 2, 7, 10, 14 — тесіктер; 3 — жұмыс цилиндрі; 4, 13 — серіппелер; 5 — амортизатордың піспегі; 6 — қайтарым клапаны; 8 — сояуыш; 9, 11 — қайта қосу және ішкі клапандары; 12 — сығылу клапаны; П — амортизатордың қуысы; ➔ — сояуыштың қозғалыс бағыты; ➔ — сұйықтықтың қозғалыс бағыты

көп тараған. Телескопиялық амортизаторлар сұйықтықтың қысымы 6...8 МПа болған кезде жұмыс істейді, ал иінтіректі амортизаторларда ол 25.40 МПа құрайды. Иінтіректік амортизаторлармен салыстырғанда телескопиялық амортизаторлардың салмағы екі есе аз, олардың конструкциясы қарапайымдау және төзімділігі жеткілікті жоғары.

Ауытқу процесстерінен және доңғалақтардың микробұдырлығы бар бетте тербелуінен туындаған серіппе салынған және салынбаған массалардың салыстырмалы жылжуы нәтижесінде машина қозғалған кезде, піспек 5(5.8, а сур.) амортизатордың жұмыс цилиндрінде 3 жылжыйды.

Ең үлкен кедергіні амортизатор қайтарым жүрісі, яғни созылған кезде көрсетеді. Ароматизатордың піспегі 5 үстіге жылжыйды және піспек үстіндегі сұйықтық сығылады. Бұл ретте қайта өткізу клапаны 9 жабылады, және сұйықтық піспектегі тесіктердің ішкі қатары 7 арқылы серіппемен 4 қысылған қайтарым клапанына 6 түседі, оны ашып, піспек астына түседі. Сығу клапанның тұрқысында орналасқан ішкі клапан 11, амортизатордың П қуысынан тесік 2 арқылы жұмыс цилиндріне 3 сояуыштың 8 цилиндрден шығарылатын бөлігіне тең көлемде сұйықтықты өткізеді.

Сығу жүрісі кезінде (5.8, б сур.) піспек пен сояуыш астыға қарай жылжыйды, сұйықтықты тесік 10 және клапан 9 арқылы піспектің астынан піспек үстіндегі кеңістікке ығыстырады. Бұл ретте сояуыштың 8 көлеміне тең сұйықтық калибрленген тесіктер 14 арқылы резервуарға ығыстырылады. Піспектің жылжу жылдамдығы жоғары болған кезде, сұйықтықтың өскен қысымы серіппелердің 13 күшінен асады, сығылу клапаны 12 ашылады, бұл амортизатордың кедергісінің төмендеуімен сүйемелденеді.

Автомобиль аспаларының сипаттамасы аспаның деформациясынан – майысудан / доңғалақ осьтің қозғалысы бойынша өлшенген доңғалаққа тік жүктеменің Z тәуелділігі болып келеді. Аспалардың мүмкін сипаттамасының мысалы түрі 5.9 суретте көрсетілген.

Серпінді элементінің параметрлері:

статикалық жүктемеге ZCT сәйкес келетін *статикалық иілім*/m;


үстінгі /Лв және астыңғы /лн шектеуіштерге дейін *динамикалық иілім* (жүріс шектеуіштің иілімін қоса алғанда);

аспалардың қаттылығы сп;

динамикалық коэффициенті кд.

Ауытқулардың жеке жиілігі аспалардың статикалық иіліміне /ст байланысты.

Статикалық иілімнің жеңіл автомобильдер мен автобустар үшін кемінде 80. 250 мм, жүк автомобильдері үшін 80.120 мм және тракторлар үшін 15.35 мм құрғаны жақсы.



5.9-сур. Автомобиль аспаларының сипаттамасы:

Z — жүктеме; Z_{max} — ең үлкен жүктеме; Z_{CT} — статикалық жүктеме; f — иілім; $f_{д.н}$ — динамикалық иілім иілімнің астыңғы шектеуішіне дейін; $f_{д.в}$ — динамикалық иілім иілімнің үстінгі шектеуішіне дейін; f_{CT} — аспалардың статикалық иілімі; штрихталған аймақ аспалардың ең үлкен динамикалық әлеуетті энергияны сипаттайды. Қайтарма $\longleftrightarrow$ Сығылу

Аспаның қаттылығы сп бұл тік жүктеменің Z аспаның деформациясына (иілімге) f арақатынасы

$$c_n = \frac{Z}{f}$$

Аспаның қаттылығы тұрақты немесе, 5.9 суретте көрсетілгендей, ауыспалы болуы мүмкін, тиісінше аспалардың сипаттамалары да бұл жағдайда тура сызық болып табылмайды.

Динамикалық коэффициенті k_d — бұл аспаға әсер етуі мүмкін ең үлкен жүктеменің Z_{max} статикалық жүктемеге Z_{CT} арақатынасы:

$$k_d = \frac{Z_{max}}{Z_{CT}}$$

Коэффициент k_d кішкентай болған кезде жүріс шектеуішіне жиі соққылар байқалады («аспаның тесілуі»); оның мәні жоғары болған кезде аспа үлкен амплитудамен тербелген және динамикалық жүрістің шамасы шектелген жағдайда өте қатты болады. Тәжірибе көрсетіп отырғандай, автомобиль тегіс емес жолмен жүрген кезде, $k_d = 2 \dots 3$ болғанда, аспа арқылы берілетін динамикалық жүктемелер жүріс шектеуішіне сирек соққыларды болдыратын болады.

Аспалардың жүрістің шектеуішіне соққыларсыз жұмыс істеу қабілеті туралы аспаның динамикалық энергосыйымдылығы бойынша айтады. 5.9-суретте штрихпен аспаның ең үлкен динамикалық әлеуетті энергиясына, яғни оның динамикалық энергосыйымдылығына сәйкес келетін аудан белгіленген. Аспалардың динамикалық энергосыйымдылығы жоғары болған сайын, автомобиль тегіс емес жолмен жүрген кезде шектеуішке соққылардың ықтималдығы төмен болады.

5.4. Доңғалақты қозғағыш

Доңғалақты қозғағыш машинаның қозғалуын қамтамасыз ету, автомобильдің немесе доңғалақты трактордың жетекші белдемнен тірек бетке күш пен сәттерді жіберу үшін, сондай-ақ жолдың бұдырлығынан болған машинаға динамикалық жүктемелерді төмендету үшін қызмет етеді.

Доңғалақтар тағайындалуы бойынша жетектегі, жетекші және басқарылатын болып бөлінеді. Доңғалақтарға қойылатын негізгі талаптар, — бұл тербеліс кезінде энергияның ең төмен шығыны, машина қозғалысының курстық төзімділігі, ең төмен соғу мен дисбаланс, жоғары беріктік.

Машиналардың доңғалақтары дискілі мен дискісіз, тоғыны бөлшектенетін және бөлшектенбейтін болады. Доңғалақтары да габариттік өлшемдер мен жүк көтергіштігі бойынша ерекшеленеді.


Дискілі доңғалақтың конструкциясында арнайы кескіні бар тоғын 4 (5.10 сур.) пневматикалық құрсымды 1 орнату үшін қызмет етеді.

Тоғын терең немесе жалпақ болуы мүмкін. Терең тоғынды жеңіл автомобильдер мен жүк көтергіштігі аз жүк автомобильдерінің доңғалақтарына жасайды. Терең тоғынның ерекшелігі құрсымның монтажі мен демонтажын жеңілдететін оның орта бөлігіндегі ойықтың болуы болып табылады.

Тоғыны жалпақ доңғалақтар көптеген жүк автомобильдерінде қолданылады. Жалпақ тоғынның ажырамайтын шешілмелі борттық сақинасы 2 және оны ұстап тұратын серіппелі сақинасы 3 бар. Мұндай

5.10 сур.. Автомобильдің дискілі
доңғалағы:

1 — пневматикалық құрсым; 2 —
борттық сақина; 3 — серіппелі
сақина; 4 —
тоғын; 5 — диск конструкция
құрсымның монтажі мен
демонтажын жеңілдетеді. Диск 5
тоғынды 4 доңғалақтың күпшегімен
қосады.



Дискісіз доңғалақтар шабақты немесе барабандық күпшектермен жасалады. Шабақты күпшектердің бес-алты шабағын доңғалақтың дискілері алмастырады. Әр шабақтың ұшында 4 (5.11, а сур.) тоғынды 1 (әдеттегі бөлшектенетін) орнату және бекіту үшін қызмет ететін конустық беттері бар. Көлдеңен жылжып кетуден доңғалақ бірнеше қысқыштармен 3 ұсталады. Қысқыштардың шпилькалары 2 диаметрі дискілі доңғалақтардан көрі шеңбер бойынша орналасқан, сондықтан олар азырақ жүктелген. Барабандық күпшектер жүк көтергіштігі үлкен жүк автомобильдерінде қолданылады. Доңғалақтың тоғыны 1 (5.11, б сур.) барабанның 5 конустық бөлігіне отырғызылған. Доңғалақтардың бекітілуі шабақты күпшектерде сияқты.

Дискісіз доңғалақтардың дискілі доңғалақтармен салыстырғандағы негізгі артықшылықтары конструкцияның қарапайымдылығы, төмендеу бағасы мен салмағы, сондай-ақ монтаждау-демонтаждау жұмыстарының ыңғайлығы болып табылады.


Өтімділі көтеріңкі және жоғары машиналарда кескіні кең, ауа қысымы төмен және ауыспалы құрсымдарды монтаждауға арналған, арнайы мақсаттағы доңғалақтар қолданылуы мүмкін. Доңғалақтың қысымы реттелетін құрсымдар үшін арнайы мақсаттағы доңғалақтар әдеттегі және кеңейтілген кескінді болады.

Доңғалақтарда монтаждalған құрсым машинаның жолда тербелуін қамтамасыз етеді, бұдырлардан итермелерді жұмсартады және

автомобиль жүріп келе жатқан кезде тербелмелі процесс энергиясының шашырауына себепші болады.

Шиналар:

- мақсаты бойынша — жеңіл, жүк автомобильдері және тракторлар үшін;
- кескін түрі бойынша — әдеттегі (тороидті), кең кескінді, арқалы және пневмоаунақтар;



5.11-сур. Шабакты (а) және барабандық (б) күшшектері бар автомобильдің дискісіз доңғалақтары:

1 — тоғын; 2 — шпилька; 3 — қысқыш; 4 — шабак; 5 — атанақ

- ішкі қысым бойынша — жоғары қысымды (0,45 МПа аса), төмен (0,15...0,45 МПа), асатөмен (0,05...0,15 МПа) және реттелетін қысымды;
- протектордың суреті бойынша — жол, әмбебап және өтімділігі жоғары;
- ішкі қуысты герметизациялау әдісі бойынша — камералы және камерасыз;
- жұмыс істеу әдісі бойынша — ауаның реттелмейтін және реттелетін қысымымен;
- қаңқасының конструкциясы бойынша — диагональдік, радиалды, қаңқасыз болып жіктеледі.

Шиналар:

- қозғалыстың есептік жылдамдығын;
- есептік жүк көтергіштігін;
- жолмен жоғары іліністі;
- жоғары жылуға төзімділігін;

- төмен ішкі шығындар мен тербеліске кедергіні;
- жоғары беріктік мен тозуға төзімділігін;
- қозғалу инерциясының шағын сәтін;
- ең төмен соғу мен дисбалансты;
- протектордың жақсы тазартқыштығын;
- топыраққа төмен қысымды қамтамасыз етуі тиіс.

Жалпы мақсаттағы құрсымдар үшін сандық белгілеу қолданылады: бірінші саны — кескіннің ені В, мм; екінші — тоғынның отырғызу диаметрі d, мм; жақшада — сол белгілеулер дюйммен. Мысалы, 220/508 (7,5/20) немесе 320R508 (12R20), мұнда R әрпі құрсымның радиалдық конструкциясын белгілейді.

Кең кескінді және тракторлық құрсымдардың белгіленудің ерекшеліктері болуы, тоғынның ені, корд жіптерінің орналасуы, сыртқы диаметрің өлшемі және т.б. туралы нұсқауларды қамтуы мүмкін. құрсымның бүйірінде шартты индекстер түрінде өндіруші зауыт, құрсымның реттік нөмірі, шығарған күні, құрсымның конструкциясы, құрсымның параметрлері туралы ақпарат дәне басқ. көрсетіледі.

Доңғалақты трактордың төмен және аса төмен қысымды құрсымдары болады, олар жетекші және бағыттауыш доңғалақтар үшін құрсымдарға бөлінеді. Тракторлық типтік барлық құрсымдар 35 км/сағ дейін жылдамдықпен жұмыс істеуге арналған. Жетекші доңғалақтардың тракторлық құрсымдары доңғалаққа жүктемені қабылдауы, айналу сәтінің берілісін қамтамасыз етуі және тартым күшін құруы тиіс. Бағыттауыш доңғалақтардың құрсымдары, жүктемені қабылдаудан басқа, доңғалақтардың жақсы басқарушылығын қамтамасыз етуі тиіс. Әртүрлі мақсаттағы тракторлық тіркемелерде көтергіш доңғалақтарды қолданады.


Әдеттегі (тороидті) құрсымдар жол автокөліктерінде кең қолданылады және камералы пен камерасыз орындауда шығарылады.

Камералы тороидті құрсымдар шеннен, камерадан және камера астына тоғынға кигізілетін тоғын таспасынан тұрады. Шеннің негізгі конструкциялық элементтеріне корд қабаттарынан қалыптасқан қаңқа 5 (5.12, а сур.); протектор 1, жастықша қабат (брекер) 2, қапталдан 6 және борттарға жеткілікті механикалық беріктігін беру үшін екі борттық сымды сақиналардан 7 тұрады. Борттың тақасы 8, негізі 9 және тұмсығы 10 доңғалақ дискісіне шеннің отырғызу беттері болып табылады.

Қаңқа 5 айқыш-ұйқыш жиналған қалыңдығы 1,0... 1,5 мм резеңкеленген кордтың бірнеше қабатынан тұрады. Жеңіл автомобильдерінің құрсымдары үшін корд қабаттарының саны 4 — 6,

жүк автомобильдері мен автобустардың құрсымдары үшін — 6 —14 құрайды. Қаңқа негізгі жүктемені көтереді және оның сапасына құрсымның беріктігі, иілгіштігі, тозуға төзімділігі және басқа сапалары да байланысты. Кордтың жіптері үшін мақта талшықтары, вискоза, синтетикалық материалдар (нейлон, капрон, перлон және басқ.) және болат сым (металлокорд) қолданылады.

Протектор 1 берік, қатты, тозуға жақсы шыдайтын резеңкеден жасалады. Протектордың бетінде бедері бар (3 поз. — протектордың суреті қар.), төменге қарай бұнақ асты қабаты 4 жатыр. Протектордың суреті құрсымның жолмен жақсы ілінісуін қамтамасыз етуі тиіс. Жамылғысы қатты жолдар үшін ұсақ симметриялық немесе асимметриялық суретпен протектор қолданылады. Аралас типтік жолдар үшін проектордың әмбебеп (құрама) суреті жақсырақ болады.



5.12 сур. Пневматикалық құрсымның шені:

а — шеннің конструкциясы; б — шеннің геометриялық параметрлері; 1 — протектор; 2 — жастықша қабат (брекер); 3 — протектордың суреті; 4 — бұнақ асты қабат; 5 — қаңқа; 6 — қаптал; 7 — борттық сым сақинасы; 8 — борттық тақасы; 9 — борттың негізі; 10 — борттың тұмсығы; I — борт; II — бүйір қабырғасы; III — протектордың иін аймағы; А— тоғынның ені; В— кескіннің ені; t— бүйір қабырғаларының қалыңдығы; Н— құрсым кескіннің биіктігі; D— құрсымның диаметрі; d— дискінің диаметрі

Жаман жолдарда суреттері ірі құрсымдар қолданылады (топыраққа ілгек).

Брекер қалыңдығы 3...7 мм қаңқаға соққы жүктемелерді жұмсартады. Жұмыс процесінде ол қатты ысады (120 °С дейін),

сондықтан оны жасау үшін кордтың температураларға төзімді маркаларын (вискозды және полиамидті) қолданады.

Камералар құрамында табиғи немесе синтетикалық каучуктың көп мөлшері бар (40.50%) жоғары беріктікті резеңкеден жасайды.

Тороидті құрсымдарды камерасыз орындауда шығарады. Төмен жылу кернеулілігінің есебінен, олардың жоғары ілінісу коэффициенті бар және олар қозғалыстың жоғары қауіпсіздігін қамтамасыз етеді.

Камерасыз тороидті құрсымдар камералы құрсымдардан тығыздалған борттық резеңкенің және кейбір құрсымдарда өзі жабысатын болып жасалатын, қалыңдығы 1,5.3,0 мм ішкі герметизациялау қабатының болуымен ерекшеленеді. Жақсы жылумен алмасу мен жоғары беріктігі камерасыз құрсымдарды қозғалыстың жоғары жылдамдықтарында пайдалануға мүмкіндік береді, осы құрсымдардың қызмет ету мерзімі, камералық құрсымдарға қарағанда, шамамен 20 %-ға көбірек.

Әлемдік автотрактор жасауда қуаты мен жүкөтергіштігі үлкен машиналарда металокордтары бар құрсымдарды қолдану тенденциясы байқалады. Болат кордтың жоғары беріктігі мұндай құрсымдардың бір қатар артықшылықтарын қамтамасыз етеді: корд қабаттарының аз саны (қаңқада сегіз-он төрт корд қабатының орнына екі-төрт), қаңқасы жұқсалау, ілінісу коэффициенті жоғары, жылу өтімділігі жылуға төзімділігі жақсырақ. Металл кордпен құрсымдардың қызмет ету мерзімі әдеттегі құрсымдарға қарағанда, 2 есе көп. Әлемнің жетекші құрсым өндірушілері ауыр жағдайларда жұмыс істейтін тракторлар үшін жаңа арнайы жоғары төзімді материал – кевлармен арқауланған құрсымдарды шығарады. Сынаулардың деректері бойынша, кевлармен арқауланған құрсымдар металлкордпен арқауланған құрсымдарға қарағанда, шамамен 2 есе мықтырақ.

Әр түрлі күрделі жол жағдайларында автомобильдің жұмыс істеу тиімділігі қысымы *реттелетін құрсымдарды* қолданудан едәуір жоғарылайды. Мұндай құрсымдардың кеңейтілген кескіні (20 . 40 %-ға), төмендетілген қаттылығы және жақсы иілгіштігі бар. Бұл құрсымдардың жақсы жылуды әкету үшін канавкалары бар тереңдігі 20.30 мм топырақ ілгектері бар. Автомобиль мұндай доңғалақтармен жолсыздық жағдайында құрсымдардың қысымы төмендетілген болған кезде кішкентай жылдамдықпен жүре алады. Жамылғысы қатты жолдарда құрсымдағы қысымды қалыпты шамаға дейін жоғарылатқан жөн. Оған ауа қысымын орталықтандырылған реттеу жүйесімен қол жеткізіледі.

Қысымы реттелетін кең кескінді құрсымдар камерасыз орындауда ерекше болады. Кең кескінді құрсымдарды әзірлеу және өндіру екі

бағытта жүргізіледі: толық жетекті автомобильдердің өтімділігін жоғарылатуға арналған ауыспалы қысыммен кең кескінді құрсымдар және артқы белдемінің қосарланған доңғалақтарын ауыстыру үшін кең кескінді құрсымдар.

Әдеттегі (тороидті) құрсымдармен салыстырғанда кең кескінді құрсымдардың бір қатар артықшылықтары бар: салмағы төмендеу (15...25 %-ға), жанасудың үлкен ауданы есебінен жолменжақсы ілінісуі, қаттылығы, ішкі қысымы және қозғалысқа кедергісі төмендеу. Мұндай құрсымдарды қолдану жүк көтергіштікті жоғарылатуға, үнемділігін арттыруға, машинаның өтімділігін жоғарылатуға және қозғалыстың жоғары қауіпсіздігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Арқалы құрсымдар жолсыздық және аралас жолдар жағдайында жұмыстың жоғары тиімділігі мен үнемділігін қамтамасыз етеді, әдеттегі құрсымдардан кескіннің үлкейтілген енімен ерекшеленеді және сирек орналасқан дамыған топыраққа ілгектерімен протектордың суреттері бар. Арқалы құрсымдардың тірек аудандары әдеттегі қосарланған құрсымдардың тіректерінің жалпы ауданынан 2,5 — 4 есе көп, дегенмен арқалы құрсымдар трансмиссияда, әсіресе жамылғысы қатты жолдарда жүктемені үлкейтеді.

Пневмоаунақтар өтімділігі жоғары автомобильдер мен арнайы машиналар үшін қолданылады, олар көтергіш қабілеті төмен деформацияланатын топырақтарда (қар, құрғақ құм, торф және басқ.) жұмыстың тиімділігін арттырады. Пневмоаунақтардың жұқа-қабырғалы қабығы, жанасудың үлкен ауданы және төмен қысымы (0,01... 0,07 МПа) болады.

5.12, б суретте көрсетілген құрсымның геометриялық өлшемдерінің арақатынастары конструкторлық орындалуына байланысты (5.1-кесте).

Шинаның жұмысы резеңке мен ауаның деформациясымен, демек, негізінен жүріп келе жатқан машинаның тербелі амплитудасы мен жиілігіне, сондай-ақ қоршаған ортаның температурасына байланысты гистерезистік шығындармен сүйемелденеді.

Өртүрлі конструктивтік орындаудағы құрсымдардың геометриялық өлшемдерінің арақатынасы

Шинаның типі	H/B	A/B	D/d	B/D
Тороидті	0,9..1,06	0,45..0,65	1,8...2,6	0,2..0,3
Кең кескінді	0,5...0,9	0,8..0,9	2,0...3,0	0,35...0,45
Арқалы	0,3...0,5	0,9...1,0	2,0...2,5	0,5...0,7
Пневмоаунақ	0,2...0,3	-	3,0...5,0	0,6...1,5

* Арақатынастардың өлшемсіз шамалары құрсымдардың геометриясын сипаттайтын сызықтық өлшемдерді (миллиметрмен) бөлген кезде алынған: H — кескіннің биіктігі; B — кескіннің ені; A — тоғынның ені; D, d— құрсым мен дискінің диаметрі.

Өзінің тағайындалуы бойынша құрсым жолдың бұдырлығымен жүрген кезде итермелер мен соққылардың энергиясын сіңіріп алуы, жүрістің біркелкілігін жақсартуы, жүкті сақтау үшін динамикалық жүктемелерді төмендетуі тиіс. Машинаның қозғалысына кедергі құрсымның материалындағы, оның жол бетімен жанасу жерлерінде үйкеліске және аэродинамикалық процесстерге кететін энергия шығындарына едәуір байланысты. Машина жамылғысы қатты жолмен жүріп келе жатқан кезде, құрсымдағы жалпы шығындардың 90...95 % құрсымның материалындағы үйкеліске келеді.

Шинаның төзімділігі жүктеме, жұмыс жылдамдығы, жанама тартым күші, жолдың түрі, ауаның қысымы және басқ. сияқты факторларға тікелей байланысты. құрсымға жүктеме рұқсат етілген шамадан жоғары өскен сайын, құрсымдағы ішкі қысымды қалпытымен салыстырғанда, жоғарылатқан немесе төмендеткен кезде, қозғалу жылдамдығы жоғарылаған және жолдың сапасы нашарлаған сайын, құрсымның қызмет ету мерзімі төмендейді. құрсымның тозуының жанама тартым күшіне тәуелділігі байсалды болады. құрсымның тозу процесіне белгілі әсерді машинаны жүргізу техникасы да көрсете алады. Сөйтіп, дұрыс басқармаған кезде, орнынан кенеттен қозғалу салдарынан құрсымның тозуы машинаны білікті басқарумен салыстырғанда, 30-40 есе өсуі мүмкін.

Шинаның сипаттау үшін бір қатар бағалау көрсеткіштері қолданылады. Автотракторлық құрсымдардың негізгі бағалау көрсеткіштеріне жанасудың шартты көлемін, құрсымның ПӘК,

бүйірлік соққы коэффициентін, топыраққа орташа қысымды және басқ. жатқызады.

Шинада қысым, радиалдық жүктеме, жанама күш салу мен құрсымның өлшемі өскен сайын бүйірден әкету коэффициентінің мәні жоғарылайды. құрсымның топырақпен ілінісу коэффициенті құрсымның конструкциясы мен материалына, доңғалаққа жүктемеге, жанасудың шартты ауданына, қозғалу жылдамдығына, тұрып қалудың рұқсат етілген коэффициентіне және топырақтың қабілеттеріне байланысты. Ілінісу коэффициенті беті асфальтталған ылғалды жолдарда қозғалу жылдамдығы өскен кезде өте қарқынды төмендейді. Мұз бен қар басқан жолдарда ілінісу коэффициентін жоғарылату мақсатында құрсымдарға металл тиектерді орнатады немесе ысытылған шиыршық болат сымы бар протекторды қолданады. Тиектері бар құрсымдар машинаның бұрылыстарда, бүйір желдерде және жолдың көлденең еңісінде тұрақтылығын жоғарылатады, сырғанақ жолдарда тежеу жолын кемінде 2 есе қысқартады, сонымен қозғалыс қауіпсіздігін едәуір жоғарылатады. Бір құрсымға 100-250 тиек тығыздалады. Проектордың үстінен тиек 1,5,2,0 мм-ге шығып тұруы тиіс. Сонымен бірге мұндай құрсымдар жол жамылғысын қарқынды тоздырады және жолдың белгіленуін бұзады.

5.5.Шынжыртабанды қозғағыш

Шынжыртабанды қозғағыш трактордың жылжуын, траткордың жетекші доңғалақтарынан тірек бетіне күштерді беруді, оның арқау негізін сүйемелдеуді, жыланбауыр шынжырдың керілуі мен қозғалу бағытын қамтамасыз етеді. Қозғағыш амортизациялық-керу құрылғысы бар жетекші мен бағыттауыш доңғалақтардан, тірек пен сүйемелдеуіш аунақтардан, жыланбауыр шынжырлардан тұрады.

Жетекші доңғалақтар, айналып, жыланбауыр шынжырларды айналдырады және итеру күшін құрайды, сонымен трактордың қозғалуын қамтамасыз етеді. Жетекші доңғалақтар:

тракторда орналасқан орны бойынша — алдыңғы және артқы орналасуымен;

тоғынның конструкциясы бойынша — бір және қос тәжбен;

шынжыр табанмен ілінісу типі бойынша — шынжырлы, тұрақты, тісті болып жіктеледі.

Шынжырлы ілініспен жетекші доңғалақтар шынжыр табанды тракторларда ең көп тараған. Жетекші доңғалақтың пішіні жұлдызшаболып келеді, оның тісі қозғалған кезде жыланбауыр шынжыр буынның шынжырлы тесігіне кіреді. Шынжыртабаға итеру

күші жетекші доңғалақтың тісі тірелетін жыланбауыр шынжырдың буындағы арнайы беті – елек арқылы беріледі.

Жетекші доңғалақтың орналасқан орны трактордың қозғалу жылдамдығына байланысты машинаның ПӘК әсер етеді. Сөйтіп, қозғалыс жылдамдығы 20 км/сағ дейін болған кезде, жетекші доңғалақтардың артқы, ал үлкен жылдамдықтарда – алдыңғы орналасуы тиімді болып табылады. Ауылшаруашылық тракторлар мен өнеркәсіптік тракторлардың көбісінде жетекші доңғалақтардың артқы орналасуы болады.

Жетекші доңғалақтардың тербелі жазықтығынан (шынжыртабанның жүгіру жолдарынан) орналасу биіктігін аспа типіне байланысты таңдайды. Жартылай қатты аспалар кезінде өлшем трактордың төселген шынжыр табаннан еркін түсуін қамтамасыз етуі тиіс. Ауылшаруашылық тракторларда шынжыр табанның артқы жетекші тармағының еңіс бұрышы $1...10^\circ$ құруы тиіс.

Серпінді аспалар кезінде жетекші доңғалақтардың тербелу жазықтығынан орналасу биіктігі, аспаның артқы рессорларының қосымша деформациясы болған кезде ілмекте ең жоғары тартым күші бар кедергілерден өткен кезде топыраққа соққыларды болдырмайтындай таңдалады.

Теңгергіш және жеке аспаларды қолданған кезде, өнеркәсіптік тракторларда топыраққа соққыларды болдырмау үшін аспаның серпінді элементтерін деформацияланған кезде доңғалақтарды жоғарырақ көтереді және шынжыртабанның астыңғы тармағының көтеру бұрышы 20.30° құрайды.

Тракторларда бір тәжі бар жетекші доңғалақтар ең көп тараған (4.39 суреттегі 1 поз. қар.), олар конструкция бойынша қарапайым және жабысқан лайдан жақсы өзін өзі тазартуын қамтамасыз етеді. Ауыр өнеркәсіптік тракторларда қосарланған жетекші доңғалақтарды белгілейді. (4.40 суреттені 7 поз. қар.).

Қызмет көрсету мен жөндеуді жеңілдету үшін жетекші доңғалақтарды құрамалы қылып жасайды. Тісті тәж бұрандармен күпшекке бекітіледі, оған әдетте ақырғы берілістің жетектегі тістегершікті де бекітеді. Жетекші доңғалақтардың тәждері арнайы хромникельді немесе хромванадийлі болаттан құйылып, әрі қара» термикалық өңделеді.

Бағыттауыш доңғалақтар жыланбауыр шынжырдың қозғалу бағытын және оның керілу дәрежесінің өзгеруін қамтамасыз етеді; олар лай мен қардан өзін өзі жақсы тазартуы тиіс. Бағыттауыш доңғалақтар:

тоғынның типі бойынша — бір және қос тоғынмен;

бекіту әдісі бойынша — қосиінде және сырғақта;
амортизациялау құрылғының болуы бойынша — амортизациялау құрылғысымен және олсыз болып жіктеледі.

Барлық шынжыртабанды тракторларда бағыттауыш доңғалақтар кергіш құрылғылардың элементтері болып табылады. Олардың көмегімен шынжыртабанды демонтаждау үшін жыланбауыр шынжырды керу дәрежесін азайтады немесе алдын ала керу дәрежесін көбейтеді, өйткені жыланбауыр шынжыр салбырап тұрған кезде трактордың өздігінен жылжуға шығындар күрт өседі және жұмыс кезінде жыланбауырдың секіріп тұруы мүмкін.

Жыланбауыр шынжырдың керілісін өзгерту үшін бағыттауыш доңғалақтың күшшектерін иінді өсте немесе сырғақшада орнатады. Бірінші әдісті теңгергіш немесе жеке аспада (иінді өсті трактордың арқау негізіне бекітеді), екінші – жартылай қатты аспада қолданады (сырғақшаларды шынжыртабанның арбасына орнатады).


5.13, а суретте бағыттауыш доңғалақты 1 шынжыртабанның арбасында 5 сырғанап жатқан сырғақшада 2 орнату нұсқасы көрсетілген. Шынжыртабанның керілісін өзгерту үшін ұшы сырғақшамен 2 байланысты керу бұрамасына бұралған реттеу сомынды 3 айналдырады. Сырғақшада бағыттауыш доңғалақтың 1 осі бекітілген. Кергіш бұрамаға трактордың арқау негізіне берілетін арбаның 5 бөлшектері бойынша соққылар күшін азайтатын амортизациялау құрылғысының алдын ала қысылған серіппенің 4 күші жіберіледі.

5.13, б суретте көрсетілген конструкцияда бағыттауыш доңғалақ шынжыртабанның арбасында 5 бекітілген кронштейндерде орналасқан баағыттауыш өзек 6 бойынша сырғанайтын сырғақшада 2 орнатылған. Бағыттауыш өзек 6 бойынша бағыттауын доңғалақтың осімен фасондық төлке 7 сырғанайды. Керу бұрамасына амортизациялау құрылғының алдын ала қысылған қос серіппе 4 кигізіледі.


Шынжыртабанды рамалардың арбасы болмағанда, теңгергіш немесе жеке аспаларды қолданған кезде, бағыттауыш доңғалақ 1 (5.14 сур.) амортизациялық-керу құрылғысының керу бұрамамен 9 және серіппемен 6 бірге трактор рамасының лонжеронында бекітеді. Бұл жағдайда бағыттауыш доңғалақтардың өстері 2 әрқашан трактордың рамасында топсалы бекітілген қосиіндерде 3 орнатады.

5.13 суреттегі схемалармен салыстырғанда, 5.14 суретте көрсетілген конструкцияның артықшылығы – бұл амортизациялау құрылғысы бағыттауыш доңғалаққа әсер ететін тек қана көлденен емес, тік итермелерді де сіңіріп алады.

Technical drawing of a mechanical assembly, labeled 'a'. The drawing shows a cross-section of a wheel or gear assembly on the left, connected to a horizontal shaft or arm. The assembly includes a spring mechanism (4) and various fasteners (3). The drawing is labeled with numbers 1, 2, 3, 4, and 5, and the letter 'a' below it.



1 — бағыттауыш доңғалақ; 2 — сырғақша; 3 — керу бұрамы бар реттеу сомыны; 4 — серіппе; 5 — арба; 6 — бағыттауыш өзеке; 7 — төлке



5.14 сур. Трактордың теңгергіш немесе жеке серпінді аспасы бар амортизациялық-керу құрылғысы:

1 — бағыттауыш доңғалақ; 2 — бағыттауыш доңғалақтың осі; 3 — қосиін; 4 — топсалар блогы; 5 — сояуыш; 6 — серіппе; 7 — ось; 8 — тірек бұраны; 9 — керу бұрамасы

амортизациялық серіппе топсалар блогын және бағыттауыш доңғалақты 1 бастапқы күйге қайтып алып келеді. Тірек бұраны 8 топсалар блогы арқылы амортизациялық серіппелердің алдын ала керілуін қамтамасыз етеді. Керу бұрамасы 9 мен қосиіннің 3 көмегімен керілісті өзгерту мақсатында шынжыртабанды монтаждау және демонтаждау кезінде бағыттауыш доңғалақтарды жылжытуға болады.

Егер бағыттауыш доңғалақ түсірілген болса және сонымен бірге тірек аунағы сияқты жұмыс істеп тұрса, онда оны да тірек беттің деңгейінде орнатады және икемді аспамен жабдықтайды.

Жартылай қатты аспасы бар ауылшаруашылық тракторларда бағыттауыш доңғалақтарды, шынжыртабанның астыңғы тармағы топырақпен 1 ...5° бұрышты қалыптастыратындай, тербелу жазықтығының үстінен шамалы көтеріп қояды.

Теңгергіш және жеке аспаларды қолданған кезде топыраққа соққыларды болдырмау үшін аспаның серпінді элементтерінің деформациясы кезінде бағыттауыш доңғалақтарды жоғары орналастырады және шынжыртабанның астыңғы тармағының көтерілу бұрышы 5.25° құрайды.

Шынжыртабанды қайта айналдырған кезде жүріс жүйесінде шығындарды азайту үшін бағыттауыш доңғалақтың диаметрін мүмкіндігінше үлкен қылып жасайды. Ауылшаруашылық тракторларда осы диаметрдің шамасын жетекші доңғалақтың сыртқы диаметрінен 50.100 мм-ға кішірек ұстайды.

Бағыттауыш доңғалақ тоғынының конструкциясы жыланбауыр шынжырдың типімен және оның жетекші доңғалақпен ілінісу әдісімен анықталады.

Шынжырлы ілініс кезінде доңғалақтың тоғыны тегіс немесе жұмыс уақытында жыланбауыр шынжырдың түсіп кетуіне кедергі жасайтын ортасындағы сақиналы шығыңқымен болуы мүмкін. Осы мақсатта бағыттауыш доңғалақта ребордтарды (шектегіш шығыңқыларын) жасайды. Өте жиі доңғалақтардың тоғындарын қосарланған қылып жасайды.

Кейбір жағдайларда, тірек бетінің ұзындығын трактордың базасын үлкейтпей ұзарту қажет болған кезде, бағыттауыш доңғалақтарды көтергіш қылып жасайды, яғни олар бір уақытта трактор салмағының бір бөлігін қабылдап, тірек аунақтар сияқты жұмыс істейді. Мұндай бағыттауыш доңғалақтарды барынша үлкен тірек беті болуы керек жерлерде батпақ тракторларда және аз габариттік тракторларда орнатады.

Ауылшаруашылық тракторларда бағыттауыш доңғалақ жер үстінен шамалы биіктікке көтеріліп тұрады, сондықтан бұдырлар мен кедергілерді басқан кезде, ол соққыларды қабылдайды.

Амортизациялау құрылғысының серіппесі трактордың жүріс жүйесінің бөлшектерін осы соққылардан, сондай-ақ тірек аунақтар мен шынжыртабан арасына бөтен заттар тиген кезде туындауы мүмкін асыра жүктемелерден сақтандырады. Егер бағыттауыш доңғалаққа әсер ететін күш серіппелердің барынша қысылу күшінен көп болса, соңғысы толығымен қысылады және оның амортизациялау әсері тоқтатылады.

Шынжыртабанды тракторлар үшін амортизациялау құрылғы серіппелерінің деформациясы кезіндегі серпінді жүріс 60.. .130 мм құрайды.

Тірек аунақтар топыраққа арқау негіздің салмағын жібереді, сонымен қатар трактордың жыланбауыр шынжыры бойынша қозғалысын бағыттайды; олар трактор қозғалған кезде кішігірім кедергіні көрсетуі тиіс, олардың іштеріне абразивті бөлшектер мен ылғалдың тиюінен жақсы қорғалған мойынтіректері болуы тиіс.

Конструкция бойынша тірек аунақтар жалаң және қосарланған болады.

Тірек аунақтар трактордың ең жүктелген бөлшектер санына жатады, олар қолайсыз жағдайларда жұмыс істейді, трактор жұмыс істеп жатқан кезде туындайтын барлық итермелер мен соққыларды қабылдайды, топырақпен тікелей байланыста болады, бұл олардың үйкелесетін беттеріне абразивті заттар мен ылғалдың тиюіне себепші болады.


Аунақтардың өлшемдері мен орналасуы трактордың тағайындалуымен және аспалар типімен анықталады. Өлшемдері үлкен аунақтар, кішкентай аунақтарға қарағанда, домалатуға азырақ кедергі жасайды, дегенмен, аунақтың диаметрін үлкейткен кезде, тірек беттің бір ұзындығында орналастыруға болатын аунақтар саны азаятынын есте сақтаған жөн. Тірек аунақтар саны азайған кезде топыраққа қысымның қолайсыз үлестірілуі құрылады. Бұл жағдайда трактордың салмағы нүктелердің шамалы нүктелер саны арқылы, жыланбауыр шынжырға жіберіледі, бұл күштің шоғырлануына және аунақтар астында ең жоғары қысым аймақтарының пайда болуына әкеледі. Біркелкі қысымды құру үшін қозғалысқа үлкен кедергі жасаса да, өлшемдері кішірек аунақтарды орнату қажет.

Осыны ескере отырып, салыстырмалы түрде ақырын жүретін ауылшаруашылық тракторда тірек аунақтардың өлшемдерін кішірейтеді, олар үшін топыраққа қысымды үлестірудің шешуші маңызы бар; қозғалысқа шамалы ғана кедергі маңызды тез жүретін тракторларда диаметрлері үлкен аунақтарды қолданады (5.2 суреттегі 10 поз. қар.).

Тірек аунақтар диаметрлерінің жыланбауыр шынжырдың қадамына арақатынасы ауылшаруашылық тракторлар үшін 1 — 1,25, тез жүретін шынжыртабанды машиналар үшін — 1,5 — 5 құрайды.

Ауылшаруашылық тракторлардың көбісінде тоғыны 1 тегіс қосарланған тірек аунақтарды қолданады (5.15, а сур.).

Аунық тоғынның пішіні жыланбауыр шынжырдың конструкциясымен белгіленеді. Сөйтіп, тірек аунақтардың тоғындарында, құрамалы жыланбауыр шынжырларды қолданған кезде, аунақтар бойынша шынжыртабанды бағыттайтын және шынжыртабанды түсіп кетуден сақтандыратын ребордтары бар.



5.15 сур. Тоғыны тегіс тірек аунақ:

а — қосарланған; б — жалаң ішкі амортизатормен; 1 — тоғын; 2 — роликті мойынтірек; 3 — бүйірлі тығыздауыштың резеңке манжетасы; 4 — лабиринттік тығыздауыш; 5 — бүйірлі тығыздауыштың серіппесі; 6 — аунақ осьтің сомыны; 7 — аунақтың осі; 8 — резеңке амортизатор; 9 — диск

Тірек бетінің ұзындығы өзгермеген кезде тірек аунақтар санын көбейту үшін ребордтары бар аунақтар тегіс аунақтармен кезектеседі. Тұтас буындарымен жыланбауыр шынжырларды қолданған кезде, тірек аунақтардың тоғындарын тегіс қылып жасайды.

Көліктік, өнеркәсіптік және басқа тракторларда тоғындары тегіс жалаң тірек аунақтарды, сондай-ақ резеңке бандаждарымен немесе аунақтарда ішкі амортизаторлармен тірек аунақтарды қолданады. Резеңке бандаждар мен амортизаторлар серпінді элементтер сияқты соққыларды жұмсартады, трактор қозғалған кезде шуды күрт азайтады және жыланбауыр шынжыр мен тірек аунақтың қызмет ету мерзімін ұзартады. Ішкі амортизаторлар металлды тоғын мен аунақ дискісі арасында салынған резеңке сақиналар болып келеді. Орнату әдісіне байланысты, резеңке амортизаторлар майыстыруға да, кесуге де жұмыс істей алады. Мысалы, ішкі амортизаторы бар жалаң тірек аунақта аунақтың тоғыны 1 (5.15, б сур.) бұрандармен қосылған екі

жартыдан тұрады. Трактордың тірек ауағының тоғыны 1 мен дискісі 9 арасында тоғын мен дискісі бар резеңке сақиналардың жаңасу беттері бойынша кесуге және майыстыруға жұмыс істейтін екі резеңке амортизаторлар 8 салынған.

Аспаның конструкциясына байланысты, тірек ауақтардың аспаларын екі тіректі және консольды қылып жасайды. Екі тіректі өстерді, өс шынжыртабан арбасының П-тәрізді рамасында бекітілген кезде, жартылай қатты аспаларда қолданады. Мұндай ауақтарда арба рамасының қуысы лайға толып кетуі мүмкін.

Ауақтарды консольдарда орнату жақсы өзін өзі тазартуды қамтамасыз етеді, бірақ ось бұл жағдайда одан да жүктелген жағдайларда жұмыс істейді.

Тірек ауақтарды тербеліс мойынтіректерінде орнатады, кей кезде сырғанау мойынтіректерін қолданады. Мойынтіректерді өстің бүйіріндегі жалғастық арқылы қоюланған маймаен майлайды. Мойынтіректердің сұйықтықтық майы көп таралып жатыр.

Қазіргі уақытта бүйірлік және құрастырмалы тығыздауыштарды қолданады (мысалы, 5.15, а суретте 3 — 5 поз. қар.), олар түйіннің жоғары герметикалығын қамтамасыз етеді және радиалды тығыздауыштармен салыстырғанда, 2-3 есе қызмет ету мерзімін ұзартады.

Сүйемелдеуіш ауақтарды шынжыртабанның үстіңгі тармағын сүйемелдеу үшін орнатады. Жартылай қатты аспаларда оларды шынжыртабан арбасы рамасының үстіңгі бөлігінде, ал серпінді аспаларда — трактордың рамасында орналасқан консольді кронштейндерде бекітеді.

Жұмыс істеп тұрған кезде шуды басу үшін кейбір тракторлардың сүйемелдеуіш ауақтарының тоғындарын резеңке бандаждармен жабдықтайды. Сүйемелдеуіш ауақтардың өлшемдерін оның қозғалып жатқан шынжыртабанның үйкеліс күшінің әсерінен айналуын қамтамасыз ету шартынан анықтайды.

Жыланбауыр шынжыр трактордың салмағын топыраққа жібереді және тартым күшін жүзеге асырады, ол топыраққа қарамастан, онымен жоғары ілінісу қабілеттерін қамтамасыз етуі, сонымен қатар трактордың қозғалысына шамалы кедергі жасауы тиіс.

Конструкция бойынша жыланбауыр шынжырлар құрамалы және тұтас буындармен, материал бойынша — металды, резеңке металды және иілгіш болады.


Өте ауыр жағдайда, абразивті орта мен ылғалда жұмыс істеп жүріп, жыланбауыр шынжырлар көбінесе трактордың жүріс жүйесінің ресурсын белгілейді. Жыланбауыр шынжырлардың қызмет ету мерзімі

(500...2 000 сағ) шамамен 2 — 3 есе трактордың басқа агрегаттарының қызмет ету мерзімінен аз. Шынжыртабанның істен шығу ең көп тараған себебі топсалардың тозуы болып табылады, олар орындалуы бойынша ашық немесе жабық болуы мүмкін. Жабық топсалар инелі мойынтіректермен немесе серпінді элементпен болады.

5.16 суретте сұққымен 2 қосылған шынжырлы ілінісі бар қысқартылған 1 және ұзартылған топыраққа ілгегімен шынжыртабанның тұтастай құйылған буындардан тұратын ашық топсамен жыланбауыр шынжыр көрсетілген. Шынжыртабанның буындары жоғары марганецті болаттан жасалады, оларды ешқандай механикалық өңдеуге шалдықпайды.

Үлкен саңылаулары бар ашық топса үйкелесетін беттерге абразивті бөлшектердің кіруіне кедергі жасамайды, сондықтан олардың қарқынды тозуына әкеледі.

Қызмет етудің шамалы мерзіміне қарамастан, мұндай шынжыртабандар жасау оңайлығы мен шағын металсыйымдылығының (трактор салмағының 10.15%), жоғары жылдамдықпен жұмыс істейтін машиналарда орнату мүмкіндігінің арқасында,



5.16-сур. Ашық топсамен жыланбауыр шынжыр:

1, 7 — қысқартылған және ұзартылған топырақ ілгегі бар шынжыртабанның буындары; 2 — сұққы; 3 — бұран; 4 — сомын; 5 — тығырық; 6 — тойтарма отандық тракторларда кең қолданып жүр.

Жабық топса үйкеліс беттерін абразивті заттардың тиюінен оқшаулайды, соның арқасында топсалары жабық шынжыртабандардың қызмет ету мерзімі топсалары ашық шынжыртабандардың қызмет ету мерзімінен 1,5 — 2 есе асады. Одан

басқа, жабық топса шынжыртабанның жорту жолшығы үстінен көтеріліп тұр, бұл да оның жұмыс істеу жағдайларын жақсартады. Мұндай конструкцияларды құрамалы буындары бар шынжыртабандарда қолданады.

Топсалары жабық шынжыртабандардың кемшіліктері үлкен металлсыйымдылығы (трактор салмағының 25 % дейін), сонымен қатар жасау қиындығы болып табылады. Сұққылар мен төлкелерді шынжыртабанның рельстеріне тығыздау үшін арнайы жабдық қажет.

Үлкен салмағына бола шынжыртабанның құрамалы бөліктерін жартылай қатты аспасы бар баяу жүретін тракторларда қолданады. Шынжыртабанның құрамалы бөліктерін келешегі бар деп есептеуге болмайды, өйткені олар көрсетілген кемшіліктерден басқа, трактордың қозғалысына үлкен кедергі жасайды, оның ПӘК төмендетіп, жұмыстың үнемділігін нашарлатады.

Резеңке металды жыланбауыр шынжырлар жоғары пайдаланушылық қасиеттерге ие. Олардың негізгі артықшылықтары — жұмыстың шұсылдығы, жоғары ПӘК және абразивті заттардың мөлшері көп ортада жұмыс істеген кезде тозуға төзімділігі, трансмиссияға жүріс бөлігінің жағынан берілетін соққыларды жұмсарту.


Қазіргі уақытта мұндай жыланбауыр шынжырларда буындардың екі біріктіру түрін қолданады: сұққылы резеңке-металлды топсалармен және металды беттердің тікелей жанасуы мен үйкелісуі аралық резеңке элементтердегі молекула ішіндегі үйкеліспен алмастырылған топсаларсыз.

5.17, а суретте жыланбауыр шынжырдың құйылған буыны 2 көрсетілген, мұнда резеңке төлкелер 3 буынның бір жағынан ғана құлақшаларда орналасқан және сұққы 4 бұрандармен 1 бекітілген. 5.17, б суретте резеңке төлкелер 3 барлық құлақшаларда орнатылған конструкция суреттелген. Бірінші жағдайда, жұмыс кезінде резеңке төлкелерді бұрау бұрышы трактордың жетекші доңғалағындабуындардың салыстырмалы брылу бұрышына тең, екінші жағдайда, өзге тең жағдайларда, әр төлкені бұрап қою бұрышы екі есе төмен, бұл оларға жүктемені азайтады.

Резеңке төлкелерді бұзу үшін ең қауіпті деформацияның радиалдары болып табылады. Осыған байланысты резеңке төлкелердің радиалды дейормациясының шектегішімен резеңке металды топсаның конструкциясы әзірленген (5.17, в сур.). Буынның 2 саусағына 4 кезекпен кезек резеңке 3 мен металды 5 төлкелер кигізілген. Резеңке төлкелердің сыртқы диаметрі металды төлкелердің диаметрінен үлкен. Әдеттегі пайдалану жағдайында, тартым күші орташа мәндерден

аспаған кезде, резеңке төлкелер жұмыс істеп тұрады. Тартым күші ең жоғарғысына жақындаған кезде, резеңке төлкелердің 3 деформациясы өседі және құлақшамен қатынасқа металды төлке 5 түседі. Осы сәттен бастап екі төлке де жұмыс істейді және резеңке төлкелердің радиалды жүктемесі азаяды.

5.17, г суретте жаппай резеңке төлкесі 3 бар топсалы, құрамалы буындары бар резеңке металды жыланбауыр шынжыр көрсетілген. Резеңке төлке буынның саусағына 4 бекітіледі. Шыққан жинақ метал төлкеге 6, ал бұл төлке - жыланбауыр шынжырдың рельстеріне 7 тығыздалады.



5.17-сур. Резеңке металды жыланбауыр шынжырлар:

а, б — топсалы резеңке төлкелермен; в — топсалы, резеңке төлкелердің радиалды деформациясын шектегішімен; г — топсалы, жаппай резеңке төлкемен; д, е — топсасыз; 1 — бұран; 2 — буын; 3 — резеңке төлке; 4 — сұққы; 5, 6 — металл төлкелер; 7 — жыланбауыр шынжырдың рельстері; 8 — резеңке блок

Трактордың жұмыс істеу процесінде резеңке элементтердің деформациясын азайту үшін резеңке металды жыланбауыр шынжырларды құрастырған кезде көршілес буындарды бір біріне қатысты бұрышпен орнатады. Бұл бұрыш трактордың жетекші

доңғалағында буындардың бұрылу бұрышының жартысына тең. Мұндай топсаларда резеңке элементтерді орнату және бекіту әдістері, соның ішінде вулканизация, жабыстыру, тығыздау және т.б. әдістері әртүрлі.

5.17, д, е суретте тракторлардың топсасыз резеңке маталды жыланбауыр шынжырлар суреттелген, оларда топсаның рөлін жыланбауыр шынжырдың түйіндес буындардың 2 арасында орнатылған резеңке блоктар 8 атқарады. Мұндай жыланбауыр шынжырлардың трактор құмды топырақтарда жұмыс істеген кезде қызмет ету мерзімі ұзақ болады. Дегенмен олардың салмақтары үлкен (трактордың салмағынан шамамен 28 %), конструкциясы бойынша күрделі, бөлшектерінің көбісін механикалық өңдеуге шалдығу қажет.

Бақылау сұрақтары

1.Жүріс бөлігінің тағайындалуын және қойылатын талаптарды көрсетіңіз.

2.Рамалардың тағайындалуы және конструктивтік типтері қандай?

3.Доңғалақтың сыныптамасы мен конструкциясы туралы деректерді келтіріңіз.

4.Қолданылатын құрсымдардың қандай сыныптамасы бар?

5.Шинаға қойылатын талаптарды атаңыз.

6.Тороидті құрсымның конструкциясын сипаттаңыз.

7.Шынжыртабанды қозғағышқа қандай элементтер кіреді?

8.Амортизациялық-керу құрылғының тағайындалуы мен типтерін көрсетіңіз.

9.Жыланбауыр шынжырдың конструкциясын сипаттаңыз.

10.Аспалардың тағайындалуы мен сыныптамасы қандай?

11.Аспаға қандай талаптар қойылады?

12.Аспалардың жеке элементтерінің тағайындалуы қандай?

13.Серпінді элементтің қандай конструкциялары аспада қолданылады?

14.Рессорлық аспаның құрылысы мен жұмысын сипаттаңыз.

15.Гидропневматикалық аспалардың құрылысы мен жұмыс істеу принципін сипаттаңыз.

16.Телескопиялық амортизатордың тағайындалуы мен жұмыс істеу принципі қандай?

17.Аспалардың сипаттамасы не көрсетеді?

6-бөлім

АВТОМОБИЛЬДІ ЖӘНЕ ДОҢҒАЛАҚТЫ ТРАКТОРДЫ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ

6.1. Меңгерікті басқару

Меңгерікті басқару автомобильдің берілген бағытта тура сызықты қозғалысын сүйемелдеу және оны қажет болған жағдайда басқарылатын доңғалақтарды бұру арқылы өзгерту үшін арналған.

Доңғалақты трактордың қозғалу бағытын өзгерту үшін қажетті бұру сәті басқарылатын доңғалақтардың бұрылуымен, сол секілді жетекші доңғалақтардағы айналу сәтінің өзгеруімен құрылуы мүмкін. Осы екі әдісті біріктіруге де болады.

Басқарылатын доңғалақтарды машинаның көлденең осіне қатысты бұру келесі әдістермен жүргізіледі:

доңғалақтар орнатылған барлық өстің бұрылуымен — бұл әдіс қысқа өсте орнатылған бір немесе екі ғана қосарланған доңғалақ болған кезде, отамалы тракторларда қолданылады;

белдемнің арқалығы қозғалмаған кезде басқарылатын доңғалақтарды бұру;

доңғалақтар бекітілген топсалы біріктірілген жартылай рамаларды салыстырмалы бұру.

Тракторды жетекші доңғалақтардағы сәттердің арақатынасын өзгерту арқылы бұру (шынжыртабанды тракторларға ұқсас) тек қана арнайы машиналарда қолданылады.

Құрама әдіс отамалы тракторларда қолданылады, мұнда бұрылу радиусын азайту үшін бағыттауыш доңғалақтарды бұрайды және жетекші доңғалақтардың біреуін тежейді.

Меңгерікті басқару:

басқару жеңілдігін, яғни меңгерік доңғалақта оны бұрудың шектеулі бұрышында шамалы күш салуды;

бұрылыстың мүмкін кішірек радиусымен машинаның жақсы басқарылуын;

меңгерікті механизмнің қайтымдылығын, яғни бұрылған доңғалақтардың тұрақтандырғыш сәтінің әсерінен, тура сызықты қозғалысқа сәйкес келетін күйге өз бетінше қайтып келу қабілетін;

бұрылыс кезінде ең төмен көлденең ауып кетумен және бойлық сырғанаумен доңғалақтардың тербелуін;

машинаның басқарылатын доңғалақтары жолдың бұдырларын басқан кезде меңгерікті доңғалаққа соққылар мен итермелердің ең төмен берілуін;

машинаның тура сызықты қозғалысы және бұрылыстың дұрыс кинематикасы кезінде жақсы курстық тұрақтылығын (доңғалақтардың шоғырлас шеңберлер бойынша тербелуі);


меңгерікті доңғалаққа күштің және басқарылатын доңғалақтарды бұрайтын сәттің пропорционалдығын («жолды сезу»);

жұмыста жоғары сенімділік пен істен шықпауын қамтамасыз етуі тиіс.

Басқарылатын доңғалақтардың саны бойынша алдыңғы өстің басқарылатын доңғалақтарымен, екі өстің басқарылатын доңғалақтарымен, үш және одан көп өстердің басқарылатын доңғалақтарымен меңгерікті басқару болады.

Меңгерікті басқару меңгерікті механизмнен және меңгерікті жетектен тұрады (6.1, а сур.). Меңгерікті механизмге редукторы 2 бар меңгерікті доңғалақ 1 кіреді, ол басқарылатын доңғалақтарға 5 пен 8 келтірілетін бұру сәтінің өсуін қамтамасыз етеді. Меңгерікті жетекке бұрылу шетмойындар 6, 7, бұрылу иінтіректер 4, 9, көлденен 10 және бойлық 12 тартым, сондай-ақ сошка 3 кіреді.

Әрекет ету принципі бойынша машинаның меңгерікті басқаруы механикалық, механикалық күшейткішпен (пневматикалық, гидравликалық немесе электрлік) және гидравликалық болуы мүмкін.



Күшейткішпен механикалық меңгерікті басқару автомобильді қалыпты қозғалу жағдайында басқаруын жай ғана жеңілдете қоймай, қозғалыс қауіпсіздігін де арттырады, өйткені үлкен жылдамдықта құрсым тесілген жағдайда, ол авомобильді жолда ұстап қалуға мүмкіндік береді.

Пневматикалық тежеуішті жетегімен жабдықталған жүк автомобильдерінде пневматикалық жүйені меңгерікті басқарудың күшейткішіне қызмет көрсеті үшін де қолдануға болады, оның габариттік өлшемдері бұл ретте гидравликалық күшейткішпен салыстырғанда едәуір көп болса да.

Гидравликалық меңгерікті басқаруды топсалы біріктірілген жартылай рамаларының бұрылуымен доңғалақты тракторларда қолданады.

Машинаның басқарушылығы, қозғалу тұрақтылығы және
менгерікті доңғалақтағы күш едәуір дәрежеде менгерікті механизм /рм

мен меңгерікті жетектің /р.п көбейтіндісіне тең меңгерікті басқарудың берілісті санына байланысты:

$гр.у = гр.мгр.п,$

мұнда /рм — меңгерікті доңғалақтың бұрылу бұрышының сошка білігінің бұрылу бұрышына арақатнасына тең меңгерікті механизмнің берілісті саны; /р.п — жетек иінтіректерінің арақатынасы сияқты анықталатын, яғни шамалы шекте болса да, бұрылыс процестерінде өзгертін шама болып табылатын, меңгерікті жетектің берілісті саны ($7р.п = 0,85...1,1$).

Автомобильдердің меңгерікті механизмдерінің берілісті саны /ру = 16.24 шегінде тұр.

Меңгерікті механизм меңгерікті доңғалақтың бұрылуын меңгерікті сошканың бұрыштық жылжуына немесе рейканың көлденең жылжуына түрлендіреді. Меңгерікті механизмдерді жүргізушінің қолына жол жағынан күштік әсердің берілуін төмендететіндей жобалайды.

Меңгерікті механизм редукторының түрлендіргіш булары бұрамдық (бұрам – ролик немесе сектор), бұрамалы (бұрама – сомын), рейкалы (тістегеріш – рейка) және құрамалы болып орындалуы мүмкін.


Мысал ретінде 6.2 суретте автомобильдің бұрам – бүйірлік сектор жұбымен меңгерікті механизмі көрсетілген.

Ұқсас меңгерікті механизмдер автомобильдердің және доңғалақты тракторлардың кейбір модельдерінде орнатылады. Осы берілістерде бұрам 4 цилиндрлік, ал сектордың 5 бүйірлік жағында шиыршық тістер кесілген. Берілістің берілісті саны тұрақты. Меңгерікті доңғалақтан айналым меңгерікті механизмнің білігі 12 арқылы бұрамға 4, содан соң секторден 5 меңгерікті сошканың білігіне 17 беріледі.

Жүк көтергіштігі үлкен автомобильдерде бұрама – сомын – рейка – сектор үйлесімі түрінде құрамалы меңгерікті механизмді жиі орнатады. Үйкеліс коэффициентін төмендету үшін бұрама – сомын түйіндесу айналатын шариктер арқылы жүзеге асырылады.

Жүргізуші меңгерікті доңғалақты бұрған кезде бұраманың 3 (6.3 сур.) бұрылуы сомынның 4 піспек-рейкамен 2 бірге бойлық жылжуына әкеледі. Жылжып, піспек-рейка тісті сектор 12 арқылы сошканың білігін 10 және меңгерікті сошканы 11 бұрайды.

Меңгерікті жетек басқарылатын доңғалақтардың бұрылу шетмойнымен сошка немесе рейка білігінің күштік байланысы үшін қызмет етеді.




6.2 сур.. Автомобильдің бұрам – бүйірлік сектор жұбымен
меңгерікті механизмі:

1 — астыңғы қақпақ; 2 — тығыздама; 3, 8 — конустық роликті мойынтіректер;
4 — бұрам; 5 — сектор; 6 — керме төлке; 7 — қартер; 9 — реттегіш
төсеніштер; 10 — үстінгі қақпақ; 11 — бағанашық; 12 — меңгерікті
механизмнің білігі; 13, 14 — инелі мойынтіректер; 15 — тірек шайбасы; 16 —
бүйірлік қақпақ; 17 — меңгерікті сошканың білігі

Механикалық меңгерікті жетектер олардың салыстырмалы қарапайымдылығына бола әсіресе бір басқарылатын белдемі бар машиналар үшін көп таралған.

Жетектің міндетті буыны меңгерікті трапеция болып табылады, оның қарапайым схемасы бір басқарылатын белдем үшін 6.1, 6 сур. келтірілген. Оның құрамына бұрылу иінтіректер 4, 9, көлденең тартым 10 және алдыңғы белдемнің арқалығы 11 кіреді. Трапеция элементтерінің өлшемдерін, дұрыс кинематика үшін басқарылатын доңғалақтардың а мен в бұрыштарың қажетті арақатнасының шығаратындай таңдайды.

Меңгерікті жетектер басқарылатын доңғалақтардың өстерінің алдында орналасқан алдыңғы меңгерікті трапециямен меңгерікті жетектерге және доңғалақ өстерінің артынан орналасқан артқы меңгерікті трапециясымен меңгерікті жетектерге меңгерікті трапецияны орналастыру орны бойынша бөлінеді.




6.3 сур.. Гидроқушейткіші бар меңгерікті механизм:

w1 — қартер; 2 — піспек-рейка; 3 — бұрама; 4 — сомын; 5 — шарик; 6 — тірек мойынтірегі; 7 — реттығын; 8 — реактивтік
 * тығынжыл; 9 — серіппе; 10 — меңгерікті сошканың білігі; 11 — меңгерікті сошка; 12 — тісті сектор

Одан басқа, ол тілінген немесе тілінбеген бола алады.

Басқарылатын доңғалақтардың тәуелді аспасы кезінде көлденең тартым әдетте тұтас – тілінбеген, тәуелсіз аспа кезінде тұтас көлденең тартымды қолданған жағдайда басқарылатын доңғалақтардың біреуін көтеру немесе түсіру олардың еріксіз бұрылуына әкелетін еді. Мұны болдырмау үшін көлденең тартымды тілінген, екі немесе үш буыннан тұратын қылып жасайды, ал оларды байланыстыратын топсаларды аспаның иінтіректерін тербету өстеріне жақын нүктелерде орналастырады. Осының нәтижесінде доңғалақтарды тік жылжытқан кезде (автомобиль бұдыр жермен жүрген кезде) олардың еріксіз бұрылуы жойылады. Бойлық тартымның орналасуын да аспаның кинематикасы басқарылатын доңғалақтардың бұрылу кинематикасына әсер етпейтіндей таңдайды. Меңгерікті жетектердің тартымдарын тартымның қаттылығын жоғарылату және салмақты азайту үшін жіксіз болат құбырлардан жасайды.

Шарлы топсалар тартым саңылауларысыз және меңгерікті жетектің иінтіректерісіз жылжымалы қосылыс үшін қызмет етеді. 6.4, а—в



6.4 сур. Меңгерікті тартымдардың шарлы топсалары:

а — в — өстік, көлденең және сыналы төрткілшемен; г — реттелетін топса;
 1 — тұрқы; 2 — сұққы; 3 — иінтірек; 4 — төрткілше; 5 — серіппе; 6 —
 бұрандалы тығын; 7 — майсауыт; 8 — тозаңдық

суретте сұққының 2 шарлы тірегін арнайы антифрикциялық ішпек-төрткілше 4 арқылы иінтіректің 3 ішінде бекіту конструкциясы көрсетілген.

Қосылу тығыздығына конструкцияларда серіппелерді 5 қолдану арқылы қол жеткізіледі. Топсасы реттелетін конструкцияда (6.4, г сур.) осы мақсат үшін бұрандалы тығын 6 қызмет етеді. Серіппелер 5 (6.4, а—в сур. қар.) тозуды өтейді және төрткілше 4 мен сұққының сфералық беті 2 арасындағы саңылауларды жояды, сонымен қатар доңғалақтар жағынан берілетін соққыларды жұмсартады.

Пластмассада (нейлоннан, капроннан, полиуретаннан және басқ.) жасалған төрткілшелері бар топсалар перспективалы болып табылады. Мұндай төрткілшелер арнайы құрамды сіңіргеннен кейін пайдалану уақытта майлауды талап етпейді.

Меңгерікті жетек жоғары ПӨК басқа жетек бөлшектерінің серпінді деформациясын болдырмайтын үлкен қаттылыққа ие болуы тиіс. Бұл жағдайда автомобиль жүріп жатқан кезде басқарылатын доңғалақтардың әсері мен курстық тұрақтылықтың нашарлауы жойылады.

Меңгерікті механизмде және меңгерікті жетектің топсаларында саңылаулардың болуы меңгерікті доңғалақтың еркін жүрісінің туындауына әкеледі. Оның шамасы тым үлкен болған кезде автомобильді жоғары жылдамдықта басқару автомобильдің бұлғақтауынан қиын болады.

Апаттық қақтығысқан немесе автомобиль күрт тежеген кезде жүргізушінің алдында орналасқан меңгерікті доңғалақ пен бағанашық үлкен қауіпті төндіреді. Бұл жағдайларда жүргізушінің жарақаттану қаупін төмендету үшін меңгерікті доңғалақ пен бағанашықты жарақатқа қауіпсіз, яғни күштік әсер еткен кезде оңай деформацияланатын арнайы әлсізденген бөлшектерден жасайды. Осы мақсатта меңгерікті доңғалаққа қауіпсіздік жастығы да сыю мүмкін.

6.2. Меңгерікті басқару күшейткіштері

Меңгерікті жетектің күшейткіші жүргізуші автомобильді немесе доңғалақты тракторды басқаруға жұмсайтын күшті азайту үшін, сондай-ақ басқарылатын доңғалақтардың құрсымдарының біреуінде қысым кенеттен және күрт азайған кезде жоғары жылдамдықпен автомобильдің басқарылатын қозғалуын қамтамасыз ету үшін қызмет етеді.

Күшейткіштер басқаруды жеңілдетуге мүмкіндік береді, әсіресе терең ізден немесе атыздан шыққан кезде, жолдың бұдырлығынан

меңгерікті доңғалаққа соққыларды жұмсартуға, бұрылу уақытын қысқартуға және тура сызықты қозғалыстың тұрақтылығын сақтауға мүмкіндік береді.

Күшейткіштерге қойылатын талаптар келесі:

- машинаны кез келген жағдайда меңгерікті доңғалаққа күштің доңғалақтың бұрылу кедергісіне пропорционалдықтың белгілі шегінде, жүргізушіде «жолды сезу сезімі» қалатындай, машинаны басқару мүмкіндігін қамтамасыз ету;

тұрақтандыру сәтінің әсерінен басқарылатын доңғалақтардың тұрақтандырылуына кедергі жасамау, яғни тура сызықтық қозғалысқа сәйкес келетін күйге қайтып келу;

доңғалақтардан меңгерікті доңғалаққа итермелердің берілісін болдырмау;

жүйенің ең төмен істеп кету уақыты үшін жоғары сезімталдықты қамтамасыз ету.

Қолданылатын күшейткіштер жүргізуші басқару органдарында құрайтын сигналдың өзгеру заңдылығын автоматты түрде шығаратын (қадағалайтын), кері байланысы бар қадағалау жүйелері болып табылады. Меңгерікті басқаруда қадағалау құрылғысы меңгерікті доңғалақтың бұрылу бұрышы мен басқарылатын доңғалақтардың бұрылу бұрышы арасындағы сәйкестікті қамтамасыз етеді.


Әсерінен меңгерікті доңғалақты бұру тоқтатылған кезде орындаушы механизмге энергияны жіберу тоқтатылған кері байланыс иінтіректер жүйесі түріндегі механикалық, сол секілді гидравликалық та бола алады. Күшейткіштер гидравликалық, пневматикалық, электрлік және аралас типті болады. Меңгерікті жетекте ең кең қолданылатын гидрокүшейткіштер.

Гидрокүшейткіші бар меңгерікті басқарудың принципиалдық схемасы 6.5-суретте көрсетілген. Сорап 11 бәктен 12 жұмыс сұйықтығын арынды желі 10 бойынша таратқышқа 1 жібереді. Тура сызықты қозғалыс кезінде таратқыштың 1 реттығыны 7 ортасынан орналасқан және жұмыс сұйықтығы қосқыш желілерге 5, 6 түспейді. Ағызу желілері 14 бойынша жұмыс сұйықтығы бәкке 12 қайтып келеді.

Меңгерікті доңғалақты 9 оңға бұрған кезде сошка 8 таратқыштың 1 реттығынын 7 солға жылжытады. Арынды желі 10 жұмыс сұйықтығын күштік цилиндрдің 4 үстінгі қуысына жіберетін қосқыш желімен 5 қосылады. Соуышы машинаның басқарылатын доңғалағының бұрылу иінтірегімен 3 қосылған піспек, астыға қарай жылжыйды және доңғалақтар оңға бұрылады. Желілер бойынша 6, 14 жұмыс сұйықтығы бәкке 12 қайтып келеді.

Меңгерікті доңғалақты 9 солға бұрған кезде сошка 8 таратқыштың 1 реттығынын 7 оңға жылжытады. Арынды желі 10 сұйықтықты күштік цилиндрдің 4 астыңғы қуысына жіберетін қосқыш желімен 6 қосылады. Піспек үстіге қарай жылжыйды және доңғалақтар солға бұрылады. Желілер бойынша 5, 14 жұмыс сұйықтығы бәкке 12 қайтып келеді.

Таратқыштың тұрқысы 1 жылжымалы жасалған және кері байланыстың тартым күшімен 2 иінтірекпен 3 қосылады. Машинаның басқарылатын доңғалағын бұрған кезде тартым күші 2 таратқыштың тұрқысын 1 реттығынды 7 жылжыту жағына жылжытады. Меңгерікті доңғалақ *тоқтаған сәтте* реттығын 7 таратқыштың тұрқысына қатысты бейтарап күйде тұрады, қосқыш желілері 5 пен 6 арынды желімен 10 бөліктенеді және сұйықтықты күштік цилиндрге 4 жіберу тоқтатылады. Бұл ретте жұмыс сұйықтығы сораптан



6.5 сур.. Гидрокүшейткіші бар меңгерікті басқарудың
принципалдық схемасы:

1 — таратқыш; 2 — кері байланыстың тартымы; 3 — иінтірек; 4 — күштік цилиндр; 5, 6 — қосқыш желілері; 7 — реттығын; 8 — сошка; 9 — меңгерікті доңғалақ; 10 — арынды желі; 11 — сорап; 12 — бак; 13 — қайта өткізу клапаны; 14 — ағызу желілері; —> — жұмыс сұйықтығының қозғалыс бағыты; -<— — реттығынның қозғалу бағыты

қайта өткізу клапаны 13 арқылы қайтадан сорапқа 11 түседі. Басқарылатын доңғалақтарды үлкен бұрышқа бұру үшін меңгерікті доңғалақты бұруды жалғастыру және реттығынды 7 жылжыту қажет.

Таратқыштың конструкциясына байланысты қадағалау әрекеті меңгерікті доңғалақтың қозғалысы бойынша, немесе бұрылысқа кедергі күші бойынша немесе екі әдісті де қолданумен (құрама таратқыш) жүзеге асырылуы мүмкін.

Жылжу бойынша қадағалау әрекетін қамтамасыз ететін таратқыш 6.5 суретте көрсетілген схеманы қарастырған кезде сипатталған. Оның айырықша жері кері байланыстың тартымымен 2 – байланыстырушы элементпен жүзеге асырылатын кері механикалық байланыс болып табылады.

Таратқышты және орындаушы элементті орнату жеріне байланысты және кері байланыстың болуы бойынша меңгерікті жетектің гидрокүшейткіші 6.6, а-г сур. келтірілген төрт құрама схемалардың біреуі бойынша орындалуы мүмкін.

6.6, а суреттегі гидрокүшейткіштің схемасында (ЗИЛ, КамАЗ автомобильдері, ЛТЗ мен МТЗ тракторлары) таратқыш Р, күштік цилиндр КЦ және меңгерікті механизм ММ бір агрегатта біріктірілген. Мысал ретінде 6.3 суретте көрсетілген конструкцияны келтіруге болады.

Гидрокүшейткіші бар ММ-да механизмнің қартері 1 (6.3 сур. қар.) гидрокүшейткіштің цилиндрі болып табылады. Жүргізуші меңгерікті доңғалақты және бұраманы бұрған кезде, бұл оның піспек-рейкада 2 бойлық жылжуға және тірек мойынтіректе 6 өстік күштің құрылуына әкеледі. ММ қартеріне 1 реттығыны 7 мен серіппемен 9 ашылған реактивтік плунжерлер 8 бар басқару клапаны бекітілген.

Егер жүргізуші тірек мойынтіректе 6 құрайтын өстік күш серіппенің қысу күшінен асып кетсе, онда тірек мойынтірегі тығынжыл мен реттығынды жылжытады. Бұл ретте гидрокүшейткіш цилиндрінің бір қуысы гидросорапты ММ-мен байланыстыратын жоғары қысым желісімен қатынасады, ал басқа қуыстан май сорапқа қайтып барады. Піспек-рейка 2 майдың өсіп кеткен қысымымен жылжый бастайды және бұл ретте меңгерікті сошканың білігін 10 және сошканың 11 өзін жылжыта бастайды. Басқарылатын доңғалақтардың бұрылысына кедергі өскен сайын цилиндрде және реактивтік плунжерлер астындағы қысым да, сонымен қатар меңгерікті доңғалақтағы күш те өсе бастайды. Демек, басқарылатын доңғалақтар бұрылысына кедергі өзгерген сайын меңгерікті доңғалақтың бұрылысына кедергі де пропорционалды өзгереді, сонымен жүргізушіде «жолды сезу сезімі» қалыптасады. Меңгерікті


доңғалақтың бұрылысы тоқтаған кезде, май қысқа уақыт ішінде піспек-рейканы 2 бұрамамен 3 жылжытуды жалғастырады, сонымен бірге реттығынды 7 орташа күйге жылжытады, бұл доңғалақтарды белгіленген күйде ұстап тұру үшін цилиндрде қысымды қажетті деңгейге дейін төмендетеді және піспек-рейканың қозғалысын, сондай-ақ басқарылатын доңғалақтар бұрылуын басқарады.

Осы схеманың артықшылықтарына құбырлардың жинақтылығын, ең кішкентай ұзындықты және жоғары әрекет етуді жатқызған жөн. Меңгерікті жетектің барлық элементтерін және меңгерікті механизмді жартылай, сондай-ақ негізгі агрегаттың үлкен габариттік өлшемдерін жүктеу болып табылады, бұл оның құрастыруын қиындатады.

6.6, б суреттегі гидрокүшейткіштің схемасында (БелАЗ, МАЗ автомобильдері) бірлесе құрастырылған Т мен КЦ бойлық меңгерікті тартымда ММ-нан жеке орналасқан.

Қарастырылатын схемада әдеттегі ММ және ұзындығы шамалы құбырлар қолданылады. Бұл схеманың біріншісімен салыстырғандағы кемшіліктері гидрокүшейткіштің үлкен салмағы және КЦ белгілі орналасқан жері болып табылады, өйткені онымен құрастырылған Т сошкамен байланысты болуы тиіс.

6.6, в суреттегі гидрокүшейткіштің схемасында (ГАЗ автомобильдері) барлық негізгі элементтер (ММ, Т және КЦ) бір бірінен жеке орналасқан, бұл оларды автомобильде құрастыру ыңғайлылығын, сонымен қатар меңгерікті басқару мен типтік ММ стандартты бөлшектерін қолдану мүмкіндігін қамтамасыз етеді.



6.6–сур. Гидроқушейткіштердің құрама схемалары:

а — таратқыштың Т, күштік цилиндрдің КЦ және меңгерікті механизмнің ММ бірлесе орналасуы; б — Т мен КЦ бірлесе орналасуы және ММ жеке орналасуы; в — Т, КЦ және ММ жеке орналасуы; г — Т мен ММ бірлесе орналасуы және КЦ жеке орналасуы


Таратқыш жүк автомобилінде бойлық тартымда, ал КЦ – алдыңғы белдемде орналасқан. КЦ-ны басқарылатын доңғалақтардың қасындағы схемаға қосу меңгерікті басқару элементтерінің әжептеуір бөлігін үлкен күштердің әсерінен босатуға мүмкіндік береді.

Схеманың кемшілігі құбырлардың үлкен ұзындығы болып табылады, бұл сезімталдықтың төмендеуіне және гидроқушейткіштің жүйесінде ауытқу процестерінің туындау ықтималдығының жоғарылауына әкеледі.

Осы схема бойынша жасалған гидроқушейткіштің принципиялды құрылғысы және оның жұмысы алдында қарастырылған (6.5 сур. қар.).

6.6, г суреттегі гидроқушейткіштің схемасында («Урал», КрАЗ автомобильдері, К-703, Т-150К тракторлары топсалы біріктірілген рамамен) Т-ның ММ картерінде, ал КЦ (тракторларда екі КЦ) меңгерікті жетекте орналасуы қарастырылады. Топсалы қосылған рамасы бар тракторлардың бұрылу сәті жарты рамалардың біреуіне бекітілген көлденең иінтіректерде әрекет ететін екі КЦ-мен құрылады.

6.7 суретте К-703 трактордың бұрылу режимінде гидрокүшейткішімен меңгерікті басқару схемасы суреттелген. Схема меңгерікті доңғалақты 3, ММ (бұрам 4 — сектор 5 жұбы), сақтандыру клапаны 19 бар таратқышты 17,



6.7 сур. К-703 трактордың бұрылу режимінде гидрокүшейткішімен меңгерікті басқару схемасы:

1 — гидросорап; 2 — май бәгі; 3 — меңгерікті доңғалақ; 4 — бұрам; 5 — сектор; 6 — кері байланыстың тартымы; 7, 9 — жартылай рама; 8 — ось; 10 — піспек КЦ; 11 — күштік цилиндрлер; 12, 15 — тиек клапандары; 13 — піспек-термелегіш; 14 — клапандық қорапша; 16, 19 — сақтандырғыш клапандар; 17 — таратқыш; 18 — реттығын; —»— жұмыс сұйықтығының қозғалыс бағыты; А — КЦ піспекті қуысы; Б — КЦ сояуыш қуысы

бұрылыстың екі КЦ 11, гидросорап 1, май бәгін 2 және май өткізгіштерін қамтиды.

Қадағалау әрекеті жартылай рамалардың 7 мен 9 жылжуы бойынша меңгерікті сошканы артқы жартылай рамамен 7 қосатын кері байланыстың тартымы 6 көмегімен жүзеге асырылады. Екі жақты әрекет ететін гидроцилиндрлер (КЦ 11) жартылай рамалармен 9 бен 7 топсалы қосылған. КЦ қақпақтарында серіппелермен қысылатын екі тиекті клапаны 12, 15 бар клапандық қораптар 14 бекітілген. Клапандардың арасында піспек-итермелегіш 13 орнатылған. Жоғары қысымдарда КЦ сынуын болдырмау үшін КЦ қуыстарын ағызу желісімен қосатын сақтандырғыш клапандар 16 орнатылған.

Трактор тура сызықты қозғалған кезде КЦ 11 жабық күйде тұрады және жартылай рамаларды өстің 8 айналасында бұрылудан ұстап тұрады. Реттығын 18 серіппелердің әсерінен бейтарап күйде орнатылған. Гидросорап 1 майды бөктен 2 таратқыш 17 арқылы айдамалап, оны бөкке қайтып әкеледі.

Меңгерікті доңғалақ 3 бұрылған кезде бұрам 4, жылжымайтын сектор 5 кезінде бұрылып реттығынды 18 жылжытады. Бұл ретте арынды желі клапандық қораптармен 14 қосылады. Қысымның әсерінен екі КЦ арынды магистральдарының тиек клапандары ашылады, цилиндрлердің А мен Б қуыстарына түсетін май піспектерді 10 сояуыштармен әр жаққа жылжытады және нәтижесінде жартылай рамалар бір біріне қатысты бұрылады. КЦ-дан шығарылатын май піспек-итергіш 13 ашқан ағызу магистральдарының тиек клапандары арқылы май бөгіне түседі. Кері байланыстың тартымы 6 сошка арқылы реттығынды бейтарап күйге қайтаруға тырысып, секторды 5 бұрайды. Меңгерікті доңғалақтың бұрылысы тоқтатылған сәтте, тартым 6 мен тығынжыл таратқыштың 17 реттығынын 18 бейтарап күйге қайтарады, тиек клапандары жабылады және жартылай рамаларды берілген күйде бекітеді.

6.3.Тежеуіш жүйелері

Машинаның *тежеуіш жүйелері* қозғалыстың жылдамдығын әртүрлі қарқындылық дәрежеде толық тоқтағанша немесе қажетті шамаға дейін төмендету, сонымен қатар машинаны тұрақтарда және ылдида ұстап тұру үшін қызмет етеді. Шынжыртабанды және доңғалақты тракторлардың кейбір түрлерінде тежеуіш жүйелері бұрылыс кезінде қалып қоятын шынжыртабандардың (доңғалақтардың) тежеуін қамтамасыз етеді.

Тежеуіш жүйелері келесі талаптарды қанағаттандыруы тиіс:

- берілген тиімділікпен тұрақты тежеу мүмкіндігі;

- тежеу біркелкілігі мен автомобильдің тежеу кезінде курстық тұрақтылығы;
- тежеу механизмдерінен жақсы жылу берілісі;
- тежеу бастырмалары мен барабан (диск) арасындағы қажетті саңылауды сақтау мүмкіндігі, оны салыстырмалы сирек реттеген кезде;
- тежеген кезде шикылдың болмауы;
- басқару ыңғайлылығы, яғни шектелген жүріс кезінде басқышқа немесе тұтқаға шамалы күш жұмсау;
- жеке тежеуіш арасындағы тежеу сәттерін дұрыс үлестіру;
- доңғалақтардың тік жылжуы және автомобильдің бұрылуы кезінде тежеуіштердің өздігінен тартылуының болмауы;
- басқышқа күш салу мен доңғалақтардағы тежеу күші арасындағы пропорционалдылықты сақтау;
- пайдаланушылық сенімділік пен тежеуіш жүйесінің тез істеп кетуі.

Заманауи автомобильдер мен ауыр доңғалақты тракторларда *жұмыс, қосалқы және аялдамалық* тежеуіш жүйелері орнатылады.

Қосымша тежеуіш жүйені көрсетілгендерге қосымша үлкен жүк машиналарда және салмағы 16 т аспайтын автопоездерде орнатады, оны автомобильді жайпауыттарда тежеген кезде қолданылады.

Одан басқа, автопоезддерді тежеуіш жүйемен жабдықтайды, ол тіркеменің жылдамдығын төмендету және ілініс үзілген жағдайда оны жедел тежеу үшін қажет.

Жұмыс және қосалқы тежеуіш жүйелері автомобильдің қзғалу жылдамдығын төмендету және толығымен тоқтату үшін қызмет етеді.

Жұмыс тежеуіш жүйесі істен шығып кеткен кезде, қосалқы тежеуіш жүйесі оның бөлігі болып табылады және онымен бірге ортақ тежеу механизмдері мен жетектер жүйелерін қолданады.

Тежеуіш жүйелері доңғалақтарды немесе трансмиссия біліктерінің біреуін айналдыруды баяулату үшін қызмет ететін тежеуіш механизмнен және тежеу механизмін басқыш (жұмыс доңғалақты тежеуіш) немесе тұтқа (аялдамалық тежеуіш) арқылы қосуға қажетті тежеуіш жетектен тұрады.

Тежеуіш механизмдер машинаның шассиінде орналасқан жеріне байланысты доңғалақты және трансмиссиялық болады.

Доңғалақты тежеу механизмдерде тежеуіш сәті тікелей доңғалақтың күпшегіне (оныңмен бірге айналатын бөлшек арқылы) әсер етеді, ал трансмиссиялық тежеу механизмдерде машина трансмиссиясының біліктерінің біреуіне және доңғалақтарға тежеу сәті

тежеу механизмнің артынан орналасқан трансмиссия элементтері арқылы келтіріледі.

Тежеу механизмдері үйкелесетін айналмайтын бөлшектердің пішіні бойынша қалыпты, таспалы және дискілі, ал айналатын бөлшектердің пішіні бойынша – барабандық және дискілі болады.

Барабандық тежеу механизмдерде тежеуді қамтамасыз ететін бөлшектер (қалыптар мен таспалар) барабанның ішінде және сыртынан орналасуы мүмкін, тиісінше барабандық тежеу механизмі ішкі және сыртқы болуы мүмкін.

Дискілі тежеу механизмі тежеуді шығаратын айналатын дискілермен және айналмайтын дискілермен бола алады. Дискілі тежеу механизмі дисктердің саны бойынша бір дискілі, екі дискілі және көп дискілі болып жасалады.

Егер тежеуіштің айналатын бөлшегіне (мысалы, барабанға) тежеуді жасайтын бөлшектердің бір жүйесі (мысалы, қалыптар немесе таспалар) әсер етсе, онда тежеуді бір реттік деп атайды. Тежеуіштің айналатын бөлшегіне тұтқадан және басқыштан өз бетінше жетектермен тежеуді жасайтын бөлшектердің екі жүйесі әсер етсе, онда мұндай тежеуіш механизмін қосарлы деп атайды.

Тежеу кезінде доңғалақтың осіне немесе күпшегінің мойынтіректеріне қосыша күш салынбаған кезде, тежеу механизмі теңдестірілген болып табылады. Кері жағдайда тежеу механизмі теңдестірілмеген болып табылады. Қалыпты барабандық тежеу механизмі теңдестірілген болу үшін, оның екі қалпына әсер ететін күштер бірдей тең әрекет ететінге келтірілуі тиіс, ал дискілі тежеуіштің қалыптар жұбы дискінің бетінде және оның екі жағынан симметриялы орналасады.

Өздігінен күш салумен тежеу механизмде тежеу тиімділігін арттыру үшін қалыптардың біреуі мен барабан арасында әрекет ететін үйкеліс күштері немесе сыналау күштері қолданылады (мысалы, роликтердің).

Қазіргі уақытта ең көп тараған бұл ішкі қалыптары, сиректеу дискілері бар барабандық типтік доңғалақты тежеу механизмі; трансмиссиялық тежеу механизмін әдетте сыртқы қалыптар немесе таспалары бар барабандық типті немесе қалыптары бар дискілі типті жасайды. Сыртқы қалыптар мен таспалары бар доңғалақты тежеу механизмдері қолданылмайды, өйткені бұл жағдайда тежеуіштің үйкелісу бетун кір мен ылғалдың тиюінен қорғауға қиын болады.


Жүк автомобильдерінде әдетте қалыпты тежеуіштерді, шанжыртабанжы тракторларда – сыртқы таспалы тежеуіштерді

қолданады (4.10 бөлімшені қар.). Барлық машиналарда, соның ішінде ауыр доңғалақты тракторларда дискілі тежеуіштер тараған.

6.8 сур. қалыптарға әсер ететін күштермен барабандық тежеу механизмдердің төрт схемасы келтірілген, соның ішінде тіректердің бір жақты орналасуымен (6.8, а, б сур.) таратылған тіректермен (6.8, в сур.) және бір тірек пен өзін өзі күшейтумен (6.8, г сур.).

6.8, а, в және г сур. бейнеленген схемаларда, қалыптарға әсер ететін жетекті күштер Т бірдей, ал 6.8, б суреттегі схемада — әртүрлі, бірақ ашпалы жұдырықтың симметриялы кескіні қалыптардың бірдей жылжуын қамтамасыз етеді.

Келтірілген схемалардың ішінде тежеуіштің үйкелісу сәтінің ең үлкен тұрақтылығына 6.8, а, б суретінде бейнеленген тіректердің бір жақты орналасуымен доңғалақты тежеу механизмдері ие. Осы схемалар бойынша жасалған гидроцилиндр мен жұдырық түріндегі ашпалы құрылыстары бар доңғалақты қалыпты тежеу механизмдері 6.9, а, б суретте көрсетілген. Артқы белдемнің тежеу механизмдерінің тірек дискісі 3 жартылай өстің қаптама ернемегіне бекітіледі, ал алдыңғы белдемнің тірек дискісі 3 — бұрылу жұдырықшаның ернемегіне бекітіледі. Тежеу барабандары 16 доңғалақтың күпшегіне бекітіледі.




6.8 сур. Барабандық тежеу механизмдерінің схемлары:

а — тіректердің бір жақты орналасуымен және бірдей жетек күштерімен; б — тіректердің бір жақты орналасуымен және қалыптардың бірдей жылжуымен; в — таратылған тіректермен және бірдей жетек күштермен; г — бір тірекпен және өзін өзі күшейтумен; h — қалыптың тірек нүктелері арасындағы арақашықтық; P — жетек күші; X — қалыпты барабанға қысу күші; Y — қалып пен барабан арасындағы үйкеліс күші; R — қалыптар тіректерінің реакциясы; индекстер 1, 2 бүкіл жерде алдыңғы мен артқы қалыптарға сәйкес келеді

Жетекші гидроцилиндрі бар тежеу механизмдерде (6.9, а сур. қар.) тартпалы серіппе 4 тежеуіш қалыптардың 1 мен 6 екеуін де тірелгенше реттеу эксцентрикаға тартып алады, олардың астына эксцентриктің бекіткіш серіппелері 10 қойылған. Реттеу эксцентрик 11 бұрып қалып пен барабан арасындағы саңылауды реттейді. Қалыптар тірек дискісінде 3 сомындармен бекітілген тірек сұққылардың 14 эксцентриктеріне 13 отырғызылған. Қалыптардың бастырмалары тозған сайын олардың астыңғы тіректері ашылады. Сонымен қалыптардың тежеу барабанымен барынша үлкен жанасу көлемі сақталады. Қатпарлы серіппелерімен бағыттауыш қапсырмалар 5 қалыптарды бүйірлік жылжып кетуден ұстап қалады. Тежеу кезінде қалыптардың үстінгі ұштары ажыратылмалы гидравликалық құрылғының доңғалақ цилиндрлерінің піспектерімен 2 ашылады және

тежеу барабандарына қысылады, нәтижесінде фрикциялық тежеу сәті құрылады.

Ажыратылмалы жұдырығы бар тежеу механизмдерде (6.9, б сур.) эксцентриккалық өстерде 17 екі тежеу қалыптары 1 орнатылған. Қалыптар бұрамды доңғалақпен 23 бұрылатын білікке 22



6.9-сур. Қалыпты тежеу механизмдерінің конструкциялары:

а — жетек гидроцилиндрмен (тежеу барабаны шешілген); б — ажыратылмалы жұдырықпен; 1, 6 — тежеу қалыптары; 2 — доңғалақты цилиндр; 3 — тірек дискісі; 4 — тартпалы серіппе; 5 — бағыттауыш қапсырма; 7 — фрикциялық бастырма; 8 — реттегіш эксцентриктың бұраны; 9 — шайба; 10 — эксцентриктың серіппесі; 11 — реттегіш эксцентрик; 12 — тірек сұққылардың пластинасы; 13 — тірек сұққылардың эксцентриктері; 14 — тірек сұққы; 15 — суппорт; 16 — тежеуіш барабан; 17 — эксцентриктік өстер; 18 — роликтің тірегі; 19 — ролик; 20 — тежеуіш камера; 21 — ажыратылмалы жұдырық; 22 — ажыратылмалы жұдырықтың білігі; 23 — бұрамдық доңғалақ; 24 — бұрам; 25 — сояуыш; ✓-*- — реттегіш эксцентриктердің бұрылу бағыты отырғызылған ажыратылмалы жұдырықтың 21 кескінді беттерімен ашылады. Бұрамдық доңғалақ тежеу камерасының 20 жылжымалы сояуыштан 25 жылжйтын иіңтірекпен бірге доға бойынша қозғалатын айналмайтын бұраммен 24 бұрылады. Тежеуіштің қалыптарым мен барабаны арасындағы саңылауды реттеу бұрамдықберіліспен (бұрам 24 — бұрамдық доңғалақ 23) бұрам 24 айналған кезде жүзеге асырылады.


Дискілі тежеу механизмі тиімділігі мен тұрақтылығы бойынша барабан механизміне тең, ол бір қалыпты және бастырмалардың бірдей әрі біркелкі тозу қарқындылығы бар. Жетек күштерінің біркелкілігі оларды конструкция элементтерінің деформациясы бойынша шектеусіз қажетті шамаға дейін ең жоғары тежеу тиімділікке қол жеткізу мақсатында оларды өсіруге мүмкіндік береді. Сондықтан дискілі тежеу механизмнің габариттік өлшемдері, барабандық механизмге қарағанда кішірек, бұл оның машина доңғалағында құрастыруын жеңілдетеді.

Дискілі тежеу механизмнің да бір қатар артықшылықтары бар:

- кішкентай саңылаулармен жұмыс істеу мүмкіндігі, бұл тежеуіш жүйенің істеп кету уақытын қысқартады және жетектің беріліс санын көбейтуге мүмкіндік береді;
- фрикциялық бастырмалардың үйкелісу бетін үлкейту мүмкіндігі, демек, оларға қысымның төмендеуі;
- қысымның үйкеліс беті бойынша біркелкі таралуы және нәтижесінде, бастырмалардың біркелкі тозуы;
- үлкен салқындату беті мен үйкелесетін беттерден жақсы жылуды әкету, бұл қалыптардың аз ысуын және тежеу сәтінің үлкен тұрақтылығын қамтамасыз етеді;
- тежеу тиімділігінің бастырмалардың тозу дәрежесінен тәуелсіздігі;
- тежеу сәті тең болған кездегі конструкцияның төмен массасы.

Дискілі тежеу механизмнің конструкцияларының нұсқаларының бірі 6.10 сур. көрсетілген. Доңғалақты диск екі бөліктен тұрады (сол 6 және оң 7) және автомобильдің доңғалағымен бірге айналады. Айнамайтын дискілер 4 пен 5 фрикциялық бастырмалармен тежеу механизмнің тірек дискісіне бекітіледі және тежеген кезде доңғалақты дискінің ішкі беттеріне қысылады. Гидравликалық жетек 4 пен 5 дискілермен байланысты цилиндрлермен 2 жүзеге асырылады. Тежеген кезде гидравликалық цилиндрлердің 2 сояуыштары шығарылады және дискілерді 4 пен 5 бір біріне қатысты қарама-қарсы жақтарға бұрады. Бұл ретте шариктер 1 дисктердің бетіндегі конустық жырашықтармен жылжып, дисктерді доңғалақты дискінің ішкі бетіне қысып, оларды ажыратады.

Сонымен қатар фрикциялық дискілерді тікелей гидравликалық немесе пневматикалық қысатын дискілік тежеу механизмдері бар.



6.10-сур.. Дискілі тежеу механизмі:

1 — шарик; 2 — цилиндр; 3 — шектегіш; 4, 5 — фрикциялық бастырмалары бар дисктер; 6, 7 — доңғалақты дискінің сол және оң бөліктері

Таспалы тежеу механизмдердің қазіргі уақытта бір қатар кемшіліктерге бола автомобильдерге шектеулі тараған. Кей кезде олар аялдамалы тежеуіш жүйеде қолданылады.

Таспалы тежеуіштер шанжыртабанды траткорларда кең тараған. Оларды фрикциялық және планетарлық бұрылу механизмдердің барабандарына орнатады. Осы тежеуіштің құрылысы мен басқарылуы алдында 4.10 бөлімшеде баяндалған.

Автомобиль тежеген процесте тежеу механизмдерінің элементтері қатты ысып кетеді, бастырмалары тозады. Нәтижесінде олар мен тежеу барабаны арасындағы саңылау үлкееді, істеп кету уақыты өседі, нәтижесінде бұл тежеу тиімділігін едәуір төмендетеді. Пайдаланушылық жағдайларда алғашқы саңылауды қалпына келтіру үшін автомобильдерге техникалық қызмет көрсету уақытында жүйелі реттеулер жүргізіледі, дегенмен үйкелісетін беттердің арасында саңылауды тұрақты автоматты түрде ұстау тиімдірек болып табылады.

Саңылауды тұрақты автоматты түрде ұстап тұру үшін, мысалы, механикалық (фрикциялық, қырылдақ, сыналғанған) немесе гидравликалық құрылғылар қолданылады.

Үйкелісетін беттер ысыған кезде автомобильдің тежеу қасиеттері нашарлайды және бастырмалардың тозу процесі қарқындайды. Автомобиль жиі тежеген кезде, барабанның ішкі бетіндегі температура 700... 800 °C жетуі мүмкін. Тежеу механизмдердің бөлшектері ысыған кезде үйкеліс коэффициенті едәуір төмендейді және бастырмалардың тозу қарқындылығы жоғарылайды.

Жылуды бұруды жақсарту үшін тежеу барабандарын құйылған немесе бір материалдан штампталған немесе биметалды қылады (шойыннан тоғыны бар болат, шойыннан ендірмелері бар алюминий және т.с.с.). Ең жақсы қабілеттерге биметалды барабандар ие. Тежеу дискілерді шойыннан немесе металлокерамикадан жасайды. Салқындату бетінің үлкеюіне барабандарды қабырғалау арқылы қол жеткізіледі, ал желдетуді жақсарту – мәжбүрлі әуе салқындатумен. Ол үшін дисктерді тесіктермен немесе желдетілетін ішкі бетпен қосарланған қылып жасайды. Мәжбүрлі сұйықтықтық салқындатуы бар конструкциялар болады.

Тежеу бастырмалардың фрикциялық материалдар клесіні қамтамасыз етуі тиіс:

- айналатын элементтің үйкелісетін бетінің материалымен бірге жоғары үйкелісу коэффициенті;
- үйкелісу коэффициентінің ысып кету, қозғалыстың жоғары жылдамдықтарда, су, лай және май тиген кездегі тұрақтылығы;
- жұмыс процесінде жоғары қаттылық пен деформацияның болмауы;
- төзімділік жоғары температураларда (350.400 °C дейін);
- фрикциялық қасиеттердің уақытта тұрақтылығы.

Бастырмалар ретінде органикалық байланыстырушы элементтері бар талшықты асбест кең тараған. Бірақ қазіргі уақытта экологиялық талаптар бойынша құрамында асбест жоқ фрикциялық материалдар жиі қолданылады. Сонымен қатар әртүрлі құрауыштары бар эбониттен жасалған пластмассада қолданылады. Пресстелген материалдан жасалған бастырмалар тоқылғанға қарағанда, қаттылау болады.


Металлокерамикалық бастырмалар перспективті болып табылады. Олар жоғары температураларды жақсы көтереді, үйкелісу коэффициентінің тұрақтылығын сақтайды және жоғары қаттылыққа ие.

Аялдамалы тежеуіш жүйесі көлік құралын ылдийда шектелмеген ұзақ уақыт бойы ұстап тұруға арналған. Аялдамалы тежеуіш жүйенің тиімділігі осы жүйеде тежеу жүйелері дамытатын жиынтық тежеу күші техникалық шарттармен берілген ылдийдің шамасына сәйкес

келетіндей болуы тиіс (жүк автомобильдері мен автопоездер үшін кемінде 31 %).

Аялдамалы тежеуіш жүйесі үшін автомобильдің артқы доңғалақтарының тежеу механизмдері қолдануы мүмкін (мысалы, жеңіл автомобильдерде, КамАЗ автомобильдерінде) немесе жеке трансмиссиялық тежеу механизмі орнатылуы тиіс.

Жүк автомобильдерінде ең көп тараған аялдамалы тежеуіш жүйесінің барабандық, таспалы немесе қалыпты трансмиссиялық механизмдер. 6.11 суретте трансмиссиялық тежеу механизмдер конструкцияларының нұсқалары көрсетілген (барабандық және дискілі).



Барабан 1 (6.11, а сур.) және диск 7 (6.11, б сур.) БҚ жетектегі білікпен байланысты. Барабан 1 (6.11, а сур. қар.) тежеген кезде БҚ картеріне бұралған кронштейнге 3 құлақшаның көмегімен тірелетін таспамен 2 қысылады.

Таспаның бір ұшына күш кронштейнмен 3 топсалы байланысқан иінтірекпен 4, басқаға — бір уақытта өзек 5 арқылы жіберіледі. Аялдамалы тежеуіш жетектің тұтқасының көмегімен иінтірек 4 бұрылады және таспаны 2 барабанға 1 қысады.

Диск 7 (6.11, 6 сур. қар.) тежеген кезде сұққыда 9 еркін отырған және кронштейнде 8 бекітілген иінтіректермен 11 мен 12 қысылатын қалыптармен 10 қысылады. Иінтіректерге 11 мен 12 күш аялдамалы тежеуіш жүйесі жетегінің тұтқасынан жіберіледі.

Аялдамалы тежеуіш жүйесінің тежеуіш жетегінде энергияның кез келген түрі қолданыла алады, дегенмен тежелген күйде осы жүйенің тежеу механизмдерін ұстауды таза механикалық әдіспен әрекет ететін (деформацияланатын денелерді қолданбай), тежеу механизмдерінің шектелмеген уақытқа созылуын қамтамасыз ететін құрылғы жүзеге асыруы тиіс. Сондықтан аялдамалы тежеуіш жетектерінің басым бөлігі механикалық болып табылады.

Қосалқы тежеуіш жүйеде жұмыс жүйесінің доңғалақты тежеу механизмдері қолданылған жағдайда, оны аялдамалы тежеуіш жүйесімен біріктіруге болады.

КамАЗ автомобильдерінде аялдамалы және қосалқы тежеуіш жүйесі ретінде серіппелі аккумуляторлық қуаты бар тежеуіш камералармен жабдықталған артқы арба доңғалақтарының тежеу механизмдері қолданылады. Жетек — пневматикалық, аялдамалы тежеуішті басқаруды қол тежеуіш кранның иінтірегімен орындалады.

Қосымша тежеуіш жүйесі, автомобильдің ұзақ еңістерде жылдамдығын шектейтін жүйе, басқа тежеуіш жүйелерге қарамастан орындалады. Ол жұмыс тежеуіш жүйесіз қолданылады, бұл доңғалақты тежеуіш механизмдердің ысып кетуін және тежеу тиімділігінің төмендеуін болдырмайды.

Қосымша тежеуіш жүйе басқа тежеуіш жүйелерді қолданбай автомобильдің 6...7° еңістен 30...40 км/сағ жылдамдықпен түсуін қамтамасыз етуі тиіс.


Қосымша тежеуіш жүйе моторлық тежеуіш немесе тежеуіш-баяулатқыш (гидравликалық немесе электрлік) түрінде орындалады.

Моторлық тежеуіш болып автомобильдің доңғалақтарынан айналатын, яғни компрессорлық режимде жұмыс істейтін қозғалтқыштың өзі қызмет етеді. Қозғалтқышпен тежеу тиімділігін арттыру үшін, оны отынды беруді сөндіру және шығару құбырларында орнатылған, және шығару жерінде қарсы қысымды құрайтын жапқыштарды бұру құрылғыларымен жабдықтайды, бұл қозғалтқыштың тежеуіш сәтін өсіреді.

Гидравликалық тежеуіш-баяулатқыштың мысалы ретінде БелАЗ автомобилінде қолданылатын конструкция болуы мүмкін. Тежеуіш-баяулатқыш трансмиссияда орнатылған гидравликалық жалғастырғыш болып келеді, оның бір доңғалағы тежеуіш-баяулатқыштың тұрқысында қозғалмастан бекітілген, ал басқасы трансмиссия білігімен байланысты және сонымен бірге айналады. Кедергіні құру үшін тұрқы сораппен арнайы маймен толтырылады. Айналатын жоңғалақпен айдаланатын май жылжымайтын доңғалақтың күрекшелеріне ағады, мұнда оның жылдамдығы күрт баяулайды. Әрі қарай май айналатын доңғалақтың күрекшелеріне түседі, нәтижесінде айналатын доңғалақтың да жылдамдығы баяулайды, бұл трансмиссияда тежеуіш сәтті құрайды.

Электрлік трансмиссиялық тежеуіш-баяулағышта баяулағыштың жылжымайтын бөлігі (статор) екі электромагниттермен 3 (6.12 сур.) аралық айқаратопса біліктің 1 тірегі болып қызмет ететін кронштейнге 2 монтаждalған. Қабырғалары мен салқындатқыш терезелері бар барабан типтік зәкір (ротор) 4 осы аралық білікпен бірге айналады. Баяулатқышты қоздырудың орамы айқаратопса білігінде орнатылған тегерден 5 белдікті жетекпенкелірілетін генератордан қуат алады. Қоздыру орамы құрайтын магниттік ағын мен келтірілген электр тоқтарынае қалыптасқан ағындар арасындағы әрекеттесу нәтижесінде тежеуіш сәт туындайды.

Электрлік трансмиссиялық тежеуіш-баяулатқыш та тікелей жетекші белдемнің алдында орнатылуы мүмкін.



6.12 сур. Электрлік трансмиссиялық тежеуіш-баяулатқыш:

1 — білік; 2 — кронштейн; 3 — статордың электромагниті; 4 — зәкір (ротор); 5 — тегер; —«— ауаның қозғалыс бағыты

Тежеуіш-баяулатқыш отынды жіберу және тежеуіш басқыштарындағы электрлік түйісу қондырғысымен автоматты түрде қосылып-сөндіріледі.

Автомобильдің тежеуіш жүйесінің сенімділігін жоғарылату үшін резервтеу принципі қолданылады, ол автомобильдерге қатысты міндетті түрде жұмыс пен қосалқы тежеуіш жүйелерінің болуымен көрсетіледі. Олардың біреуі істен шыққан кезде, автомобильдің тежеуіш қабілеттері қалған жүйемен қамтамасыз етіледі.

6.4. Тежеуіштерді басқару

Тежеуіш жетегі - энергияны тежеу кезінде тежеу механизмдеріне энергияны беру және энергияны беру кезінде басқаруға арналған құрылғылардың комбинациясы. Тежеуіш жетегі басқару органынан, табыстама механизмі мен қуат аккумуляторынан тұрады (соңғы болмауы да мүмкін).

Тежеуіш жетек:

- тежеуіш механизмінің және олардың сөдірілуінің тез және бірқалыпты іске келтірілуін;
- жетекті күшті доңғалақтардың тежеуіш механизмдері арасында доңғалаққа тік жүктеменің өзгеруіне сәйкес бөлуді;
- тежеу механизміне әсер ететін тежеуіш басқышына күш пен жетекті күш арасында пропорционалдылықты;
- жоғары сенімділік пен ПӨК қамтамасыз етуі тиіс.

Басқару органына әрекет ету тәсілімен тежегіш жетектері аяқпен және қолмен басқарылатын болады. Жетек түрі бойынша тежеуіш жүйелері механикалық, гидравликалық, пневматикалық, электрлік және құрама болуы мүмкін (гидромеханикалық, гидропневматикалық, пневмоэлектрлік, пневмомеханикалық және т.б.).

Механикалық тежеуіш жетек жүргізушіден күш салу тежеуіш механизмдерге берілетін иінтіректер, топсалар, тартымдар, арқандар және т.с.с. жүйесі болып келеді.

Жетек элементтерінің жеткіліксіз қаттылығы доңғалақтардың тежеуіш механизмдерінің жұмыс істеу синхрондығын қиындатады және жетек күштерінің қажетті таралуын бұзады. Одан басқа, жетектегі еңбек етіп жатқан беттердің көптігі оның ПӨК айтарлықтай төмендетеді (0,4...0,6 дейін), бұл басқышты басу әрекетін айтарлықтай арттыруды талап етеді. Сондықтан механикалық жетек қазіргі уақытта жұмыс тежеуіш жүйелерде пайдаланылмайды.

Дегенмен, жоғары сенімділік пен күш берудің шектеусіз уақыты арқасында оны автомобильдің аялдамалы тежеуіш жүйесінде кеңінен қолданылады (6.11 сур. қар.).

Тежеуішті гидрожетек жұмыс сұйықтығының сығылмаушылық қасиетіне және ол арқылы барлық басқа нүктелерге қысымның берілу мүмкіндігіне негізделген. Жетек басты тежеуіш гидроцилиндрінен тұрады, оның піспегіне жүргізушімен аяғымен тежеуіштің басқышына беріледі, тежеуішті механизмдерде орналасқан жұмыс цилиндрлерінен (6.9, а- суретінде доңғалақты цилиндрді 2 қараңыз) , және барлық цилиндрлерді жалғайтын құбырлардан тұрады.

Жүргізуші аяғымен басқышқа басқан кезде бас тежеуішті гидроцилиндрдің піспегі сұйықтықты құбырлар мен жұмыс цилиндрлерге ығыстыра бастайды, оларда жұмыс сұйықтығының әсерімен піспектер ығыса бастайды, бұл тежеуіш механизмдері қалыптарының сәйкес қозғалуын туғызады.

Сұйықтықтың қысымын арттыру барлық қалыптар барабандарға (дисктерге) қысыла бастаған кезде ғана мүмкін болады. Басқышша қаншалықты көбірек күш жұмсалса, жұмыс сұйықтығына бас

тежеуішті цилиндр піспегінің қысымы соншалықты жоғары және жетектік күштер соншалықты артық. Осылайша, барлық тежеуішті механизмдердің жұмысының бір уақытта басталуы мен тежеуіш басқышқа күш пен жетектік күштердің арасындағы тұрақты тәуелділік гидрожетек жұмысы қағидасының өзімен қамтамасыз етіледі.

Бұдан басқа гидрожетектің артықшылықтары істеп кету шапшаңдығы болып табылады (сығылмайтын сұйықтықтың салдарынан); тежеуіш механизмдер мен доңғалақты цилиндрлердің әртүрлі диаметрлері есебінен қалыптар арасындағы жетектік күштерді қажетті бөлу; жоғары ПӘК (0,8...0,9); кішігірім габариттік өлшемдері мен салмағы; жетек пен құбырларды құрастыру ыңғайлығы.

Тежеуішті гидрожетектің кемшіліктері арнайы тежеуіш сұйықтығына қажеттілік болып табылады; кез келген элементтің герметикалығы бұзылған кезде барлық жүйенің істен шығуы; температуралы жағдайларға сезімталдылық; адамның физикалық мүмкіндіктерімен туғызылған максималды жетекші күштердің шектелуі. Соңғы кемшілік тежеуішті гидрожетекті 4000.5 000 кг артық толық массасы бар автомобильдерде пайдалануды жоққа шығарады.


Гидрожетек кезінде тежеуіш басқышқа қажетті күшті төмендету үшін әртүрлі күшейткіштер қызмет етеді, оларда сығылған ауа энергиясы (пневмокүшейткіштер), қозғалтқыштың кіретін құбырындағы сиретгіштер, арнайы сораппен (гидрокүшейткіштер) жасалатын сұйықтық қысымдары қолданылуы мүмкін.

Қолданылатын күшейткіштер кері байланыспен қадағалаушы жүйелер болып табылады. Тежеуіш жетекте қадағалаушы құрылғы тежеуіш басқышқа күш түсу мен тежелу пәрменділігі арасында сәйкес келуді қамтамасыз етеді.

Автомобильдерде вакуумдық күшейткіштер кеңінен таралған. Тежеуіш жетектің вакуумдық күшейткіші басты тежеуішті цилиндр (немесе онымен біріктірілген) және жұмыс цилиндрлерге әкелетін құбырдың арасындағы жетекке кіргізілген, жеке механизмнен тұрады.

Жүк автомобилінің вакуумдық күшейткіші басқару гидроцилиндрі Б вакуумдық қуысы (6.13 сур.) қозғалтқышының кіргізетін құбырымен тұрақты байланысты вакуумдық камерадан, және тікелей әсері бар диафрагмалық қадағалаушы механизмнен тұрады.

Жіберілген тежеуіш басқыш кезінде вакуумдық камераның 1 диафрагмасы 2, итермелегіш 4 және піспек 16 диафрагма серіппесінің 5 әсерімен шеткі оң қалыпта болады. Шариктік клапанның 15 итермелегіші 17 клапанды ашық етіп ұстайды. Қадағалаушы механизмнің диафрагмасы 12 мен плунжер 23 төменге түсірілген, вакуумдық



6.13-сур. Жүк автомобилінің вакуумдық күшейткіші:

1 — вакуумдық камера; 2 — диафрагма; 3 — диск; 4 — піспектің итермелегіші; 5, 11 — диафрагмалардың серіппелері; 6 — вакуумдық клапан; 7 — клапандардың серіппесі; 8 — атмосфералық клапан; 9 — қақпақ; 10 — қадағалаушы механизмнің тұрқысы; 12 — қадағалаушы механизмнің диафрагмасы; 13 — қайта қосу клапандары; 14 — көмкерме; 15 — шариктік клапан; 16 — піспек; 17 — шариктік клапанның итермелегіші; 18 — тірек шайбасы; 19 — цилиндр; 20 — тығыздауыш тұрқысы; 21 — сомын; 22 — сұққыш; 23 — тығынжыл; А — ауа қуысы; Б — вакуумдық қуыс; В, Г, Д — диафрагмалық қадағалаушы механизмнің қуыстары

клапан 6 ашық, ал атмосфералық 8 жабық. А, Б, В және Г қуыстары өзара жалғанған және оларда сиретілу бірдей.

Жүргізуші аяғымен тежеуіштің басқышын басқан кезде басты тежеуіш цилиндрінен жұмыс сұйықтығы піспектің 16 ашық шариктік клапаны 15 арқылы донғалақ цилиндрлерге өтеді. Жұмыс сұйықтығының қысымы көтерілген кезде қадағалаушы механизмнің плунжері 23 мен диафрагмасы 12 жоғары ауысады, вакуумдық клапан

6 жабылады және Б және Г қуыстары жалғанады. Плунжердің әрі қарай жылжуы атмосфералық клапанның 8 ашылуын және ауаның Г және А қуыстарына түсуін туғызады. А және Б қуыстарында қысымдардың түсуінің әсерімен вакуумдық камераның диафрагмасы 2 жылжиды, онымен бірге піспектің итермелегіші 4 мен піспектің өзі 16. Серіппенің күшімен шарикті кпалан 15 итермелегішті солға итеріп, осылайша бас және доңғалақты жұмыс цилиндрлерін жалғайды. Піспектің 16 әрі қарайғы жылдуы жұмыс цилиндрлеріне әкелетін құбырда қысымның артуын туғызады, яғни қалыптардың сығылуын күшейту.

Қадағалаушы механизмнің Г қуысында қысымының артуы салдарынан диафрагма 12 төменге ауысады және атмосфералық клапан 8 қайтадан жабылады. Диафрагмаға 12 әсер ететін күштердің тепе-теңдігі туындайды, соның салдарынан күшейткіш піспегінің 16 жұмыс сұйықтығына қысымы тұрақтандырылады.

Қарастырылатын тепе- теңдік тежеуішті басқышқа күш түсіру мен күшейткішпен жасалатын сұйықтықтың қосымша қысымы арасындағы байланысты көрсетеді, яғни қадағалаушы әсердің қалай қамтамасыз етілетіні.

Тежеуіш әсерді әрі қарай арттыру үшін тежеуіш басқышына күшті арттыру және сәйкесінше клапандарды басқару плунжерінің 23 – вакуумдық 6 және атмосфералық 8 астындағы қысымды арттыру қажет. Тежелу кезінде күшейткіштің бөлшектері бастапқы қалпына оралады.

Алдында сипатталған күшейткіштің артықшылығы оны гидрожетектің кәдімгі элементтерін пайдаланумен қосымша агрегат ретінде орнату мүмкіндігі болып табылады. Кемшіліктеріне конструкцияның салыстырмалы қиындығы мен салыстырмалы кішігірім тиімділігі (күшеюдің шағын коэффициенті) жатады.

Тежеуішті пневможетек автомобильді немесе доңғалақты тракторты тежеу үшін сығылған ауа энергиясын пайдаланады.

Пневможетектің артықшылықтары азғантай ғана саңылаусыздану кезінде жетектің жұмысқабілеттілігін сақтап қалу болып табылады; тежелу кезінде жүргізушімен жұмсалатын кішігірім күштер; тіркемелердің тежеуішті механизмдерін гидрожетекке қарағанда неғұрлым жеңіл басқару; сығылған ауаның қоры есебінен басқа пневматикалық құрылғыларды пайдалану мүмкіндігі.

Пневможетектің кемшіліктеріне аппаратураның және тұтастай бүкіл жүйесінің күрделілігі жатады; үлкен салмағы мен құны; ауаның құбыр арқылы алшақтағы тежеуіш камераларға баяу түсуі салдарынан


істеп кетудің салыстырмалы үлкен уақыты; саңылаусыздану кезінде жетектің істен шығуы.

Көрсетілген қасиеттер үлкен салмақты автомобильдер (8.. .10 т) мен автопойыздарда пневможетекті пайдалануды түсіндіреді. Орта жүк көтерімділікті жүк автомобильдерінде пневматикалық тежеуішті жетекті, ең алдымен, дизельдің болуы кезінде қолданады, себебі бұл жағдайда вакуумдық тежеуішті күшейткіштерді, сондай-ақ автопойыздар үшін тартымдар ретінде пайдалану болжанылатын автомобильдерде орнатуға болмайды.

6.14-суретте автопойыздың бір сымды тежеуішті пневможетегінің принципіалды кинематикалық схемасы көрсетілген.

Жетек оларға қысым реттегішімен 3 компрессордан 2 сығылған ауа берілетін ауа баллондарынан 6 тұрады; басқышқа түскен күшке пропорционалды ауаның қысымын реттейтін, тежеуіш қраннан 7; тежеуіш камералардан 1 және 8, олардың сояуыштары тежеуіш механизмдері мен құбырлардың ашатын жұдырықшаларымен байланысты. Тежеуіш қран 7 сондай-ақ қадағалаушы механизм функциясын орындайды. Жалғайтын қарнақ 9 арқылы сығылған ауа тіркеменің тежеуіш камераларына 12 және тіркеменің ауа баллонына 11 түседі.

Тежелген күйіне сәйкес келетін бастапқы қалпында, тежеуіш қран 7 тежеуіш камералардың ішкі қуыстарын 1, 8, 12 атмосферамен жалғайды, бұл жетек тарапынан ашатын жұдырықшаларға әсердің болмауын және тежеуіш механизмдердің толық сөндірілуін кепілдейді.



6.14-сур. Автопоездің бір өткізгіш тежеуіш пневможетектің кинематикалық схемасы:

1, 8 — тежеуіш камералар тиісінше алдыңғы мен артқы доңғалақтардың; 2 — компрессор; 3 — қысым реттегіші; 4 — манометр; 5 — басқыш; 6 — автомобильдің ауа баллондары; 7 — тежеуішті қран; 9 — қосқыш шланг; 10 — тіркеменің ауа таратқышы; 11 — тіркеменің ауа баллоны; 12 — тіркеменің тежеуіш камералары

Басқышқа басқан кезде тежеуіш қран 7 бастапқыда тежеуіш камералардың қуыстарын атмосферадан ағытады, сосын оларға басқышқа күшке пропорционалды қысыммен сығылған ауаны өткізеді.

Автомобиль қозғалысының қауіпсіздігі мен тежеуіш механизмдердің сенімділігі бойынша өскен талаптар тежеуіш жүйелердің барлық түрлерінде қолданылатын екі және көп контурлы тежеуіш жетектердің пайда болуы мен дамуына әкелді.

Жетектің контуры – жетектің қалған бөлігі істен шыққан кезде жұмысқа қабілетті болып қалатын тежеуішті жетектің тәуелсіз бөлігі. Екі мұндай тәуелсіз бөліктері бар жүйелер екі контурлы деп аталады.

Сұлбасы 6.15- суретте көрсетілген КамАЗ автомобилі тежеуіштерінің көп контурлы пневможетегінің құрылысы мен жұмысын толығырақ қарастырайық.


Тежеуіштердің пневматикалық жетегінің қоректеу жүйесі тұтынушылардың жұмысын қамтамасыз ету үшін сығылған ауаның қорын жасайды. Жүйе өзіне компрессор 9, қысым реттегішін 11 және конденсаттың қатып қалуынан сақтандырғышты 12 қамтиды. Әрі қарай сығылған ауа автомобиль мен тіркеменің тежеуіштерін басқарудың алты контурларына түседі.

1.Автомобиль мен тіркеменің жұмыс тежеуіш жүйесінің алдыңғы доңғалақтарының тежеуіштерінің жетегінің контуры үштік қорғаныс

клапан 21 секциясынан, сыйымдылығы 20 л әуе баллонынан 24, екі секциялы тежеуіш кранның төменгі секциясынан 15, қысымды шектеу 8 клапанынан, бақылау шығару клапанынан 7, екі тежеуіш камералардан 1, құбырлардан және бұл тораптарды жалғайтын құбыршектерден, және тежеуіш кранның 15 төменгі секциясынан екі жетекті жетегімен тіркеме тежеуіштерін басқару клапанының 27 төменгі секциясына құбырдан тұрады.


2.Автомобиль мен тіркеменің жұмыс тежеуіш жүйесінің артқы доңғалақтарының тежеуіштерінің жетек контуры үштік қорғаныс клапаннан 21, сыйымдылығы 40 л әуе баллонынан 18, екі секциялы тежеуіш кранның төменгі секциясынан 15, тежеуіш күштерді автоматты реттегіштен 28, төрт тежеуіш камерада 26, бақылау шығару клапанынан 7, құбырлардан және бұл тораптарды жалғайтын құбыршектерден, және тежеуіш кранның 15 төменгі секциясынан екі жетекті жетегімен тіркеме тежеуіштерін басқару клапанының 27 төменгі секциясына құбырдан тұрады.

3.Автомобиль мен тіркеменің аялдамалы және қосалқы жүйелерінің тежеуіштерінің жетегінің контуры, сондай-ақ тіркеме (жартылай тіркеме) тежеуіштері құрастырылған жетегінің қоректендіруі қос қорғаныш клапаннан 16, жалпы сыйымдылығы 40 л екі ауа баллондарынан 23, бақылау шығару клапанынан 7, аялдамалы және қосалқы тежеуіш жүйелерін басқарудың қолдық тежеуіш кранынан 5, күшейтетін клапаннан 29, екі магистральды



6.15-сурет. КамАЗ-5320 автомобилі тежеуіштерінің көп контурлы пневможетегінің схемасы:

1, 26 — ұқсас типті тежеуіш камералар; 2 — аялдамалы тежеуіш жүйесінің апатты тежелуінің пневматикалық түймешікті қраны; 3 — екі тілді манометр; 4 — бақылау шамдары мен сигнализатор; 5 — аялдамалы және қосалқы тежеуіш жүйелерін басқарудың қолдық тежеуіш қраны; 6 — қосалқы тежеуіш жүйесін басқарудың пневматикалық түймешікті қраны; 7 — бақылау шығару клапаны; 8 — қысымды шектеу клапаны; 9 — компрессор; 10 — жанармай беруді өшіру жетегінің пневмоцилиндрі; 11 — қысым реттегіші; 12 — конденсаттың қатып қалуынан сақтандырғыш; 13 — тіркеменің электромагниттік клапанын қосудың пневмоэлектрлік сездіргісі; 14 — аккумуляторлық батареялар; 15 — екі секциялы тежеуішті қран; 16 — қос қорғаныс клапан; 17 — баллонда қысымның түсу сездіргісі; 18 — жұмыс тежеуіш жүйесінің артқы доңғалақтарының тежеуіштері жетегінің ауа баллоны; 19 — конденсатты ағызу қраны; 20 — моторлы тежеуіш- баяулатқыш жапқыштарының жетек пневмоцилиндрі; 21 — үштік қорғаныс клапан; 22 — қосалқы тежеуіш жүйесінің ауа баллоны; 23 — тіркеме тежеуіштері жетегін қоректеу мен аялдамалы және қосалқы тежеуіш жүйелерінің ауа баллоны; 24 — жұмыс тежеуіш жүйесінің алдыңғы доңғалақтарының тежеуіштері жетегінің ауа баллоны; 25 — серіппелі энергоаккумулятор; 27 — екі сымды жетегімен тіркеменің тежеуіштерін басқару клапаны; 28 — тежеуішті күштердің автоматты реттегіші; 29 — күшейтетін клапан; 30 — екі магистральды қайта өткізу клапаны; 31 — қорғаныс дара клапан; 32 — бір сымды жетегімен тіркеменің тежеуіштерін басқару клапаны; 33 — артқы қолшам; 34 — ажыратылған қран; 35 — «Палм» типті жалғайтын бастиек; 36 — А типті жалғайтын бастиек; А — тіркеменің екі сымды тежеуіштері жетегінің қоректеуші магистралы; Б — тіркеменің бір сымды жетегінің жалғайтын магистралы; В — тіркеменің екі сымды тежеуіштері жетегінің тежеуішті (басқарушы) магистралы; —> — ауаның қозғалыс бағыты



шығаратын клапан 30 бөлігінен, төрт серіппелі энергоаккумуляторлардан 25, құбырлардан және тораптар арасындағы құбыршектен, қолдық тежеуішті қраннан 5 екі сымды жетегімен тіркеменің тежеуіштерін басқару клапанының орта секциясына құбырдан 27, тіркеменің тежеуіштері жетегін қоректеу үшін қорғаныс дара клапанға 31 ауа баллонынан 23 құбырдан тұрады. Автомобильдің қосалқы тежеуіш жүйесінің моторлы тежеуіш- баяулатқыш жапқыштарының жетек контуры және тұтынушылардың қоректеуі қос қорғаныс клапан секциясынан 16, сыйымдылығы 40 л ауа баллонынан 22, бақылау шығару клапанынан 7, қосалқы жүйені басқарудың пневматикалық түймешікті қранынан 6, моторлы тежеуіш- баяулатқыш жапқыштарының жетегінің екі пневмоцилиндрлерінен 20,

жанармай беруді өшіру жетегінің пневмоцилиндрінен 10, құбырлардан және тораптар арасындағы құбыршектерден тұрады.

4. Қосалқы тежеуіш жүйесінің жетегі контурынан сығылған ауа қосымша (тежеуішті емес) тұтынушыларға келеді: шыны тазартқыштарға, пневмосигналға, ілінісуді пневмогидравликалық күшейткішке, трансмиссия агрегаттарын басқаруға әкеледі.

5. Автомобильдің аялдамалы тежеуіш жүйесінің тежеуіштерін апатты тежеу жүйесі жетегінің контуры үштік қорғаныс клапан жүйесінен 21, пневматикалық түймешікті краннан 2, екі магистралды қайта өткізу клапанынан 30, құбырлардан және тораптарды жалғайтын құбыршектерден тұрады. Аялдамалы тежеуіш жүйесінің тежеуіштерін апатты тежеу жүйесі жетегінің қоректеуі ауа баллондарынан 18 және жұмыс тежеуіш жүйесінің алдыңғы және артқы доңғалақтары тежеуіштері жетектерінің контурларынан 24 жүзеге асырылады.

6. Автомобиль – тартымдары тіркемесі тежеуіштерінің жетегі – құрастырылған (бір сымды және екі сымды) және өзіне екі сымды жетегімен тіркеменің тежеуіштерін басқару клапанын 27, қорғаныс дара клапанды 31, бір сымды жетегімен тіркеменің тежеуіштерін басқару клапанын 32, үш ажыратылған кранды 34 және үш жалғайтын бастиектерді қамтиды – олардың екеуі 35 — «Палм» типті тіркеме тежеуіштерінің екі сымды жетегі үшін және біреуі 36 — А типті тіркеме тежеуіштерінің бір сымды жетегі үшін. Тіркеменің тежеуіштері жетегін қоректеу аялдамалы және қосалқы тежеуіш жүйелерінің жетегі контурының ауа баллонынан 23 және тіркеменің тежеуіштері жетегінің қорегінен жүзеге асырылады.


КамАЗ автомобилінің *екі секциялы тежеуіш қраны* (6.16- сурет) автомобильдің жұмыс тежеуіш жүйесінің атқарушы механизмдерін, сондай-ақ тіркеменің тежеуішті жетегінің клапандарын басқаруға арналған. Тежеуішті кран, одан басқа, жетектегі қадағалаушы әсерді қамтамасыз етеді.

Жүргізуші аяғымен тежеуіштің басқышын басқан кезде күштік әсер иінтіректер мен жетек тартымдары жүйесі арқылы кранның иінтірегіне 1 беріледі және әрі қарай итермелегіш 6, тарелка 9 және серпінді элемент 31 арқылы – жоғарғы піспекке 30. Төменге жылжи отырып жоғарғы піспек тежеуіш кранның жоғарғы секциясы клапанының 29 шығаратын тесігін жабады және оны жоғарғы тұрқыдағы ершіктен ашады. Бұның нәтижесінде магистральмен жұмыс тежеуіш жүйесінің контурларының бірінің атқарушы механизмдерімен қосылған, артқы доңғалақтардың тежеуішті механизмдеріне ұшы II арқылы III ұшыра сығылған ауаның өтуі ашылады.

Сығылған ауаның өтуі иінтірекке 1 басу күші жоғарғы піспекте 30 ауаның қысымымен теңеспегенше жалғасады. Осылайша жоғарғы секцияда тежеуішті кранның қадағалаушы әсері жүзеге асырылады.

III ұшында қысымның артуымен бір уақытта сығылған ауа А тесігі арқылы тежеуішті кранның төменгі секциясында үлкен піспектің 28 үстінде Б қуысына түседі. Төменге ауыса отырып, үлкен піспек төменгі секцияның 17 шығаратын шығаратын тесігін жабады және оны төменгі тұрқыдағы ершіктен ажыратады. Сығылған ауа I ұшынан жұмыс тежеуіш жүйесінің басқа контурының атқарушы механизмдерімен жалғанған, IV ұшына түседі.

Қысымның артуымен бір уақытта IV ұшында шағын 15 және үлкен 28 піспектердің астында В қуысындағы қысым артады, ол піске үстінен әсер ететін күшін теңестіреді. Нәтижесінде IV қуыста сондай-ақ тежеуішті кранның иінтірегіндегі күшке сәйкес келетін қысым орнатылады. Төменгі секциядағы тежеуішті кранның қадағалаушы әсері осылай жүзеге асырылады.



6.16-сурет. КамАЗ автомобилінің екі секциялы тежеуішті қраны:

а — қран құрылғысы; б — автомобильдің тежелуі кезінде қран бөлшектерінің қалпы; 1 — тежеуішті қранның иіңтірегі; 2 — реттеуші бұрама; 3 — қорғаныс қап; 4 — роликтің осі; 5 — ролик; 6 — итермелегіш; 7 — иіңтіректің тұрқысы; 8 — сомын; 9 — тәрелке; 10, 16, 20 және 27 — нығыздаушы сұққылар; 11 — түйреуіш; 12, 13, 24 және 26 — серіппелер; 14 — тірек сұққы; 15 — шағын піспек; 17 — төменгі секцияның клапаны; 18 — шағын піспекті итермелегіш; 19 — тірек сұққы; 21 — атмосфералық шығару клапаны; 22 — тірек сұққы; 23 — тұрқы атмосфералық шығару тұрқысы; 25 — қранның төменгі тұрқысы; 28 — үлкен піспек; 29 — жоғарғы секцияның клапаны; 30 — жоғарғы піспек; 31 — серпінді элемент; 32 — ернемек; 33 — қранның жоғарғы тұрқысы; I, II — сәйкесінше алдыңғы және артқы доңғалақтардың тежеуіш механизмдеріне шығарулар; III, IV — сәйкесінше алдыңғы және артқы доңғалақтардың тежеуіш механизмдеріне шығарулар; V — атмосфералық шығару; А — тесік; Б — үлкен піспектің үстіндегі қуыс; В — піспектің астындағы қуыс; —► — ауаның қозғалу бағыты

Тежеуішті қран істен шыққан кезде кезінде төменгі секциясы өзінің жұмысқа қабілеттілігін толықтай сақтай отырып, кіші піспекті 15 итермелегіш пен түйреуіш 11 арқылы механикалық басқарылатын болады. Бұл ретте тежеуішті қранның қадағалаушы әсері тежеуішті қранның иіңтірегіне 1 қоса тіркелген күшті теңестірумен, шағын піспекке 15 ауа қысымымен жүзеге асырылады. Тежеуішті қранның

төменгі секциясы істен шыққан кезде жоғарғы секциясы әдеттегідей жұмыс істейді.

Тежеуішті кран иінтірекке 900 Н күш түсіру мен иінтіректің 26 мм жүрісі кезінде істейді. Екі секциялы тежеуішті кранның жетегі механикалық және күшті тежеуішті кранның иінтіректері мен тартым жүйесі арқылы басқару басқышынан беруге арналған.

КамАЗ автомобильдерінде аялдамалы (қосалқы) тежеуіш жүйесі ретінде энергияның серіппелі аккумуляторларымен тежеуіш камералармен жабдықталған, артқы арба доңғалақтарының тежеуіш механизмдері қолданылады. Мұндай тежеуіш камераның жұмыс сұлбасы 6.17- суретте көрсетілген.


Тежеуіш механизм сөндірілген бастапқы қалпында (6.17, а- сурет) қолдық тежеуішті краннан Б қуысына жүргізілетін сығылған ауа арқылы, піспек 7 шеткі оң қалыпқа ауыстырылған және серіппе 8 сығылған күйде болады.

Жүргізуші аяғымен жұмыс тежеуіш жүйесінің басқышын басқан кезде, яғни жұмыс тежелуі кезінде (6.17, б- сур), тежеуішті краннан сығылған ауа А қуысына түседі, және сояуышпен 2 бірге диафрагманы 4 солға жылжыта отырып, ашатын жұдырықшаның иінтірегі 1 арқылы тежеуіш механизмді әрекетке келтіреді.

Қолдық тежеуішті кранның иінтірегі бұрылған кезде Б қуысынан сығылған ауа атмосфераға шығарылатын кезде, аккумулятордың серіппесімен (6.17, в- сурет) тежелу жүреді. Алдында сығылған серіппе 8 піспек 7, бұрама 9 және қарнақ шангу 10 арқылы жазылады, тежеуішті механизмді қамтиды – автомобиль орнында ұсталады (қосулы аялдамалы тежеуіш режимі). Автомобильдің қозғалысы кезінде тежеуіш жүйесінің зақымдалуы нәтижесінде сығылған ауа тежеуіш камераларға түспейтін жағдайда солай болады. Тежеуіш жүйе автоматты түрде істеп кетеді, және автомобиль тоқтатылады (қосалқы тежеуіш жүйесінің қосылу режимі).

Егер тежеуіш жүйесінде сығылған ауа болмаса, автомобильді тежеу қолмен жүргізіледі (6.17, г- сурет), ол үшін бұраманы 9 бұрау қажет және серіппе 8 аралыққа піспектің 7 тірелуі сәтіне дейін жазылады. Бұл ретте серіппенің сояуышқа 2 әсері тоқтатылады, ал диафрагманың 4 қайтарымды серіппесі сояуышты бастапқы қалпына қайтарады, яғни тежеуіш сөндірулі.

Құрастырылған тежеуішті жетектер бірнеше әдеттегі жетектердің комбинациясы нұсқаларынан тұрады. Оларды жасау кезінде кәдімгі жетектердің артықшылықтарын пайдалануға және оларға тән жекелеген кемшіліктерді болдырмауға ұмтылады



6.17- сурет. Энергияның серіппелі аккумуляторымен тежеуішті камераның жұмыс схемалары:


а — тежеуішті механизм сөндірілі; б — жұмыс тежелу; в — аккумулятордың серіппесімен тежелу; г — қолмен тежелу; 1 — ашатын жұдырықша иінтірегі; 2 — сояуыш; 3 — қайтарымды серіппе; 4 — диафрагма; 5 — аралық; 6 — тұрқы; 7 — піспек; 8 — серіппе; 9 — бұрама; 10 — қарнак; А, Б — қуыстар; —» — ауаның қозғалу бағыты; —*— — қарнақтың қозғалыс бағыты

6.18-суретте «Урал-4320» автомобилі тежеуіштерінің құрастырылған пневмогидрожетегінің схемасы көрсетілген. Жетектің бір пневматикалық және екі гидравликалық контуры бар (біріншісі жұмыс цилиндрлерге 8 арналған және екіншісі жұмыс цилиндрлерге 11 арналған).

Жүргізуші аяғымен тежеуіштің басқышын басқан кезде құрастырылған екі секциялы тежеуішті кран 1 қос піспектерімен 4 және 6 пневмоцилиндрлерге құбырлармен сығылған ауамен компрессордан қол жеткізуді ашады, олар сығылған ауаның қысымымен сояуыштар мен итергіштер арқылы 5 және 7 басты тежеуішті цилиндрлерде қысым жасай отырып, олардың піспектеріне басады. Жұмыс сұйықтығының қысымы құбырлармен 8 және 11 жұмыс цилиндрлеріне

беріледі, олар сәйкесінше алдыңғы, ортаңғы және артқы доңғалақтардың 9, 10 және 12 тежеуіш механизмдерінің қалыбын әрекетке келтіреді. Құрастырылған кран қадағалаушы құрылғы болып табылады және басқышқа басу күші мен жетекші күштер арасындағы пропорционалды байланысты қамтамасыз етеді.

Құрастырылған жетектің пневматикалық бөлігі автомобильдің



6.18-сурет. «Урал-4320» автомобилі тежеуіштерінің құрастырылған пневмогидрожетегін сұлбасы:

1 — құрастырылған екі секциялық тежеуіш кран; 2 — тіркемеге құбыр; 3 — құбыр; 4, 6 — пневмоцилиндрлер; 5, 7 — бас тежеуіш цилиндрлер; 8 — бірінші контурдың жұмыс цилиндрі; 9, 10, 12 — сәйкесінше алдыңғы, ортаңғы және артқы доңғалақтардың тежеуішті механизмдері; 11 — екінші контурдың жұмыс цилиндрі

тежегіш жүйесінің гидравликалық бөлігі мен тіркемені басқару жеңілдігін қамтамасыз етеді, ал құрастырылған жетектің гидравликалық бөлігі автопойыздың барлық доңғалақтарының тежелу синхрондылығын және істеп кету шапшандығын қамтамасыз етеді.

Гидрожүйеде қысым жасайтын *сорاپпен гидрожетек* жоғары сыныпты жеңіл автомобильдерде, сондай-ақ автобустар мен орташа және үлкен жүк көтерімділікті жүк автомобильдерінде тарала бастайды.

Электрлік жетекпен электромагниттік тежеуіштер автопойыздарда таралады, себебі тежеуіш жүйесі тезірек істеп кеткен кезде үлкен қашықтыққа энергияны беруді неғұрлым оңай қамтамасыз етеді.

Тіркеменің(жартылай тіркеменің) тежеуіш жүйесі өзіне жұмыс және аялдамалы тежеуіш жүйелерін қамтиды.

Тіркеменің тежеуіш механизмдері автомобильдердің тежеуіш механизмдерінен түбегейлі ештеңемен ерекшеленбейді. Тіркемелерде олар әдетте автомобиль- тартымдардың сәйкес тежеуіш механизмдерімен бірыңғайландырылған.

Екі жетекті пневможүйенің артықшылығы тіркеменің тежеуіш жүйесін сығылған ауамен үздіксіз толықтыру болып табылады, бұның ұзақ және жиі тежелу кезінде маңызы бар. Тіркеменің тежеуіш жетектерінде түзімдік крандар орнатылады, олар тіркеменің жүктемесіне байланысты тежелу деңгейін реттеуге мүмкіндік береді.

Бақылау сұрақтары

1. Доңғалақты машинаны меңгерікті басқаруға қандай талаптар қойылады?

2. Доңғалақты машинаның меңгерікті басқару құрылғысының арналуын көрсетіңіз және жалпы құрылысын ашыңыз.

3. Доңғалақты машинаның меңгерікті басқаруының сыныпталуы қандай негізгі белгілері бойынша орындалған?

4. Меңгерікті механизмдердің қандай типтері мен конструкциялары болады?

5. Меңгерікті жетектің белгіленуі мен жұмысын сипаттап беріңіз.

6. Меңгерікті трапецияның белгіленуі мен кинематикасын көрсетіңіз.

7. Меңгерікті жетектің күшейткіштеріне қойылатын талаптары мен белгіленуі қандай?

8. Меңгерікті жетектің күшейткішінің құрылысы мен жұмысын сипаттап беріңіз.

9. Меңгерікті жетектің күшейткішінде басқарылатын доңғалақтар мен меңгерікті доңғалақтың арасында қадағалаушы әрекет қалай жүзеге асырылады?

10. Меңгерікті жетектің күшейткішінің құрастыру схемаларын атаңыз.

11. Тежеуіш жүйелерге қойылатын талаптарды көрсетіңіз.

12. Автомобильдерде қолданылатын тежеуіш жүйелердің түрлері мен белгіленуі қандай?

13.Тұрақ, қосалқы және көмекші тежеуіш жүйелердің жұмыс қағидасы қандай?

14.Тежеуіш жүйелер қалай сыныпталады?

15.Барабан және дисктік тежеуіш механизмдерін, дисктік тежеуіш механизмдерінің артықшылықтарын сипаттап беріңіз.

16.Моторлы тежеуіш пен тежеуіш- баяулатқыштың жұмыс қағидасы қандай?

17.Тежеуіш жетектерге қойылатын талаптарды көрсетіңіз.

18.Тракторлар мен автомобильдерде қолданылатын тежеуіш жетектердің түрлерін атаңыз, және олардың жұмыс істеу қағидасын сипаттаңыз.

19.Тежеуіш жетек күшейткіштерінің белгіленуі неде? Тежеуішті гидрожетектің вакуумдық күшейткішінің жұмысын сипаттап беріңіз.

20.Тежеуішті пневможетектің құрылысы мен жұмысын сипаттап беріңіз.

21.Пневматикалық тежеуішті жетекте тежеуіш басқышқа күш салу мен тежелу пәрменділігі арасындағы қадағалаушы әрекет қалай жүзеге асырылады?

22.Тежеуіш жүйелердің сенімділігін арттыру тәсілдерін атаңыз.

23.Энергияның серіппелі аккумуляторымен тежеуішті пневматикалық камералардың жұмыс қағидасын сипаттап беріңіз.

24.Тіркеменің тежелуі қалай жүзеге асырылады?

7- тарау

АВТОМОБИЛЬДЕР

ТРАКТОРЛАРДЫҢ ЖҰМЫСТЫҚ ЖӘНЕ ҚОСАЛҚЫ

ЖАБДЫҒЫ

7.1.Тракторлардың жабдығы туралы жалпы мағлұматтар

Технологиялық операцияларды орындауға арналған құрал мен жұмыс жабдығы трактормен әртүрлі әдістермен құрастырылады.

Өзінің жүріс жүйесі бар құралдарды трактормен тіркемелі құрылғының көмегімен жалғайды.

Машинаның жұмыс және көлік қалыптарында жартылай аспалы жүйелерді пайдаланған кезде ішінара өзінің жүріс жүйесіне сүйенеді, ал ішінара трактордың аспалы механизміне сүйенеді, ол тарту күшін беруден басқа құралды жұмыс немесе тасымалдау қалпына ауыстырады.

Аспалы жүйелерді өзінің жүріс жүйелері жоқ құралдармен жұмыс кезінде қолданады. Тасымалдау кезінде олардың салмағы толықтай тракторға беріледі. Кейбір жағдайларда құралды доңғалақтармен жабдықтайды, олар жұмыс күйінде жұмыс органдары үшін қосымша тіреу болып табылады.

Қазіргі уақытта тракторлардың көбісі аспалы жүйелермен жабдықталады.

Тіркемелермен жұмыс кезінде тракторларды тіркемелі құрылғылармен жабдықтайды, ал жартылай аспалы бір осьті тіркемелермен жұмыс үшін тапсырыс берушінің өтінімі бойынша тіркемелі ілгектерді орнатады, олар гидроцилиндрлердің көмегімен көтерілуі және түсірілуі тиіс.

Технологиялық жабдық жетегі үшін тракторлар қуатты іріктеу біліктерімен (ҚІМ) жабдықталады, олардың ұштары трактордың алдынан, артынан немесе бүйірінен орналасуы мүмкін. Қуатты іріктеу біліктері трактордың қозғалыс жылдамдығына тәуелсіз және тәуелді (синхронды) жетек болуы мүмкін.

Тәуелсіз артқы және бүйірлік ҚІМ қозғалтқыш білігі айналуының номиналды жиілігі кезінде сәйкесінше 540 және 1000 мин-1 шығыс артқы ілмектің айналу жиілігін қамтамасыз етуі тиіс.

Синхронды ҚІМ 1 м жолда 3,3 — 3,6 айналым жасауы тиіс.

Трактордың жұмысы үшін доңғалақты тракторларда энергияның стационарлық көзі ретінде (оң немесе сол) жерден 500 мм биіктікте орналасқан, жетектік шкивті орнату мүмкіндігі қарастырылады.


7.2.Тракторлардың аспалы жүйелері

Тракторлар технологиялық құралдарды ілуге және оларды жұмыс және тасымалдау күйлеріне орнатуға арналған артқы аспап механизмімен жабдықталады. Құралдарды бүйір және қарсы ілу үшін арнайы бекіту алаңдарын қарастырады. Құралды трактормен жалғау үшін аспап нүктелерінің әртүрлі саны бар құрылғыларды қолданады:

- бір нүктелі — трактормен бір нүктеде топсалы жалғанатын жартылай аспалы машиналар үшін (гидроцилиндрдің көмегімен жалғау нүктесінің биіктігін реттеуге болады);
- екі нүктелі – екі нұсқалы шынжыр табан тракторларда қолданады: тербелудің көлденең және тік осьтерімен;
- үш нүктелі – трактордың арқау негізімен топсалы жалғанған екі төменгі тарту күшімен, және бір жоғарғы тарту күшімен;
- төрт нүктелі – екі төменгі және екі жоғарғы тарту күштері, онымен құралдың үлкен тұрақтылығы қамтамасыз етіледі (тиегіштер мен бульдозерлер үшін қолданылады).

Тракторларда ең үлкен таратудың артқы аспаның үш нүктелі жүйелері бар, олардың жалғайтын өлшемдерін трактордың сыныбымен анықтайды. Артқы аспап механизмі (7.1-сурет) күштік тартулар мен көтеретін құрылғыдан тұрады.

Бір жоғарғы 6 және екі төменгі 12 тарту күштері машиналар мен



7.1-сурет. Донғалақты трактордың артқы аспасының механизмі:

- 1 — тіреуіш; 2 — гидроцилиндр; 3, 14 — сұққылар; 4 — иінтірек; 5 — көтеретін иінтірек; 6, 12 — жоғарғы және төменгі күштік тарту күштері; 7 — тіреу; 8 — білік; 9 — қиғаштірек; 10 — қапсырма; 11 — шарлы топса; 13 — шектеуіш; 15 — қозғалмалы жиек

құралдарды жалғау үшін қызмет етеді. Төменгі тарту күштері 12 трактордың бойлық осіне қатысты симметриялы орналасқан. Олардың әрқайсысы трактордың тіркемелі қапырмасында шарлық топсаның 11 және қапсырманың 10 көмегімен жалғанған және алдыңғы бөлігінде қозғалмалы жиегі 15 бар, ол шешілген сұққылар 14 кезінде құралдарды трактор мен құралды қосымша жылжытусыз жалғауды жеңілдетеді. Төменгі тарту күштерінің орта бөлігінде көтеру механизмін қиғаштіректермен 9 жалғау үшін ұяшығы бар.

Трактордың бойлық осінде орналасқан жоғарғы тарту күші 6 білікте 8 бұрылатын шетомйынмен топсалы бекітілген және екі бұрамдардан және қысқыштарымен реттеу муфтасынан тұрады. 300 мм шектерде қарастырылған тарту күшінің ұзындығын реттеу құралдарды жалғауды және оларды белгілі бір жұмыс режиміне баптауды жеңілдетеді.

Көтеретін құрылғы өзіне бұрылатын біліктің 8 шлицтерінде бекітілген көтеретін иінтіректерді 5 және тіреуіштерді 1 қамтиды, олар жақтау лонжерондарының жоғарғы сөрелеріне бұрандармен және борттық берілістердің қартерлеріне тарту күштерімен бекітіледі. Көтеретін иінтіректің 5 ұшында қиғаштіректің 9 айқышын және гидроцилиндрден күш оған берілетін тіреуіш алаңын орнату үшін кертгі болады. Біліктің 8 төлкелері осыған айналады, оның ұштарында тіреуіштердің 1 қосылулары бекітілген. Білікке бос отырғызылған екі иінтірек 4 гидроцилиндрден жүктемелерді көтеретін иінтіректерге 5 беру үшін қызмет етеді. Иінтіректер 4 оң көтеретін иінтіректі 5 қамтиды және өзара сұққымен 3 жалғанған, ол бұрылған кезде көтеретін иінтіректің алаңына сүйенеді және оны көтеруді жүргізеді.

Иінтіректердің 4 төменгі төсіктерінде сұққының көмегімен гидроцилиндрдің 2 сояуышының ұшы бекітілген. Иінтіректердің 4 жоғарғы төсіктеріне гидроцилиндрдің көмегімен құралдарды мәжбүрлі терендетуді қамтамасыз ету үшін сұққы орнатылуы мүмкін. Көтеретін иінтіректі 5 төменгі тарту күшімен 12 байланыстыратын қиғаш тіреуіш 9 екі бұрамалардан және қысқышмен реттеуші жалғастырғыштан тұрады. Жоғарғы бұрама мен қиғаштірек 9 ашасы өзара сұққымен жалғанған, ол кең ұсталатын құралдармен жұмыс кезінде шешілуі мүмкін, бұнымен көлденең жазықтықта топырақтың микрорельефін құралмен көшіру қамтамасыз етіледі. Жалғағышты реттеумен қиғаштіректің ұзындығы 9 аспаның әртүрлі реттеулері кезінде 120 мм шектерде өзгеруі мүмкін.


Көтеретін иінтіректерде бекітілген тіреуіштер 7 тасымалдау қалпында аспа мен құралды тербетуді шектейді. Аспа механизмінің жиынтығына тарту күштерінің шектеушілері кіреді. Әрбір шектеуіш

13 тіркемені, серіппелі амортизаторды, реттеуші жалғағышты және реттеуші бұраманы қамтиды. Шектеушілер трактордың тік сызықты қозғалысы кезінде, мысалы, культиватормен жұмыс кезінде, құралдың немесе машинаның тік сызықты тұрақты қозғалысын қамтамасыз етеді. Шектеушінің қажетті ұзындығы реттеуші бұрамамен орнатылады.

Аспалы құрылғы жердің бедерін құралмен көшіруді және топырақты терең өңдеуді реттеуді қамтамасыз етуі тиіс (7.2- сурет). Тереңдігін реттеу үшін биіктікті, күштік және позициялық тәсілдерді қолданады.

7.2, а сур. тірек доңғалақтың 1 және реттеуші бұраманың 2 көмегімен топырақты өңдеу тереңдігін реттеудің биіктікті тәсілін іске асырудың кинематикалық схемасы келтірілген. Гидроцилиндр 3 құралды тек тасымалдау қалпына көтеру үшін қызмет етеді. Аспалы құрылғы топыраққа құралды өз бетімен кіргізу мүмкіндігін қамтамасыз ету қажет, бұл құралдың О айналуының сәттік орталығының қалпымен анықталады. Бұл үшін О айналуының сәттік орталығын қатысты иінде соқаға топырақтың реакциясымен R_c жасалатын $M = R_{cc}$ сәті оң болуы тиіс.

Реттеушінің күштік тәсілі кезінде (7.2, б- сурет) аспалы құрылғының жоғарғы тарту күші мен төменгі тарту күштерінде белгілі бір күш жасалады. Бұл үшін жоғарғы тарту күшінің қатты тіреуін серіппемен 7 алмастырады. Жоғарғы тарту күшінде күштің P әсерімен серіппе пішінін өзгертеді, гидрожүйе таратқышының 4 сояуышын жылжытады. Қажетті күш басқарудың сабымен 5 беріледі. Жоғарғы тарту күшіндегі




7.2-сурет. Топырақты өңдеу тереңдігін реттеу тәсілдері:


а — биіктікті; б — күштік; в — позициялық; 1 — тірек доңғалақ; 2 — реттейтін бұрама; 3 — құралды көтеру гидроцилиндрі; 4 — гидрожүйе таратқышы; 5 — басқару тұтқасы; 6 — гидроцилиндр; 7 — серіппе; 8 — қадағалаушы құрылғы; R_c — топырақтың соқаға реакциясы; c — күштің әсер ету иіні R_c ; Y_k — тірек доңғалақтың астындағы топырақтың реакциясы; P — жоғарғы тартымдағы күш; O — лездік айналу орталығы

P күш берілген мәнге жеткен кезде, гидрожүйе таратқышының 4 сояуышы бейтарап күйде болады және гидроцилиндрдегі 6 жұмыс сұйықтығы бекітіледі. Күштік реттеу жетекші доңғалақтардың топырақпен ілінісуін жақсартады және машиналардың тарту күшін азайтады, бірақ бұл тәсілді қолдану үшін топырақтың біршама біртекті құрамы қажет

Реттеудің позициялық тәсілі кезінде (7.2, в- сур) бақылаушы қадағалаушы құрылғы 8 қолданылады.



a



б

7.3-сурет. Тіркемелі құрылғыдағы арқалықты орнату нұсқалары:

а — тіркеменің нүктесін артқы доңғалақтың осінен барынша шығарумен; б — азайтылған шығарумен сияқты (ВОМ-мен жұмыс кезінде); 1 — бұғаттау тарту күштері; 2 — бойлық тарту күштері; 3 — арқалық; 4 — тіркемелі қапсырма; 5 — кіндік темір

Басқарудың қозғалмайтын сабы 5 кезінде аспалы құрылғы трактордың негізі арқауына қатысты өзінің қалпын өзгерте алмайды. Басқару сабын жылжытқан кезде жүйе бейтарап қалыпқа оралады.

Реттеу тәсілдерінің келесі комбинациялары мүмкін: биіктікті және күштік немесе позициялық және күштік. Заманауи әмбебап тракторлар үшін барлық аталған реттеу тәсілдері қарастырылған.

Тіркемелермен жұмыс жасау үшін тракторларды тіркеме құрылғымен жабдықтайды, ол арқалықар 3 (7.3, а сур.), екі саусақпен бекітілген тіркеме қапсырмадан 4, және кіндік темірден 5 тұрады. Оранатудың бұл нұсқасында арқалықтар 3 тіркемелі құрылғыда аспа механизмінің төменгі бойлық тарту күштерінің алыстағы (доңғалақтар) тесіктерінде орналасады. Бұғаттау тарту күштері бұл ретте тіркеме құрылғының бүйір теңселулерін шектеп, тартылады.

ҚАБ-пен тіркеме қаруының жұмысы қажет болған кезде арқалықты оранату артқы доңғалақтардың осінен тіркеменің нүктесін азайтылған шығарумен жүзеге асырылады (7.3-сур., б), ол үшін арқалық 3 аспа механизмінің төменгі тарту күштерінің тракторға жақын тесіктеріне орнатылады.

7.3. Қуат алудың механикалық және гидравликалық жүйелері


Аспалы және тіркемелі құралдар айқаратопса білігі арқылы ҚАБ-нен, ал тұрақты – белдікті беріліс арқылы айналу алады. Соңғы жағдайда тегершікті трактордың артқы ҚАБ орналастырады. Ауылшаруашылық және басқа да көліктердің жұмысында ҚАБ агрегат қозғалысының жылдамдығына тәуелді емес шеңберлік жылдамдықпен айналады.

Алайда құралдар қатарында білік айналымдары трактордың ілгерілемелі жылдамдығының өзгеруімен өзгеру керек. Тракторлардың ҚАБ конструкциясы осы талаптарды есепке алып орындалады. Артқы және бүйір ҚАБ қалай тәуелсіз жетектерге қосылса, солай тәуелдіге (синхронды) қосыла алады. ҚАБ білігін қосудың басқаруы жүргізуші орнындағы иінтірекпен іске асады.

7.4 суретте доңғалақты трактордың («Липецкий тракторный завод» ААҚ) ілінісу жалғастырғышының корпусының жоғарғы бөлігіне құрастырылған бүйір ҚАБ білігінің нұсқасы келтірілген. Ауыстыру тегершігі 11 беттік бастаушы білікте орнатылған және екі тәуелсіз 21 және синхронды 22 біліктердің арасында орналасқан. Тегершік білік бетінен еркін қозғалады және білік тегершіктерінің 21 және 22 тәждерімен ілініске қосылады.

Жетекші конустық тегершік 18 жалғастырғыш корпусында орналасқан және екі шарлы мойынтірекке 12 және 19 тірелетін жетекші білікпен 13 бірге айналады.

Тегершіктің оймакілтектің ортасы бойынша орын ауыстыруынан бір жағынан тотқатқыш сақина, басқа жағынан мойынтірек ұстап тұр. Мойынтірек қақпағының 20 астындағы тығыздығыш төсем ілінісі жалғастырғышының құрғақ қуысына май түсуін болдырмайды. Жетекші конустық тегершік бүйір ҚАБ-мен (тегершік білігі 6) біртұтас секілді жасалған.



Ауыстыру механизмі шанышқыдан 5, ауыстыру иінтірегі мен басқару сабы осінен 1 тұрады. Шанышқының соңы ауыстыру тегершігінің 11 айналмалы ойығына кіреді. Ауыстыру шанышқысы

корпусының толысу тесіктерінде орналасқан білікшеге 10 бекітілген. Білікшенің сақиналы қырнауына бекіткіш серіппесінің 8 күшімен білікшені үш күйінде бекітетін кішкене шар 9 кіреді. Айыстыру шанышқысының бастиегінде 5 осьта 1 отырған иінтірекке кіретін саңылаумен толысу жасалған. жениях.

Егер ауыстыру тегершігін 11 ҚАБ ілінісінің сөніп тұрған кезінде тәуелсіз біліктің тегершігімен 21 ілініске келтірсе, онда бүйір ҚАБ тәуелсіз жетек алады да, тұрақты айналым санымен айналады. Синхронды біліктің тегершігі 22 БҚ қосымша білігімен қосылған, сондықтан онымен ауыстыру тегершігі 11 ілініске келтірілгенде, бүйір ҚАБ синхронды жетек алады.

Бүйір ҚАБ жүргізуші конустық білік-тегершігің орнатқан кезде, конустық тегершіктердің ілінісіндегі соңылау бүйір ҚАБ мойынтірек тостағанының ернемек арасында орнатылған қабатын да, ҚАБ корпусын да реттейді. Бүйір ҚАБ білігі ммеханизмінің бөлшектері ілінісу корпусының артқы бөлігінде орналасқан шашылатын маймен жағылады

Гидрожетек өнеркәсіп тракторларының ауылшаруашылық жабдықтары мен ауылшаруашылық тракторларының аспалы құрылғыларының негізгі жетегі болып табылады; ол сондай-ақ трактор басқару органдарының гидравликалық күшейткіштерінде қолданылады алады. Бұл жетекте механикалық және пневматикалық жетекпен салыстырғанда үлкен әмсебаптылығы, металды аз қажетсінуі және жоғары сенімділік бар.


Гидрожетек сораптан, гидромотордан, таратқыш, май багынан, май құбырларынан және клапан жүйесінен тұрады.

Аспалы құрылғының гидрожетегі құрастырылуына байланысты бірблукты (7.5, а сурет) – жетектің барлық механизмдері бір агрегатта құрастырылған немесе жеке агрегатты (7.5, б сурет) – барлық механизмдер дербес корпуста жасалған және трактордың әр түрлі жерлерінде орнатылған.



7.4 сур. Донғалақты трактордың бүйір қаут алу білігінің жетегі:

1 — Бүйір ҚАБ ауыстыру иінтірек осі; 2 — иінтірек тіреуіші; 3 — басқару сабы; 4, 15 — бұрандар; 5 — ауыстыру шанышқысы; 6 — Бүйір ҚАБ жетекші конустық білік-тегершігі; 7, 12, 19 — шарлы мойынтірек; 8 — бекіткіш серіппесі; 9 — кішкене шар; 10 — ауыстыру шанышқысының білікшесі; 11 — ауыстыру тегершігі; 13 — жетекші білік; 14 — мойынтірек тіреуіші; 16 — қақпақ; 17 — бүйір ҚАБ мойынтірегінің тостағаны; 18 — жетекші конустық мойынтірек; 20 — мойынтірек қақағы; 21 — тәуелсіз жетектің мойынтірегі; 22 — синхронды жетектің мойынтірегі



7.5 сурет. Аспалы құрылғының гидрожетек жинақтастыруының сызбасы:

а — бір блокий; б — жеке агрегатты; 1 — май бәгі; 2 — сорап; 3 — таратқыш; 4, 6 — гидроцилиндер; 5 — аспалы жүйенің басқару иінтіректері

Бір блокты жетек ауылшаруашылық аспаптардың барлық реттеу – күштік, биіктік, позициялы және комбинациялық түрлерін қамтамасыздандырады. Алайда оған маңызды кемшіліктер тән: жоғары меншікті масса; трактордың басқа жерлерінде ілінетін агрегаттарды басқаратын шығарылатын цилиндрді орнатудың қиындығы; біршама төмен жұмыс қысымы (10 МПа дейін); жетек конструкциясы әмбебап емес, оны трактордың белгілі түріне жасайды.


Аспалы құрылғының кез-келген тракторда орналастыруға болатын, жүйеленген гидроагрегаттардың өндіру ұйымын жеңілдететін жеке агрегатты жетегі кең етек алды. Шығарылатын цилиндр көмегімен трактордың кез-келген жерінде орнатылған машиналарды басқаруды ұйымдастыру оңай. Бұл жетектің кемшіліктеріне май құбырларының үлкен ұзындығы, оларды пайдалану кезінде зақымдану мүмкіндігі. Бұдан басқа, жеке агрегатты жетегі бар аспалы құрылғының гидрожетекке қарағанда конструкциясы қиын. Аспалы құрылғылардың жетегінде жұмыс қысымы 20МПа дейін жететін, айналу жиілігінің диапазоны 1 100... 1 700 мин-1 болатын жүйеленген тістегерішті сораптар қолданылады. Сораптардың қозғалтқышқа немесе бәсеңдеткішке бекітілетін ернедектері бар және олар оң немесе сол бағытты айналу бола алады.

Таратқыш жеке агрегатты жетекті қолданғанда жеке агрегат ретінде жасалады. Отандық тракторларда төрт күйді: құралды көтеру, мәжбүрлі түсіру, бейтарап және қалқымалы күйлерді қамтамасыздандыратын жүйеленген қақпақшалы-бөліп ты таратқыштар қолданады. Тракторларда екі немесе үш бөлімді таратқыштар орналастырады, олардың әрқайсысы өзінің гидравликалық жүйелерінің элементтерін басқарады.

Аспалы құрылғылардың жеке агрегатты жетектерінде жүріс реттей алатын қос әрекетті цилиндрлер қолданылады.

Отандық шынжыр табанды тракторларда технологиялық жүйенің жетегі үшін қозғалтқышта орналастырылатын бір гидравликалық сорап аз болуы мүмкін. Мысалы, ағаш өнеркәсібі мен басқа арнайы машиналар мен агрегаттар негізінде қолдану үшін арналған ТТ-4М-01, МТ-5-01 тракторларында екі гидравликалық сорап үшін 76,3 кВт дейін қосымша қуат алу мүмкіндігін қамтамасыздандыратын жетек (бәсеңдеткіш) орнатылады.

Екі гидравликалық сорап үшін (7.6 сурет) жетек жетекші біліктен 12 және екі жетекші бііктен 25 және 34 тұрады. Жетекші білік 12 айқаратопса біліктерімен бір жағынан ілініспен, екінші жағынан БҚ біріктіріледі.



7.6 сурет. Екі гидравликалық сорғыш үшін жетек:

1 — корпус; 2 — сұққыш; 3, 14, 16, 20, 31 — тоқтатқыш сақиналар; 4, 19 — жетектеген тегершіктер; 5, 6 — жетекші тегершіктер; 7, 22, 23, 35 — төсемдер; 8, 32 — мойынтіректер; 9, 21, 30 — қақпақтар; 10 — қалпақша; 11 — киіз шығыр; 12 — жетекші білік; 13, 17 — тісті жалғастырғыш; 15 — құрсау; 18, 27 — төлкелер; 24 — гидравликалық сорғыш тіреуіші; 25, 34 — жетекші біліктер; 26 — қосу жалғастырғышы; 28 — сақина; 29 — май деңгейінің шеутеуіші; 33 — тостаған

Жетекші білікте 12 гидравликалық сорғыштың жетекші біліктерінде 25 пен 34 орнатылған, жетекші біліктермен 4 пен 19 әрдайым іліністе болатын жетекші тегершіктер 5 пенборнатылған. Тегершіктердің жетекші біліктермен байланысы қосу жалғастырғышының 26 жетекші тегершіктердің тісті тәждеріне4 пен 19 кіретін тісті тәждеркөмегімен жүзеге асады. Жетекші білік 12 қақпақта 9 орнатылған тегершіктерде 8 айналады.Қалпақшалар 10 мен киыз шығырлар 11 жетекші білікте орнатылған айқаратопса білігінің шанышқы құйрықтарын тығыздау үшін арналған.Жетекші біліктер 25 пен 34 корпуста айналуудан сақтау үшін сұққышпен 2 бекітілген тостағандарда 33 орнатылған тегершіктерде 32 айналады.

Гидравливалық сорғыштар тіреуіштерге 24 бекітіледі және жетекші білік пен гидравликалық сорғыш біліктерінің мүмкін осьтік сәйкессіздігін теңгеретін арнайы қабатталған тісті жалғастырғыш арқылы жетекші біліктермен байланысады. Қабатталған тісті жалғастырғыш екі тісті жалғастырғыштан 13 пен 17 және қозғалысы тоқтатқыш сақинамен 16 шектедетін құрсаулардан 15 тұрады. Тісті жалғастырғыштың оның білікте айналуын болдырмайтын бейінді отырғызатын саңылауы бар және тоқтатқыш сақинамен 14 бекітілген. Тісті жалғастырғыштың 17 оймакілтек саңылауына гидравликалық сорғыштың жетекші білігі қойылған, жалғастырғыштың білік бойынша қозғалысын тоқтатқыш сақина 20 ұстап тұрады.

Сорқыштардың қосылуы тіреуіштерде орналасқан иінтіректермен орындалады және қосатын жалғастырғыш 26 шанышқысымен байланысқан.

Гидравликалық біліктің бөлшектері корпусында орналасқан айналатын тегершіктердің май шашуымен майланады. Гидравликалық біліктердің тісті жалғастырғыштары мен жетекші біліктердің отырғызылатын беті біліктің ішкі қуысына түсетін маймен майланады. Тегершіктердің отырғызылатын бетінің астына май ортадан тепкіш күш әсерінен саңылау арқылы әкелінеді. Жетекші біліктердің қуыстарына май корпус 1 каналдары және корпусының алдыңғы жағында орналасқан тартпа қақпақтары арқылы жеткізіледі.


7.4.Автомобильдердің қосымша жабдығы

Автомобильдердің қосымша жабдықтарына шығыр, құрсымдағы ауа қысымын реттейтін орталықтанған жүйе, аудармалы платформаныңкөтеретін механизмі, ершіткі құрылғы және басқалары.

Шығыр қиын жүріп өту қиын жерлерден автомобильдер мен тіркемелерді өзін суыру және тарту үшін арналған.

Мысалы, «Урал-4320» автомобилінде шығырдағы арқанның жұмысшы ұзындығы 65 м, арқандиаметрі 17,5 мм. Шығыр жетек, бұрамдық бәсеңдеткі, арқан бекітілген барабан, таспалы тежеуіш және арқан төсеушіден тұрады. Арқандағы ең көп тартымкүш шығырдың жетектің алдыңғы айқаратопса білігінде орнатылған қорғағыш сұққышпен шектеледі. Қорғағыш сұққыш арқанда 70...90 кН күш болғанда қиылады.. Шығыр 26 арқалықта (7.7 сурет) және автомобиль жақтауының артқы бөлігінде бекітілген екі тіреуіште орналасқан.

Шығыр бәсеңдеткіші глобоидты қос бұрамдықтан тұрады 20 — бұрамдықты доңғалақ 13. Бұрамдықты доңғалақ шығырдың оймакілтек білігіне отырғызылған атанақ ббілгімен 5 жылжымалы жалғастырғыш 14 арқылы жалғана алатын күпшекке бекітілген. Бәсеңдеткіш 20 бұрамдығында шығыр атанағының өздігінен болатын айналуға кедергі жасайтын автоматтық таспалы тежеуіш 24 орнатылған



7.7 сур. Бәсеңдеткішпен және тежеуішпен жиналған шығыр

1 — пресс-майсұыт; 2 — жұлдызша; 3 — сырғыма мойынтірек; 4 — керме төлке; 5 — атанак; 6 — атанак білігі; 7 — бәсеңдеткіш қақпағы; 8 — арқан опырғышы; 9 — қозғалмайтын жалғастырғыш; 10, 16, 18, 23 — реттеуіш төсемдер; 11, 15 — конус аунақша мойынтірек; 12 — бәсеңдеткіш қартері; 13 — бұрамдықты доңғалак; 14 — қозғалмалы жалғастырғыш; 17 — ернемек; 19 — радиалды-тіреуіш мойынтірек; 20 — бәсеңдеткіш бұрамдығы; 21 — шарлы радиалды мойынтірек; 22 — тіреуіш радиалды мойынтірек; 24 — таспалы тежеуіш; 25 — қозғалғыш бұранданың оң тіреуіші; 26 — шығыр аспасы үшін арқалык; 27 — тежеуіш серіппесі; 28, 29 — автомобильдің ілінісу жалғастырғышы

қосылып тұрған кезде немесе сақтандырғыш сұққыш кесілген жағдайда арқанды ашу шығырды қосу иінтіректер.


Атанаққа 5 арқанды орағанда тежеуіш тегершік айналып тежеуіш таспасын 24 алып кетеді және пайда болған үйкеліс күші тегершікте шағын тежелу сәтін тудыра серіппені 27 қысады. Атанактан арқанды таркату кезінде, мысалы ажыратқышты сөндіру кезінде, тежеуіш тегершікте үйкеліс моменті автоматты түрде артады, себебі таспа арқанды орағаннан көбірек, сондай-ақ кері бағытталған, үйкеліс күшімен өздігінен тартылады.

Шығыр жетегі үш айқаратопса білігі мен қуат алу қорабы арқылы қорабынан іске асады. Айналу кезі бәсеңдеткіш білігінің бұрамдығына 20кигізілген вланцқа17 әкелінеді. Шығыр шығыр қосу иінтіректері 28, 29 арқылы жылжымалы жалғастырғышпен 14 кабинадан қосылады.

Құрсымдағы ауа қысым реттейтін орталықтанған жүйесі құрсымдағы ауа қысымын азайту арқылы автомобильдердің киын өтетін жерлерден өтімділігін жоғарлату үшін, сондай-ақ камераның зақымданған жағдайда құрсымнан сығымдағышпен ауа шығып кетуорнын толтырып, доңғалақты ауыстырмай қозғалысты жалғастыру үшін арналған. «Урал-4320» автомобиліндегі құрсымдағы ауа қысымын реттейтін орталықтанған жүйесі сығымдағыштан 1, қысым басқаратын краннан 3, баллонаралық бәсеңдеткіштен 7, ауа ілмегінің доңғалақты кранынан 9, жарты ось тостағанында ауа жеткізудің тығыздаушы қалпақша блогынан10, құбыр желісінен2, 8жәнеауа баллондарынан6— бірінші ВБ1 және екінші ВБ2 тұрады. Баллонаралық бәсеңдеткіш 7 тежеуіш жүйесінде керекті қысымды ұстап тұру үшін арналған. По достижении определенного давления в баллоне ВБ1баллонында керекті қысымға жеткенде, диафрагмамен клапан 19 ашыладыжәне ВБ2 баллонына ауа кіреді, кері клапан 21 жабық тұрады.

Жүйеде бөліп тұрпатты құрсымдағы ауа қысымын реттейтін кран 3 қолданылады. Бөліп 14 тұрқыда 12 ауысады және қалпақшамен 13 тығыздалады. Ол жерде орналасқан тірек сақинасы қозғалыс шегін шектейді. Бөліп 14 үш күйі бар кран иінтірегін күшімен қосылған: сол жағы құрсым толтыру үшін сәйкестендірілген, ортаңғысы – бейтарап, оң жағы – құрсымдағы ауаны атмосфераға шығару үшін. Кран иінтірегін сол жаққа жылжытқанда бөліп сол жаққа қозғалады, оның үстіндегі бунақ қалпақшаға қарсы орнатылады және ауа баллондарындағы ВБ ауасы қақпақша астында пайда болған құбыр желілері арқылы құбыршекпен ауа жеткізудің тығыздаушы қалпақша блогына, ауа ілмегінің доңғалақты кранына 9 және ары қарай құрсымдарға барады.

Қысым реттейтін кран иінтірегін оң жаққа жылжытқанда бөліп оң жаққа қозғалады, бөліп тағы бунақ басқа қалпақшаға қарсы орналастырылады да, құрсымдағы ауа атмосфераға шығады.



7.8 сурет. «Урал-4320»

автомобиліндегі құрсымдағы ауа қысымын реттейтін орталықтанған жүйе:

1 — сығымдағыш; 2, 8 — ұбыр желілері; 3 — ауа қысымын реттейтін кран; 4 — құрсым манометрі; 5 — ауа қысымын реттейтін кран иінтірегі; 6 — ауа баллондары (бірінші ВБ1 және екінші ВБ2); 7 — баллонаралық бәсеңдеткіш; 9 — доңғалақты кран; 10 — ауа жеткізудің тығыздаушы қалпақша блог; 11 — құбыршек; 12 — ауа қысымын реттейтін кран тұрқысы; 13 — қалпақша; 14 — бөліп; 15 — реттегіш бұран; 16 — қапқа; 17 — серіппе қапқағы; 18 — серіппе; 19 — диафрагмамен клапан; 20 — баллонаралық бәсеңдеткіш қапқағы; 21 — кері клапан; ВБ — ВБ1 және ВБ2 ауа баллондарындағы ауа ауа қозғалысының бағыты

Иінтірек 5 бейтарап қалыпта қойылғанда, бөліп тағы бунақ қалпақшалар арасында орналасады және ауаның құрсымға және ауаны құрсымнан атмосфераға шығармайды.

Ауаның құрсымға жеткізілуі бір құбырлы сызба бойынша орындалған. Егер доңғалақты кран 9ашық болса, автомобильдің барлық құрсымдары өзара байланысқан, олардағы қысым бірдей, ал ауа шығуы және толтыруы бар құрсымдарға біркелкі жүргізіледі.

Жүйені басқару кабинадан жүргізіледі, сондықтан жетекші құрылғылар қалқанында орналасқан құрсым манометрі 4 арқылы құрсымдағы қысымды бақылап, нормаға сай сақтай алады.

Аудармалы платформаның көтеретін механизмі жүк түсіру кезінде өзі аударғыш автомобиль шанағының көлбеуін қамтамасыз етеді. КамАЗ-5510 өзі аударғыш автомобилінің платформаны көтеретін пневмогидравликалық механизмінің сызбасы 7.9. суретте көрсетілген.

Көтеретін механизм платформаның 55° шектік бұрышқа дейін көтерілуін; оның түсіруін; көтеру мен түсіру кезінде кез-келген аралық орында тоқтауын; платформа көтерілуінің максималды бұрышын шектеуін; көтерілудің соңында төгу кезінде платформаның ырғатылуы; қысым жоғарылаған кезде автоматты түрде сөнуін; платформаның артқы борттың автоматты ашылу және жабылуын қамтамасыз етеді.


Көтеретін механизм қуат алу қорабынан 10, май сорғышынан 7, телескоптық гидроцилиндр 3, қайта өткізу клапаны 4, екі электрлік пневмоклапандар 5 и 5', пневмоцилиндр 2, пневмоклапан 1 майбағы 8 және артқы борттың ашылуын қамтамасыз етеді. Қуат алу қорабы 10 — бір сатылы, КП қартерінің оң жағына бекітіледі. Пневмоклапанды 1 басқару платформаны басумен жүзеге асады.

Артқы борттың ілмегі мен көтеретін механизмді электропневматикалық қашықтықтан басқаруы жүргізушінің жұмысын жеңілдетіп, жүк түсіру уақытын айтарлықтай азайтады. Платформаны көтеретін механизмді басқару жүргізуші кабинасынан құрылғылар қалқанында орналасқан электрлік ауыстырып-қостырғыш 9көмегімен жүргізіледі.

Платформаны көтеру үшін кабинада орналасқан электрлік ауыстырып-қостырғыш 9иінтірегін «Подъем» күйіне (бұл режим 7.9 суретіндегі сызбада бейнеленген) ауыстыру керек. Бұл ретте электрлік тоқ электрпневмоклапанның 5' электромагниттік орауына түседі. Электромагнит білігі қозғалған жағдайда автомобиль пневмобөлмесінің баллондарынан қуат алу қорабын 10қосатын пневмобөлмесіге ауа өткізетін клапан ашылады. Біп уақытта ауа пневмоцилиндр қуысына келеді.

Қуат алу қорабын қосу кезінде май сорғышы жұмысын бастайды. Май бактан 8 насоспен 7 кері клапан 6 және құбыр желілері арқылы телескоптық гидроцилиндрге 3 жеткізіледі. Платформа көтерудің басында пневмоклапан жабылады да, ауа пневмоцилиндрдің жоғарғы қуысынан атмосфераға шығады, ал электропневмоклапан 5 арқылы келетін тығыздалған ауа пневмоцилиндр сояуыш 2 пен піспекті қозғалтады. Сояуыш ілмек білік иінтіректеріне әсер етеді және артқы борт ашылады.

Май қысымының әсерімен телескоптық гидроцилиндр буындары платформаны көтеріп дәйектілікпен жылжиды. Платформа көтерілуіне қарай гидроцилиндр қисаяды және шетмойынға бекітілген иінтірек те қайта өткізу клапанының 4 жетектің арқаншасының еркін салбырауын таңдап қисаяды. Платформаның 55° шектік бұрышына жеткен кезде арқанша өткізу клапанын ашады және платформа көтерілуі тоқтайды. Цилиндрдегі май өткізу клапаны арқылы ағызу майқұбырымен бакқа ағызылады және платформа біршама бұрышқа түседі. Өткізу клапаны 4 жабылған соң, май цилиндрге қайта келіп, клапанның келесі ашылуына дейін платформа көтерілуі жүзеге асады.



7.9 сур. Көтерілетін платформаның пневмогидравликалық механизмнің сызбасы:

1 — артқы борттағы пневмоклапанның ашылуы; 2 — пневмоцилиндр; 3 — гидроцилиндр; 4 — өткізу клапаны; 5, 5' — электропневмоклапандар; 6 — кері клапан; 7 — май сорғышы; 8 — май бағы; 9 — электрліқауыстырып-қосқыш; 10 — қуат алу қорабы; ПВП — автомобиль пневможүйесінен ауа жеткізу; ПК, ПК' — қуат алу қорабын және өткізу клапанын қосатын пневмобөлмешелер; Т — арқанша; П, О, С — платформа күйлерінің режимдері «Көтеру», «Түсіру», «Стоп»; —< — ауа қозғалысы бағыты; —*— — май қозғалысы бағыты

Клапан ашу және жабудың ретімен алмасып келуі жүк түсуін айтарлықтай дәрежеде жеңілдету үшін платформу көтерудің соңындағы қатты қағуын қамтамасыз етеді.

Аралық жағдайда *платформаны тоқтату үшін* платформу көтеру және түсіру үрдісі кезінде электрлік ауыстырып-қосқыш кішкене тұтқышын «Стоп» күйіне ауыстыру керек. Бұл ретте электропневмоклапандар 5 және 5' сөндірілі, өткізу клапаны 4 жабылады, май сорғышы 7 жұмыс істемейді және гидроцилиндрдегі май 3 май бағына өте алмайды 8, себебі өткізу клапаны 6 жабылады.

Платформаны түсіру үшін электрлік ауыстырып-қосқыш 9 кішкене тұтқышын «Түсіру» күйіне ауыстыру керек. Бұл ретте автомобиль пневможүйе баллонынан өткізу клапанын ашатын ПК пневмобөлмешеге ауа өткізетін электропневмоклапан 5 қосылады. Гидроцилиндрдегі май өткізу клапаны арқылы май бағына 8 құйылады.

Түсірудің соңында платформа артқы бортты ашатын пневмоклапанды баса бастайды. Автомобиль пневможүйесінің

баллонындағы ауа пневмоклапан 1 арқылы пневмоцилиндрдің үстінгі қуысына түседі және ілмектер платформаның артқы бортын жабады. Бір уақытта ауа цилиндрдің астыңғы қуысынан электропневмоклапан 5 арқылы шығады.

Платформаны түсіруден кейін ауыстырып-қосқыш кішкене тұтқышын «Стоп» күйіне орнату керек. Бұл ретте электр тогы электропневмоклапандарға 5 және 5' түспейді, май сорғышы 7 сөндірулі, өткізу клапаны 4 жабық болады.

Бақылау сұрақтары

- 1.Технологиялық үрдістерді орындауға арналған машина мен жұмыс жабдығы трактормен қалай тұтастырылады?
- 2.Тракторлардың аспалы жүйесі қалай жіктеледі?
- 3.Артқы ілменің үшнүктелі жүйесінің жұмысын және құрылғысын сипаттаңыз.
- 4.Жер қыртсын өңдеу тереңдігін реттеудің қандай амалдары бар?
- 5.Тіркеу құрылғысының жұмысын және құрылысын сипаттаңыз.
- 6.Қуат алу білігінің міндеті қандай? Қапталдағы білік жетегінің құрылысын сипаттаңыз.
- 7.Трактор жабдығының гидрожетегінің иіндеті қандай? Оның сызбасын түсіндіріңіз.
- 8.Тракторлардың гидравликалық жүйесінің гидросорғыштарының механикалық білігі қалай жасалған?
- 9.Автомобиль шығырының құрылысы және міндеті қандай? Оның жұмысын сипаттаңыз.
- 10.Құрсымдағы ауа қысымын реттейтін орталықтанған жүйесінің міндеті қандай? Оның құрылысын және жұмысын сипаттаңыз.
- 11.Өзі аударғыш автомобилдің платформаны көтеретін механизмінің құрылысын, міндетін және жұмысын сипаттаңыз.

8 тарау

ТРАКТОРЛАРДА ЖӘНЕ АВТОМОБИЛЬДЕРДЕ ЖҰМЫС КЕЗІНДЕ ТІРШІЛІК ҚАУІПСІЗДІГІ

8.1. Жалпы ережелер

Еңбек қорғау ұйымы өндіріс үдерісінде өзіне қауіпсіз еңбек шарттарын қамтамасыздандыруға бағытталған құқықтық, санитариялық-гигиеналық және техникалық шараларды қосады. Автотракторлық техникасының қауіпсіздік ережесінің барлық талаптары, пайдалану шарттары, машинисттердің (жүргізушілердің) еңбек қауіпсіздігі ережелерін үйренуі Еңбек қауіпсіздігінің стандарттар жүйесіне (ЕҚСЖ) сәйкес реттелген. Мысал ретінде келтіруге болады

МЕСТ 12.0.004 — 90 «ЕҚСЖ. Еңбек қауіпсіздігін үйрену ұйымы. Жалпы ережелер»;

МЕСТ 12.1.003 — 83 «ЕҚСЖ. Шу. Жалпы қауіпсіздік талаптары»;

МЕСТ 12.1.005 — 88 «ЕҚСЖ. Жұмыс аймағының ауасына жалпы санитариялық-гигиеналық талаптар»;

МЕСТ 12.1.007 — 76 «ЕҚСЖ. Зиянды заттар. Қауіпсіздіктің жіктелуі және жалпы талаптары»;

МЕСТ 12.1.010 — 76 «ЕҚСЖ. Жарылу қауіпсіздігі. Жалпы талаптар»;

МЕСТ 12.1.012—90 «ЕҚСЖ. Діріл қауіпсіздігі. Жалпы талаптар»;

МЕСТ 12.2.120 — 88 «ЕҚСЖ. Өзіжүргіш ауылшаруашылық машиналардың, бір білікті тартқыштардың, карьерлік түсіргіштің, өзіжүргіш құрылыс-жол машиналарының, тракторлардың операторларының жұмыс орны және кабиналары. Қауіпсіздіктің жалпы талаптары»;

МЕСТ 12.2.064—81 «ЕҚСЖ. Өндіріс жабдығының басқару органдары. Қауіпсіздіктің жалпы талаптары»;

МЕСТ 12.2.121 — 88 «ЕҚСЖ. Өнеркәсіп тракторлары. Қауіпсіздіктің жалпы талаптары»;

МЕСТ Р 50866 — 96 «Автокөлік құралдары. Кондициялау, желдету және жылу жүйесі. Қауіпсіздіктің және тиімділіктің бағалау әдістері»;

МЕСТ Р 51206 — 2004 «Автокөлік құралдары. Жолаушы отыратын жер мен кабинадағы ауадағы зиянды заттарды құрамы. Сынау әдістері және ережелері»;

МЕСТ Р 51709 — 2001 «Автокөлік құралдары. Техникалық жағдайына қауіпсіздік талаптары және тексеру әдістері».

Стандарттар жұмыс аймағының шолу мүмкіндігі мен жарықтылығына, кабиналар мен жұмыс орнына, басқару органдарына, кабина шаңның құрамына, орындықтың дірілдеуіне, еңбек жағдайлары және басқа да көлік параметрлеріне талаптар орнатады.

Көлікті басқаруға және қызмет көрсетуге медициналық куәландыру өткен, арнайы дайындықтан өткен және трактор мен автомобиль жүргізу құқығын білдіретін куәлікті белгіленген тәртіп бойынша алған, 18 жастан жас емес тұлғалар жіберіледі. Сондай-ақ, машинист (жүргізуші) МЕСТ 12.0.004 — 90 сәйкес оқыту мен еңбек қауіпсіздігі техникасы бойынша нұсқама өту керек және тиісті куәлігі болу қажет.

Көліктер ақаусыз техникалық жағдайда болу керек.

Машинистердің (жүргізушілердің) жұмысы қауіпті және зиянды өндірістік факторлардың болу мүмкіндігімен сипатталады, соның ішінде:

- жылжымалы көлік және оның механизмы;
- технологиялық жабдықтың қозғалмалы бөліктері;
- қозғалатын бұйым, дайындама, материалдар;
- жұмыс аймағының ауасының тозандылығы мен жоғары газдылығы;

- жабдық сыртының жоғары температурасы;
- жұмыс аймағының жоғары және төмен ауа температурасы;
- шудың жоғары деңгейі;
- дірілдеудің жоғары деңгейі;
- ауаның жоғары ылғалдылығы;
- адам ағзасына әсер ететін улағыш және тітіркендіргіш химиялық заттар;
- шамадан тыс физикалық күш;
- жарықтылықтың нормадан жоғары не төмендігі.

Мысалы, қозғалтқыш шудың, дірілдеудің, газдылықтың, температура жоғарлауының және басқаруларының қайнар көзі болып табылады. Шу мен дірілдеудің көзі көліктің өзі, себебі көлікте жұмыс кезінде шу шығаратын көптеген механизмдер көп, бұдан басқа ол әрдайым әр түрлі динамикалық күштер мен жүктемелердің әсерінде болады.

Машинистке (жүргізушіге) діріл жұмыс орны (кресло) және басқару иінтіректері арқылы беріледі. Шу мен діріл параметрлері МЕСТ 12.1.003 — 83 және МЕСТ 12.1.012 — 90 сәйкес орнатылған шектік мәндерден аспау қажет..

Машинисттің (жүргізушінің) жұмыс орнына және кабинасына үлкен көңіл аударылу керек..

Көлік кабинасында бірінші медициналық көмек дәрі қобдишасы, ауыз су термосы, өрт сөндіргіш және байланыс құралдары болу қажет.

Кабина микроклиматы ерекше рөл ойнайды. Қалыпты және жайлы еңбек жағдайын жасау үшін температура, ауа қозғалысының жылдамдығы, ауа ылғалдылығы белгілі шамаларда сай болу керек. Теріс жағдайда машинисттің (жүргізушінің) жұмыс істеу қабілеті мен еңбек өнімділігі түсуіне себеп болатын дененің жылуды реттеу жұмысы бұзылу мүмкін. МЕСТ 12.1.005 — 88 бойынша кабинада келесі режим сақталуы керек: 14.28 °C температурасында ауа ылғалдылығы 40...60 %.

Автомобиль кабинасы, сондай-ақ, МЕСТ Р 50866 — 96 сәйкес ауа алмасу жылдамдығы 1,5 м/с дейін және сыртқы ауа температурасы -20 °C кезінде кабинадағы ауаның орташа температурасы +18 °C болуын қамтамасыз ететін жылу, желдету және кондициялау жүйесімен жабдықталу қажет. Жазғы уақытта кабинадағы температура +28 °C аспау қажет. Көлік кабинасындағы шаңның және зиянды заттардың шоғырлануы МЕСТ 12.1.007 — 76 және МЕСТ Р 51206 — 2004 сәйкес орнатылған шектік мәндерден аспау қажет.

Кабина ішкі жарық плафонымен, қозғалмалы шаммен және 12 В тоқтетікпен жабдықталу керек..

Жұмыс аймағының жарықтылығы өндірістік орындардағы жасанды жарықтыңсалалық нормаларына сай болу керек. Жұмыс орнының қажетті жарықтылығы трактор үстіне не капотына немесе автомобиль алды мен артына қосымша шам орнату арқылы жеткізіледі.

Көліктің қауіпті сыртының қоршауы МЕСТ 12.2.062—81 «ЕҚСЖ. Өндірістік құрылғы. Қорғайтын қоршау»сәйкес орындалып, шығыңқы және қозғалмалы көлік түйіндері арнайы түске боялған немесе орнатылған қауіпсіздік белгілері болу керек.

Ауысымның басында машинист (жүргізуші) күнделікті техникалық қызмет көрсету кезінде көлікті қарап, оның жұмысқа қабілеттілігін жүктемесіз тексеру арқылы жөнділігіне көз жеткізу керек. Екі, үш ауысымды жұмыс кезінде көліктің жөнділігіне әр жүргізуші немесе машинист көз жеткізу керек. Тексеріске жұмыс қауіпсіздігіне әсер ететін барлық түйіндер мен агрегаттар жатады. Металл құрастырылымын тексерген кезде олардың басқа металл құрастырылымдарымен байланысқан жерлеріне аса көңіл бөлу қажет. Сынған әйнекпен, бұзылған дыбыс сигналымен және толық емес жарықтылыта жұмыс істеуге тыйым салынады. Құбыр желілері мен түйіндердің байланысқан және тығыздалған жерлерінен жұмыс сұйықтығының ағуына жол берілмейді.

Қалған түйіндер мен жүйелердің күйлері жоспарлы техникалық қызмет көрсетулер өткізілгенде, сондай-ақ оларда ақаулық бар-жоғына күмәндық туған кезде тексеріледі. Егер таңертен және кешке жарықтылық мүмкіндік бермесе, онда түскі уақытта тексеріс өткізуге болады..

Басқару интiрeктерiнiң бейтарап қалыпта тұрғанына көз жеткізбегенше, қозғалтқышты қосуға тыйым салынады. Қозғалыс алдында дыбыс сигналын беріп, көліктің жұмыс аймағында (қауіпсіздік аймағы) адамдарың жоғына көз жеткізу керек. Кабинаның сыртында орналасып, басқару органдарын басуға тыйым салынады.

8.2.Тракторлар мен автомобилдердегі жұмыс қауіпсіздігіне әсер ететін факторлар

Жұмыс үдерісінде жүргізушіге Жолда жүру ережесін, технологиялық үдерістер мен пайдаланулардың белгілі түрлерін орындау және автотракторлық техникаға техникалық қызмет көрсету ережелерін қатаң сақтау қажет.

Белгілі жол жағдайлары кезінде трактор немесе автомобиль басқарудың дұрыс тәсілдері жұмыстың қауіпсіздігіне үлкен әсер етеді. Ары қарай жұмыс қауіпсіздігіне әсер ететін факторлар автомобильдің жүрдек көлік құралы мысалы ретінде қарастырылған.

Тежеу режимі мен тәсілін таңдау көліктердің жыйынтығы мен жүк сипатын есепке ала отырып қозғалыс шартымен, қозғалыс жылдамдығымен, жол төсемінің күйімен, керекті тежеу жолы мен тежеу қарқындылығымен анықталады.

Автомобиль тежеуі жұмысшы тежеу жүйесімен іске аса алады (аяқ басқыш көмегімен қызметтік және шұғыл тежеу); жұмысшы тежеу жүйесі жұмыс істемей қалған жағдайда қосалқы және аялдау тежеу жүйесі (автомобильді қозғалмайтын күйде ұстап қалу); ұзақ тұсу кезінде автомобиль жылдамдығын шектейтін жәрдемші тежеу жүйесі (тежеу жүйесінің қырылысында бар болған жағдайда).

Автопоезд құрамында жәрдемші тежеуішпен ұзақ уақыт тоқтағанда (ұзақ еністе) тіркеме тежеуішінің тежеу қаптамасын қатты қыздырып жібермеу үшін тіркеменің (жартылай тіркеменің) тежеу механизмдерін қосылғанын есте сақтау қажет. Түпкілікті тоқтау жұмысшы тежеу жүйесінің тежегіш басқышын бірсарынды басумен жүргізіледі. Ұзақ еністе басқару сабының тұрысымен тоқтау темпін реттей отырып, қосымша тежеу жүйесімен тоқтау керек.

Өрде мәжбүрлі тоқтау жағдайында жұмысшы тежеу жүйесінің басқышын басып, автомобильді тоқтату керек, және басқышты

жібермей тұрақ тежеуішінің сабын (кран) бекітілгенше дейін үстіңгі қалпына орнату керек. Одан кейін тежеуішті жіберіп, қозғалтқышты тоқтатып, кері жүріс берілісін қосу. Доңғалақ астына домалауға қарсы сайды салып, тұрақ тежеуішпен тіркемені тоқтату қажет.

Таулы жерлерде жолдар ұзақ көтерілімдердің (еңістердің) көп мөлшерімен, шектелген көрерлікпен шұғыл бұрылысымен, жолдың тар бөлігімен, жол төсемдерінде үйінділермен, жол бөлігінің шеттерінде құламалар мен үзілген жерлердің болуымен ерекшеленеді. Таулы жолмен қозғалыс кезінде сұйытылған ауа жағдайында сығымдағыштың өнімділігі мен қозғалтқыштың қуаты құлаған кезде автомобильдің күш-динамикалық қасиеттерінің өзгеруін есепке алып, қозғалыстың жылдамдық режимін нақты есептеу қажет.

Тауға сапар алдында автомобильдің техникалық жағдайын тексеру қажет, әсіресе тежеуіштің, меңгерлікпен басқару, жарықтандыру және дыбыс құрылғыларын. Барлық жүйелердің саңылаусыздығы ұқыпты тексеріледі, себебі атмосфералық қысымның төмендеуімен ауаның, отынның және майлардың ағып кету ықтималдығы артады. Қозғалтқыштың жылу режимі жалюзи (гидрожалғастырғыш жұмысының режимін ауыстыру) көмегімен реттеледі. Майлау жүйесінің қалыпты қысымы мен температурасы май радиаторын қосып, сөндірумен сақталады.

Ұзақ тік өрмен қозғалыс алдында автомобиль тоқтайтын болатын жағдайға домалатуға қарсы сыналарды дайындап қою қажет, ал өте тік өрлерде (30 % жоғары) сыналар өздігінен кейін шегінгенде, оларды доңғалақ астында қалатындай, доңғалақтан 20... 30 см қашықтықта байлау керек. Егер өздігінен шегіну болған жағдайда автомобильді тоқтату жолы болмаса, кері жүріс берілісін қосып, автомобильді құздың баурайына немесе басқа да табиғи кедергіге бағыттау керек.

Тік еңістерде жұмысшы тежеуішпен және ажыратқышты сөндірмей қосылған төмендетілген беріліспен тоқтаған дұрыс. Ұзақ қияларда қосымша тежеу жүйесімен басқару сабының (басқыш) күйімен баяулату темпін реттей отырып тоқтауға болады.

Тайғақ жолмен қозғалыс уақытында жүргізуші ерекше абайлағыштықты сақтау міндетті. Автомобиль қозғалысы бірқалыпты және жылдамдығы жүргізушінің автомобильге бақылау орната алатынын қамтамасыз ету керек.

Автомобильді баяулату және тоқтату үшін беріліс пен ажыратқыш қосылып тұрған кезде, доңғалақтарды оқшаулануына жол бермей, жұмысшы тежеуішпен байсалды тоқтату мүмкін. Сырғу пайда болған жағдайда, ажыратқышты сөндірмей, отын беруін азайтып, меңгерік доңғалағын сырғу жағына бірсарынды бұру керек. Сырғу қауіпсіздігі

пайда болатын жағдайда қозғалысты баяулату үшін жәрдемші тежеу жүйесін қолдануға болады.

Жолдың ауыр бөлігіне кіру кезінде (қар, балшық, жұмсақ жер, құм) қорабының дифференциалын окшауландыру керек және құрсымдағы ауа қысымын ссы жердің максималды өтімділігіне (құрсымдағы ауа қысымын реттейтін орталықтанған жүйесі бар автомобильдер үшін) сай келетін шамаға дейін азайту керек.

Максималды қауіпсіздікпен бұзылған автомобильді тіркеп сүйреу үшін ұзындығы 4 м көп емес арнайы қатты сүйреуші немесе жарым-жарты арту тәсілін қолдану қажет.

Қозғалтқышы істемейтін автомобильді тіркеп сүйреу кезінде тежеу пневможетекті тығыздалған ауамен толтыру үшін құрсымды толтыру құбыршегі қолданылады. Құбыршектің бір шеті тежеу пневможетегінің ауа баллонында орналасқан тіркеу клапанына, басқасы – тіркеп сүйреуші автомобилдегі дәл сондай клапанға қосылған. Егер бұзылған автомобильдің пневможетегін тығыздалған ауамен толтыруға болмаса, онда тұрақ тежеу жүйесінің аспаптық тежеу жүйесінен шыққанда артқы арбашаның тежеуішіні окшауландырудан шығару керек. Бұл ретте қозғалыс жылдамдығы 50 км/сағ аспау керек.

Тиеу-түсіру жұмыстары тұрақ тежеуімен сенімді тежелген және төменгі берілісі қосылған автомобильде жасауға рұқсат етіледі. Борттарды ашу алдында жүктің орналасуының қауіпсіздігінде және түсіру жағында адамдардың жоқтығына көз жеткізу керек. Автомобиль немесе тіркеме бортын шеттерінде орналасқан, кем дегенде, 2 адам бір мезгілде ашып, жабу керек.

Көтергіш кранмен және экскаватормен жүкті автомобильдің жанынан не артынан әкелу керек (жүкті кабина арқылы әкелуге рұқсат етілмейді). Сусыма жүкті қолмен тиеген кезде, жүк тиеушілер автомобильдің жанында орналасу керек, артқы борт арқылы тиеуге рұқсат етілмейді. Борт үстінде асқақтаған дана жүктерді сенімді байлау немесе жүктеу алдында орнатылған шектеулер бойынша борттарды ұлғайту керек.

Доңғалақтың тайғанақтауы кезінде қол асты заттарды тайғанақтап жатқан доңғалақ астына қолмен немесе аяқпен итеруге болмайды. Шығырмен жабдықталған автомобильді тірек, ағаш немесе жерге қазып орнатылған бөрене, қолдану арқылы шығарады. Шығыр болмаған жағдайда арқан тірекке және жетекші доңғалақ дискіне бекітіледі. Автомобильді арқан арқылы басқа көлік көмегімен шығарған кезде, олардың арасында және арқан үзілуі кезінде мүмкін жаракаттай алатын жерлерде орналасуға тыйым салынады.

Технологиялық жабдықтар жұмысы кезінде технологиялық үрдістердің орындалу ретін және жұмыстың қауіпсіз тәсілдерін қатаң сақтау керек. Көлік айналасында орнатылған қауіпсіз аймақ сақталу керек.

Трактористке (жүргізушіге) тыйым салынады:

істеп тұрған қозғалтқыш кезінде көлікті қараусыз қалдыруға;

жұмыс жабдығы көтеріліп тұрған кезде кабинаны қалдыруға және оның немесе жүктің астында орналасуға;

ашық есікпен және терезесі сынған кабинада жұмыс істеуге, жүк көтеру кезінде кабинадан шығуға;

қатты жел кезінде және шектелген көрерлік кезінде жұмыс істеуге;

бұзылған жарық құрылғылармен және басқа да көмекші жйелермен жұмыс істеуге; жүкті ілініп тұрған күйінде қалдыруға.

Автомобильдер техникасын жөндеу және техникалық қызмет көрсету кезінде жұмысқа қатысушы машинист (жүргізуші) еңбек қорғау бойынша алдын-ала нұсқама өту керек. Жөндеу және қызмет көрсету кезіндегі қауіпсіздік техникасының талаптары, негізінен, жұмыс орнының дұрыс ұйымдастырылуында, оның керекті тетіктерден мен қауіпсіз құралдармен жабдыктандырылуынан тұрады.

Көлікті қызмет көрсету бекетіне қоюды кішкентай жылдамдықта өткізу керек. Бекетке қойылған көлікті тұрақ тежеуімен тоқтату және төмен берілісті қосу керек. Бекеттен түсу алдында көлік астында адам, қалдырып кеткен құралдар және басқа да қозғалысқа бөгет жасайтын заттардың жоқ екеніне көз жеткізу керек.

Көлікті жөндеу жерінде ені 1,5 м кем емес өтетін жерлер болу керек. Барлық иінтіректер бейтарап қалпында тұрып, гидравликалық жүйе жеңілдеу керек. Түйіндер мен агрегаттарды шешу көтеру-төлеу құралдары арқылы ғана болады.

Көлікті көтергішпен немесе аспамен көтеріп, арнайы тіреуішсіз ілініп тұрған көліктің астында жұмыс істеуге болмайды. Көлік астында жұмыс істей жүріп, құрылғыларды жақтауға, басқышқа және басқа да жұмысшы адам үстіне құлай алатын жерлерге жинауға болмайды.

Көтергіштегі көлікке қызмет көрсету кезінде көтергішті басқару механизміне жазбамен тақтаны орнату керек: «Тііспеңіз – көлік астында адамдар жұмыс істеп жүр».

Жоғары орналасқан түйіндерді жөндеу кезінде арнайы төсеніштермен қолдану қажет.

Жарықтандыратын қозғалмалы шам 24 В кернеуден аспайтын қуат алу керек.

Монтаждау құралмен пайдалану ережелерін қатаң сақтау қажет. Қатты тозған немесе кілт көлемі сәйкес келмейтін, сондай-ақ басқа

бұзылған немесе дұрыс емес салынған жұмыс бөлігімен, сынған не жаман отырғызылған тұтқамен құралдар қолдануға жіберілмейді.

Қозғалтқыш істеп тұрған кезінде көліктерге техникалық қызмет көрсету үдерісін өткізуге тыйым салынады, қозғалтқышты реттеу мен менгерікпен басқару және тежеудің гидравликалық күшейткішін тексеруден басқаларына.

Жөндеу технологиялық жабдығымен жұмыс істеу кезінде жұмыс ережелерін сақтау қажет.

Улы және күшті әсер ететін сұйықтықтармен жұмыс істеу кезінде ерекше қауіпсіздік шараларын сақтау керек.

Мысалы, антифриз бен тосол улы сұйықтық болып табылады. Ішке тиген кезде, ағза уланады. Антифриз сақталатын және тасымалданатын ыдыста бояумен «У» жазбасы түсіріледі. Антифриз саласынан бірден қозғалтқыштың салқындату жүйесіне түседу. Антифризді құбыршек қолданып ауызбен сорып құюға үзілді-кесілді тыйым салынады. Көзге немесе ауызға тиген жағдайда тез арада көп мөлшерде сумен жуған жөн. Жұмыстан кейін қолды мұқият жуу керек. Сондай-ақ майлармен және тежеуіш сұйықтығымен жұмыс кезінде абайлағыштық сақтау керек.

Аккумулятор батареяларын пайдалану, зарядтау және жөндеу ағынды-сорғылы желдетумен жабдықталған арнайы бөлмеде өткізілу керек. Аккумулятор батареяларын зарядтайтын бөлмеде ашық отты пайдалануға, темекі шегуге, электрлік ұшқындардың пайда болуына себеп болатын жұмысты істеуге тыйым салынған.

Электролит дайындау үшін күкірт қышқылын жіңішке ағынмен суға құю керек. Суды қышқылға құю болмайды, себебі бұл жағдайда қышқылды бүркітетін қарқынды реакция жүреді. Электролит теріге тиген жағдайда оны ас содасының 10%-дық ерітіндісімен бейтараптандыру немесе су ағынымен жуып кетіру керек.

8.3. Өрт қауіпсіздігі ережелері

Трактор немесе автомобильді пайдалану кезінде МЕСТ 12.1.004—91 «ССБТ. Өрт қауіпсіздігі. Жалпы талаптар» бойынша орнатылған өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтау міндетті..

Көліктегі өрттің негізгі көздері: қозғалтқыш, шығу коллекторы, қоректендіру жүйесінің құбыржолдары, жанармай шаны, іске қосу алдындағы коллектор, электр сымдар жүйесі және аккумулятор болып табылады..

Көлік кабинада болу қажет өрт сөндіргішпен жабдықталу қажет. Өрт сөндіргішсіз жұмыс істеуге қатаң тыйым салынады.

Көлік қозғалтқышының газ шығаратын түтігінде әсерлі ұшқын сөндіргіш болу керек. Отын бағынан және отынқұбырдан ағатын отынмен, гидравликалық жүйедегі майқұбырдан – маймен көлікте жұмыс істеуге тыйым салынады.

Электр сымдар жүйесі мұқият және сенімді бекітілу керек, сымдардың қосылған жері, олардың өздігінен ажырап, тұйықталуынан қорғап, берік жалғасуы қажет. Сондай-ақ электр сымдар жүйесі мүмкін механикалық зақымдаудан, жылу энергия көздерінің ықпылынан, оған жанар-жағармай материалдарының және аккумулятор электролитінің тиюінен жақсы қорғалуы керек. Электр жабдығы жүйесінің қуат көзін қосу «масса» қосқышымен өткізіледі. Электр жабдығының барлық элементтері МЕСТ 12.2.007.0—75 «ССБТ. Электртехникалық бұйымдар. Қауіпсіздіктің жалпы талаптары» сәйкес келу керек.

Трактор немесе автомобиль кабинасында немесе оның тұрағынан майлы тозығы жеткен және басқа сұртетін материалдар жерінде сақтауға тыйым салынған. Тракторист немесе жүргізуші таза жанар-жағармай материалдарымен майланбаған киімде жұмыс істеу керек.

Көлікті отынмен немесе маймен тек арнайы жабдықталған, тек сөндірулі қозғалтқышпен құюға болады. Автотрактор техникасы үшін тұрақ алаңы түзу, құрғақ, қатты төсемді болу керек. Ол жер өртке қарсы жабдықтары бар арнайы қалқанмен және құм бар жәшікпен жабдықталу керек. Өртке қарсы құрал-сайман қалқанда өрт болған жағдайда оны тез және оңай шешетіндей бекіну керек.

Жұмыс уақытында трактористке (жүргізушіге) белгілі жұмыс тізімін орындау қажет: күнделікті техникалық байқау кезінде құбыр желілерін отын немесе май ағу бар болуына және электр желісі сымдарының жағдайын тексеру керек; сым жалғанған жерлерге майлануын болдыртпау; капот асты кеңістігін мерзімді түрде тазалап отыру; жанармай құю, тексеру, реттеу кезінде көлік қасында темекі шекпеу; іске қосу алдындағы жылытқыштың дұрыстығын қадағалау қажет.

Тракторист (жүргізуші) апат және өрт болу жағдайына өрт сөндіргіш пен құрал-сайманды жарамды күйінде сақтау керек, ол өрт сөндіргішті қолдану ережелерін таныс болу керек, себебі өрт кезіндегі кез-келген кешеуілдеу от ошағының бүкіл көлікке тарап кетуіне әкелуі мүмкін.

Жалындауды көрген кезде дереу көлікті тоқтатып, қозғалтқышты сөндіріп, өрт сөндіруге көшу керек, сол үшін өрт сөндіргішті шешіп, оны өрт ошағының негіздеуіне бағыттап, іске асыру керек. Өрт

сөндіргіш жұмысы біткен соң, оқпен күресу үшін кез-келген әдіс пен қол асты құралдарын қолданған жөн: өртті қалың матамен немесе бұтақтармен ұрып түсіру, оны жермен, құммен жаудыру және басқалары. Отты шелектегі сумен төгуге ұсынылмайды, себебі су өрт ошағынан жанып жатқан отын мен майды таратып тастауы мүмкін.

Автотракторлық техникада өртті сумен сөндіру кезінде өрт сөндіргіш сорғыдан қатты күшпен, көп мөлшердегі су ғана нәтижелі бола алады. Өрт сөнген соң, көлікті кем дегенде 2 сағат, соңына дейін сөнбеген ошақтан қайта жалындау пайда болмас үшін, бақылауда ұстау керек.

Бақылау сұрақтары

1.Еңбек қауіпсіздігінің қандай нормативті-құқықтық камтамасыздандыруы бар?

2.Автотрактор техникасына қойылатын еңбек қауіпсіздігінің негізгі талаптары қандай?

3.Еңбек қауіпсіздігін сақтауда трактористтің (жүргізушінің) міндеттері қандай?

4.Тоқтау кезінде автомобильді қауіпсіз басқарудың тәсілдері қандай?

5.Таулы жерде автомобильді қауіпсіз басқарудың тәсілдері қандай?

6.Тайғақ жолмен қозғалыс кезінде автомобильді қауіпсіз басқарудың тәсілдері қандай?

7.Доңғалақтың тайғанақтауы кезінде автомобильді басқарудың тәсілдері қандай?

8.Бұзылған автомобильді тіркеп сүйреу кезінде қандай қауіпсіздік шаралары ұсынылады?

9.Тиеу-түсіру жұмысы кезінде қандай қауіпсіздік шаралары ұсынылады?

10.Технологиялық жабдықтың жұмысы кезінде қандай қауіпсіздік шаралары ұсынылады?

11.Техникалық қызмет көрсету немесе жөндеу кезінде қандай қауіпсіздік шараларын сақтау қажет?

12.Улы және қатты әсер ететін сұйықтықтармен жұмыс істеу кезінде қандай қауіпсіздік шараларын сақтау қажет?

13.Автотрактор техникасынаөртке қарсы қауіпсіздігінің қандай негізгі талаптары ұсынылады?

14.Трактористтің (жүргізушінің) қандай міндеттері жұмыс уақытында өртке қарсы қауіпсіздікті сақтаумен байланысты?

15.Автотрактор техникасында өрт сөндірудің қандай ережелері қолданылады?

ҚОСЫМШАЛАР

1-ҚОСЫМША

Автомобиль жанармайының сұрыпталымы мен сапасы

Ресейдегі автомобиль жанармайының негізгі жиының МЕМСТ 2084-77 мен МЕМСТ Р 51105-97 және ТШ 38.001165-97 бойынша өндіреді. МЕМСТ 2084-77 бойынша октан санына байланысты автомобиль жанармайының бес маркасы қарастырылған: А-72, А-76, АИ-91, АИ-93 және АИ-95 (П.1.1 кестесі). Алғашқы екі марканың сандары қозғаушы әдіс, соңғылары зерттеу әдісі бойынша анықталған октан санын көрсетеді.

МЕМСТ 2084-77 бойынша өндірілетін жанармай сапасының көрсеткіштері халықаралық қабылданған нормалардан айтарлықтай өзгешелінеді, әсіресе экологиялық талаптарға қастысты. 1999 ж. енгізілген МЕМСТ Р 51105-97 сәйкес тек этилдендірілмеген жанармайлар (қорғасынның максималды құрамы 0,01 г/дм³ Заспау қажет) ғана өндіріле алады. МЕМСТ Р 51105-97 материалдары отандық стандарттармен қатар сынақ әдістерінде өздеріне ISO, EN, ASTM стандарттарын қосады.

Зерттеу әдісі бойынша анықталған октан санына байланысты МЕМСТ Р 51105-97 сәйкес өндірілетін жанармайларға төрт марка орнатылған: Нормаль-80, Регулар-91, Премиум-95, Супер- 98 (П.1.2 кестесі). Премиум-95 и Супер-98 автомобиль жанармайлары европалық стандарт талаптарына толық сәйкес келеді және негізінен Ресейге әкелінетін шетел автомобильдеріне арналған.

Өндірілетін жанармай сұрыптамаларынан ең көп қажеттілік ТШ 38.001165-97 бойынша өндірілетін А-92 автомобиль жанармайында. Бұл стандартта сондай-ақ зерттеу әдісімен анықталған, сәйкесінше 80 және 92, октан сандарымен А-80 және А-96 жанармай сапасының көрсеткіштері қарастырылған.

П.1.1 кестесі

МЕМСТ 2084-77 бойынша автомобиль жанармай сапасының нормалары мен талаптары

Сапа көрсеткіштері	Жанармай маркалары үшін көрсеткіштер мағынасы					
	А-72	А-76		АИ-91	АИ-93	АИ-95
		этилдендірілмеген	этилдендірілген			
Жану тұрақтылығы — октан саны, анықталған: қозғаушы әдіспен (МЕМСТ 511—82), кем емес	72	76	76	82,5	85	85
зерттеу әдісімен (МЕМСТ 8226—82), кем емес	Нормаланбайды			91	93	95
Қорғасын құрамы, г/дм ³ , кем емес	0,013	0,013	0,17	0,013	0,013	0,013
Жіктеулік құрам:жанармай ажырату бастауының температурасы, °С, төмен емес: жазғы	35	35	35	35	35	30
қысқы	Нормаланбайды					
Жанармайдың 10% температурада ажыратылады, °С, жоғары емес: жазғы	70	70	70	70	70	75
қысқы	55	55	55	55	55	55
Жанармайдың 50 % температурада ажыратылады, °С, жоғары емес: жазғы	115	115	115	115	115	120
қысқы	100	100	100	100	100	105

П.1.1 кестесінің соңы

Жанармайдың 90 % температурада ажыратылады, °С, жоғары емес: жазғы	180	180	180	180	180	180
қысқы	160	160	160	160	160	160
Жанармай қайнауының соңы, °С, жоғары емес: жазғы	195	195	195	205	205	205
қысқы	185	185	185	195	195	195
Колбадағы қалдық, %, артық емес	1,5	1,5	1,5	1,5	1,5	1,5
Қалдық және жоғалту, %, артық емес	4,0	4,0	4,0	4,0	4,0	4,0
Жанармайдың қаныққан буының қысымы, кПа: жазғы, артық емес	66,7	66,7	66,7	66,7	66,7	66,7
қысқы	66,7... 93,3	66,7. 93,3	66,7... 93,3	66,7. 93,3	66,7. 93,3	66,7. 93,3
Қышқылдық, мг КОН/100 смЗ, артық емес	3,0	1,0	3,0	3,0	0,8	2,0
Нақты шайыр құрамы, мг/100 смЗ, артық емес: өндіру жерінде	5,0	5,0	5,0	5,0	5,0	5,0
тұтыну жерінде	10,0	10,0	10,0	10,0	10,0	10,0
Жанармай өндіру жерінде индукциялық кезең, мин, кем емес	600	1200	900	900	1200	900
Күкірттің массалық үлесі, %, артық емес	0,10	0,10	0,10	0,10	0,10	0,10
Түс*	—	—	Сары	—	—	—

* «—» белгісі — таза, мөлдір жанармай.

П.1.2 кестесі

МЕМСТ Р 51105-97 бойынша автомобиль жанармай сапасының нормалары мен талаптары

Сапа көрсеткіштері	Жанармай маркалары үшін көрсеткіштер мағынасы			
	Нормаль-80	Регулар-91	Премиум-95	Супер-98
Октан саны, Әдісімен анықталған: қозғаушы, кем емес зерттеу, кем емес	76,0	82,5	85,0	88,0
	80,0	91,0	95,0	98,0
Сапа көрсеткіштері	Жанармай маркалары үшін көрсеткіштер мағынасы			
	Нормаль-80	Регулар-91	Премиум-95	Супер-98
Қорғасын құрамы, г/дм3, артық емес	0,010			
Марганец құрамы, мг/дм3, артық емес	50	18	—	—
Нақты шойын құрамы, мг /100 см3, артық емес	5			
Жанармайдың индукциялық кезеңі, мин, кем емес	360			
Күкірттің массалық үлесі, %, артық емес	0,05			
Бензолдың мөлшерлік үлесі, %, артық емес	5			
Мыс тілікте сынау	Төзімді, I класс			
Сыртқы түрі	Таза, мөлдір			
15 °C тығыздығы, кг/м3	700... 750	725.780	725.780	725.780

Дизель отынының сұрыпталымы мен сапасы

Мұнай өндеу өнеркәсібімен МЕМСТ 305—82 сәйкес дизель отынының үш маркасы өндіріледі (П.2.1 кестесі): Ж – жазғы, қоршаған ауаның температурасы 0 °С жоғары болған кезде қолданылатын; Қ – қысқы, -20 °С дейінгі температуралық қолданылатын, немес қысқы, -30 °С дейінгі температуралық қолданылатын; А – арктикалық, -50 °С дейінгі температуралық қолданылатын. Ж және Қ маркаларының дизель отынындағы күкірт құрамы І түрдегі отын үшін 0,2 % , ІІ түрдегі отын үшін 0,5 % (арктикалық дизель отыны үшін 0,4 %) аспайды.

МЕМСТ 305—82 сәйкес жазғы дизель отының күкірт құрамы мен тұтану температурасын есепке алып шартты түрде белгілеу шешілді (Ж-0,2-40), ал қысқы–күкірт құрамы мен қату температурасын есепке алып (Қ-0,2-минус 35). Арктикалық дизель отының шартты түрде белгілеу үшін тек күкірт құрамы қолданады: А-0,2.

Экологиялық таза дизель отының ТШ 38.1011348— 89 бойынша шығарады. Осы техникалық шарттармен күкірт құрамы 0,05 (І түр) и 0,1 % дейін (ІІ түр) болатын дизель отынының жазғы маркасының екеуін (ДЖЭЧ-В мен ДЖЭЧ) және қысқы маркасының біреуін (ДҚЭЧ) шығарылуы қарастырылған.

ТШ 38.401-58-170—96 бойынша қалалық дизель отыны Мәскеуде қолдану үшін арналған. Осы қалалық дизель отынының экологиялық тазадан негізгі айырмашылығы – дизельдің пайдаланылған газдарының улылығы мен түтіндігін 30...50 % азайтқан қоспаларды (жазда түтінге қарсы, қыста түтінге қарсы және депрессорлық) қолдану. Депрессорлық қоспалар (отынның төмен температуралық қасиетін жақсартады) – бұл, негізінен, шетелде өндірілген винилацетат пен этиленнің сополимерлері.

МЕМСТ 305-82 сәйкес дизель отынының сапасына талаптар мен нормалар

Сапа көрсеткіштері	Дизель отынының маркалары үшін көрсеткіштер мағынасы		
	Ж	Қ	А
Цетан саны, кем емес	45	45	45
Жіктеулік құрам: Отынның 50% температурада ажыратылады, °С, жоғары емес	280	280	255
Отынның 90 % температурада ажыратылады (ажыратылудың соңы), °С, жоғары емес	360	340	330
Кинематикалық тұтқырлық* 20 °С кезінде, мм ² /с	3,0...6,0	1,8.5,0	1,5.4,0
Қату температурасы, °С, жоғары емес, климаттық аймақ үшін Қоңыржай Суық	-10 —	-35 -45	— -55
Лайлану температурасы, °С, жоғары емес, климаттық аймақ үшін: Қоңыржай Суық	-5 —	-25 -35	— —
Жабық отбақырдағы тұтану температурасы, °С, төмен емес: Тепловоз бен кеме дизельдері және газ турбиналары үшін жалпы міндетті дизель үшін	62 40	40 35	35 30

Сапа көрсеткіштері	Дизель отынының маркалары үшін көрсеткіштер мағынасы		
	Ж	Қ	А
Күкірттің массалық үлесі, %, артық емес, дизель отынында**:			
І түрі	0,2	0,2	0,2
ІІ түрі	0,5	0,5	0,4
Күкірт меркаптанының массалық үлесі, %, артық емес	0,01	0,01	0,01
Нақты шойындардың құрамы, мг/100 см ³ отын, артық емес	40	30	30
Қышқылдық, мг КОН/100 см ³ отын, артық емес	5	5	5
Йод саны, гI ₂ /100 г отын, артық емес	6	6	6
Күлділігі, %, артық емес	0,01	0,01	0,01
10%-дық қалдықтың кокстенгіштігі, %, артық емес	0,20	0,30	0,30
Сүзгіштік коэффициенті, артық емес	3	3	3
20°С кезіндегі тығыздық, кг/м ³ , артық емес	860	840	830

* 1 мм²/с = 1сСт (сантстокс).

** Күкірт құрамына қарай дизель отынының екі түрін өндіреді (І және ІІ).

Мотор майларының сыныптамасы

Іштен жанатын піспек қозғалтқышын майлауға қолданылатын майларды мотор майлары деп аталайды. Міндетіне байланысты оларды дизельді, жанармайлы қозғалтқыш үшін және әмбебап, қозғалтқыштың екі түріне де арналған, мотор майлары деп бөледі. Қазіргі барлық мотор майлары негізгі майлардан және оларды жақсартатын қоспалардан тұрады. Мотор майларын жұмысқабілеттілігінің температуралық шегіне байланысты жазғы, қысқы және әрмезгілдік деп бөледі. МЕМСТ 17479.1—85 сәйкес мотор майларының кинематикалық тұтқырлығы реттеледі. Мотор майларының келесі тұтқырлық класстарын айырады (П.3.1 кестесі):

қысқы мотор майлары — 33; 43; 53; 63; 6 (индекскегі «з» әрпі майдың қоспалармен қоюландырылғанын көрсетеді);

жазғы мотор майлары — 8; 10; 12; 14; 16; 20; 24;

әрмезгілдік мотор майлары — 33/8; 43/6; 43/8; 43/10; 53/10; 53/12; 53/14; 63/10; 63/14; 63/16 (алымдағы сан — қысқы мотор майы үшін сипаттама, ал бөлімдегі — жазғы үшін).

МЕМСТ 17479.1—85 сәйкес пайдалану қасиетіне қарай мотор майлары А-дан Е-ге дейін (А группасынан Е группасына қарай мотор майларының қасиеті жақсарады) индекстармен топтарға бөлінген: 1 — жанармайлы қозғалтқыш үшін, 2 — дизель үшін (П.3.2 кестесі). Мотор майларының тобының индексіз көрсетілуі екі түрлі қозғалтқышқа қолдануға жарамды әмбебап май екенін білдіреді. Егер мотор майының маркасында индекспен екі әріп көрсетілсе, онда бірінші сандық индекс осы әмбебап майды қолдану тиімдірек қозғалтқыш түрін көрсетеді.

МЕМСТ 17479.1—85 сәйкес майдың стандартты маркасы өзіне келесі белгілерді қосады: М әрпі (мотор), ары қарай, дефистен кейін, тұтқырлық классын көрсететін сан немесе бөлшек (немесе әрмезгілдік май үшін тұтқырлық классы), және дефистен кейін — А-дан Е-ге дейін бір немесе екі әріп (осы майдың қолданылу аймағы және пайдалану қасиетінің деңгейінің белгіленуі). Әмбебап майларды индексіз әріппен немесе әр түрлі индексті екі түрлі әріппен белгілейді (индекс 1 — жанармай қозғалтқыштары үшін майлар, индекс 2 — дизельді майлар), мысалы мотор майы М-63/12-ЕJД2.

Мотор майларын өндіретін жетекші ресей өндірушілері өз өнімдерін МЕМСТ 17479.1—85 сәйкес, сонымен қатар шетелдік аналогтармен салыстырумен олардың сапасының деңгейін бағалаумүмкіндігін жақсартатын SAEJ300 пенAPI халықаралық

стандарттары бойынша белгілейді. MEMCT 17479.1—85 сәйкес көрсетілген пайдалану қасиеттері мен міндеті бойынша тұтқырлық класстары мен мотор майларының топтарының шамалы сәйкестігі, SAEJ300 стандарты және API сыныптамасы бойынша тұтқырлық класстары, мотор майларының қолданылу аймағы мен жағдайы П.3.1 және П.3.3 кестесінде көрсетілген. Келтірілген мотор майларының тек болжалды сәйкестігін айта кеткен жөн.

Халықаралық деңгейде таралған автомобиль инженерлерінің Американдық қоғамының SAEJ300 сыныптамасына сәйкес мотор майлары алты қысқы классқа (0W, 5W, 10W, 15W, 20W және 25W), бес жазғы (20, 30, 40, 50 және 60) және тоғыздан аса әрмезгілдік (5W-20, 10W-20, 20W-40 және басқалары) майлар классына бөлінеді.

Американдық мұнай институтының API сыныптамасында мотор майлары екі санатқа бөлінген: S (Service) — жанармай қозғалтқыштарына арналған майлар және C (Commercial) — дизель үшін майлар. Әмбебап мотор майларын екі санаттың классымен белгілейді. Санатты білдіретін әріптен кейін көрсетілген санаттағы класстар латын әліппесінің әріптерімен белгіленеді. Мысалы, SF, SY, CC, CD мотор майлары немесе SF/CC, CG/CD, CF-4/SH әмбебап мотор майлары. Қазіргі уақытта мотор майларының S санатының 11 классын (SA, SB, SC, SD, SE, SF, SG, SY, SJ, SL, SM) және C санатының 13 классын (CA, CB, CC, CD, CD-11, CE, CF, CF-2, CF-4, CG-4, CH-4, CI-4, CI-4 Plus) қолданады.

. SH, SJ, SL, SM, CG-4, CH-4, CI-4, CI-4 Plus мотор майларының класстары отандық сыныптамада аналогы жоқ.

**МЕМСТ 17479.1—85 бойынша мотор майларының тұтқырлық
класстары**

Тұтқырлық классы	Кинематикалық тұтқырлық, мм ² /с,			SAEJ300 бойынша тұтқырлық классымен
	+ 100°C		-18°C	
	кем емес	артық емес	артық емес	
33	3,8	—	1 250	5W
43	4,1	—	2 600	10W
53	5,6	—	6000	15W
63	5,6	—	10 400	20W
6	5,6	7,0	—	20
8	7,0	9,3	—	20
10	9,3	11,5	—	30
12	11,5	12,5	—	30
14	12,5	14,5	—	40
16	14,5	16,3	—	40
20	16,3	21,9	—	—
24	21,9	26,1	—	—
3з/8	7,0	9,3	1 250	5W-20
43/6	5,6	7,0	2 600	10W-20
43/8	7,0	9,3	2 600	10W-20
43/10	9,3	11,5	2 600	10W-30
53/10	9,3	11,5	6000	15W-30
53/12	11,5	12,5	6000	15W-30
53/14	12,5	14,5	6000	—
63/10	9,3	11,5	10 400	20W-30
63/14	12,5	14,5	10 400	20W-40
63/16	14,5	16,3	10 400	20W-40

МЕМСТ 17479.1—85 сәйкес пайдалану қасиеті бойынша мотор майларының топтары

Майлар тобы		Ұсынылған қолдану аймағы
А		Үдемелі емес жанармай қозғалтқышы мен дизельдер
Б	Б ₁	Жоғарытемпературалық түзілімдер мен мойынтіректің тотығынының пайда болуына жәрдемдесетін жағдайда жұмыс істейтін аз үдемелі жанармай қозғалтқыштары
	Б ₂	Аз үдемелі дизельдер
В	В ₁	Түзілімдердің барлық түрлерінің пайда болуына және майдың тотығуына ықпал ететін жағдайда жұмыс істейтін орташа үдемелі жанармай қозғалтқыштары
	В ₂	Жұмысы үшін май қасиеттерінің тоттануға және тозуға қарсы жоғары талапты сақтауды, сондай-ақ жоғарытемпературалық түзілімдердің пайда болуына икемділікті қажет ететін орташа үдемелі дизельдер.
Г	Г ₁	Майдың тотығуына және тотықтың, түзілімдердің барлық түрлерінің, сондай-ақ тот басуының пайда болуына әкелетін, ауыр жағдайда жұмыс істейтін тезүдемелі жанармай қозғалтқыштары
	Г ₂	Жоғары температуралық түзілімдердің пайда болуына әкелетін жағдайда жұмыс істейтін, үрмелеусіз немесе орташа үрмелеумен тезүдемелі дизельдер
Д	Д ₁	Г1тобының майларына қарағанда ауырырақ пайдалану жағдайында жұмыс істейтін тезүдемелі жанармай қозғалтқыштары
	Д ₂	Ауыр пайдалану жағдайында немесе пайдаланылған отын үшін жоғары бейтараптық қасиеті бар, тоттануға және тозуға қарсы қасиеттермен, түзілімдердің барлық түрлерінің пайда болуына аз икемді майларды қолдану керектезде жұмыс істейтін үрмелеулі тезүдемелі дизельдер
Е	Е ₁	Д1 и Д2 топтарының майларына қарағанда ауырырақ пайдалану жағдайында жұмыс істейтін тезүдемелі жанармай қозғалтқыштары және дизельдер
	Е ₂	Қозғалтқыштар (осф мотор майлары жоғары ыдырағыш қабілеттілікпен және тозуға қарсы үздік қасиетпен)

МемСТ 17479.1—85
және API сыныптамасы бойынша пайдалану қасиеттеріне қарай
мотор майлары топтарының болжалды сәйкестігі

Мотор майының тобы		Мотор майының тобы	
МЕМСТ 17479.1-85 бойынша	API бойынша	МЕМСТ 17479.1-85 бойынша	API бойынша
A	SB	Г1	SE
Б	SC/CA	Г2	CC
Bi	SC	Д	CD/SF
62	CA	Д1	SF
B	SD/CB	Д2	CD
Bi	SD	Е	CF-4/SG
B2	CB	Е1	SG
Г	SE/CC	Е2	CF-4

4-ҚОСЫМША

Трансмиссия майларының сыныптамасы

МЕМСТ 17479.2—85 сыныптамасы бойынша трансмиссиялық майларды тұтқырлық классы (П.4.1 кестесі) және трансмиссия жұмысының кернеулік деңгейі (П.4.2 кестесі) бойынша белгілейді. Өзіне ТМ (трансмиссия майы) әрпін қосатын трансмиссия майының белгіленуінде, дефистен кейінгі бірінші сан — пайдалану қасиеті бойынша май тобы, дефистен кейінгі екінші сан — май тұтқырлығының классы. Мысалы, CM-5-18 трансмиссия майы.

Трансмиссия майының белгілеу жүйесіне және сыныптамасына МЕМСТ 17479.2—85 енгізгенше, техникалық әдебиетте қазірге дейін кездесетін нормативтік-техникалық құжаттаманы ережелейтін таңбалау пайдаланылды (П.4.3 кестесі).

Отандық және шетелдік трансмиссия майларының өзара алмасушылығын П.4.4 кестесіндегі мәліметтерден талқылауға болады. SAE J306C стандарты бойынша тұтқырлық классы және API сыныптамасы бойынша топтар, МЕМСТ 17479.2—85 бойынша

трансмиссия майларының пайдалану топтары мен тұтқырлық класстарының болжалды сәйкестігі көрсетілген.

П.4.1 кестесі

МЕМСТ 17479.2—85 бойынша трансмиссия майларының тұтқырлық классы

Тұтқырлық классы	Кинематикалық тұтқырлық 100°С кезде, мм ² /с	150 Па • с динамикалық тұтқырлық аспайтын температура , 0С, жоғары емес
9	6,00... 10,99	-35
12	11,00... 13,99	-26
18	14,00... 24,99	-18
34	25,00... 41,00	—

**МЕМСТ 17479.2-85 сәйкес пайдалану қасиеті бойынша
трансмиссиялық майлар топтары**

Пайдалану қасиеті бойынша майлар тобы	Майлар құрамы	Ұсынылған қолдану аймағы
1	Қоспасыз минералды майлар	900-ден 1 600 МПа-ға дейінгі түйіспелі кернеуде және көлемдегі май температурасы 90 °С дейін жұмыс істейтін цилиндрлік, конустық және бұрамдықты беріліс
2	Тозуға қарсы қоспалармен минералды майлар	Дәл сол, 2 100 МПа дейінгі түйіспелі кернеуде және көлемдегі май температурасы 130°С дейін
3	Орташа тиімділікті сыдырылуға қарсы қоспалары бар минералдық майлар	2500 МПа-ға дейінгі түйіспелі кернеуде және көлемдегі май температурасы 150 °С дейін жұмыс істейтін цилиндрлік, конустық, шиыршықты-конусты және гипoidты беріліс
4	Жоғары тиімділікті сыдырылуға қарсы қоспалары бар минералдық майлар	3000 МПа-ға дейінгі түйіспелі кернеуде және көлемдегі май температурасы 150 °С дейін жұмыс істейтін цилиндрлік, шиыршықты-конусты және гипoidты беріліс
5	Жоғары тиімділікті сыдырылуға қарсы қоспалары бар және кофунциялы әсері бар минералдық майлар, сондай-ақ әмбебап майлар	3 000 МПа аса түйіспелі кернеуде және көлемдегі май температурасы 15 0°С дейін соққылы жүктемеде жұмыс істейтін гипoidты беріліс

П.4.3 кестесі

Нормативтік-техникалық құжаттамада қабылданған МЕМСТ 17479.2—85 бойынша трансмиссия майларының белгілеуінің сәйкестігі

МЕМСТ 17479.2-85 бойынша майдың белгіленуі	Трансмиссия майының қабылданған белгіленуі	Нормативтік-техникалық құжаттама
СМ-1-18	ТС-14,5	ТШ 38.101110-81
СМ-1-18	АК-15	ТШ 38.001280-76
СМ-2-9	ТСп-10ЭФО	ТШ 38.101701-77
СМ-2-18	ТЭп-15	МЕМСТ 23652-79
СМ-2-34	ТС	ТШ 38.1011332-90
СМ-3-9	ТСзп-8	ТШ 38.1011280-89
	ТСп-10	ТШ 38.401809-90
СМ-3-18	ТСп-15к, ТАп-15В	МЕМСТ 23652-79
СМ-5-9	ТСз-9гип	ТШ 38.1011238-89
СМ-5-18	ТСп-14гип, ТАД-17и	МЕМСТ 23652-79
СМ-5-34	ТСгип	ОСТ 38.01260-82
СМ-5-12з(рк)	ТМ5-12рк	ТШ 38.101844-80

П.4.4 кестесі

МЕМСТ 17479.2—85 сәйкес және SAEJ306C мен API сыныптамасы бойынша трансмиссия майларының топтары мен тұтқырлық класстарының болжалды сәйкестігі

МЕМСТ 17479.2-85 бойынша	SAEJ306C бойынша	МЕМСТ 17479.2-85 бойынша топ	API бойынша топ
9	75W	СМ-1	GL-1
12	80W/85W	СМ-2	GL-2
18	90	СМ-3	GL-3
34	140	СМ-4	GL-4
-	-	СМ-5	GL-5

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. **Барский И.Б.** Тракторларды құрастыру және есептемесі: оқулық / И. Б. Барский. — 3-басылым., қайта пысықталған және толықтырулармен. — М. : Машина жасау, 1980. — 335 б.
2. **Вишняков Н. Н.** Автомобиль : Құрастырым негіздері / Н. Н. Вишняков, В.К.Вахламов. — М. : Машина жасау, 1986. — 376 б.
3. **Котиков В.М.** Ағаш дайындау және тасымалдау машиналары: оқулық / В.М. Котиков, Н. С. Еремеев, А. В. Ерхов. — М. : «Академия» баспа оқулығы, 2004. — 336 б.
4. Орман машиналары : оқулық / [Г. Н. Анисимов, С.Г.Жендаев, А. В. Жуков және др.]. — М. : Ағаш өнеркәсібі, 1989. — 512 б.
5. КамАЗ-5320, КамАЗ-4310, «Урал-4320» автомобильдері : оқу құралы / [В.И.Медведков, С.Т.Билык, Г.А.Гришин и др.]. — М. : ДОСААФ басылымы, 1987. — 372 б.
6. **Мельников Д.М.** Тракторлар / Д. М. Мельников. — М. : Колос, 1982. — 335 б.
7. Автомобиль құралымының негіздері: / [А.М. Иванов, А.Н.Солнцев, А.В.Ерхов и др.]. — оқу құралы М. : Рөлде жүру, 2005. — 336 б.
8. Автомобильдердің трансмиссияларын жобалау: анықтама / [А. В. Гришкевич, Б.У.Бусел, Г.Ф.Бутусов и др.]. — М. : Машина жасау, 1984. — 272 б.
9. **Родичев В. А.** Тракторлар : оқулық / В.А. Родичев. — М.:«Академия» баспа орталығы, 2005. — 256 б.
10. **Родичев В. А.** Жүк автомобильдері: оқу құралы / В. А. Родичев. — М. : «Академия» баспа орталығы, 2005. — 240 б.
11. **Семенов В.М.** Трактормен жұмыс істеу / В.М.Семенов. — М. : Колос, 1982. — 271 б.
12. **Синельников А. Ф.** Автомобиль майлары : қысқа анықтама / А. Ф. Синельников, В. И. Балабанов. — М. : Рөлде жүру, 2005. — 176 б.
13. **Туревский И. С.** Қозғалтқыш теориясы : оқу құралы / И. С. Туревский. — М. : Высш. шк., 2005. — 238 б.
- Туревский И. С.** Автомобиль теориясы : оқу құралы / И.С.Туревский. — М. : Высш. шк., 2005. — 240 б.

МАЗМҰНЫ

АЛҒЫСӨЗ	3
1-тарау. Автомобильдер мен тракторлар туралы жалпы мағлұматтар	5
1.1. Тракторлардың тағайындалуы, пайдаланудағы талаптары және жалпы құрылысы	5
1.2. Тракторларды жіктеу және типаждары	9
1.3. Автомобильдердің тағайынданулары, пайдаланудағы талаптары және жалпы құрылыстары	12
1.4. Автомобильдерді жіктеу және типаждары	16
2-тарау. Іштен жану қозғалтқыштары	20
2.1. Іштен жану қозғалтқыштарының теориялық негіздері	20
2.1.1. Қозғалтқыштардың жұмыс істеу принциптері мен жіктелуі	20
2.1.2. Іштен жанатын қозғалтқыштарға арналған мотор отындары	30
2.1.3. Жұмыс қоспалары, жану әсері және жану өнімдері	32
2.2. Іштен жану қозғалтқыштарының жұмыс үрдісі және жұмыс көрсеткіштері	36
2.2.1. Жіберу үрдісі	36
2.2.2. Сығымдау үрдісі	39
2.2.3. Жану үрдісі	41
2.2.4. Кеңейту үрдісі	46
2.2.5. Шығару үрдісі	48
2.2.6. Жұмыс циклінің индикаторлық көрсеткіштері	50
2.2.7. Қозғалтқыштың тиімді жұмысының көрсеткіші және негізгі өлшемдері	54
2.2.8. Іштен жану қозғалтқышының жылулық теңгерімі	59
2.3. Қозғалтқыштың сипаттамалары	60
2.3.1. Негізгі мағлұматтар	60
2.3.2. Жылдамдық сипаттамалары	62
2.3.3. Реттеуші сипаттамалар	65
2.3.4. Жүктемелік сипаттамалар	66
2.3.5. Реттеушілік сипаттамалар	68
2.4. Қозғалтқыштардың экологиялық көрсеткіштері	69
2.5. Қосиінді – бұлғақты механизм	73
2.5.1. Механизмнің тағайындалуы, блок-картер, цилиндрлердің бастиектері	73
2.5.2. Бұлғақты-мікбасты топ	78
2.5.3. Иінді білік және сермер	85
2.6. Газ үлестіру механизмі	89
2.6.1. Клапанды газ үлестіру механизмінің тағайындалуы және құрылысы	89
2.6.2. Газ үлестіру фазалары	98

2.6.3. Газ үлестіру механизмін жетілдіру перспективалары	100
2.7. Бензинді қозғалтқыштарды қоректендіру жүйесі	102
2.7.1. Карбюраторлы қозғалтқыштар жүйесінің тағайындалуы, қоректендіру жүйесі	102
2.7.2. Бензинді бүркумен қозғалтқыштарды қоректендіру және отын беруді электронды басқару жүйесі	115
2.8. Дизельді қоректендіру жүйесі	119
2.8.1. Отынды берудің мақсаты, сұлбасы және жанармай қоспасын әзірлеу тәсілі	119
2.8.2. Жоғары қысымдағы отын сорғылары және форсункалар	126
2.8.3. Қоректендіру жүйесінің элементтері	135
2.8.4. Дизельдерде жанармай беруді реттеу	141
2.8.5. Дизельдерде жанармай беруді электронизациялау	144
2.9. Майлау жүйесі	145
2.9.1. Жүйенің мақсаты, қозғалтқыштар үйкелісінің түрлері және майлау тәсілдері	145
2.9.2. Майлау жүйесінің құрылымы	148
2.10. Салқындату жүйесі	155
2.10.1. Салқындату жүйесінің жалпы ережелері мен мақсаттары	155
2.10.2. Сұйықтықты салқындату жүйесі	156
2.10.3. Ауамен салқындату	164
2.11. Оталдыру жүйесі	166
2.11.1. Жүйенің мақсаты, оталдырудың батареялық жүйесі	166
2.11.2. Оталдырудың батареялық жүйесінің құрылғылары	173
2.11.3. Оталдыруды басқарудың микропроцессорлық жүйесі	178
2.11.4. Магнетодан оталдыру жүйесі	180
2.12. Автотракторлық электрлі құрылғылар	181
2.12.1. Электр тоғының көздері	181
2.12.2. Электр энергиясын тұтыну, стартерлер	189
2.13. Қозғалтқышты іске қосу тәсілдері	193
2.13.1. Қозғалтқышты іске қосатын құрылғы, іске қосу жүйесінің міндеттері	193
2.13.2. Қозғалтқышты іске қосуды жеңілдеті құрылғысы мен тәсілдері	193
2.14. Қозғалтқыштарды үрлеу	201
2.14.1. Үрлеудің тағайындалуы, айдағыш жетегінің сызба-нұсқалары	201
2.14.2. Үрлеу параметрлерін жақсарту тәсілдері	204
3-тарау. Машиналар қозғалысы теориясының негізгі ережелері	208
3.1. Доңғалақтың толтырылуы	208
3.2. Шынжыр табанның жүрісі	214
3.3. Тракторлар мен автомобильдердің күші мен қуатының теңгерімі	220

3.4. Тракторлар мен автомобильдердің тартым және динамикалық есептемелері	231
3.5. Машина жұмысының үнемділігі	237
4-тарау Автомобиль мен тракторлардың трансмиссиясы	241
4.1. Жалпы мағлұматтар	241
4.2. Ілініс	246
4.3. Беріліс қораптары	252
4.4. Гидромеханикалық беріліс қораптары	266
4.5. Гидрокөлемді трансмиссия	275
4.6. Үлестіру қораптары	280
4.7. Кардандық беріліс және тең бұрыштық жылдамдықтың топсалары	287
4.8. Автомобильдердің жетекші белдемдері	294
4.9. Доңғалақты тракторлардың жетекші белдемдері	310
4.10. Шынжыр табанды машиналардың жетекші белдемдері мен бұрылу механизмдері	313
4.11. Соңғы және дөңгелекті берілістер	321
5.-тарау. Жүрістік бөлік	328
5.1.Жалпы мағлұматтар	328
5.2.Автомобильдің және трактордың рамасы	329
5.3.Автомобильдің және трактордың аспасы	332
5.4.Доңғалақты қозғағыш	345
5.5.Шынжыр табанды қозғағыш	353
6-тарау. Автомобильді және доңғалақты тракторды басқару жүйесі	367
6.1. Меңгерікті басқару	367
6.2. Меңгерікті басқару күшейткіштері	375
6.3. Тежеуіш жүйелер	382
6.4. Тежеуіштерді басқару	394
7-тарау. Автомобильдер мен тракторлардың жұмыстық және қосалқы жабдығы	412
7.1. Тракторлардың жабдығы туралы жалпы мағлұматтар	412
7.2. Тракторлардың аспалы жүйелері	413
7.3. Қуат алудың механикалық және гидравликалық жүйелері	418
7.4. Автомобильдердің қосымша жабдығы	423
8-тарау. Тракторларда және автомобильдерде жұмыс кезіндегі тіршілік қауіпсіздігі	432
8.1. Жалпы ережелер	432
8.2. Тракторлар мен автомобильдердегі жұмыс қауіпсіздігіне әсер ететін факторлар	435
8.3. Өрт қауіпсіздігі ережелері	439
Қосымшалар	443
Әдебиеттер тізімі	458